

А. Ш. Дүйсенбаев
Э. П. Төлегенов
Ж. Т. Жұмағалиева

Кітап "Еуразия"
Қоры қаржыпандырған
жоба бойынша
жарық көріп отыр

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Оқу құралы

ЭКОНОМИКА

65.053 д 73

Д 86

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Т. РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

*Кітап «Еуразия»
Қоры қаржыландырған
жоба бойынша
жарық көріп отыр*

К.Ш. ДҮЙСЕНБАЕВ

Э.Т. ТӨЛЕГЕНОВ

Ж.Г. ЖҰМАҒАЛИЕВА

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Оқу кұралы

АЛМАТЫ
ЭКОНОМИКА
2001

ББК 65(5Каз)26я73

Д 87

Д 87 **Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г.**
Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау /Оқу
құралы. – Алматы: Экономика. 2001. – 330 бет.

ISBN 9965-532-54-0

Еңбекте нарықтық экономика шарттарына сәйкес келетін кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау әдістемесі ұсынылған.

Оқу құралында баланс активтерінің құрамын талдау мен орналастыруға және олардың қалыптасуына, қаржы тұрақтылығының көрсеткіштеріне, өтімділігіне, төлем қабілетіне, кәсіпорынның нарықтық белсенділігіне және іскерлік тәуекелге айрықша назар аударылған.

Оқу құралы экономика саласының мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Сонымен қатар оқытушылар мен аспиранттар, қаржы менеджерлері, бухгалтерлер мен аудиторларда пайдалана алады.

ББК 65(5Каз)26я73

Пікір жазғандар: Халықаралық Экономикалық Еуразия академиясының академигі, э.ғ.д.,
профессор **М.С. Ержанов;**
э.ғ.к., профессор **К.Т. Тайгашинова**

ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтар бойынша ОӘБ және Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің Ғылыми кеңесі ұсынған.

Д 4310020000 – 33 хабарландырылмаған.

444(05) – 01

Қорқы Аға атындағы

© Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т.,
Жұмағалиева Ж.Г., 2001ж.

ISBN 9965-532-54-0

© «Экономика» баспасы, 2001 ж.

Университеті

Бұл еңбекті немесе оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады.

Тіркеу №

446229

«Қазақстан Республикасының білім беру қызметіне арналған оқулықтар шығару» жөніндегі жобасы

«Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау» — оқу құралы, «Экономика» баспасында Америка Құрама Штатының Халықаралық Даму Агентствосы (USAID) берген қаржы есебінен, Еуразия Қорының қолдауымен шығарылғалы отырған ғылыми еңбектердің бірі.

Жарыққа шыққалы отырған еңбектегі авторлар көзқарасы Еуразия Қоры және АҚШ (USAID) Халықаралық Даму Агентствосының көзқарастарына сәйкес келмеуі мүмкін.

«Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау» — оқу құралынан басқа осы ғылыми еңбектер қатарында төмендегідей оқулықтар мен оқу құралдары жарыққа шығады.

Мемлекеттік тілде:

- бухгалтерлік есеп принциптері;
- қаржылық есеп;
- аудит.

Орыс тілінде:

- бухгалтерлік есеп принциптері;
- қаржылық есеп;
- аудит.

Оқу құралдарын жазу барысында USAID-тың бухгалтерлік есепті реформалау жобасы бойынша жұмыс жүргізген авторлардың еңбектері және «КАРАНА», «ПРАГМА» корпорациялары дайындаған материалдар кеңінен пайдаланылды.

Бұл оқулықтар мен оқу құралдарының жарыққа шығу уақтысы Қазақстандағы 2001-2002 оқу жылынан бастап, жаңа білім берудің Мемлекеттік стандартына көшумен сәйкес келуі жоғарыда аталған еңбектердің дер кезінде орындалғандығын көрсетеді. Осы оқулықтар мен оқу құралдарының бірқатары 0707 «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша жалпылай білім берудің 2000 жылғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жал-

пылай оқыту стандарты — жоғары кәсіби білім беру туралы дайындалған Негізгі ережелері туралы, жалпылай білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына жауап береді. Жоғарыда аталған стандартты жасау барысында БҰҰ-ның сауда және даму конференциясының, сондай-ақ Халықаралық бухгалтерлер федерациясының талаптарына жауап беретін АҚШ пен Канада елдерінің оқу жоспарларының Модельді Ережелері негізге алынды.

Авторлық құқық.

Қордың қаржылық қолдауымен жасалған материалдарға авторлық құқық «Грант алушының» меншігі болып табылады. «Грант алушы» Еуразия Қоры мен АҚШ-тың Халықаралық Даму Агентствосына (USAID) білім беру қызметін іс жүзіне асыру үшін осы материалдарды басқалардың пайдалануына өкілеттік беруге, пайдалануға және жариялауға рұқсат береді.

Материалдар үшінші тұлғаның интеллектуалдық меншік құқығын толық сақтау жағдайында, интеллектуалды меншігі туралы Халықаралық құқыққа және жергілікті заңға сәйкес жасалуы тиіс.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында, соңғы жылдары еліміздің экономикасының нарықтық қатынастарға өтуіне байланысты бухгалтерлік есептің әдістемесі мен тәжірибесінде түбегейлі өзгерістер болды.

Бухгалтерлік есеп стандарттары мен субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі шоттары Бас жоспарының 1997 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілуі және қаржылық есеп беру нысандарының халықаралық стандарт талаптарына сәйкестендірілуі нарықтық экономика жағдайына сай қаржылық талдаудың жаңа әдістемесін жасауды қажет етеді.

Есеп тіркемелерінде шаруашылық операцияларын жазып көрсетудің дәстүрлі бухгалтерлік қызметі, көптеген қаржылық ақпаратты пайдаланушылардың сұрақ-тілектеріне толығынан жауап бере алмайтындығын тәжірибе көрсетті. Іскерлік шешімдер қабылдау үшін бұл ақпарат белгілі түрде өзгертілуі және өңделуі қажет. Қазіргі жағдайда бухгалтер қаржылық нәтиже қалыптастырудың әр түрлі әдістерін білуді, кәсіпорында қабылданған қаржылық стратегияны іс жүзіне асыруды қамтамасыз ететін есеп саясатын таңдап алып, соны басшылыққа ұсынуы керек, яғни оның қызметінің аясы жай есепшіліктен қаржы жағдайын талдау ісі ажырамас бөлігі болып табылатын, қаржы менеджментіне дейін өсіп, айтарлықтай кеңейеді.

Қоғамда қаржылық талдау біреудің орынсыз тілегінен емес, өмірлік аса қажеттілік салдарынан туындады:

салмақ, ұзындық өлшемін және есептеу жүргізбей, шаруашылық субъектінің мүліктік жағдайы мен оған әсер ететін себептерді білмей, табыс пен шығынды өзара салыстырмай, біріншісінің екіншісінен артық болуына қол жеткізбей шаруашылықты ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Қай уақытта да болмасын бұл өте маңызды. Қазіргі қоғамның әкімшілік-әміршілік жүйеден шығып, нарықтық қатынасқа ену кезеңінде оның мәнділігі одан әрі арта түседі. Басқаша айтқанда, жалпы мемлекеттік («иесіз») меншік жағдайында кеңінен орын алған ұқыпсыздық пен жауапкерсіздікті іскерлік, басқарушылық, қатаң орындаушылық тәртіп, ұқыптылық және үнемділікпен алмастыру – нарықтық экономиканың өзіне тән ерекшеліктері.

Нарықтық экономика оған қатысушылардың барлығынан ой жүйесі мен өзгеше іс-әрекетті талап етеді. Ол зауыт қоймалары мен ашық алаңдарда, материалдар мен шикізаттың қисапсыз қорларының көгеріп, тот басып жатуына, яғни миллиондаған теңгенің доғарылып, беркерге ысырап болуына жол бере алмайды. Кәсіпорын мүлкіне салынған әрбір теңге жаңа табыс әкелу үшін осы қорларды қозғалысқа келтіреді. Жасанды көрсеткіш пен жоспар үшін жұмыс істеу келмеске кетеді.

Қазіргі уақытта болып жатқан нарықтық қатынастар кәсіпорындардың шаруашылықты жүргізуші субъект ретінде құқық жағдайларын едәуір нығайтып, олардың көптеген өндірістік және қаржылық мәселелерді өз бетінше шешуіне мол мүмкіншілік ашты. Атап айтқанда, ішкі және сыртқы рынокта білікті серікті таңдауға қол жетті, өйткені болашақтағы бірлескен іс-әрекеттің тиімділігі көбінесе осыған байланысты болады. Кәсіпорындар бұрынғыдай жоғарғы жақтың жөн сілтеуімен емес, контрагенттерді (жабдықтаушы, сатып алушы, мердігер, банк және т.б.) қазіргі кезде өз қалауы бойынша алады. Олардың өздеріне іскер серіктерді қаншалықты дәл

және қатесіз таңдауымен нарықтық қатынастар негізінде мүмкіндігінше тез және дұрыс бағдар тауып, оны ұстануына қарай жұмыстарының тиімділігі әр түрлі болады. Басқаша сөзбен айтқанда, шаруашылықты жүргізуші субъектілердің қызметінің жетістіктері басқару деңгейіне, қабылданған шешімдердің объективтілігі, нақтылығы, шұғылдығы мен ғылыми негізделуіне тікелей тәуелді. Үйлесімді шешімдердің қабылдануы, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдаланып, еліміздің экономикалық өсуіне бағыттталатыны белгілі.

Нарық жағдайында кәсіпорынның өміршеңдігінің кепілі мен жай-күйінің орнықтылығының негізі оның қаржы тұрақтылығы болып табылады. Ол ақша қаражатын еркін орын алмастыра отырып қолданып, тиімді пайдалану жолымен өнімді өндіру мен сатудың үздіксіз процесін қамтамасыз ете алатын өзінің қаржы ресурстары жағдайын көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын бағалау, объективті, ғылыми негізделген және үйлесімді басқару, өндірістік, әсіресе қаржылық шешімдер қабылдау үшін оның қаржылық жағдайын талдау қажет. Тек терең және ұқыпты талдау негізінде ғана оның қызметін объективті бағалап, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын нығайту немесе жақсарту және оның іскерлік белсенділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау үшін, басшылыққа нақты ұсыныстар беруге болады.

Отандық талдау әдебиеттерінде қаржылық талдау мәселесі аз зерттелген, сондықтан оның прогрессивті әдістері әзірше бізде ойдағыдай қолданыс таба алмай отыр. Ал бұл кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесі мен экономикалық дамуына, ең ақырында еліміздің экономикалық өсуіне кері әсерін тигізеді.

Ұсынылып отырған осы оқу құралының мақсаты – студенттерге кәсіпорынның қаржылық жағдайын тал-

даудың теориялық және әдістемелік негіздері туралы мағлұмат беру, оны ұғыну, оларға талдау зерттеуіндегі дағдыларды меңгеруге көмектесу. Бұл болашақ жас мамандарға талдау жұмысын біліктілікпен жүргізуге, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері мен нарықтық тұрақтылығы туралы дұрыс, ғылыми негізделген баға мен қорытынды беруге, өндірістің өсуі мен оның тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін, жоғарыда көрсетілген еліміздің ұзақ мерзімді бірінші кезектегі мақсатына ойдағыдай жету үшін басшылыққа үйлесімді басқару шешімдерін дайындауға мүмкіндік береді.

I-тарау

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

- 1.1. Қаржылық жағдайдың мәні және оны талдаудың мақсаты..... 8
- 1.2. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негізі 19
- 1.3. Қаржылық жағдайды талдау әдістері..... 37
- 1.4. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау 45

1.1.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Нарықтық қатынастары жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл кәсіпорындардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау жөніндегі сұрақтарды қарастырмас бұрын, “қаржылық жағдай” дегеніміз немесе “қаржылық жай-күй” дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Соңғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет “Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер) сипатталады” деп жазған.

Профессор Н.А. Русак (3) бұл ұғымды былайша анықтайды: «Кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаржы ресурстарын жасау, тарату және пайдаланумен сипатталады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы кәсіпорынның қалыпты өндірістік, коммерциялық және басқа да қызмет түрлері үшін қажетті қаржы ресурстармен қамтамасыз етілуімен және оларды мақсатқа сай, тиімді тарату және пайдаланумен, сондай-ақ басқа шаруашылық субъектілерімен қаржылық қарым-қатынаста болу, төлеу қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылықпен сипатталады. Кәсіпорынның уақтылы төлеу мүмкіндігі оның қаржылық жағдайының жақсылығын көрсетеді».

В.М. Радионова мен М.А. Федотова кәсіпорынның қаржылық жағдайы “қаржы ресурстарының қалаптасуымен, таратылуы және пайдалануымен көрсетіледі” деп жазады.

М. Н. Крейнина (5), А.И. Ковалев және В.П. Привалов (6) қаржылық жағдай ұғымын былайша түсіндіреді: “Қаржылық жағдай – бұл қаржы ресурстарының қолда барын, үлестіріліп таратылуы және пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы”.

Профессор И.Т. Балабанов “Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы – бұл оның қаржы бәсекелестік қабілеттілігінің сипаттамасын (яғни төлем қабілеттілігі, несие қабілеттілігі) қаржы ресурстары мен капиталды пайдалану, мемлекет алдында және басқа да шаруашылық субъектілерінің алдында өз міндеттемелерін орындау. Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайын талдаудың келесі түрлерін жүргізеді: табыстылық пен рентабельділік; қаржылық тұрақтылық; несие қабілеттілігі; капиталды пайдалану; валюталық өзін-өзі өтеу” – деп жазады (7).

С.А. Стуков осы ұғым бойынша өзінің көзқарасын келесі сөздермен баяндайды: “Кәсіпорынның қаржылық жағдайы – бұл бірқатар көрсеткіштермен сипатталатын оның саулығы мен өмір сүру қабілеттілігін кешенді түрде бағалау”.

Жоғарыда берілген анықтамалар қарастырылып отырған ұғым мәнін жеткілікті дәрежеде ашпайды, бірақ олардың әрқайсысында бұл ұғымды дәлірек анықтауға мүмкіндік беретін ұтымды тұжырымдар бар. Бірқатар түрлі әдістермен есептелетін бірыңғай көрсеткіштерге қарағанда (мысалы, еңбек өнімділігі, қор қайтарымдылығы, өзіндік құн, жалпы табыс, тиімділік) қаржылық жағдай түрлі көрсеткіштерді есептеу нәтижесінде және олардың жалпы бағалауға тигізетін әсерін зерттеу негізінде анықталатыны анық. Қорыта келе, кәсіпорынның қаржы жағдайы әлсіз және өмір сүру қабілеті жоқ кәсіпорындарға аяусыз қарайтын бәсекелі нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның сенімді болуын, тұрақтылығын және келешегі барлығын куәландыруы тиіс.

Біздің көзқарасымыз бойынша, сенімділік кәсіпорын жұмысының үздіксіздігін және оның төлеу қабілеттілігін көрсетеді.

Осы берілген түсініктерге сүйене отырып, біз бұл ұғымды былай анықтауды ұсынамыз:

Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулықтарда түрліше түсіндіріледі. Бір авторлар қаржылық тұрақтылықты “өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процессінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы” деп түсіндіреді... Қаржылық тұрақтылық – меншікті және қарыз қаражаттарының байланысы деп жазады (6).

Енді біреулер “өз қаражаттары есебінен активтерге (негізгі қорлар, материалдық емес активтер, айналым қаражаттары) жіберілген қаражаттарды жабатын, сондай-ақ өтелмеген дебиторлық және кредиторлық қарыздарға жол бермейтін және де өз міндеттемелерін уақтысында қайтаратын шаруашылық субъектілері қаржылық тұрақты болып табылады” деп жазады (8).

Бұл ұғымды А.Д. Шеремет пен Р.С. Сайфуллин өте ықшам түрде анықтайды. Олардың ойынша “Қаржылық тұрақтылық – бұл әрдайым төлем қабілеттілігін кепілдендіретін кәсіпорынның белгілі бір шоттар жағдайы”.

В.М. Родионова мен М.А. Федотова бұл ұғымды келесідей түсіндіреді: “Кәсіпорында тұрақты қалыптасқан табыстың шығыннан артуының өзіне тән айнасы – қаржылық тұрақтылық болып табылады. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдаланып, оларды тиімді қолдану арқылы өндіру мен өнімді өткізу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіпорынды кеңей-

туге және жаңартуға қажетті шығындарын қаржыландыратын кәсіпорынның қаржы ресурстық жағдайын сипаттайды. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады”. Осы еңбегінде бұл авторлар одан әрі мына анықтаманы келтіреді.

“Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы”.

В.Г. Артеменко мен М.В. Беллендир бұл ұғымды былай түсіндіреді: “Қаржылық тұрақтылық – бұл табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өндіру және өнімді сату процесінің үздіксіз болуына жағдай жасайды. Сондықтан да қаржылық тұрақтылық барлық өндіріс-шаруашылық қызметі процесінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады” (9). Ал кәсіпорынның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін табыстың тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшері мемлекетпен, жабдықтаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның одан әрі дамуы үшін барлық есеп айырысулар мен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы кәсіпорында өндірісті дамытуға, оның материалдық-техникалық базасын жаңартуға және де әлеуметтік климатты жақсартуға және басқаларға мүмкіндік беретіндей дәрежеде табыс қалуы қажет.

Айта кету керек, біз қаржылық тұрақтылық ұғымын қарастырғанда соңғы айтылған авторлардың көзқарастарын бөлек қарастырдық, әйткенмен біз олардың кейінгі шешімдерімен келісе алмаймыз. “Қаржылық тұрақтылықтың мәні – қаржы ресурстарын тиімді қалыптастыру, тарату және пайдаланумен анықталады” – деп жазады В.Т. Артеменко мен М.В. Беллендир .

Біздің ойымызша бұл ұғымды А.Д. Шеремет мен В.С. Сайфуллин дәлірек және анығырақ түсіндіреді. Олар қаржылық тұрақтылықтың мәні – бұл қорлар мен шығындардың қалыптасу көздерінен қамтамасыз етілуі – деп түсіндіреді.

Э.А. Маркарьян мен Г.П. Герасименко да дәл осындай көзқараста (10). “Кәсіпорынның өз міндеттемелері бойынша есептесу мүмкіндігі” (4) немесе “Сауда, несие және басқа да төлем сипатындағы операциялардың нәтижесінде пайда болатын кәсіпорынның төлем міндеттемелерін уақтылы және толық орындау мүмкіндігін көрсететін төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылықтың сыртқы көрінісі болып табылады” (9). Кәсіпорынның жұмысы нарық жағдайына өтумен бірге оның қаржылық жағдайы және оны сауықтыру жолдарын іздеу жөніндегі сұрақтар да шиелінісе түсті.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына көптеген факторлар әсер етеді, оларды В.М. Радионова және М.А. Федотова келесідей түрлерге жіктейді:

- 1) пайда болу орнына байланысты – ішкі және сыртқы;
- 2) нәтижесінің маңыздылығына байланысты – негізгі және негізгі емес;
- 3) құрылысы бойынша – қарапайым және күрделі;
- 4) әрекет ету уақыты бойынша – тұрақты және уақытша.

Ішкі факторлар кәсіпорынның өзінің жұмысын ұйымдастыруына байланысты болады, ал сыртқы факторлар кәсіпорын еркіне бағынышты емес.

Негізгі ішкі факторларды қарастырайық. Кәсіпорынның тұрақтылығы ең бірінші өндіріс шығындарымен үздіксіз байланысқан өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің құрамы мен құрылымына тәуелді. Сондай-ақ, тұрақты және айнымалы шығындар арасындағы қатынас маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның өндірілетін өнім және өндіріс технологиясымен тығыз байланысқан қаржылық тұрақтылығының маңызды факторларының бірі – активтердің тиімді құрамы мен құрылымы, сондай-ақ кәсіпорынның басқару стратегиясын дұрыс тандап алуы болып табылады. Ағымдағы активтерді басқару өнері – кәсіпорын шотында оның ағымдағы жедел қызметі үшін қажет болатын қаржының ең төменгі сомасын ұстаудан тұрады.

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі, маңызды факторларының бірі – бұл қаржы ресурстарының құрамы мен құрлымы, оларды басқару стратегиясы мен тактикасының дұрыс таңдалып алынуы. Кәсіпорынның өз қаржы ресурсы, соның ішінде таза табысы қаншалықты көп болса, соншалықты ол өзін жайлы сезіне алады.

Сонымен бірге тек таза табыстың көлемі ғана емес, сонымен қатар оны тарату құрылымы, әсіресе өндірісті дамытуға бағытталған бөлігі де өте маңызды болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қарыздық капиталдар нарығындағы қосымша жұмылдырушы (мобилизацияланушы) қаражаттар үлкен әсерін тигізеді. Кәсіпорын ақша қаражаттарын қаншалықты көп тарататын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де соншалықты жоғары болады, алайда, сонымен бірге қаржылық тәуекелділік те өседі – яғни кәсіпорын өз кредиторларымен уақытында есептесе ала ма, жоқ па? – деген қауіп туады.

Және де бұл жерде кәсіпорынның төлеу қабілеттілігінің қаржылық кепілінің бір түрі ретінде резервтерге үлкен роль берілген.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мынадай ішкі факторларды атап көрсетуге болады:

- кәсіпорынның салалық топқа жатуы;
- шығарылатын өнімнің (жұмыс, қызмет) құрылымы және оның жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;
- төленген жарғылық капиталдың мөлшері;
- шығындардың көлемі, олардың ақшалай табыспен салыстырғандағы динамикасы;
- қорлар мен резервтерді, олардың құрамы мен құрылымын қоса алғандағы мүлік пен қаржы ресурстарының жағдайы;
- кәсіпорындарды басқару тиімділігі.

Сыртқы факторларға шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайының әсері, қоғамда үстемдік етуші техника мен технология, төлеу қабілеті бар сұраныс және тұтынушылар табысының деңгейі, ҚР үкіметінің салық және несие саясаты, кәсіпорынның қызметін бақылау жөніндегі заң актілері, сыртқы экономикалық байланыс және тағы басқалар жатады.

Кәсіпорынның тұрақты қаржылық жағдайын қалыптастыруда оның өз контрагенттерімен (салық органдары, банктер, жабдықтаушылар, сатып алушылар, акционерлер және тағы басқалар) өзара қарым-қатынасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да серіктестермен реттелген іскерлік қатынаста болу – жақсы қаржылық жағдайдың бірден-бір шарты болып табылады. Әрине, акционерлер өз жинақ қорларын тұрақты тиімділікке ие және дивиденттерді ұқыпты төлейтін қаржылық тұрақты кәсіпорындарға салады. Инвестициялық тартымдылығы болуы үшін, тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да

кәсіпорынның қаржылық жағдайы көршісіне қарағанда жақсы болуы тиіс.

Сондай-ақ, бұл жыл сайын өз облигациясы бойынша белгілі бір пайызбен алғысы келетін, ал заем мерзімі біткен уақытта – облигация құнын толық өтеуді талап ететін облигация иелеріне де қатысты. Кез келген коммерциялық кәсіпорын сияқты банктер де өз несие-лерімен тәуекел ете отырып несие алушының өз қарызын уақытында және толық өтеуін қалайды, сондықтан оны беру туралы шешім қабылдай отырып, кез келген банк өз клиентінің қаржылық жағдайын және бұл қарыздың қамтамасыз етілуін тексереді. Басқаша айтқанда, кәсіпорынның қаржылық жағдайы банктер осы кәсіпорынға несие беру орынды ма, жоқ па, ал бұл сұрақты дұрыс шешкен жағдайда – қандай пайызбен және қанша мерзімге деген сұрақтарды шешудегі негізгі белгі болып табылады.

Жабдықтаушылар мен тұтынушылар сенімді және төлем қабілеттілігі жоғары кәсіпорындармен келісім-шартқа үлкен ықыласпен отырады. Тіпті қаржы органдары, әсіресе салық инспекциясы кәсіпорынның жағдайы тұрақты болғанын қалайды, себебі тек осындай кәсіпорын ғана салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді уақытылы және толық төлей алады.

Осылайша, қаржылық жағдай кәсіпорынның бәсекелестік қабілетін және оның іскерлік қарым-қатынастағы потенциалын анықтайды, кәсіпорынның өзінің және оның серіктестерінің қаржылық және басқа қатынастар тұрғысындағы экономикалық қызығушылықтары қаншалықты дәрежеде кепілдендірілгенін бағалайды. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының объективті дұрыс бағасын алудың ең жақсы тәсілі, бұл – талдау, ол кәсіпорынның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және осындай жолмен басқарушылық шешімдерді өңдеумен кәсіпорынның өзінің өндірістік кәсіп-

керлік қызметі арасында байланыстырушы қызметін атқарады.

Кәсіпорын осы мерзімге дейінгі уақытта қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарды деген сұраққа жауап береді: кәсіпорын осы мерзімге дейінгі уақытта қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарды. Қаржы ресурстары жағдайының нарық талаптарына сай болуы және де кәсіпорынның дамуына байланысты қажеттіліктерге жауап бере алуы өте маңызды болып табылады, себебі қаржылық тұрақтылықтың жетіспеушілігі кәсіпорынның төлеу қабілетінің жоқтығына және оның дамуына қажетті қаражатының болмауына, ал көп болуы – дамуға кедергі жасап, басы артық қорлармен және резервтермен кәсіпорын шығындарын көбейтуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталының көлемін, оның өсуін (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;
- қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;
- баланстың өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;

- кәсіпорын табыстылығын бағалау;
- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;
- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау.

Қаржылық жағдайды талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және ол 3 сатыны қамтиды. жабдықтау, өндіріс және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті құрайды. Кәсіпорынның қаржылық қызметі – бұл оның осы қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының арасындағы арақатынастың рационалдылығына, сондай-ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Кәсіпорын қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметінің жетістігі, көбінесе оның өндірістік-сату көрсеткіштерімен анықталады. Кәсіпорынның өзі алатын төлемдерді және ақша қаражаттарын алуы оның өнімді сатуына, алдын ала қарастырылған сұрыпталымды ұстап тұруына, өнім сапасының қажетті деңгейге сәйкестігіне және оны бір қалыпты өндіруге және төлеуге байланысты болады.

Жоғары сипаттағы өндіру және өткізу кәсіпорынның қаржылық ресурстарының қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Өндіріс процесінде өнім сапасының төмендеуі және оны сатудың қиындықтары кәсіпорын шотына ақша қаражаттарының келіп түсуіне кедергі жасайды, нәтижесінде кәсіпорынның төлеу қабілеті

төмендейді. Кері байланыс та бар, ол ақша қаражаттарының болмауы материалдық ресурстардың келіп түсуінің іркілісіне, демек өндіріс процесінің тоқтауына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Шығындар көлемі өндіріс процесінің тиімділік деңгейімен анықталады. Олардың тиімділігі қаншалықты көп болса, кәсіпорын өнімді өткізу көлемін сақтай отырып ресурстарды, соның ішінде қаржылық ресурстарды соншалықты аз жұмсайды. Және керісінше, шикізат пен материалдар шығындарының нормасының өсуі, еңбек өнімділігі деңгейінің төмендеуі, басқа да ресурстардың мөлшерден тыс жұмсалуды және өндірістік емес шығындар қосымша қаржы қаражаттарының қажеттілігіне себепші болады. Еңбек және материалдық ресурстар шығыны ең алдымен өнімнің өзіндік құнында, содан соң табыста талдап қорытылады. Соңғы айтылған көрсеткіштің көлемі кәсіпорынның өзіндік қаражаттарының көлемін өзгерте отырып, оның жалпы қаржылық жағдайында елеулі көрініс табады.

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің қалыпты болуы әсіресе өз кезеңіндегі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды туғызады, оның төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Біздің ойымызша, қаржылық жағдайды талдауды қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар жатады:

- кәсіпорын активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;
- кәсіпорын активтерінің қалыптасу көздерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;
- баланс өтімділігін талдау;
- кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін талдау.

1.2.

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ НЕГІЗІ

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негізі қаржылық есеп беру болып табылады.

ҚР Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы №2732 “Бухгалтерлік есеп туралы” заң күші бар Жарлығына сәйкес, 1998 жылдан бастап қаржылық есеп беруге мыналар жатады:

- 1) бухгалтерлік баланс;
- 2) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп;
- 3) ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп.

Онда сонымен қатар түсіндірме хат болады, сондай-ақ қаржылық есеп беруге негізделген немесе қаржылық есептен алынған материалдармен толықтырылуы мүмкін және бұл материалдар солармен бірге оқылады. Түсіндірме хатта, берілген субъектінің есеп және есеп берудің қандай саясатын ұстап отырғандығы және қаржылық есепті пайдаланушылардың талаптарына сай басқа да ақпараттар жазылуы тиіс. Мысалы, оған субъектіге әсер етуші тәуекел мен белгісіздік туралы, қаржылық есепте жазылған міндеттемелер туралы түсініктерді жазуға болады. Нарықтағы географиялық сегменттер, сомалық ерекшеліктер, қызмет түрлері туралы ақпараттар, баға өзгерісінің әсері туралы мәлімдемелер және басқалары қосымша ақпарат ретінде қарастырылады.

Субъектілерге қаржылық есепті бухгалтерлік есеп стандартында анықталған жеңілдетілген түрде толтырып, көрсетуге рұқсат етіледі. Бұл егер де төмендегі көрсетілген 3 шарттың кез келген екеуі орындалғанда ғана (соңғы 2 қаржылық жыл үшін) маңызға ие болады:

- 1) зейнетақыны, жәрдем ақша және басқа әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ айыппұл

санкцияларын, салық және басқа ҚР төлемдерін салу үшін жылдық табыс ҚР заңымен көрсетілген 10000 есе есептік көрсеткіштен аспайды;

- 2) қаржылық жыл бойы қызметкерлердің орташа саны 50-ден аспайды;
- 3) активтердің жалпы құны 60000 еселік есептік көрсеткіштен аспайды.

Қазіргі кезде бізде қолданылып жүрген отандық қаржылық есеп негізі шамалары бойынша халықаралық есеп стандартының талаптарына сай келеді, себебі ҚР-да соңғы жылдары бухгалтерлік есепті халықаралық тәжірибеге бейімдей отырып реформалау процесі белсенді жүргізілді, ол біріншіден, негізін құраушы нарықтық қатынастар болып табылатын жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуымен, екіншіден, біздің еліміздің әлемдік экономикалық кеңістікке кіруімен байланысты.

ҚР-да бухгалтерлік есепті реформалау процесі барысында есеп беруді құру мақсаттарына жаңа көзқарастар пайда болды және оның бағыты өзгерді.

«Қаржылық есептің мақсаты – бухгалтерлік есепті» №2 «Бухгалтерлік баланс және қаржылық есептегі негізгі ашылулар» деген стандартында көрсетілгендей, – бұл қолданушыны заңды тұлғаның қаржылық жағдайы және оның қызметінің нәтижелері мен есепті кезеңдегі қаржылық жағдайында болған өзгерістер туралы пайдалы, маңызды әрі дәл ақпараттармен қамтамасыз ету болып табылады (12).

Қаржылық есеп негізінен өтелген жағдайлардың қаржылық нәтижелерін және де кәсіпорын үшін инвестициялық шешімдер мен несие беру бойынша шешімдерді шешу үшін, сондай-ақ субъектінің болашақтағы ақша ағымдарын және осы субъектіге сеніп тапсырылған ресурстар мен басқарушы органдардың жұмыстарымен байланысты ресурстар мен міндеттемелерді бағалау үшін қажетті пайдалы ақпараттарды сипат-

тайды. Алайда қаржылық есеп қолданушыларға экономикалық шешімдерді қабылдау үшін қажетті барлық ақпараттарды қамтымайды. Қаржы есебін пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдер субъектінің ақша қаражаттарын айналдыру мүмкіндігін бағалайды, сондай-ақ оларды айналдыру уақытын есептеу және нәтижеге сенімді болуын талап етеді. Бұл нәтижесінде, субъектінің өз жұмысшыларына және жабдықтаушыларына ақы төлеу, пайызды төлеу, несиені қайтару және табысты тарату қабілетін анықтайды. Егер де қолданушылар тек қана субъектінің қаржылық жағдайын, қызметін және оның өткен есепті мерзімдегі қаржылық есебінің өзгерісін сипаттайтын ақпараттармен емес, сонымен қатар барлық қажетті ақпараттармен жабдықталған болса, онда олар, яғни қолданушылар ақша қаражаттарының айналдыру мүмкіндігін одан да жақсы бағалайды. Бірақ коммерциялық құпияны қорғау туралы заң қолданушылар алатын қаржылық ақпаратқа шек қояды, дегенмен олардың ішінде кейбіреулері (тергеу органдары, ревизорлар, аудиторлар) өкілдігі болған жағдайда қаржылық есепте көрсетілген ақпараттарға қосымша ақпараттарды талап ете алады. Қолданушылардың көпшілігі қаржылық есепке қаржылық ақпараттың басты көзі ретінде сенуі тиіс.

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық есеп шаруашылық субъектілерінің қызметі жөнінде қаржылық ақпараттардың жүйелендірілген бірден-бір көзіне, әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандардағы шаруашылық субъектілерінің өзара негізгі байланысына және басқару шешімдерін қабылдауға қажетті аналитикалық есептердің ақпараттық базасына айналды.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауда негізгі ақпарат көзі қызметін бухгалтерлік баланс атқарады.

Баланс – есепті жылдың басындағы және соңындағы кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайды және маңызды қызметтер атқарады. *Біріншіден*, баланс

меншік иелерін шаруашылық субъектісінің мүліктік жағдайымен таныстырады. Осы арқылы олар бұл субъекті нені иеленеді, материалдық құралдардың сандық және сапалық қорлары қандай, кәсіпорын жақын арада үшінші жақ алдындағы өз міндеттемелерін ақтай ала ма, соны білдіреді. *Екіншіден*, басшылар кәсіпорынның басқа ұқсас кәсіпорындар жүйесіндегі өз орны, таңдап алынған стратегиялық бағытының дұрыстығы туралы, ресурстарды пайдалану тиімділігінің салыстырмалы сипаты және кәсіпорынды басқару бойынша әр түрлі сұрақтарға шешімдер қабылдау туралы түсінік алады. *Үшіншіден*, баланстың мазмұны, оны ішкі қолданушылары сияқты сыртқы қолданушыларға да пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, аудиторлар жұмыс процесінде дұрыс шешім қабылдау үшін өз тексеріс жұмысын жоспарлауда, сондай-ақ клиенттің сыртқы есеп берудегі есеп жүйесінде мүмкін болатын, әдейі жасалынған және әдейі жасалынбаған қателіктер аумағындағы әлсіз жақтарын шығару үшін көмек алады, ал талдаушылар қаржылық талдаудың бағытын анықтайды.

Баланс ақпараттары негізінде сыртқы қолданушылар берілген кәсіпорынмен өзінің серіктесі ретінде жұмыс жүргізудің мақсатқа сәйкестігі және оның шарттары туралы шешімдер қабылдай алады; өз салымдарының мүмкін болатын тәуекелділіктерін және берілген кәсіпорынның акцияларын иеленудің орындылығын және басқа шешімдерді бағалайды. Баланстың маңыздылығы соншалық, көп жағдайда қаржылық жағдайды талдауды баланстық талдау деп атайды. *Бухгалтерлік баланс* – қаржылық есептің негізгі түрі бола отырып, ол есепті кезеңдегі кәсіпорын мүлкінің құрамы мен құрылымын, ағымдағы активтердің айналымдылығы мен өтімділігін, меншікті капитал мен міндеттеменің қолда барын, дебиторлық және кредиторлық борыштың динамикасы мен жағдайын және кәсіпорынның несие қабілеттілігі мен төлеу қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Баланс көрсеткіштері кәсіпорынның капиталын орналастыру тиімділігін, оның ағымдағы және алдағы кезеңдегі шаруашылық қызметке жетуі, қарыз көздерінің көлемі мен құрылымын, сондай-ақ оларды ынталандыру тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, бухгалтерлік балансты талдау үшін және кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда ақпараттың ең қажетті түрі болып табылады.

1997 жылға дейін бухгалтерлік баланс екі бөліктен: *актив* және *пассивтен* тұратын кесте түрінде құрылып келді. Активтер, баланс кәсіпорынының есепті кезеңде бақылап, таратып отыратын мүмкіндік және қарыздық құқық құны ретінде көрсетіледі. Пассивтер кәсіпорынның заемдар мен кредиторлық қарыздар бойынша міндеттемелері болып табылады, оларды өтеу мүлік құнының немесе келіп түсетін табыстың төмендеуіне әкеліп соқтырады. Мүліктің түрлері және олардың қалыптасу көздері сапалық біркелкі белгілері бойынша топтастырылады. Осының нәтижесінде баланстың активі мен пассиві мүлік және оның қалыптасу көздерінің біркелкі экономикалық топтарының аз ғана санынан құралады, ал оның ішінде әр топ өз алдына жеке-жеке элементтер мен қортындыланған көрсеткіштерден тұрады. Актив пен пассивтегі бұндай жеке элементтер мен қорытындырылған көрсеткіштер *баланс баптары* деп аталады.

Баланстың актив бөлімінің құрылымына сай ерекшелік – бұл яғни баланс бөлімдері мен баптарының әр бөлім ішінде (шегінде) қатаң, белгілі бір дәйектілікпен орналасуы – яғни олардың өтімділік дәрежесіне байланысты мына принцип бойынша: өтімділік дәрежесі аз активтерден өтімділігі көп активтерге дейін, демек басында баланстың өтімділігі жағынан төмен бөлімдері мен баптары жазылады, содан кейін өтімділігінің өсу деңгейіне байланысты жоғары өтімді активтер жазылады. Осы принцип бойынша активтің қорытынды

баптары ең өтімді айналым қаражаттары (ағымдағы активтер) болып табылады олар қысқа мерзімді қаржылық салымдар, кассадағы, есеп айырысу және валюталық шоттардағы ақша қаражаттары, сондай-ақ басқа да ақша қаражаттары.

Баланс пассивінің бөлімдері мен баптары төлем мерзімінің жеделдік дәрежесіне байланысты мына принципке сай құрылды: төлем мерзімінің жеделдігі аз бағыттарынан жеделдігі көп бағыттарға дейін.

Бухгалтерлік стандарттың іске қосылуынан бастап бухгалтерлік баланс жаңаша анықталады және оның екі бөлігі мен элементтері де жаңаша сипатталады. Олардың түсіндірмесі нарықтық экономикасы дамыған елдердің бухгалтерлік есеп және аудит тұрғысындағы жетекші ғалымдардың еңбектеріне арқа сүйейді. Осыған орай ағылшын тілінен орыс тіліне аударылған оқулықтардың және тәжірибе құралдарының авторларының пікірлері теориялық көзқарас болып табылады. Жоғары оқу орындарында экономикалық мамандық алатын студенттерге, бизнес мектептер мен экономикалық лицейлерге арналған ағылшын авторының *“Бухгалтерлік талдау”* деген оқулығында келесідей анықтама берілген: “Баланс – бұл кәсіпорынның белгілі бір күндегі қаржылық жағдайының кестесі болып табылады. Активтер дегеніміз бұл кәсіпорын нені иеленеді және ол нені алуға тиіс, соны көрсетеді (немесе активтер – бұл кәсіпорынның иелігіндегі және алуға тиісті мүлкі); пассивтер – бұл кәсіпорынның өзінің біреуге берешек қарызы немесе борышы. Активтер сомасы әрқашан да пассивтер сомасына тең болуы тиіс (13).

Ағылшын ғалымдары шығарған *“Бухгалтерлік іске кіріспе”* деген оқу құралында былай жазылған: Баланс – бұл белгілі бір күнге кәсіпорынға тиісті барлық активтер мен оның борыштарын анықтайтын пассивтерінің тізімі. Бұл берілген уақыт мерзіміндегі бизнестің (іскерлік қызметтің) қаржы жағдайының бейнесі

болып табылады. Актив пен пассивтің әр бабы ақшалай көрініске ие болады және де активтер сомасы әрқашан пассивтер сомасына тең болуы тиіс (14).

Әрі қарай олар баланстың негізгі элементтерін келесідей сипаттайды:

«Активтер – бұл ұйымға тиісті немесе ол пайдаланатын бағалы нәрсе

Пассивтер – басқа біреуге тиісті нәрсе. “Пассив” термині таза бухгалтерлік ұғым болып табылады және ол кәсіпорынның қарызы дегенді білдіреді

Капитал – пассивтердің арнайы түрі.

Капитал алғашқы капитал мен қызметте қалдырылған табысты қоса алғандағы меншік иесінің бизнестегі үлесі болып табылады».

Әлемдік банк өңдеп шығарған *“Қаржылық есеп, аудит, есеп беру бойынша нұсқаулар”* оқулығында бұл ұғымдарды былайша түсіндіреді: “Баланстық есеп – бұл белгілі бір кезеңде жасалған және осы кезеңдегі ұйымның жалпы қаржылық жағдайын бағалау үшін пайдаланылатын фотосурет. Қаржылық жағдай ұғымымен тікелей байланысқан баланстық есеп элементтері дегеніміз бұл активтер, пассивтер және капитал. Баланстық есеп кәсіпорынның әрі қарайғы жұмысын қамтамасыз ету үшін қазіргі уақытта қолда бар ресурстар туралы ақпаратты қамтиды. Ол сондай-ақ, бұл активтерді қаржыландыру көздері туралы ақпараттан тұрады. Мысалы, бұл көздер қарызға алынған ба, жоқ, әлде меншікті ме”

Аталған оқулықта бухгалтерлік баланстың бөлімдері (жақтары) мен элементтері келесідей анықталады:

«Актив дегеніміз – бұл өткен жағдайлардың нәтижесінде кәсіпорынмен бақыланатын және болашақта кәсіпорынға экономикалық табыс әкелетін ресурс.

Пассив – бұл өткен жағдайлардан пайда болған кәсіпорынның ағымдағы міндеттемесі. Оны өтеу экономикалық табыс алумен байланысты кәсіпорын

ресурстарының шығынына (сыртқа кетуіне) әкеліп соқтырады.

Капитал – бұл пассивтерді активтерден алып тастағандағы кәсіпорынның өзіндік қаражаты».

Көріп отырғанымыздай, бухгалтерлік баланс және оның элементтері туралы бұл анықтамалар біздің бухгалтерлік есеп теориясы бойынша оқулықтарымызда берілген анықтамалардан өте ерекшеленеді. ҚР-дағы бухгалтерлік есеп туралы заңды жасаушылар негіз ретінде батыс ғалымдарының еңбегін алып отыр. “Қаржылық есептің, субъектінің қаржылық жағдайын бағалаумен байланысқан негізгі элементтері – активтер, меншікті капитал және субъектінің міндеттемесі” болып табылатынын айта келе, олар қаржылық есептің бұл элементтеріне келесідей сипаттама береді.

«Активтер – бұл құндық бағасы бар кәсіпорынның мүлкі, мүліктік, жеке мүліктік емес иелігі және құқығы болып табылады.

Міндеттеме – бұл тұлғаның (қарыз адамның) белгілі бір әрекетті басқа бір тұлғаның (несие берушінің) пайдасына жасайтын міндеті – мүлікті беру, жұмыс атқару, ақша төлеу және басқалар немесе белгілі бір іс-әрекеттен бас тарту, ал несие берушінің қарыз адамнан өзінің міндетін орындауын талап етуге құқығы бар.

Меншіктік капитал – бұл субъектінің өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері» (11).

Сонымен, қаржылық есептің негізгі элементтерінің анықтамасын түсіндіруде батыс елдерінен ешқандай айырмашылық жоқ деп айтуға болады.

Баланс бухгалтерлік есептің “Бухгалтерлік баланс және қаржылық есеп берудегі негізгі анықтаулар” №2 стандартымен анықталады. Ол активтердің, меншікті капитал және міндеттемелердің мәнін анықтайды, сондай-ақ қаржылық есеп беруде анықтауға жататын ақпараттарға деген талаптардан тұрады. Баланста ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелердің жиынтық со-

масы анықталады. Баланста ағымдағы активтер мен міндеттемелерді және олардың жиынтық сомасын анықтау, қаржылық есепті пайдаланушыларды кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда және дәлелді басқарушылық шешімдер қабылдауда қажет болатын ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Пайдаланушылар үшін қаржылық есептің өте пайдалы екендігіне БЕС-2-нің 7-пунктінде ерекше көңіл бөлінген. Онда былай жазылған: “барлық маңызды ақпараттар, қаржылық есепті қолданушылар үшін анық және түсінікті болатындай дәрежеде ашылуы тиіс” (12).

БЕС-2 және қаржылық есепті жасаудың әдістемелік нұсқаулары негізінде құрастырылған (16) бухгалтерлік баланс көлденең түрде 1-кестеде көрсетілген көрсеткіштерден тұрады.

1-кесте

БЕС-2 негізінде құрастырылған бухгалтерлік баланс

Активтер	Меншікті капитал және міндеттемелер
1	2
I. Ұзақ мерзімді активтер	I. Меншікті капитал
Негізгі құралдар :	– жарғылық капитал
– жер	– дивиденттер
– құрылыстар мен ғимараттар	қайта бағалау сомасы
– машиналар мен жабдықтар	– негізгі құралдардың
	– инвестицияның
– басқа негізгі құралдар	резервтік капитал
– жинақталған тозуы	бөлінбеген табыс (жабылмаған зиян)
– аяқталмаған күрделі құрылыс	
Материалдық емес активтер:	Жиыны:
– гудвилл	II. Ұзақ мерзімді міндеттемелер
– патенттер, тауарлық белгілер және басқалар	– қайтарылуы қамтамасыз етілген несиелер

1	2
– материалдық емес активтердің амортизациясы	– қайтарылуы қамтамасыз етілмеген несиелер
Инвестициялар: – еншілес серіктестіктерге инвестициялар	– негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестерінің бір-біріне берілетін несиелері
– тәуелді серіктестерге инвестициялар	
– басқадай инвестициялар	– кейінге қалдырылған салықтар
Дебиторлық борыш:	Жиыны:
– алынуға тиісті борыштар	III. Ағымдағы міндеттемелер
– алынған вексельдер	– қысқа мерзімді несиелер және овердрафт
– ішкі топтық операциялар нәтижесінде пайда болған негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестерінің арасындағы дебиторлық борыш	– ұзақ мерзімді несиелердің ағымдағы бөлігі – кредиторлық борыш
– акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларының дебиторлық борышы	– төленуге тиісті вексельдер және шоттар
– басқадай дебиторлық борыш	
– алдағы кезең шығындары	
Жиыны:	– сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар
II. Ағымдағы активтер	
– тауарлы-материалдық қорлар	– салықтар бойынша борыш
– алдағы кезең шығындары	– төленуге тиісті дивиденттер
– ақша қаражаттары – қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	– негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестігі арасындағы борыш
– Дебиторлық борыш:	– акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларына борыш
– ағымдағы активтерді сатып алуға қажетті аванстық төлемдер	– басқадай несиелік борыштар

1-кестенің жалғасы

1	2
– алынуға тиіс шоттар – алынған вексельдер	– төленуге берілген шығындар
– ішкі топтық операциялар нәтижесінде пайда болған негізгі шаруашылық серіктестігі мен оның еншілес серіктестерінің арасындағы дебиторлық борыш	– алдағы кезең кірістері
– Акционерлік қоғамдағы лауазымды тұлғалардың дебиторлық борышы	– алдын ала қарастырылмаған жағдайға байланысты бөлінген төлемдер
Жиыны:	Жиыны:
Барлығы:	Барлығы:

Алайда айта кеткен жөн, балансты құрудың түрін таңдау (көлденең, яғни екі жақты немесе тікелей) шаруашылық субъектілерінің шексіз құқы болып табылады.

Баланс активі мен пассивін құру принциптері бұрынғы қалпында қалып отыр, яғни активтер олардың өтімділік деңгейіне байланысты, өтімділігі төмен активтерден өтімділігі жоғары активтерге қарай, пассивтер принцип бойынша төлем мерзімінің жеделдік деңгейіне байланысты мерзімінің жеделдігі азынан көбіне қарай.

Тікелей түрде құрастырылған баланс 5 бөлімнен тұрады:

- 1) ұзақ мерзімді активтер;
- 2) ағымдағы активтер;
- 3) меншікті капитал;
- 4) ұзақ мерзімді міндеттемелер;
- 5) ағымдағы міндеттемелер.

Баланс қаржылық есеп беруде үш элементті сипаттайды: активтер, меншікті капитал және міндеттемелер. Қалған екі элемент – табыс және шығын – қаржы-

шаруашылық қызметі нәтижелері туралы есеп беруде көрсетіледі.

Қаржылық жағдайды талдау барысында тек бухгалтерлік баланс мәліметтеріне ғана сүйенуге болмайды. Бұндай тәсіл біршама қарапайымдау, себебі бухгалтерлік баланс кемшілік пен шек қоюшылықтан ада емес, олардың ең маңыздылары келесілер болып табылады:

1. *Баланс табиғаты жағынан тарихи сипатта болады.* Баланста келтірілген мәліметтер оны құрған кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетеді. Бұл жағдайда баланс ақпараттары ретроспективалық және перспективалық талдау мақсаттары үшін қолданылуы мүмкін.

2. *Баланс кәсіпорын қаржысында және міндеттемелерінде статус-квоны сипаттайды,* яғни пайдаланылып жүрген есеп саясатына сай осы кезеңде кәсіпорын жалпы қандай жағдайда тұр деген сұраққа жауап береді, бірақ бұл жағдайға ненің нәтижесінде жеткеніне жауап бермейді. Бұл сұраққа жауап беру үшін, тек қосымша мәліметтер ғана емес, сонымен қатар есеп және есеп беруде көрсетілмейтін көптеген факторлардың талдануы қажет (мысалы, ғылыми-техникалық прогресс, контрагенттегі қаржылық қиындықтар және басқалар).

3. *Баланста салыстырмалы шаруашылық аралық талдау жүргізу үшін қажетті база жоқ.* Ол кеңістіктік және уақыттық салыстырулармен қамтамасыз етпейді. Сондықтан оның талдауы динамикада жүргізілуі тиіс және мүмкіндігінше көрсеткіштерге, олардың орташа салық және орташа прогрессивтік маңыздылығына шолу жасаумен толықтырылуы тиіс. Осындай мақсатпен ұқсас кәсіпорындар тобы бойынша негізгі есептік көрсеткіштерді ашық жариялау қажет. Бұл қажетті орташа көрсеткіштерді есептеп шығаруға мүмкіндік береді.

4. *Баланста кәсіпорынның қаражаттарының айналымы туралы мәлімет жоқ.* Баланстың сол немесе басқа

бабы бойынша соманың аз немесе көптігі туралы қортындыны баланстың көрсеткіштерін айналымының сәйкес сомаларымен салыстырғаннан кейін ғана жасауға болады. Мысалы, екі кәсіпорынның баланстарындағы “материалдар” бабы бойынша сомасы бірдей, яғни 5 млн. теңге. Бір жылдағы материалдар айналымы, бірінші кәсіпорында 60 млн. теңге, ал екіншеде 10 млн. теңгені құрады. Осыған сәйкес бірінші жағдайда материалдардың қоры жылдық тұтынушылардың $1/12$ ($5/60$)-ін (айлық қор), ал екінші жағдайда $1/2$ ($5/10$), яғни жылдық тұтынудың жартысын (жарты жылдық қор) қамтамасыз етеді.

5. *Баланс есепті кезеңнің басы мен соңындағы мезгілдік мәліметтердің жиынтығы болып табылады*, яғни онда осы балансты толтыру кезіндегі шаруашылық операцияларының жиынтығы жазылып отырады. Ол кәсіпорынның есепті кезең ішіндегі мүмкіндік жағдайын көрсетпейді. Бұл ең алдымен баланстың динамикалық баптарына қатысты, олар “материалдар”, “дайын өнім”, “тауарлар”, “дебиторлық борыш” және басқалар. Мысалы, жыл соңында қолда бар өнім қорларының үлес салмағының көп болуы мен дебиторлық борыштың айтарлықтай үлесі, мұндай жағдай жыл бойы осылай болды дегенді білдірмейді.

6. *Баланста кәсіпорынның активтерін сатып алуда тарихи бағаны қолдану принципі жүргізіледі*, ол мүліктің жалпы алғанда нақты бағасын едәуір дәрежеде бұрмалайды. Баланстың жеке баптарына инфляциялық факторлар мен нарық конъюктурасының өзгерісі едәуір бұрмалаушылық әсерін тигізуі мүмкін. Инфляция, кәсіпорын пайдаланатын шикізат пен жабдықтарға бағаның өсуі және негізгі құралдарды жаңарту дәрежесінің төмен жағдайында көптеген баланс баптары функционалдық қызметі жағынан бірдей, бірақ есеп объектілерінің құны жағынан әр түрлі жиынтықты көрсетеді. Бұл әр түрлі есеп мерзімдерінде есептелген баланстың

Баланс көрсеткіштерінің салыстырмалылығының бұзылуы әкеліп соқтырады. Әрине, ол сондай-ақ кәсіпорын қыметінің нәтижесін, оның шаруашылық қаражаттарының “бағасын” (гудвилл) едәуір бұрмалайды. Бұл кедеріс баланс валютасының кәсіпорын бағасының дәл құны көрсетпейтіндігін дәлелдейді. Баланс жиыны кәсіпорын активтері мен оны жабу көздерінің есептік бағасын ғана көрсетеді, ал осы кезде бұл активтердің нарықтық бағасы мүлдем басқаша болуы мүмкін және берілген активтің пайдалану мерзімі мен оның баланста көрсетілуі қаншалықты ұзақ болса, есептік баға мен ағымдағы нарықтық баға арасындағы айырмашылық соншалықты көп болады.

7. Баланс және қаржылық есеп берудің басқа да нысандары шаруашылық субъектісі қызметінің барлық жақтарын толығымен көрсетпейді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның өзгеру перспективасы тек қаржылық сипаттағы факторлардың ғана емес, сонымен қатар көптеген құндық бағасы жоқ факторлардың да ықпалында болады. Олардың қатарында: мүмкін болатын саяси және жалпы экономикалық өзгерістер, саланы және кәсіпорынды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын қайта құру, меншік түрінің алмасуы, қызметкердің кәсіби және жалпы білімдік дайындығы және тағы басқалар. Сондықтан қаржылық есеп беруді соның ішінде бухгалтерлік балансты талдау кешенді экономикалық талдаудың тек бір ғана бөлімі болып табылады.

Осы шектеулерге қарамастан, бухгалтерлік баланс кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауды ақпараттық қамтамасыз етудің бірден-бір басты көзі болып табылады, ал оны оқу осы талдаудың алғашқы сатысы болып табылады.

Алайда кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізгенде баланс көрсеткіштерімен қатар қаржылық есеп берудің басқа да нысандарының көрсеткіштерін

қолдану қажет, әсіресе кәсіпорынның жыл бойғы барлық табыс сомасын осы кәсіпорынның өзінің қызметін жүргізу үшін жұмсалған барлық шығындар сомасымен салыстырудан тұратын қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есепті қолдану керек, оның баланстан айырмашылығы ол кәсіпорынның мезеттік суреті және қатып қалған қаржылық жағдайы емес, ол капитал қозғалысы, есепті кезеңдегі субъектінің қаржылық нәтижесі болып табылады. Сондықтан кәсіпорынның балансына қарағанда, бұл құжат талдаушы адам үшін анағұрлым маңызды және ақпараттық болып табылады. Ол бұл кәсіпорын табыс немесе (шығын) зиян әкелетіндігін анықтау үшін табыстар мен шығындар туралы жеткілікті мөлшерде бөлініп алынған анық көрсеткіштердің көмегімен белгілі бір кезеңдегі кәсіпорынның қызмет нәтижесіне баға береді. Батыс тәжірибесінде, балансты есеп берудің басты нысаны ретінде бөліп қарастыратын біздің елге қарағанда, табыс және зиян туралы есепке біршама басымдылық берілуі кездейсоқ емес. Атап айтқанда, дәл осы үлгі американдық, ұлыбритандық және жаңазеландиялық фирмалардың жылдық есебінде бірінші болып келтіріледі. Мұның түп тамырын психологиялық тұрғысынан іздеген жөн, табыс батыс фирмалары қызметіндегі маңызды көрсеткіш болып табылады, олар сондықтан да оны ең алдымен сыртқы пайданушыларға әйгілеп көрсетуге тырысады.

Субъект қызметінің қаржылық нәтижесі туралы есеп бухгалтерлік есептің №3 “Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп” стандартымен анықталады. Онда заңды тұлғаларды рет-ретімен құру және ұсыну мақсатында қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі жөніндегі есептің баптарын жіктеу және есепке алудың тәртібі көрсетіледі, бұл өз кезегінде заңды тұлғаның әр мезгілдегі есептік кезеңдердегі қаржылық есебі мен түрлі заңды тұлғалардың қаржы есептерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ стандарт, негізгі қызметтен алынған табыс пен шығынды, төтенше жағдайлардан және тоқтатылған операциялардан болатын табыс пен зиянды, сондай-ақ есеп кезіндегі есептік бағаның, есеп саясатының өзгеруінен және қаржылық есептегі елеулі қателерді түзетуден болатын әр түрлі табыс және шығындарды ашудың тәртібін анықтайды.

Табыстар мен шығындар баптарының арасын ажырату да субъектінің жұмысының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бөлімдерге әр түрлі баптар жатады. Мысалы, кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп жалпы табысты, салық салынғанға дейін және салық салынғаннан кейінгі негізгі қызметтен алынған табысты және таза табысты көрсетуі мүмкін.

Бұл есептің жасалуы №3 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес келесідей түрде болады.

2-кесте

Қаржы-шаруашылық қызметінің
нәтижесі туралы есеп

Көрсеткіштердің аты	Код	Табыстар	Шығындар (зиян)
1	2	3	4
1. Негізгі қызметтен алынатын табыс	010		*
2. Сатылған өнімнің (жұмыс, қызметінің) өзіндік құны	015	*	
3. Жалпы табыс	020		
4. Кезең шығындары:			
– жалпы және әкімшілік шығындар	025	*	
– пайыздарды төлеу шығындары	030	*	
– сату бойынша шығындар	035	*	
5. Негізгі қызмет бойынша табыс (шығын)	040		
6. Негізгі емес қызмет бойынша табыс (шығын)	045		

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
7. Салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс (шығын)	050		
8. Табыс салығы	055	*	
9. Салық салынғаннан кейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс (шығын)	060		
10. Төтенше жағдайлардан болатын табыс (шығын)	065		
11. Таза табыс (шығын)	070		

Бұрынғыға қарағанда бұл едәуір оңайлатылған. Мұнда табысты пайдалануды, бюджетке төлемді, табыс салығы бойынша жеңілдіктерді есептеу барысындағы шығындар ашып көрсетілмеген. Ол тек есепті кезеңдегі қаржылық нәтиженің қалыптасуын (таза табысты немесе зиянды) ғана көрсетеді.

Есепті кезеңде табылған табыстар мен шығындардың барлық баптары есепті кезеңнің таза табысын немесе шығынын анықтау барысында есепке алынады.

Осылайша кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп, қаржылық есептің қалған екі элементі туралы – яғни табыс пен шығындар туралы мәліметтерден тұрады. ҚР Президентінің 1995 жылы 26 желтоқсандағы №2732 “Бухгалтерлік есеп туралы” заң күші бар Жарлығында, сондай-ақ ҚР-ның Ұлттық комиссиясының қаулысымен бекітілген бухгалтерлік есеп бойынша 1996 жылы 12 қарашада №2 қаржылық есепті дайындау және тапсыруға қажетті Концептуалдық негізінде айтылғандай, бұл элементтер субъектінің қаржылық көрсеткіштерін өлшеумен тікелей байланысты. Табыстар активтердің көбейюін немесе міндеттемелердің азаюын көрсетеді, ал шығындар – активтердің азаюын немесе есепті кезеңдегі міндеттемелердің көбеюін көрсетеді.

Табыстар мен шығындар баптарының арасына қойылған шектеулер тәжірибеде жалпы қабылданған болып табылады. Бұл шектеу, баптың қалыптасу көзі осы субъектінің ақша қаражаттарын болашақта айн-

алдыру мүмкіндігін бағалау барысында белгілі бір маңызға ие болады деген негізде жүргізіледі.

№3 “Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебі” ҚР шаруашылық субъектілерінің қаржылық есеп беруіндегі жаңа үлгі болып табылады. Бұл есепте кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі ақша қаражаттарының көздері анықталады және оларды пайдаланылу жолдары көрсетіледі. Кәсіпорынның есепті кезеңіндегі жұмсаған ақша қаражаттарын жабу үшін негізгі қызметтен алынатын қаражаттары жеткілікті ме, соны көрсетеді. Ол сондай-ақ қолданушыларды кәсіпорынның операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің белгілі бір бөлігіндегі есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының келіп түсуі мен шығыны туралы ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, оларға кәсіпорынның қаржы жағдайындағы өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттары – бұл кассадағы және банк шоттарындағы қолма-қол ақша.

Операциялық қызмет деп субъектің табыс алу жөніндегі негізгі қызметін, сондай-ақ оның инвестициялық және қаржылық қызметіне қатысы жоқ, басқада бір қызметін түсінеміз.

Инвестициялық қызмет дегеніміз – бұл ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, өтелінетін несиелерді беру және алу.

Қаржылық қызмет, бұл нәтижесінде меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшері өзгеріске ұшырайтын субъектінің қызметі болып табылады. Субъект қызметінің барлық осы түрлері ақша қаражаттарының келіп түсуі мен шығуының негізі арналары болып табылады.

Сонымен, кәсіпорынның қаржы жағдайын талдаған кезде тек бухгалтерлік баланс мәліметтері ғана емес, сонымен бірге басқа да қаржылық есеп беру нысандарының көрсеткіштері, түсіндірме хаттағы мәліметтер және де есеп берудегі қосымша ақпараттар мәліметтері де қолданылады.

Қаржылық есеп берудің жаңа түрі, кәсіпорынның коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпараттарына сүйенбестен, оның қаржылық жағдайын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

1.3.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ
ӘДІСТЕРІ

Нарықтық қатынастың қалыптасуы шаруашылық қызметін біртұтас кешенді талдауды ішкі (басқару) және сыртқы (қаржылық талдау) талдау деп бөлуді қажет етіп отыр. Талдаудың бұл түрлерінің әрқайсысының өзінің негізгі ақпараттық көздері бар.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, Есеп берудің екі түрі бар: Акционерлерді, қалың жұртшылықты, банктерді, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары мен үкімет органдарын кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен оның қаржылық жағдайы және есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесімен таныстыру үшін қаржылық газеттер мен бюллетендерде, арнайы анықтамаларда басылып шығатын қаржылық есеп беру. Сонымен қатар көбіне, есепте субъектінің шаруашылық қызметін динамикада бейнелеп көрсетуге, даму бағыты мен оның алдыңғы кезеңдегі жағдайын болжауға мүмкіндік беретін бірқатар жылдардың мәліметтерін жариялайды. Есеп берудің екінші түрі – басқару талдауы, бұл кәсіпорын шығаратын өнімдердің жеке түрлерінің өзіндік құнының нормативтері туралы, сондай-ақ сапасының төмендігіне немесе тауардың мөлшерден тыс шығарылып, өтпей қалуына байланысты мәліметтерден тұратын қатаң құпияландырылған, басқа тұлғалар үшін жабық есеп болып табылады. Ішкі есеп берудің ішіндегі жауапкершілік орталықтары мен пайда болу орындары бойынша шығындар сияқты жеке бөлімшелердің жұмыс нәтижелерін сипаттайтын маңызды есеп түрлері болады. Кәсіпорынның жеке бөлімшелеріндегі шаруашылық жүргізу деңгейін анықтау шығындар мен нәтижелерді салыстыру, кім қалай жұмыс істейтінін көруге мүмкіндік береді және еңбекке ақы төлеуде қандай да бір иесіздікті жояды. Ішкі талдау басқару есебі, ал сыртқы талдау қаржылық есеп негізінде жүргізіледі. Бүгінгі таң-

дағы нарыққа өту кезеңінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда жаңа амалдар қажет.

Соңғы кездері мерзімді баспасөздерде, сондай-ақ жеке басылымдарда қаржылық талдауды жүргізу бойынша бірқатар әдістемелік ұсыныстар жарық көрді. Бұл еңбектің авторлары кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның жекелей көрсеткіштерін талдаудың әр түрлі әдістемелерін ұсынып отыр. Бұл әдістемелердің көпшілігінде олардың маңызды ерекшелігі болып табылатын, кәсіпорынның қаржылық жағдайының біздің отандық тәжірибеде қолданылмаған жаңа көрсеткіштерінің жүйесін толық талдауда.

Ондаған жылдар бойы барлық басқару деңгейлерінде және кәсіпорынның өзінде пайдаланып келген қаржылық жағдайды талдаудың қалыптасқан әдісінің, шаруашылық жүргізудің әкімшілік жүйесінің жұмыс істеу жағдайында және негізінен орталықтандырылған көздерден қаржыландырылатын мемлекеттік меншік үшін, сондай-ақ уақытша тартылған қаражаттарды (тұрақты пассивтер), айналым қаражаттарын және басқаларды мөлшерлеу мақсатында қолданылғаны түсінікті. Бұл жағдайлар шаруашылық жүргізудің тиімділігіне бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдауда кәсіпорынның дербестігін тежеп отырады және нарықтық қатынастар және кәсіпшілік қызметпен мүлдем үйлеспейді.

Бұрынғы қолданылып келген талдау әдістемесінде әр түрлі баптардың мөндерін, баланс бөлімі мен топтарының жиындарын олардың мөлшерлік көлемдерімен салыстыру, мөлшерден ауытқуын зерттеу, бұл ауытқулардың кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығына қалай әсер етуін зерттеу шешуші роль атқарды. Жаңа қаржылық есептің маңызды ерекшеліктерінің бірі — онда жоспарлық көрсеткіштер мен нормативтердің жоқтығы болып табылады.

Нарық жағдайында қаржылық жоспарлау кәсіпорына оның қызметі жөнінде көптеген параметрлерді сырттан бекітетін орталықтандырылған әкімшілік сипаты жояды. Ол, ең алдымен бәсекелестік нәтижесінде қарқынды өзгеріп отыратын нарықтық конъюнктура жағдайында өзінің хал-жағдайын нығайтуға ұмтылатын кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің икемді стратегиясы мен тактикасын жасауға қызмет етеді. Қаржылық қызметте нормативтерді пайдалану кәсіпорынның өз еркінде, сондықтан нормативтер туралы ақпараттар, коммерциялық құпияға айналады. Жоспарланған нормативтерден ауытқуды талдау, кәсіпорынның ішкі талдауының құрамдас бөлігі болып табылады. Бухгалтерлік есеп беруге негізделген қаржылық жағдайды талдау, сыртқы талдау сипатына ие болады, яғни бұл кәсіпорынның қызметі туралы ақпараттардың шектеулі бөлігінен тұратын есеп мәліметтері негізінде осы кәсіпорынның мүдделі контрагенттерінің – меншік иесі немесе мемлекеттік органдардың берілген кәсіпорынның шегінде жүргізетін талдауы. Қаржылық жағдайды ішкі талдау әдістемесі, әрбір кәсіпорын үшін тек потенциалды әріптестерін бағалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар қаржылық есепті сыртқы пайдаланушылардың көзқарасы тұрғысынан алғандағы өзін-өзі бағалау үшін де қажет.

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырды. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

- 1) көлденең талдау;
- 2) тікелей талдау;
- 3) трендтік талдау;
- 4) салыстырмалы талдау;
- 5) факторлық талдау;
- 6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең (уақытша) талдау - есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен

кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және ағымдағы активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және тағы басқалар.

Тікелей және көлденен талдаулар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан да есептік бухгалтерлік үлгі құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жиі жасайды.

Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендтік талдау әрбір есеп позициясын бір қатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендті, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінен тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.)

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржы-

лық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл – қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді, мысалы, саладағы жалпы экономикалық жағдайлар, кәсіпорын басшылығының саясаты және басқалар. Қатынастарды үлкен байыптылықпен талдау қажет, өйткені тек бір ғана фактор алымына да, бөліміне де әсер етуі мүмкін. Негізінен қатынас деңгейі өткен кезеңдегі, теориялық дәлелденген салалық қатынаспен салыстырылады. Қатынасты талдау болашаққа бейімделуі тиіс.

Қатынасты талдаудың ролін асыра бағалаудың да қажеті жоқ, себебі олардың әмбебап мәні болмайды және диагностика үшін индикатор болып табылмайды. Әлдеқайда тереңдетілген талдау, қатынас негізінде жасалған шешімдерді әрқашан қолдай бермейді, себебі олардың деңгейіне келесілер әсер етеді, жекелеген кәсіпорындардың ерекшеліктері орташа салалық мәліметтер. Сондай-ақ, өткен жылдардағы нақты қол жеткізілген деңгейдің қолайсыз болуы немесе оның сол өткен жылдар жағдайы үшін қолайлы болып, бірақ қазіргі және болашақтағы жағдайлар талаптарына сәйкес келмеуі әсер етеді.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу, көп жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер

кейбір кезде расталмайды. Дегенмен, қаржылық жағдайды талдау барысында салыстырмалы көрсеткіштерді зерттеу қажет болады, себебі ол болып жатқан жағдайларды түсінуге және де оларды тек ағымдағы мезетте ғана емес, сонымен қатар болашақта да дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстылық және іскерлік белсенділік.

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып тыбалады.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде – тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол – кері (синтез) болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар, қаржылық жағдайды талдауда экономикалық (элиминирлеу, баланстық үйлесу және тағы басқа), сондай-ақ экономикалық және математикалық статистиканың (топтау, орташа және салыстырмалы шама, графиктік және индекстік әдістер, корреляция, регрессия және тағы басқа) дәстүрлі тәсілдері қолданылады. Белгілі бір экономикалық ғылым шегінде жасалған түрлі әдістер – мен тәсілдерді іскерлікпен пайдалану кәсіпорынның қаржылық жағдайына терең талдау жасауға және шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, жағ-

дайын жақсартуға байланысты ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік береді.)

Айта кеткен жөн, кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізудің дәйектілігі жөніндегі басылып шығарылған әдістемелік зерттеулердегі авторлардың ұсыныстары оқырмандардың назарын аударады.

Жалпы редакциясын В.И. Стражева басқарған, Беларусь Республикасының Мемлекттік экономикалық университетінің авторлар ұжымы кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауды алдымен оның активтері мен пассивтерін талдаудан бастау ұсынылады, содан кейін кәсіпорынның төлеу қабілеті мен қаржылық тұрақтылығын, сондай-ақ активтердің қайтарымдылығын талдауға және оның қаржы жағдайын қысқа мерзімді болжауға кеңес беріледі (17).

О. В. Ефимов өзінің “Қаржылық жағдайды қалай талдау керек” деген еңбегінде талдау әдістемесін, әрбір шаруашылық жүргізушінің маңызды міндетінің бірі болып табылатын және де кәсіпорынның төлеу қабілеті мен өтімділігіне қосымша баға беруге мүмкіндік беретін мүліктік массаның құрылымын бағалаудан бастайды (18).

И. М. Лоханина мен З. К. Золкина (19) алдымен есеп беруді құрастырудың сапасын тексереді, содан кейін оны оқуды жүргізіп, соның негізінде кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалайды, одан кейін кәсіпорынның мүліктік жағдайына және оның қалыптасу көздеріне, қаржылық дербестігіне және талдау қабілеттілігіне тереңдетілген талдау жасайды.

Кәсіпорынның қаржы жағдайын талдаудың соңғы (ерекше) әдістемесін А.Д. Шеремет пен Р.С. Сайфулин ұсынады. Ол талдаудың келесі бөліктерінен тұрады: қаржылық жағдайдың жалпы бағасы және есепті кезеңдегі оның өзгерісі; кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдау; баланс өтімділігін талдау; кәсіпорынның іскерлік белсенділігін және төлеу қабілетін талдау.

Қаржылық жағдайды және оның есепті кезеңдегі өзгерісін салыстырмалы аналитикалық баланс-нетто бойынша бағалау, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықтың абсолюттік көрсеткіштерін талдау, олардың ойынша, кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың басқа бөліктерін дамытуға тиісті оның негізгі бастапқы пунктін құрайды. Баланс өтімділігін талдау, тұрақтылықты талдаудан туындап, ағымдағы төлеу қабілеттілігін бағалап, болашақтағы төлем қабілеті мен қаржылық тепе-теңдіктің сақталу мүмкіндігі туралы қорытынды жасауға тиіс.

В.А. Андреев (20) және В.В. Ковалев (21) кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалауға байланысты жұмысты екі модульді құрылым түрінде ұйымдастыруды ұсынады: *экспресс-талдау* және *тереңдетіп талдау*. Экспресс-талдаудың негізгі мақсаты – бұл шаруашылық субъектісінің даму динамикасын және қаржылық жағдайын бағалау болып табылады. Оның шеңберінде қойылған мақсатқа көрнекті және жай қол жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі көрсеткіштердің аздаған санының динамикасына есеп, бақылау және талдау жүргізіледі.

Тереңдетіліп нақтыланған талдау экспресс-талдаудың бөлек тәртібін кеңейтеді, толықтырады және дәлелдейді. Оның мақсаты – шаруашылық субъектісінің қаржы жағдайы туралы, оның өткен есепті кезеңдегі қызметінің нәтижесі, сондай-ақ кәсіпорынның болашақтағы даму мүмкіндіктеріне соңғы толық баға беру болып табылады. Осыған байланысты нақтылау дәрежесі аудитордың өзінің ықыласына байланысты.

Қорыта айтқанда, кәсіпорынның қаржы жағдайын талдауда аудиторлық түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға еркі бар. Оларды ұтымды пайдаланып, осы талдауды жүргізудің дәйектілігіне байланысты дұрыс әдісті таңдай отырып, аудитор қаржылық жағдайға терең, жан-жақты әрі кешенді талдау жүргізе алады, сондай-ақ объективті және анық баға береді, қаржылық тұрақтылықтың нығаюы мен кәсіпорынның табыстылығының өсуі жөнінде ұсыныстар дайындайды.

1.4.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЭКСПРЕСС-ТАЛДАУ

✓ Қаржылық есепті тексеру барысында аналитикалық шаралардың жүргізілуі қойылған мақсаттарға, сондай-ақ әр түрлі ақпараттық, мерзімдік, әдістемелік, кадрлық және техникалық қамтамасыз ету факторларына байланысты болады.

Аудитордың аналитикалық қызметінің логикасы оны, яғни талдауды екі модульдік құрылым түрінде ұйымдастыруды көздейді:

- қаржылық есепті экспресс-талдау;
- қаржылық жағдайды тереңдетіп (нақтылап) талдау.

Экспресс-талдаудың мақсаты шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы мен даму динамикасын көрнекті түрде және қарапайым бағалау болып табылады.

Экспресс-талдаудың үш кезеңде жүргізілуі орынды:

- 1) дайындық;
- 2) қаржылық есепке алдын ала шолу жасау;
- 3) экономикалық оқу және есеп беруді талдау;

Бірінші кезеңнің мақсаты – қаржылық есеп беруді талдаудың мақсатқа сәйкестілігі туралы шешім қабылдау және оның оқуға дайындығына көз жеткізу.

Бірінші міндет, аудиторлық есепте берілген ақпараттардың дәлдігі және олардың қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкестігі туралы баға берілген бағасынан тұратын аудиторлық қорытындымен танысу арқылы шешіледі. ✓

Есептің оқуға дайындығын тексеру аса күрделі емес және белгілі бір деңгейде техникалық сипатта болады. Мұнда есеп берудің формальды нышаны және мәні бойынша көзбен шолу және қарапайым есептік тексеру жүргізіледі: барлық нысандар мен қосымшалардың, деректемелер (реквизиттер) мен қойылған қолдардың барлығы анықталады; есептік нысандарды толтырудың дұрыстығы мен түсінікті болуы салыстырылып тек-

серіледі; баланс валютасы мен барлық аралық жиынтықтар тексеріледі; есеп нысандары көрсеткіштерінің өзара үйлесімділігі және олардың арасындағы негізгі бақылау қатынастары тексеріледі және тағы басқа тексерулер жүргізіледі.

✓*Екінші кезеңнің мақсаты* – балансқа қосымша түсіндірме хатпен танысу.

Бұл есепті кезеңдегі жұмыс жағдайларын бағалау қызметтегі негізгі көрсеткіштердің тенденцияларын анықтау, сондай-ақ шаруашылық субъектісінің мүлдітік және қаржылық жағдайындағы сапалы өзгерістерді анықтау үшін қажет.

Ережеге сай, түсіндірме хатта кәсіпорын қандай есеп саясатын жүргізетіндігі айтылады, сондай-ақ кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін белгісіз жағдайлар мен қандай да бір, тәуекелдер туралы, қаржылық есепте көрсетілмеген кез келген ресурстар мен міндеттемелер туралы мәліметтерден тұратын басқа да маңызды ақпараттар ашылып көрсетіледі. ✓ Сонымен қатар, мұнда есепті жылдағы кәсіпорын қызметінің шаруашылық және қаржылық нәтижесіне әсер еткен негізгі факторлары, сондай-ақ кәсіпорындағы жылдық бухгалтерлік есепті қарастыру қорытындысы және таза табысты тарату бойынша шешімдер айтылады.

✓Түсіндірме хатта кәсіпорынның бірқатар жылдардағы жұмысының маңызды экономикалық және қаржылық көрсеткіштерінің динамикасы, болашақтағы капитал салымдары, жүргізілетін экономикалық шаралары мен басқа да жылдық бухгалтерлік есептің мүмкін болатын пайдаланушыларын қызықтыратын ақпараттар болуы тиіс. ✓ Мысалы, бұл хатта пайыздық мөлшерлемелер, несиені өтеу мерзімі, төлем кезектілігі және несиелік келісімдер мен заем шарттарына байланысты басқа да ерекшеліктер ашылып көрсетілуі тиіс.

Талдау жүргізушінің (аналитик) басқа да қосымша ақпараттармен, мысалы, нарықтық геофикалық сег-

менттер туралы, салалық ерекшеліктер және басқа да мәліметтермен танысуы қажет.

Түсіндірме хатпен танысқаннан кейін, экспресс-талдаудың негізгі, *үшінші кезеңіне* – яғни *экономикалық оқу және есепті талдауға көшу* керек. Оның мақсаты – кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін жалпылама бағалау болып табылады. Мұндай талдау түрлі көрсеткіштер мүддесінде белгілі бір нақтыланған деңгейде жүргізіледі. Сондықтан да объективті және әсіресе субъективті факторлардың әсерін есептегенде бұл талдауды жүргізудің түрлі варианттары болуы мүмкін.

Экспресс-талдаудың негізгі элементтерінің бірі, жылдық есеппен жұмыс істей алу болып табылады, соның ішінде, кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалау мен талдау үшін оның негізгі ақпараттық үлгісі болып табылатын бухгалтерлік баланспен жұмыс істеу.

Бухгалтерлік баланстың маңыздылығы сонша, көбіне қаржы жағдайын талдауды, балансты талдау деп атайды.

✓ *Балансты оқи білу дегеніміз* – бұл оның әрбір бабының мазмұнын, оны бағалау тәсілін, кәсіпорын қызметіндегі ролін, басқа да баптармен байланысын білу. ✓ бұл өзгерістердің сипаттамасы кәсіпорын экономикасы үшін – мынандай мүмкіндіктер береді:

- кәсіпорын туралы едәуір көлемді ақпараттар алу;
- кәсіпорынның меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау;
- баланстың қандай баптарының есебінен айналым қаражаттарының көлемі өзгергендігін анықтау;
- аналитикалық көрсеткіштерді есептемегеннің өзінде кәсіпорынның жалпы қаржылық жағдайына баға беру.

Балансты оқуға мыналар жатады.

- зерттеу кезеңіндегі баланс валютасының өзгерісін бағалау;

- баланс валютасының өсу қарқынын өндіру көлемінің өсу қарқынымен, өнімді өткізу, жиынтық және таза табыстың өсу қарқынымен салыстыру;
- баланс бөлімдерінің, топтарының және жекелеген баптарының негізгі өзара байланысын зерттеу;
- баланстың жеке бөлімдері мен баптарының өзгеру сипатын талдау.

Талдаудың берілген сатысында кәсіпорынның қызметі туралы алғашқы түсінік қалыптасады, кәсіпорын мүлкі мен оның қалыптасу көздерінің құрамындағы өзгерістер, көрсеткіштер арасындағы өзара байланысы, кәсіпорын қаражаттарын орналастырудың дұрыстығы, оның ағымдағы төлеу қабілеті және басқалар анықталады. Осы мақсатта баланстың актив және пассив бөлімдерінің жеке баптарының арақатынасын, олардың баланс валютасындағы үлес салмағын (жалпы жиындағы) анықтайды, өткен кезеңмен салыстырғанда баланстың негізгі баптарының құрамындағы ауытқу сомасын есептейді.

Есепті оқу және талдай білу табиғи және белгілі бір дәрежеде тек мамандандырылған бухгалтерлер үшін ғана емес, сонымен қатар менеджерлер, аналитиктер, консультанттар үшін де өмірлік қажеттілік болып отыр.

Балансты оқуды ең алдымен талдау кезеңіндегі баланс көлемінің (валютасының) өзгеруін анықтаудан бастайды, тұрақсыз болжалға келмейтін бағаның өзгерісіне және тағы басқаларға қарамастан, баланс валютасы кәсіпорынның сенімділік деңгейі мен қызмет көлемінің маңызды сипаттамасы болып қалады және ол кәсіпорынның қаржы жағдайының индикаторларын есептеуде негізгі қызмет атқарады. Кәсіпорын мүлкінің құнын зерттеу үшін, баланстың кезең басындағы жиыны мен кезең соңындағы жиынын салыстырады.

Біздің мысалымызда жыл басындағы баланс валютасы — 32551 мың теңгені құрайды, ал жыл соңында — 11957 мың теңге болды, яғни 1,3 есеге өскен. Баланс

валютасының өсуі әдетте кәсіпорынның өндірістік мүмкіндіктерінің өскендігін көрсетеді және оған оң баға беріледі, ал оның кемуі жағымсыз болып табылады.

Баланс валютасының абсолюттік өзгерісін анықтаумен қатар, оның өсу қарқынын өнімді сату және жиынтық (таза) табыстың өсу қарқынымен салыстыру керек. Баланс валютасының өсу қарқынының сату және жиынтық табыс көлемінің өсу қарқынынан асып түсуі, берілген кәсіпорында қаражатты пайдаланудың жақсарғандығын көрсетеді және керісінше, баланс валютасының өсу қарқынынан өндіру, сату және жиынтық табыс көлемінің өсу қарқынының артта қалуы кәсіпорынның қаржыны пайдалануының нашарлағандығын көрсетеді.

Бухгалтерлік балансты оқу процесінде әрбір бапты екі аспектіде қарастыру қажет:

- 1) экономикалық мазмұны, көлемі және динамикасы бойынша;
- 2) баланстың қарама-қарсы жағының қандай бабымен (баптар тобы) корреспонденцияланады.

Басқаша айтқанда, баланс активінің әрбір бабы үшін сәйкесінше оны жабатын көздер қажет және керісінше, пассивтің әрбір бабы үшін қаржылық ресурстарды пайдалану бағыттарын көре білу қажет. Айта кеткен жөн, мәніне байланысты қаржы көздерін пайдаланудың дұрыстығын анықтау шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайының басты идеясы болып табылады.

Жалпы алғанда баланс элементтері – өзара тығыз байланысты жүйе. Бөлімдер, топтар және баптар деңгейінде логикалық және сандық қатынастар болады. Ең алдымен кәсіпорын бөлімдері арасындағы өзара байланыс өзгешелігін көрсетейік.

1. Баланс активінің барлық бөлімдерінің жиынтық сомасы, оның пассивінің барлық бөлімдерінің жиынтық сомасына тең.

$$A(I+II) = П(I+II+III).$$

Біздің баланс бойынша теңдік мынаны құрайды:
жыл басында –

$$18770+13781=27908+0+4643=32551=32551;$$

жыл соңында –

$$20001+21956=32276+0+9681=41957=41957.$$

Бұл теңдік бухгалтерлік баланстың негізгі идеясын көрсетеді, яғни кәсіпорын қаражаттарының сол бір ғана сомасы екі аспектіде көрсетілген:

- 1) құрамы мен таратылуы бойынша;
- 2) қалыптасу көздері (қаржыландыру) бойынша.

2. Ережеге сай активтің бірінші бөлімнің жиыны, пассивтің бірінші бөлімінің жиынынан (төмен) аз:

$$A(I) < II(I).$$

Талданып отырған кәсіпорында бұл теңсіздік келесідей түрде жазылады:

$$\text{жыл басында} - 18770 < 27908;$$

$$\text{жыл соңында} - 20001 < 32276.$$

Бұл теңсіздіктің экономикалық мәні мынада, яғни меншікті қаражаттардың бір бөлігі негізгі құралдарға және ұзақ мерзімді қаржы салымдарына жұмсалады. Ал қалған бөлігі – активтің екінші бөлімінде көрсетілген айналым қаражаттарын жабуға кетеді.

3. Ағымдағы активтердің жалпы сомасы ағымдағы міндеттемелердің көлемінен асады:

$$A(II) > II(III).$$

Біздің мысалымызда бұл теңсіздік мына түрде болады:

$$\text{жыл басында} - 13781 > 4643;$$

$$\text{жыл соңында} - 21756 > 9681.$$

Берілген теңсіздік алдыңғы теңсіздікпен байланысты. Ол қалыпты жұмыс істеу кезінде айналым қаражаттарының едәуір бөлігі кәсіпорынның, өзінің қаржы ресурстары есебінен алынуына бағытталған.

4. Меншік қатынастарын сипаттайтын баланс баптарының топтары арасындағы байланыстың нарықтық

экономика жағдайында әлде қайда терең экономикалық мәні бар, ол келесі теңсіздікте көрсетілген:

$$A = C_k + \Pi_k.$$

Мұнда: A – кәсіпорынның активтері;

C_k – меншікті капитал;

Π_k – қатыстырылған капитал (кәсіпорынның міндеттемесі).

Біздің мысалымызда бұл теңдік келесідей мағынаға ие болады:

жыл басында – $32551 = 27908 + 4643$;

жыл соңында – $41957 = 32276 + 9681$.

Берілген теңдік кәсіпорынның барлық активтері (A) негізінен екі түрлі көзден тұратынын көрсетеді: меншікті капитал (C_k) және қатыстырылған капитал (Π_k).

Кейінірек қарастырылатын кейбір маңызды коэффициенттер есебі осы теңдікке негізделеді. Берілген кәсіпорынға деген несие берушілердің сенімділік деңгейі келтірілген теңдіктің элементтерінің абсолюттік мәндері мен олардың арасындағы салыстырмалы қатынастарына байланысты. Осы қатынастарды бақылау және оларды басқару дұрыс және терең ойлы қаржылық саясат болып табылады.

Баланста жекелеген баптар арасында байланыс болады. Олардың кейбіреуін атап көрсетейік.

1. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалдық құны олардың бастапқы құнынан асып кетпейді, себебі ол бастапқы құнынан тозу сомасын алып тастағанда шығады.

2. Тауарлардың сатып алу бағасы, егер де жеңілдік болмаса, онда сату бағасынан төмен болады, себебі сату бағасына саудалық үстеме баға қосылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындағы “жарғылық капитал” бабының сомасы қалдық құнымен көрсетілген “негізгі құралдар” және “материалдық емес активтер” баптарының жалпы сомасынан көп болады.

Баланс сомасының өзгерісін зерттеумен қатар, оның жеке бөлімдері мен баптарының өзгеру өзгешелігін де талдау қажет. Осыған байланысты мынаған көңіл аудару керек, баланстың активінде бағалы қағаздардың қалдығы, қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық салымдар, негізгі құралдар, күрделі қаржылар және материалдық емес активтер қалдығының өсуі, ал пассивінде – бірінші бөлімінің, әсіресе бөлінбеген табыс көлемінің өсуі оң бағаланады.

Айта кеткен жөн, нарық жағдайында есеп айырысу шотындағы қалдық қаражаттар бөлігінің өзгеруі басқаша бағаланады. Егер бұрын есеп айырысу шотындағы ақша қаражаттарының өсуі кәсіпорынның еңбегі болып саналса, қазіргі нарық жағдайында кәсіпорындар өздерінің бос қаражаттарын әлдеқайда ұтымды пайдалануға ұмтылуы тиіс, яғни оларды басқа кәсіпорындарға салып, бағалы қағаздар, патенттер, лицензиялар және басқа да интеллектуалдық меншік алуға пайдалануы қажет. Кез келген жағдайда дебиторлық және кредиторлық борыштардың өсуі нашар бағаланады, яғни жағымсыз болып табылады.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің экономикалық диагностикасының әдістерінің бірі болып табылатын талдаушының балансты оқу барысындағы маңызды әрекеттерінің бірі – бұл осы баланстың “осал” баптарын анықтау болып табылады, яғни бұл ерекше көңіл аударуды қажет ететін баптар. Бұл баптар, сондай-ақ баланс баптарының арасындағы кейбір арақатынастар, не кәсіпорын жұмысының нашарлығын, не болмаса жеке белгілі бір кемшіліктерді көрсетеді. Талдау кезінде бұл “осал” баптар өткен кезеңдегі шаруашылық субъектісінің жұмысын сипаттап қана қоймай, сонымен қатар олардың болашақтағы шаруашылық жағдайының дамуына әсер ететіндігіне де көңіл болу қажет. Талдаушының шаруашылық субъектіндегі қалыптасқан қар-

жылық жағдайды жақсартудың мүмкін жолдарын жалплама түрде белгілеп қоюы қажет.

Жаңа бухгалтерлік баланста бұндай баптарға “Жабылмаған зиян” және “Қайтарылуы қамтамасыз етілмеген несие” баптары жатады. Табыстар мен түсімдер, шығындар мен зияндардан аз болған кезде, бірінші бап бойынша қолда бар сома жағымсыз қаржылық нәтижені белгілейді. Бұл кәсіпорын қызметіндегі өте күрделі кемшілік болып табылады.

Талдаушының бұдан кейінгі жасайтын әрекеттері: қалыптасқан жағдайдың негізгі себептерін анықтау; есепті кезеңдегі келтірілген зиянның заңдылығын анықтау үшін қорытынды көрсеткіштер динамикасын зерттеу; зиян әкелетін жұмыс себептерін болдырмайтын жолдарды анықтау.

Екінші бап бойынша қолда бар сома кәсіпорынның төлеу қабілетсіздігін, қаржылық жұмыстағы күрделі кемшіліктерді, сондай-ақ аналитикалық есеп мәліметтері бойынша анықтауға болатын шаруашылық субъектісінің мерзімі өткен қарызы бар екендігін көрсетеді. Төлеу мерзімі өтіп кеткен несие үшін банк көтеріңкі пайыз алатындықтан, бұл шаруашылық субъектісінің табыс мөлшерін азайтады.

Аналитикалық есеп мәліметтері бойынша кәсіпорынның басқа да “осал” көрсеткіштері анықталуы мүмкін, оларға келесілер жатады:

а) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің мерзімінде төленбеген есептесу құжаттары бойынша және сатып алушылардың меншігіндегі акцепті кері қайтару түрінде сақталуында тұрған тауарлар бойынша қарыз тұрғысынан дебиторлармен есеп айырысу. Оларды өтеу үшін меншікті айналым қаражаттары аударылады. Олардың айналымдылығы бәсеңдейді, сондай-ақ кәсіпорынның қаржы ресурстарын шұғыл пайдалану мүмкіндігі азаяды;

- ә) қызметкерлерге берілген банк несиелерімен салыстырғанда алынған қарыздар бойынша борыштардың артып кетуі тұрғысынан алғанда еңбеккерлермен есеп айырысу;
- б) белгіленген тәртіппен баланстан шығысқа шығарылмаған тауарлы-материалдық қорлардың бүлінуінен болатын жетіспеушілік пен шығыстардың, материалдық зиянның орнын толтыру бойынша қызметкерлермен есеп айырысу.

Осылайша біз қол жеткізілген нәтижелерді, сондай-ақ кәсіпорынның шаруашылық қызметінің болашақтағы даму қарқыны тұрғысынан алғанда талдаушының басты назарын аударуды талап ететін баланс баптарын қарастырып өттік. Біздің талдау жүргізіп отырған кәсіпорынымызда қандай “осал” баптар бар? Біздің кәсіпорын қаржылық жылды бөлінбеген табыспен аяқтауына байланысты, “Жабылмаған зиян” бабы бойынша мәліметтер жоқ.

Талдау жүргізіп отырған кәсіпорын өткен жылы да, есепті жылда да не ұзақ мерзімді, не қысқа мерзімді несиелер алмаған. Сондықтан да “Қайтарылуы қамтамасыз етілмеген несиелер” бабы бойынша да мәліметтер жоқ. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіндегі қалған басқа да “осал” көрсеткіштерін айтатын болсақ, онда оларды тек аналитикалық есеп мәліметтері бойынша ғана анықтауға болады.

Бұдан кейін экспресс-талдаудың әдістемесі бойынша қаржылық есепті талдау жүргізіледі. Ол үшін ең алдымен көрсеткіштерді есептеуге салыстырмалы түрде қиын емес есептеулер жүргізіледі, содан кейін олардың ішінен ең маңызды болып табылатын көрсеткіштерінің аздаған саны сұрыпталып алынады. Көрсеткіштерді сұрыптау субъективті және оны талдаушы жүзеге асырады. Бұл көрсеткіштердің жиынтығы кәсіпорынның

салыстырмалы кеңістіктік-мерзімдік қызметін сипаттайды. Кәсіпорынның экономикалық потенциалы екі жақты сипатталуы мүмкін: кәсіпорынның мүліктік жағдайы және оның қаржылық жағдайы тұрғысында. Бұл екеуі өзара байланысты, ол көрсеткіштердің өзгеру қарқынын есепке ала отырып, динамикада қарастырылуы тиіс. Экспресс-талдауды жүргізу барысындағы аналитикалық көрсеткіштерді сұрыптаудың варианттарының бірі 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

Экспресс-талдау үшін аналитикалық көрсеткіштер жүйесі

Талдау бағыты	Көрсеткіштер
1	2
1. Шаруашылық субъектісінің экономикалық потенциалын бағалау	
1.1. Мүліктік жағдайды жалпы бағалау	1) активтердің жалпы құны (жалпы капитал-валюта, баланс жиыны); 2) өндірістік мүліктің құны; 3) негізгі құралдардың құны және олардың активтердің жалпы құнындағы үлесі; 4) негізгі құралдардың тозу коэффициенті
1.2. Қаржылық жағдайды бағалау	1) меншікті капитал және оның жалпы капиталдағы (тәуелсіздік коэффициенті) үлесі; 2) қатыстырылған және меншікті капиталдың арақатынасының коэффициенті 3) ағымдағы өтімділік коэффициенті; 4) ағымдағы активтердегі меншікті айналым қаражаттарының үлесі; 5) қорларды жабу (өтеу) коэффициенті.
1.3. “Осал” баптардың болуы	1) жабылмаған зиян; 2) қамтамасыз етілмеген несие.

1	2
2. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелілігін бағалау	
2.1. Табыстылықты бағалау	1) жалпы, жиынтық және таза табыс; 2) таратылмаған табыс; 3) негізгі қызметтің табыстылығы;
2.2. Өсіңкілікті бағалау	1) Өнімді (жұмыс, қызмет) сатудан және жалпы (авансталған) капиталдан алынған (ақшаның) табыстың салыстырмалы өсу қарқыны; 2) жалпы, жиынтық және таза табыстың өсу қарқыны; 3) меншікті капиталдың өсу қарқыны.
2.3. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін бағалау	1) ағымдағы активтердің айналымдылығы; 2) еңбек өнімділігі; 3) қор қайтарымдылығы; 4) өнімнің материалдық сыйымдылығы; 5) меншікті капиталдың табыстылығы; 6) жалпы капиталдың табыстылығы.

Келтірілген жүйеде берілген көрсеткіштерге қосымша экспресс-талдау шеңберінде кәсіпорын қызметінің түрлі жақтарын, атап айтқанда оның нарықтық және инвестициялық белсенділігін (акцияның бағалылығы, оның баға белгілеу коэффициенті және табыстылығы) сипаттайтын бірқатар басқа да көрсеткіштерді қолдануға болады.

Жоғарыда берілген көрсеткіштердің көбісі олардың өзгеру тенденциясы сияқты жеткілікті дәрежеде экономикалық жағынан айқын түсіндірілген, сондықтан кейбір түсініктемелермен ғана шектелеміз.

Кәсіпорынның қаржы жағдайын ұзақ және қысқа мерзімді даму барысы тұрғысынан бағалауға болады. Бірінші жағдайдағы қаржы жағдайын бағалау өлшемдері – кәсіпорынның өтімділігі мен төлеу қабілеттілігі.

Кәсіпорынның өтімділігі жөнінде айтқан кезде, ондағы бар ағымдағы активтердің мөлшерінің теориялық тұрғыдан алғанда келісім-шартта белгіленген өтеу мерзімі сақталмаған жағдайдың өзінде, олардың қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті болуы назарға алынады.

Төлеу қабілеті тез арада өтеуді талап ететін кредиторлық борыш бойынша есеп айырысу мақсатында осы кәсіпорында ақша қаражаттары мен оның эквиваленттерінің жеткілікті дәрежеде бар екендігін көрсетеді. Экспресс-талдау шеңберінде анықталған кассадағы және банктің есеп айырысу шотындағы қолма-қол ақшаларды сипаттайтын баптарына көңіл бөледі. Бұл жағдай түсінікті де: олар жиынтық қолма-қол ақша қаражаттарын сипаттайды, яғни кез келген басқа салыстырмалы бағасы ғана бар мүлікке қарағанда, абсолюттік бағаға ие болатын мүлікті сипаттайды. Бұл ресурстар әлдеқайда мобильді, олар кез келген уақытта қаржы-шаруашылық қызметке енгізілуі мүмкін.

Кәсіпорынның қаржы жағдайы ұзақ мерзімді келешекке арналған бағытта қаражат көздерінің құрылымымен, кәсіпорынның сыртқы инвестициялар мен кредиторлардан тәуелсіздік деңгейімен сипатталады және ол туралы келесі бөлімдерде айтылады. Осы жерде айта кетейік, кәсіпорынның қаржы жағдайын экспресс-талдау түрліше дайындалуы (толтыру, безендіру) мүмкін:

жиынтық көрсеткіштер, қысқаша тестік есебі түрінде, аналитикалық кесте түрінде және ол осы кәсіпорынның қаржы жағдайын әлдеқайда терең әрі нақтылы талдау қажетті немесе талдаудың мақсатқа сай екендігі туралы және осы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы қорытындымен аяқталады.

2-тарау

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

- 2.1. Баланс активтерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау 60
- 2.2. Баланс активінің құрастырылу көздерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау..... 71
- 2.3. Баланс өтімділігін талдау 93
- 2.4. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау 104
- 2.5. Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін талдау 121

2.1.

БАЛАНС АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫН
ТАЛДАУ

Баланс активтерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау – кәсіпорынның барлық мүліктерінің және оның жекелеген түрлерінің абсолютті және салыстырмалы арту немесе кему мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық есептің маңызды элементі болып саналатын активтерді, талдау барысында, осы активтердің нақты қолда бары, құрамы, құрылымы және оларда болған өзгерістер зерттеледі. Активтердің жалпы құрылымын және оның жеке топтарын талдау, олардың рационалды таратылуын талқылауға мүмкіндік береді.

Активтердің өсуі (артуы) кәсіпорынның болашақтағы дамуын көрсететін болғандықтан, ол осы кәсіпорын жұмысының оң нәтижесін сипаттайды.

Алайда, кәсіпорын мүлік құнының өсу себептерін талдағанда, жоғары деңгейі баланстық есептің номиналды көрсеткіштерінің нақты көрсеткіштерден айтарлықтай ауытқуына әкеліп соқтыратын инфляция әсерін ескеру қажет. Отандық тәжірибеде инфляцияны есепке алу тек негізгі құралдардың баланстық құнын құру барысында жүргізіледі.

Отандық есептік-аналитикалық тәжірибеде өндірістік қорлар, дайын өнім және тауарларды қайта бағалау жүргізілмейді. Сондықтан да олардың құнының өсуі, инфляциялық фактор әсерінен болатыны күмәнсіз.

Баланс мәліметтері бойынша активтердің құрамы мен олардың таратылуына талдау жасау үшін келесі 4-аналитикалық кесте құрылады.

1996 жылдың басы мен соңындағы "АЗ Эталон"
АҚ-дағы баланс активтерінің құрамы мен құрылуы

№	Көрсеткіштер	Жыл басында		Жыл соңында		Жыл бойындағы өзгеріс (+,-)		Құрылымының өзгеруі (4гр.-2гр.)
		сомасы, мың тг.	үлес салмағы, %	сомасы, мың тг.	үлес салмағы, %	мың тг. (3гр.-1гр.)	% (5гр.:1гр.:100)	
1.	Активтер құны, барлығы соның ішінде:	32551	100	41957	100	+9406	+28,9	x
	1.1. Ұзақ мерзімді активтер:	18770	57,66	2001	47,67	+1231	+6,56	-9,99
	а) негізгі құралдар;	18642	57,27	19497	46,47	+855	+4,59	-10,80
	ә) қаржылық салымдар;	128	0,39	504	1,20	+376	+293,75	+0,81
	1.2. Ағымдағы активтер:	13781	42,34	21956	52,33	+8175	+59,32	+9,99
	а) өндірістік қорлар;	1501	4,61	1358	3,24	-143	-9,53	-1,37
	ә) дайын өнім.	7652	23,51	14538	34,65	+6886	+90,0	-11,14
2.	Кәсіпорынның өндірістік потенциалының құны	20143	61,88	20855	49,71	+712	+3,53	-12,17

Кесте мәліметтерінен активтердің нақты құнын көрсететін баланс валютасының есепті жылы 9406 мың теңгеге немесе 28,9%-ке артқандығын көруге болады. Бұл кәсіпорынның әрі қарайғы дамуын көрсететіндіктен, оның жұмысының оң нәтижесін сипаттайды. Алайда активтерді талдай отырып, олардың қалай таратылғанын және есепті жылы неге көбірек көңіл бөлінгенін, сондай-ақ кәсіпорынның өндірістік потенциалы мен оның негізгі құралдарының жағдайын және кәсіпорын мүлкінің мобильділігін (іске тартылу деңгейін) анықтау қажет. Ол үшін, ең алдымен кәсіпорынның өндірістік потенциалының көлемін анықтау қажет, ол туралы арнайы оқулықтарда түрлі көзқарастар кездеседі. Бірінші әдістеме бойынша оның құнына негізгі құралдардың, өндірістік қорлардың, аяқталмаған өндірістің, өсімдегі және бордақылаудағы малдар құндары қосылады (19).

Екінші әдістемеде кәсіпорынның өндірістік потенциалын анықтайтын активтер құрамына жоғарыда көрсетілгендерге қосымша, аяқталмаған күрделі қаржылар және қондырылатын жабдықтар құны қосылады (2). Бұл әдістеме кәсіпорындарда болып жатқан даму процесін әлдеқайда дәл сипаттайды. “Шаруашылық тәжірибесінің мәліметтері негізінде, өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициентінің келесі шегі, яғни $K_n \geq 0,5$ қалыпты болып есептеледі” – деп жазады А.Д. Шеремет пен Р.С. Сайфулин. Көрсеткіштердің мәні ең төменгі (қатерлі) мәннен аз болған жағдайда, кәсіпорынның есепті кезеңдегі қызметінің қаржылық нәтижелері активтерді меншікті қаражат есебінен толықтыруға мүмкіндік бермейтін болса, өндірістік мақсаттағы мүлікті арттыру үшін ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарын тартқан жөн.

Екінші әдістеме бойынша анықталған өндірістік потенциал құны біз талдау жүргізіп отырған кәсіпорындарда жыл басында – 20143 мың теңгені, жыл соңында – 20855 мың теңгені құрайды, яғни 712 мың теңгеге немесе ~~3,53%~~ ^{3,46%} өскен. Баланс активтерінің жалпы

құнындағы өндірістік потенциал үлесі есепті жылы 13,37 пунктке кемігенмен жыл соңында 49,71%-ды құрады, бұл өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициентінің қалыпты мәніне сай келеді.

4-кесте мәліметтері көрсеткендей қаражаттарды ұзақ мерзімді және ағымдағы активтер арасына тарату жыл аяғына соңғылардың пайдасына шешілді. Егер ағымдағы активтердің үлесі жыл басында 15,32 пунктке аз болса (42,34–57,66), жыл аяғында ол ұзақ мерзімді активтер үлесінен 4,66 пунктке асып кетті (52,33–47,67) және 52,33%-ды құрады. Ағымдағы активтердің өсуі ұзақ мерзімді активтердің өсуінен 9 есеге артық (59,32:6,56) болып отыр.

Осы көрсеткіштен кейін баланс валютасындағы ағымдағы активтер үлесін анықтау маңызды: ағымдағы активтер құнының кәсіпорынның барлық мүлкінің құнына қатынасымен анықталатын кәсіпорын активтерінің іске тартылу (мобильді) коэффициентінің өсуі. Ол қарызды өтеуге арналған қаражат үлесін сипаттайды. Коэффициент мағынасы артқан сайын кәсіпорынның үздіксіз жұмысты қамту және кредиторлармен есеп айырысу мүмкіндігі де арта түседі. Қаржы тұрғысынан алғанда оның өсуі актив құрылымындағы жағымды өзгеріс болып табылады – яғни мүлік әлдеқайда мобильді (іске тартылған) болады, бұл оның айналымдылығының жылдамдығын және оны пайдалану тиімділігінің өскендігін көрсетеді.

Талдау жүргізіп отырған кәсіпорындарда бұл коэффициенттің деңгейі жыл басында 0,42 (13781:32551), ал жыл соңында 0,52 (21956:41957) құрады.

Кәсіпорын активтерін таратудың тиімділігін сипаттайтын келесі көрсеткіш – мобильді және иммобильді қаражаттар қатынасының коэффициенті. Ол ағымдағы активтер құнын ұзақ мерзімді активтер құнына бөлу арқылы анықталады.

Бұл қатынастың қолайлы және қауіпті көлемі, кәсіпорынның салалық ерекшеліктеріне байланысты. Өндірістік кәсіпорындарда берілген көрсеткіштің деңгейі 0,5-тен төмен болмауы тиіс.

Талданып отырған кәсіпорында бұл көрсеткіш деңгейі жыл басында $0,90,73 = (13781:18770)$, ал жыл аяғында $0,20,1 = (21956:20001)$ құрайды. Бұл коэффициент деңгейі мобильді қаражаттардың өсу қарқыны имобильді қаражаттардың өсу қарқынан артуының нәтижесінде өсіп отыр. Есепті жылы біріншілер, яғни мобильді қаражаттар $1,6^3$ есеге $(21956:13781)$, ал екіншілері – 6,6%-ға $(20001:18770 \cdot 100)$ ғана өскен. Кәсіпорын ең төменгі қаржылық тұрақтылыққа, кәсіпорын міндеттемелері кепілдендірілген түрде ағымдағы активтермен өтелген жағдайда қол жеткізеді және келесі шарттың орындалуы осы тұрақтылықтың белгісі болып табылады: ағымдағы және ұзақ мерзімді активтер қатынасының коэффициенті қарыз капиталы мен меншікті капитал қатынасының коэффициентінен артық болуы керек.]

Әрі қарай кәсіпорынның мүліктік жай-күйінде қандай сапалық өзгерістер болғанын зерттеу қажет. Бұл кәсіпорынның материалды-техникалық базасын құрайтын және негізгі қорлары болып саналатын, оның өндірістік потенциалының маңызды элементінің жағдайын зерттеу қажет.

Кәсіпорын мүліктерінің жалпы құнындағы негізгі құралдардың нақты құнының (қалдық) үлес салмағының өзгеруі, ерекше назар аударады. Өйткені бұл көрсеткіш кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметінің көлемін анықтаудағы басты бағыт болып табылады. [Кәсіпорын мүліктерінің жалпы жиынындағы негізгі құралдардың нақты құнының коэффициентінің мөлшері баланс активтерінің барлық сомасының 50 пайызынан кем болмауы тиіс.]

Біздің мысалымыз бойынша баланс валютасындағы негізгі құралдардың қалдық құнының үлесі жыл басын-

да – 57,27%-ды, ал жыл соңында – 46,47%-ды құрайды, яғни бұл көрсеткіштің теориялық мәніне 3,53 пункт сәйкес келмейді. Негізгі құралдардың жалпы құнындағы оның активті бөлігінің (жұмыс машиналарының құны, өндірістік жабдықтар мен тасымал құралдарының құны) үлесін анықтау өте маңызды және де бұл кәсіпорынның материалды-техникалық базасының дамуындағы жағымды кезең болып табылады. Оның үлес салмағының өсуі қор қайтарымдылығының өсуіне әкеледі. Алайда біздің кәсіпорында негізгі құралдардың активті бөлігінің үлес салмағы жыл соңында жыл басындағы 0,33-ке қарағанда, 0,29-ды құрады. Негізгі құралдардың активті бөлігінің үлесінің 0,04 пунктке кемуі, олардың өсу қарқынының барлық негізгі құралдардың өсу қарқынынан айтарлықтай дәрежеде артта қалуының нәтижесінде болып отыр. Барлық негізгі құралдар құны – 23,9%-ға (61763:49837·100) өскен кезде оның активті бөлігінің құны тек 5,9%-ға ғана (17645:16660·100) өскен. Бұл әрине кәсіпорынның материалды-техникалық базасының дамуындағы жағымсыз кезеңі ретінде қарастырылуы тиіс.

Негізгі құралдардың техникалық жағдайын сипаттайтын маңызды көрсеткіш – бұл осы негізгі құралдардың тозу сомасының оның белгілі бір кезеңдегі бастапқы құнына қатынасы арқылы анықталатын тозу коэффициенті. Біздің кәсіпорынымызда негізгі құралдардың тозу коэффициенті жыл басында – 0,63 (31195:49837), ал жыл соңында – 0,68 (4226:61763) құрайды, яғни 0,05 пунктке өскен. Бұл мәліметтер, негізгі құралдардың сапалық (моральды) тозуын айтпай-ақ, олардың 2/3-ден көбі табиғи (физикалық) тозғандығын және ескіргендігін көрсетеді. Кейбір экономистердің бағалаулары бойынша 50%-дан жоғары тозу коэффициенті жағымсыз құбылыс болып табылады. Осыған байланысты кәсіпорын басшылығы осы кәсіпо-

рынның материалды-техникалық базасын нығайтуға және жаңартуға қатаң көңіл аударуы тиіс.

Әрі қарай, келесі 5-аналитикалық кестені құрастыра отырып, ағымдағы активтердің құрамы мен құрылымын талдау қажет.

5-кесте

**Кәсіпорынның ағымдағы активтерінің
құрамы мен құрылымы**

№	Көрсеткіштер	Жыл басында		Жыл соңында		Өсуі (+), кемуі (-), %
		сомасы, мың тг.	үлес салма- ғы, %	сомасы, мың тг	үлес салма- ғы, %	
1	Ағымдағы активтер, соның ішінде:	13781	100	21956	100	+59,3
	1.1. Тауарлы-мате- риалдық қорлар	11153	80,93	17617	80,24	+57,9
	1.2. Дебиторлық бо- рыш	1165	8,45	1671	7,61	+43,4
	1.3. Ақша қаражат- тары және қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	1463	10,62	1425	6,49	-2,6
	1.4. Басқа да ағым- дағы активтер	-	-	1243	5,66	+5,66

Келтірілген мәліметтер кәсіпорын активтерінің жалпы алғанда жағымды динамикасын көрсетеді. Оларды жеке элементтер тұрғысынан зерттеу келесідей қортындыларды жасауға мүмкіндік береді. Ең мобильды активтер – яғни ақша қаражаттары мен қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар бір жылда 38 мың теңгеге немесе 2,6%-ға азайған.

Ағымдағы активтердің ең мобильды бөлігінің, олардың құнына қатынасы арқылы анықталатын айналым қаражаттарының мобильдік коэффициенті (ағымдағы активтердің) 1,6 есеге азайған және 6,49%-ды ғана құрайды. Бұл коэффициент, ағымдағы міндеттемелерді

өтеуге бағытталатын қаражаттардың жалпы сомасындағы төлеуге дайын қаражаттардың үлесін көрсетеді.

Ең мобильді қаражаттар сомасының азаюы және айналым қаражаттарының мобильдік коэффициентінің жылдам төмендеуі кәсіпорынның төлеу қабілетінің нашарлағанын сипаттайды деп айтуға да болар еді. Алайда, нарық жағдайында айналым қаражаттарының төмен мобильділігі әрдайым теріс бағаланбайтындығын да ескерген жөн. Есеп айырысу шотында қаражаттар қалдығының аздаған сомасының бар болуы немесе олардың болмауы әлі де болса кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін көрсетпейді.

Кәсіпорынның материалдық айналым қаражаттары есепті жылы 57,9%-ға өсті және ол жыл аяғында 17617 мың теңгені құрады. Олардың үлесі 0,69 пунктке азайғанымен оның көлемі әлі де болса өте жоғары (80,24%) болып отыр. Бұл жағдай, материалды айналым қаражаттарының құрамында сұранысы жоқ немесе шектеулі сұранысқа ие болатын және де сол себептен өтімділігі төмен болып табылатын басы артық және қалып қойған материалдық құндылықтар, дайын өнімдер, нормадан тыс шикізат қорлары, материалдар, аяқталмаған өндірістер жоқ па, соны анықтау үшін олардың құрамы мен құрылымына тереңдетілген талдау жүргізуді қажет етеді. Біздің кәсіпорынымызда материалдық ағымдағы активтер негізінен дайын өнім есебінен көбейген, олардың көлемі (дайын өнімнің) жыл аяғында 14538 мың теңгені құрады, бұл жыл басындағымен салыстырғанда – 1,9 есеге көп. Осы мерзімде өндірістік қорлар 9,5%-ға азайған.

Есепті жылы дебиторлық борыш та әжептеуір өскен. Егер оның көлемі жыл басында – 1165 мың теңгені құраса, жыл аяғында ол – 1671 мың теңгені құрайды немесе 43,4%-ға өскен, алайда ағымдағы активтер құрамындағы оның үлесі 0,84 пунктке азайды (7,61–8,45).

Дебиторлық борыш неге мұнша көп өскендігін және бұл бапты не үшін түсіндіру керектігін зерттеп, қарыздарды өтеудің болашағын бағалау және егер болған жағдайда олардың құрамындағы күмәнді қарыздарды анықтау қажет. Кейбір қолма-қол ақшалардың кемуі едәуір дебиторлық борыштың салдары болып табылады. Алайда, айта кеткен жөн, ақша қаражаттарының бір бөлігі есепті жылы ұзақ мерзімді инвестицияларға бағытталған, олардың көлемі жыл аяғында 504 мың теңгені құрайды, бұл жыл басындағымен, яғни 128 мың теңгемен салыстырғанда 3,9 есеге көп.

Өтімді емес, өтімділігі төмен тауарлы-материалдық құндылықтардың бар болуы, дебиторлық борыштың әсіресе, оның күмәнді бөлігінің үлкен мөлшерде болуы айналым қаражаттарының айналымдылығының бәсеңдеуіне әкеліп соқтырады және кәсіпорынның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Осылайша, мүліктің және ағымдағы активтердің мобильділігінің өскеніне қарамастан, кәсіпорын басшылығы оның құрамындағы өзгерістердің негізділігін және оның себептерін бағалауы қажет, сондай-ақ кәсіпорынның ағымдағы активтерінің жалпы сомасында маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналатын және оның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын дебиторлық борышты талдауға басты назар аударуы қажет.

Айта кеткен жөн, кәсіпорынның қаржы жағдайына дебиторлық борыштың нақты бар болуы емес, оның көлемі, қозғалысы және түрі, яғни бұл борыштың пайда болу себебі әсер етеді. Дебиторлық борыштың пайда болуы кредиторлық борыш сияқты ақшаны аудару арқылы есеп айырысу жүйесі кезеңіндегі шаруашылық қызметтегі объективті процесс болып табылады. Дебиторлық борыш барлық уақытта есептеулер тәртібінің бұзылуы нәтижесінде туындап, барлық уақытта да қаржылық жағдайды нашарлатады деуге болмайды. Сон-

дықтан да, оны меншікті қаражатты толығымен айналымнан шығару деп есептеуге болмайды, өйткені оның бір бөлігі банктік несиелендірудің нысаны болып табылады да кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне ешбір ықпал етпейді.

Кәсіпорынның дебиторлық борышы қалыпты және өтелмеген болып екіге бөлінеді. Өтелмеген дебиторлық борышқа, төлеу мерзімі өтіп кеткен есеп айырысу құжаттары бойынша тиеліп жіберілген тауарлар үшін қарыздар жатады. Өтелмеген дебиторлық борыш айналым қаражаттарының заңсыз бұрмалануын және қаржы тәртібінің бұзылуын көрсетеді. Осыған байланысты талдаушы оның құрылымын зерттеу негізінде өтелмеген дебиторлық борышты анықтауы тиіс.

Дебиторлық борыштың құрамы және құрылымымен толық танысып шыққаннан кейін оны нақты құны бойынша бағалау керек. Себебі дебиторлық борыштың барлығы бірден өндіріліп алмауы мүмкін. Оның қайтарылымдылығы өткен тәжірибенің, сондай-ақ ағымдағы жағдайлардың негізінде анықталады. Бухгалтерлік тәуекелдің мәні, сол өткен кезең тәжірибесі болашақтағы зиянға сай келмеуі мүмкін немесе ағымдағы жағдайлар толығымен ескерілмей қалуы мүмкін. Нәтижесінде зияндар елеулі дәрежеде болады. Талдаушы дебиторлық борыштың қайтарылу ықтималдылығын анықтаудың және оны дайындаудың дұрыстығы мен нақтылығын білуі керек.

Қарыздардың қайтарылмау пайызы бірнеше жылдардың орташа мәліметтері бойынша есептеледі. Мысалы, есептеу үшін 3 жылдың мәліметтері алынған, олар: 1,9%, 3,3% және 6,8%-ды құрайды. Үш жыл үшін дебиторлық борыштың қайтарылмауының орташа пайызының 4,0%-ға тең. Алайда оны зерттеліп отырған кезең-

дерге ұғынбай таратуға болмайды. Нақты жағдайларды ескеру қажет, мысалы, қайтарылмайтын пайызының байқалған өсу бағытын. Сондықтан, келесілерді зерттеу қажет:

- бір немесе бірнеше негізгі қарыз тұлғалардың үлесіне қайтарылмайтын дебиторлық борыштың қанша пайызы келеді (бұл пайыз қайтарылмайтын қарыздың шоғырлануын сипаттайды);
- негізгі қарыз тұлғалардың ішінде біреуінің борышты төлемеуі, кәсіпорынның қаржы жағдайына әсер ете ме;
- қалыптасу мерзімі бойынша дебиторлық борышты қалай бөледі;
- ескі вексельдерді ұзарту дебиторлық борыштағы вексельдердің қандай үлесін көрсетеді;
- тұтынушының пайдасына жеңілдіктер (бағасын кеміту) мен басқа да жағдайлар есепке алынған ба, мысалы, оның өнімді қайтару құқы.

Дебиторлық борыштың өтімділік және сапалық көрсеткіштерін зерттеу маңызды болып табылады.

Сапа дегеніміз – бұл осы қарызды толығымен қайтарып алу ықтималдығы, ол қарыздың қалыптасу мерзіміне байланысты болады. Тәжірибе көрсеткендей, дебиторлық борыштың мерзімі қаншалықты ұзақ болса оны қайтарып алу ықтималдылығы соншалықты төмен болады.

Дебиторлық борыштың мөлшерлі мезгілін сипаттау үшін, оларды пайда болу мерзімі бойынша топтастыру керек.

БАЛАНС АКТИВІНІҢ ҚҰРАСТЫРЫЛУ КӨЗДЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫН ТАЛДАУ

Талдау жүргізушінің келесі әрекеті баланс активінің құрылу көздерін талдау болады. Бұл кезде кәсіпорын мүлкінің келіп түсуі, оны сатып алу және оның құрылуы да, кәсіпорынның өзінің де қарызға алынған капиталдың да есебінен жүргізілуі мүмкін екендігін есте сақтау керек. Ал меншікті капитал мен қарызға алынған капиталдың арасындағы қатынас оның қаржылық тұрақтылығын көрсетеді.

Нарық қатынасы жағдайында кәсіпорынның қызметі және оның дамуы көбіне өзін-өзі қаржыландырумен, яғни меншікті капиталдың көмегімен жүзеге асырылады. Тек ол капитал жетпегенде ғана шеттен капитал тартылады. Бұл кезде қиын болса да сырттан тартылған капиталдан қаржылық тәуелсіздік аса маңызды орын алады, бірақ онсыз әрине мүмкін емес. Сондықтан да қаржылық есеп берудің ағымдағы активтерінің құрастырылу көздерін шектеу керек. Оның ең аз бөлігі өндірістік бағдарламаны қамтамасыз ету үшін өзінің кейбір кезеңдерінде ағымдағы активтерге әдеттегіден жоғары, яғни қосымша қажеттілік туғанда, ол банктердің қысқа мерзімді несиелерімен және коммерциялық несиелермен жабылады.

Активтердің қорлану көздерін талдау кезінде меншікті және қатыстырылған капиталдың көрсетілген көлемі белгіленіп, есеп беру кезеңіндегі олардың өзгеру себептері анықталып, оларға баға беріледі. Бұл кезде өз меншігіндегі капиталға басты назар аударылады, себебі өз қаражаттарының қоры болуы оның қаржылық тұрақтылығының барлығын көрсетеді.

Меншікті капиталдың көлемін ғана анықтап қоймай, сонымен бірге капиталдың жалпы сомасындағы оның үлес салмағын да анықтау маңызды. Бұл көрсеткіш арнайы әдебиеттерде әр түрлі атпен берілген (тәуелсіздік коэффициенті, автономдық коэффициенті), бірақ оның мәні бір ғана – бұл коэффициентке қарап кәсіпорын

сырттан тартылған қаржыдан қаншалықты тәуелсіз екендігін және өз қаражатын қаншалықты жұмсай алатынын көруге болады. Тәуелсіздік коэффициентін меншікті капиталды барлық авансталған капиталға бөлумен анықтайды:

$$K_{TC} = M_K : A_K$$

Мұндағы: K_{TC} – тәуелсіздік коэффициенті;

M_K – меншікті капитал;

A_K – авансталған капитал (баланс валютасы жиыны, яғни қаржыландырудың жалпы сомасы).

Бұл коэффициенттің өсуі кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігі жоғары екендігін көрсетсе, алдағы уақытта қаржылық қиындықтардың азаятындығын көрсетеді.

Батыс экономистері тәуелсіздік коэффициентінің неғұрлым жоғары деңгейде болғаны дұрыс деп санайды. Себебі бұл қаржы көздерінің тұрақты құрылымын сақтауға мүмкіндік береді. Инвесторлар, несие берушілер дәл осындай құрылымды таңдайды, себебі ол кәсіпорынға өздерінің міндеттемелерінің кепілдігін жоғарылатады. Неғұрлым кәсіпорынның қаражаты көп болса, соғұрлым үздіксіз жұмыс қамтамасыз етіліп, нарық жағдайында алға шығуға көмектеседі. Сондықтан кәсіпкерлер әр түрлі резервтерді құру жолымен және жарғылық қорға бөлінбеген табысты тікелей қосу арқылы өзіндік капиталды көбейтуге тырысады.

Қаржылық талдаудан кітаптардың бірқатар авторлары инвесторлар мен несие берушілерді қамтамасыз ететін, меншікті капиталдың оның жалпы сомасына қатынасының ең аз мәні 0,6 болып табылады деп есептейді (21,22). А.Д. Шеремет, А.М. Ковалев; В.П. Привалов, О.В. Ефимова және тағы басқалар бұл көрсеткіштің 0,5 деңгейдегі мәні кәсіпорынның барлық міндеттемелерін өз қаражатымен жабуды қамтамасыз ете алатын ең төменгі көрсеткіш бола алады (2,18,6) деп санайды.

АҚШ және Еуропа елдерінде тәуелсіздік коэффициентінің жоғары жетерлік деңгейі болып, 0,5-0,6 тең болатын меншікті капиталдың баланс валютасына қатынасы саналады. Бұл жағдайда несие берушілердің тәуекелдігі төмен болады; өз қаражаттарынан қалыптасты-

рылған мүліктің жартысын сатып (қарызға алынған қаражаттар салынған, екінші жартысы кейбір себептермен құнсызданған болса да), кәсіпорын өзінің қарыз міндеттемелерін жабуына болады.

Жабдықтаушылар мен сатып алушылар арасындағы келісім-шарттық міндеттемелер қатаң сақталатын және фирманың атағына үлкен мән берілген нарықтық экономикасы дамыған елдерде тәуелсіздік коэффициентіне мұндай жоғары талаптарды қоймайды (Жапонияда оны 0,2-ге дейін төмендетуге болады).

Жоғарыда келтірілген меншіктік коэффициентін 0,5–0,6 деңгейінде шектеуді орындау, қарызға берушілер үшін ғана емес, кәсіпорынның өзіне де маңызды. Сондықтан талдаушыға, қаражат көздерін орналастырудың тиімділігін белгілеуге мүмкіндік беретін, құрылымына зерттеу жүргізіп баға беру қажет. Нарық жағдайында ол ақпаратт ішкі және сыртқы пайдаланушылармен жүзеге асырылады. Ақпаратты сыртқы пайдаланушылар, мысалы, банктер, несие берушілер меншіктік капиталдың авансталынған капиталдың жалпы сомасындағы үлесінің өзгеруін, келісім-шарттарға отырған кездегі қаржылық тәуекелдік жағынан баға береді. Меншіктік капиталдың үлесі төмендегенде тәуекелділік өседі. Кәсіпорын капиталының құрылымын зерттеу оларға кәсіпорын қызметінің кеңейгені немесе қысқарғаны жайлы айтуына мүмкіндік береді. Қысқа мерзімдік несиелердің төмендеуі және меншіктік капиталдың өсуі кәсіпорын қызметінің қысқарғанын көрсетеді. Бірақ бірыңғай мұндай қорытынды жасауға болмайды, себебі бұл қаражаттардың үлесі басқа факторлардың несие үшін және дивидендке пайыздық мөлшерлемелер әсерінен болуы мүмкін. Егер несие үшін пайыздық мөлшерлемелер дивиденттердің мөлшерлемелерінен төмен болса, онда тартылған қаражатты өсірген дұрыс, ал егер керісінше болса, онда меншікті капиталды пайдаланған дұрыс. Әрине, авансталған капиталдың құрылымы жоғарыда қарастырылған жағдайларға тәуелді болады.

Қаржылық есеп берудің активтерінің қалыптасу көздерінің құрылымын зерттеу үшін келесідей талдау кестесі құрылады.

“А3 Эталон” АҚ 1996 жылдың басы мен соңындағы жағдайы негізінде
кәсіпорынның авансталынған капиталының құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткіштер	Жыл басында		Жыл соңында		Жыл бойындағы өзгеріс		Құрылымының өзгеруі, пункт (4гр.-2гр.)
		сомасы, мың тг.	үлес салмағы, %	сомасы, мың тг.	үлес салмағы, %	мың тг. (3гр.-1гр)	% (5гр.:1гр.:100)	
1	Авансталған капитал, соның ішінде: 1.1. Меншіктік капитал 1.2. Қарыздық капитал, оның ішінде: ұзақ мерзімді	5819286,9 32551 27908 4643 2735143,5	100 85,7 14,3	6229586,9 41957 32276 9681 376855,9	100 73,76,9 23,1	+9406 409770 +4368 +5038 -235837,4	+28,9 0,07 +15,6 +108,5 -0,862	x -8,8 +8,8
2	Тәуелсіздік коэффициент (1.1 жол:1 жол)	x	0,857	x	0,930 0,769	x	x	0,409 -0,088
3	Қаржыландыру коэффициент (1 жол:1.2. жол)	x	2,117 6,011	x	16,39 3,334	x	x	14,263 -2,677
4	Қатыстырылған талдың меншіктік талға қатынасы коэффициенті (1.2 жол:1.1 жол)	x	0,887 0,166	x	0,065 0,231	x	x	-0,822 +0,065
5	Инвестициялау коэффициенті	x	1,497	x	1,655	x	x	+0,158

2-кестеден кәсіпорынның есеп беру жылындағы активтерінің қалыптасу көзі 9406 мың теңгеге немесе 28,9%-ға өскені көрініп тұр. Бұл өсу жылдың соңында 9681 мың теңге болған, яғни 5038 мың теңгеге, немесе жылдың басындағы мөлшермен салыстырғанда 2 есе өскен, қатыстырылған капиталдың өсуінен болған бұл кезеңде тәуелсіздік коэффициенті 0,854-ден 0,769-ға дейін немесе 0,088 пунктке төмендеген. Алайда бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайының (тұрақтылығының) төмендегенін дәлелдемейді.

Бұны тәуелсіздік коэффициентіне кері көрсеткіш болып табылатын қатыстырылған капиталдың барлық авансталынған капиталдағы үлес салмағы да дәлелдейді. Оны тәуелділік коэффициенті деуге де болады. Ол мына формулармен анықталады:

$$K_r = K_k : A_k \text{ немесе } K_r = 1 - K_{tc}$$

Мұндағы: K_r — тәуелділік коэффициенті;

K_k — қатыстырылған капитал;

A_k — авансталған капитал (баланс валютасы, жиыны);

K_{tc} — тәуелсіздік коэффициенті.

Бұл коэффициент авансталған капиталдың жалпы сомасындағы қарыздың үлесін сипаттайды.

Бұл үлес жоғары болған сайын, кәсіпорынның сыртқы қаржыландыру көздерінен тәуелділігі жоғарылайды. Біздің кәсіпорынымызда оның деңгейі жылдың басында 0,143 ($1-0,857$), ал жыл соңында 0,231 ($1-0,769$) болды. Бұл көрсеткіш біршама өскенімен, талданып отырған кәсіпорын өзінің қаржылық тәуелсіздігін жоғалтты деп айтуға болмайды. Жылдың басына және аяғына тәуелсіздік коэффициенті оның қалыпты мәнінен айтарлықтай жоғары.

Келесі, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын меншікті капиталдың қатыстырылған капи-

талға қатынасын көрсететін қаржыландыру коэффициенті болып табылады.

$$K_k = M_k : K_k$$

Мұндағы: K_k – қаржыландыру коэффициенті;

M_k – меншікті капитал;

K_k – қатыстырылған капитал.

Бұл коэффициент жоғары болған сайын, соғұрлым банктер мен инвесторлар қаржыландыруға соғұрлым сенімді кіріседі.

Бұл коэффициент кәсіпорын қызметінің қандай бөлігі өз қаражатымен, ал қандай бөлігі қарыз қаражатымен қаржыландырылатынын көрсетеді. Қаржыландыру коэффициенті <1 болатын жағдай (кәсіпорын мүлкінің көп бөлігі қарыз қаражатымен қалыптасқан) төлем қабілеттілігінің өте қауіпті жағдайға жеткендігін және несие алуды қиындатқанын көрсетеді.

Бұл көрсеткішке ұсынылып жатқан мәнді сөзбе-сөз түсінуден сақ болу керек. “Кейбір жағдайларда, – деп жазады О.В. Ефимова – меншікті капиталдың оның жалпы көлеміндегі үлесі жартысынан да аз болуы мүмкін, бірақ сонда да кәсіпорын айтарлықтай жоғары қаржылық тұрақтылығын сақтай алады. Бұл, бірінші кезекте, қызметі активінің жоғары айналымдылығымен, сатылатын өнімге тұрақты сұранысымен, тұрақты жабдықтау және өткізу арналары бар, тұрақты шығындардың төменгі деңгейімен (мысалы, сауда және делдал ұйымдар) сипатталатын кәсіпорындарға қатысты.

Сонымен қатар мақсатты бағыттағы активтерінің айтарлықтай үлес салмағы (мысалы, машина жасау өнеркәсібінің кәсіпорындары) қаражаттар айналымы ұзақ капиталды көп қажет ететін кәсіпорындар үшін қарыз қаражаттарының үлесі 40–50% болуы олардың қаржылық тұрақтылығына өте қауіпті болуы мүмкін.

Батыс фирмаларында қаржыландыру коэффициентінің кері көрсеткіші кеңінен қолданылады, қатыстырыл-

ған капиталдың меншіктік капиталға қатынасымен анықталатын қарыз және меншікті қаражаттар қатынасының коэффициенті:

$$K_{к/м} = T_{к} : \Theta_{к}$$

Мұндағы: $K_{к/м}$ – қарыз және меншікті қаражаттар қатынасының коэффициенті;

$K_{к}$ – қатыстырылған капитал;

$M_{к}$ – меншікті капитал.

Бұл коэффициент кәсіпорын активтеріне салынған меншікті қаражаттың әрбір теңгесіне қанша қарыз қаражатын тартқанын көрсетеді. Біздің кәсіпорынымызда бұл көрсеткіш келесі берілгендермен сипатталады:

жыл басында – 0,166 (4643:27908);

жыл аяғында – 0,231 (9681:32276).

Бұның мәні кәсіпорын есеп беру кезеңінің басында активтерге салынған меншіктік қаражаттардың әрбір теңгесіне қарыз қаражатының 17 тиынын тартқанын дәлелдейді. Есеп беру кезеңінің ішінде қарыз қаражаттары меншіктік салымдардың әрбір теңгесіне 23 тиынға дейін көбейген. Демек, кәсіпорын қарыз қаражаттарын пайдалануға көп күш жұмсаған, бірақ өзінің қаржылық тұрақтылығын жоғалтпаған.

Арнайы әдебиеттерде (2, 10) бұл көрсеткіш үшін қалыпты шектеу: $K_{к/м} < 1$. Егер оның мәні 1-ден асып кетсе, онда кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігі мен тұрақтылығы қауіпті нүктеге (жағдайға) жетеді, бірақ жауап, әр уақытта бір жақты бола бермейді. Қарыз және меншікті қаражаттар қатынасының коэффициенті салалық ерекшеліктерге, кәсіпорынның шаруашылық қызметінің сипатына және айналым қаражатының айналу жылдамдығына байланысты болады. Материалдық айналым қаражатының айналымдылығының жоғары көрсеткіштері және дебиторлық борыштың одан да жоғары айналымдылығы кезінде коэффициенттің қауіпті мәні

бірден де асып кетуі мүмкін, ол сонда да кәсіпорынның қаржылық дербестігіне ешқандай әсерін тигізбейді.

Кәсіпорынның ең төменгі қаржылық тұрақтылығын сақтау үшін бұл коэффициент ағымдағы және ұзақ мерзімді активтердің қатынас коэффициентінің мәнімен шектелуі қажет (10).

Кәсіпорынның тәуелсіздік (дербестік) дәрежесін сипаттайтын ең бір маңызды көрсеткіштердің бірі қаржылық тұрақтылық коэффициенті болып табылады немесе оны басқаша инвестицияларды жабу коэффициенті деп атайды. Ол меншікті және ұзақ мерзімді қарыз капиталының жалпы (авансталған) капиталдағы үлесін сипаттайды және мына формуламен анықталады:

$$K_{KT} = \frac{M_K + Y_M}{A_K}.$$

Мұндағы: K_{KT} – қаржылық тұрақтылық коэффициенті;
 Y_M – ұзақ мерзімді міндеттемелер;
 A_K – авансталған капитал;
 M_K – меншікті капитал.

Бұл дербестік коэффициентімен салыстырғанда анағұрлым жұмсақ көрсеткіш. Батыс тәжірибесінде бұл коэффициенттің қалыпты мәні 0,9-ға тең болуы керек, ал оның 0,75-тен төмендеуі қауіпті (6).

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер арқылы кәсіпорын капиталының құрылымын сипаттай отырып, бөлек топтар мен көздердің құрылымының өзгерісіндегі әр түрлі тенденцияларды көрсететін жеке көрсеткіштерді де пайдалану керек. Мұндай коэффициенттерге бірінші кезекте қарыз қаражаттарын ұзақ мерзімге тарту коэффициенті жатады. Ол ұзақ мерзімді міндеттемелердің меншіктік капитал мен ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасына қатынасымен анықталады. Көрсеткішті есептеу формуласы келесідей:

$$K_{Y/M} = \frac{Y_M}{M_K + Y_M}.$$

Мұндағы: $K_{Y/M}$ – қарыз қаражаттарын ұзақ мерзімді тарту коэффициенті немесе ұзақ мерзімді міндеттемелер коэффициенті;

M_K – меншікті капитал;

Y_M – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Бұл коэффициент қаржылық есеп берудің активтерін қаржыландыру үшін меншікті капиталмен қатар тартылған ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздардың үлесін көрсетеді, кәсіпорын өндірісті жаңарту мен кеңейту үшін қарыз қаражаттарын қаншалықты интенсивті пайдаланып жатқанына баға береді.

Капиталдың құрылымын қалыптастырудың тиімділігін (қолайлылығын) анықтау үшін жоғарыда келтірілген көрсеткіштермен қатар инвестициалау коэффициентін де қолдану ұсынылады. Ол батыс фирмаларында кеңінен қолданылады және меншікті капиталдың негізгі құралдарға қатынасымен анықталады. Біздің мысалымызда ол жылдың басында $1,497$ -ге тең ($27908:18462$), ал соңында $1,655=(32276:19497)$ болады. Бұл берілгендерге қарап меншікті капитал тек қана негізгі құралдарды сатып алуға ғана емес, кәсіпорынның қаржылық есеп беруінің басқа да активтерін, соның ішінде ағымдағы активтерін сатып алуға да пайдаланылады деуге болады.

Активтерді құрудың ең дұрыс жолы болып, меншікті капитал барлық негізгі капиталды (айналымнан тыс активтер) және айналым капиталының бір бөлігін жабатын кездегі жол саналады. Кәсіпорын, барлық қарыз қаражаттары алынып қойып жатса да өмір сүре беретін болады. Кәсіпорынның капиталын пайдалану туралы тағы бір қызық ой – меншікті капиталды тек қана негізгі құралдарды сатып алуға жұмсап, ал айналым қаражаттары (ағымдағы активтер) келесі жолмен

қалыптасуы керек: $1/4$ – ұзақ мерзімді қарыздар есебінен, ал $3/4$ – қысқа мерзімді қарыздар есебінен. Кәсіпкер, егер өзінің капиталы аз, ал басқанікі көп болса, жақсы жұмыс істейтін болады. Нарықтық қарым-қатынас осы принцип (қағида) бойынша құрылған. Аз ғана капиталың бола тұра, көп табыс алуға болады (23).

Меншікті, қарыз (қатыстырылған) және жалпы (авансталған) капиталдың қатынасын әр түрлі тұрғыдан сипаттайтын коэффициенттермен қалыптасқан жағдай, меншікті және қатыстырылған капиталдың (міндеттемелердің) құрылымын және оның есеп беру кезеңіндегі өзгерістерін зерттеуді қажет етеді.

Меншікті капиталды талдау. Біздің отандық тәжірибеде кәсіпорынның меншікті капиталының құралу көздері болып мыналар саналған: жарғылық капитал, резервті қор, арнайы бағыттағы қорлар, мақсатты қаржыландыру мен салымдар (келіп түсулер), жалгерлік міндеттемелер, баланс пассивінің I бөлімінде көрсетілген бөлінбеген табыс, сонымен қатар құрылтайшылармен есеп айырысулар, тұтыну қорлары, алдағы кезең шығындары мен төлемдер резервтері, күмәнді қарыздар бойынша резервтер, 1997 жылы құрылған баланс пассивінің II бөлімінде көрсетілген алдағы кезең табыстары. БЕС-2 сәйкес 1998 жылдың балансында меншікті капиталға жарғылық капитал, қосымша төленбеген капитал, қосымша төленген капитал, резервті капитал және бөлінбеген табыс (жабылмаған зиян) кіреді.

Меншікті капиталды зерттегенде өзіндік айналым қаражаттарындағы болған өзгерістерге ерекше назар аударылады, яғни меншікті капиталдың қандай бөлігі имобильдік сипаттағы құндылықтарда бекітілмегендігін және осы қаражаттарды неғұрлым азды-көпті еркін жұмсауға мүмкіндік беретін нысанда тұрғандығы анықталады. Меншікті айналым қаражаттарының көлемін анықтау үшін, меншікті капиталдың сомасынан баланс

активінің бірінші бөлімінің жалпы сомасын (қорытындысын) алып тастау керек.

Жыл басына меншікті айналым қаражаттарының көлемі 9138 мың тг. (27908–18770) құрады, жыл аяғына – 12275 мың тг. (32276–20001), яғни 3137 мың теңгеге, немесе 34,3%-ға көбейген.

Тәжірибе жүзінде күрделі салымдарды қаржыландыру және негізгі құралдарды сатып алу үшін, меншікті капиталға теңестіріліп қосылатын, ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар пайдаланылады. Қаржыландырудың осы қатыстырылған көзі ескеріліп, алдағы көрсеткіштің мөлшері анықталады. Бұл көрсеткіш абсолютті болып табылады, оның динамикадағы өсуі – оң, ал төмендеуі – теріс бағыты ретінде қарастырылады.

Біздің кәсіпорынымызда бұл көрсеткіштің мөлшері меншікті айналым қаражаттарының мөлшеріне тең, себебі ұзақ мерзімді несиелерді кәсіпорын тартқан жоқ.

Талдау кезінде меншікті айналым капиталының абсолюттік мөлшерін анықтаумен қатар, оның жалпы меншікті капиталдағы үлес салмағын да табу керек. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының әлдеқайда нақты сипаттамасы болып саналады. Арнайы әдебиеттерде оны іс жүзінде жұмсау (маневрлық) коэффициенті деп аталады.

Ол кәсіпорынның меншікті қаражаттарының қандай бөлігі, осы қаражаттарды еркін жұмсауға болатын, мобильді нысанда екендігін көрсетеді және келесі формуламен анықталады:

$$K_{жс} = \frac{M_{a.к}}{M_k}$$

Мұндағы: $K_{жс}$ – жұмсау коэффициенті;

$M_{a.к}$ – меншікті айналым капиталы;

M_k – меншікті капитал.

Бұл коэффициентті А.Д. Шеремет, Р.С. Сайфуллин, Е.В. Негашев осылай анықтайды (24). Ұзақ мерзімді қарыз қаражаттары негізгі құралдарды алуға және

капитал салымдарына бағытталатынын ескере отырып, В.В. Ковалев (21), Э.А. Маркарьян және Г.П. Герасименко (10) бұл коэффициентті меншікті капиталға ұзақ мерзімді міндеттемелерді қосып есептейді. В.Ф. Палий бұны “дұрыс” десе де біз оған қосыла алмаймыз, себебі сөз жұмыс капиталы жөнінде емес меншікті айналым капиталы жайында болып отыр. Жұмсау коэффициентінің төмен мәні кәсіпорынның меншікті қаражатының көп бөлігі иммобильді сипаттағы құндылықтарда бекітілгендігін көрсетеді, ал олар тез айналатын қаражаттар емес, яғни ақшаға тез айнала алмайды.

Қаржылық көзқараспен айтсақ оның өсуі және жоғары деңгейі кәсіпорынның қаржылық жағдайын оңды деп сипаттайды: бұл кезде меншікті қаражаттар мобильді, олардың көп бөлігі негізгі құралдарға да, айналымнан тыс активтерге де емес, айналым қаражаттарына салынған. Сондықтан жұмсау коэффициентінің өсуі кәсіпорын мүлкінің нақты құрылымындағы мүмкін болатын шектерінде ғана тиімді. Егер коэффициент негізгі құралдардың құнының азаюынан емес, негізгі құралдарға қарағанда меншікті қаражат көздерінің тез өсуіне байланысты көбейсе, онда коэффициенттің жоғарылауы шыныменен кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының артқанын дәлелдейді.

Оптимальді мөлшері ретінде жұмсау коэффициенті $\geq 0,5$ деп алынуы мүмкін, бірақ іс жүзінде көрсеткіштің тұрақты қалыптасқан мәндері жоқ. Бұл көрсеткіштің ұсынылып отырған деңгейі кәсіпорынның менеджері мен оның меншік иелері өз қаражаттарын мобильді және иммобильді активтерге салудың тепе-теңдік принципін сақтау керек екендігін көрсетеді, бұл баланс өтімділігін қамтамасыз етеді.

Жұмсау коэффициентінің мәні, кәсіпорынның қызметінің сипатына байланысты: оның әдеттегі деңгейі материал сыйымдылығы жоғары өндірістерге қарағанда қор сыйымдылығы жоғары өндірістерде төмен болуы

керек (себебі қор сыйымдылығы жоғары өндірістерде меншікті қаражатының айтарлықтай бөлігі негізгі өндірістік қорларды жабудың көзі болып табылады).

Кәсіпорынның тауарлы-материалдық қорлары мен шығындарының қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілуінің абсолютті көрсеткіштері қаржылық тұрақтылықты талдау үшін басты роль атқаратынына сәйкес, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының басты көрсеткіштерінің бірі болып қорларды қалыптастырудың өз көздерімен қамтамасыз етілу коэффициенті саналады, ол меншікті айналым қаражаттарының тауарлы-материалдық қорлар мен шығындардың құнына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткішті тауарлы-материалдық қорлар мен шығындарды жабу коэффициенті деп атайды. Ол келесі формуламен есептеледі:

$$K_{к/к} = \frac{M_{ак}}{K_{тм}}$$

Мұндағы: $K_{к/к}$ – тауарлы-материалдық қорлардың қамтамасыз етілу коэффициенті;

$M_{ак}$ – меншікті айналым капиталы;

$K_{тм}$ – тауарлы-материалдық қорлар.

В.В. Ковалев, Э.А. Маркарьян және Г.П. Герасименко оны меншікті айналым және ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының сомасын кәсіпорынның қорлары мен шығындарының құнына қатынасымен анықтайды.

Материалды айналым қаражаттарын жабу коэффициенті қандай дәрежеде тауарлы-материалды қорлар мен шығындар меншікті қаражаттармен жабылғанын және қарыз қаражаттарын тартуды қажет етпейтінін көрсетеді.

“Шаруашылық тәжірибенің статистикалық орташаланған мәліметтерінің негізіне алынған оның қалыпты мәні, – деп жазады А.Д. Шеремет және Р.С. Сайфулин, – келесі түрде болады.”

$$K_{к/к} \geq 0,6-0,8.$$

Қорлар мен шығындардың меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілудің қалыпты коэффициенті, меншікті қаражат көздерімен қажетті қорлар мен шығындарын, қалғандарын қысқа мерзімді қарыздармен жабу назарға алынып анықталады. Бірақ бұл кезде қорлар мен шығындардың көлемі, олардың айналу жылдамдығы жоғарылаған кезде негізделген қажеттілікке сәйкес болу керек. Егер олардың мөлшері негізгі қажеттіліктен асып кетсе, онда меншікті айналым қаражаттары материалдық қорлардың бір бөлігін ғана жаба алады, яғни көрсеткіш <1 болады. Керісінше кәсіпорынның материалдық қорлары үздіксіз жұмыс жасауға жеткіліксіз болғанда көрсеткіш >1 болуы мүмкін, бірақ бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайы жақсы екендігін көрсетпейді. Сондықтан материалдық қорлардың меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу көрсеткішінің деңгейін ең бірінші материалдық қорлардың жағдайына байланысты бағалап қарастыру керек.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын тек қана қаражат көздерінің құрамымен емес, сонымен бірге қаржылық есеп берудің активтеріне салудың дұрыстығымен де сипатталады. Сондықтан меншікті қаражаттардың құрылымын бағалаумен қатар кәсіпорынның қарыз қаражаттарының құрылымы да қарастырылады.

Қатыстырылған капиталды талдау. Талдау жүргізу үшін қарыз қаражаттарының әрбір баптарының есеп беретін көрсеткіштерін топтық қорытындылармен сәйкестендіру қажет, олардың базистік көрсеткіштерден ауытқуларын анықтап, қатысты өлшемдердің өзгерістерін көрсету керек. Біздің кәсіпорын есепті жылы ұзақ мерзімді ғана емес, қысқа мерзімді несиелерді де қатыстырмаған (тартпаған). Басқа сөзбен айтқанда, қатыстырылған (қарыз) капитал кредиторлық борыштан тұрады, яғни ағымдағы міндеттемелер кредиторлық борышқа тең, ал оның көлемі жыл соңында 8081 мың теңге, жыл басында 4294 мың теңге болған, яғни 3787 мың

5819786,9

4294000,8

теңгеге, немесе 1,9 есеге өскен. Оның құрамында сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған аванстар тез өсіп кеткен. Егер жылдың басында оның мөлшері 1018 мың теңге болған болса, жыл аяғында 6391 мың теңге құраған, яғни 6,3 есе көбейген, нәтижесінде есепті жылы баланстың осы бабының үлес салмағы 23,7%-дан 79,1%-ға өскен. Бұдан кейін талдаушы оны дебиторлық борышпен салыстырып талдауы керек.

Дебиторлық және кредиторлық борыштың қатынасы негізінен 2:1 болуы керек деп ұсынылған (25). Егер кредиторлық борыш дебиторлық борышпен қамтамасыз етілмеген болса, онда бұндай жағдайды жағымсыз деп айтуға болады, себебі ол өзіндік қаражаттың әлдебір өтімді бөлігінің ақшаға айналуын бәсеңдетуі мүмкін. Егер кәсіпорынның коммерциялық несиесі дамыған болса, онда дебиторлық борышы қатты өсіп кетуі мүмкін.

Біздің кәсіпорынымызда кредиторлық борыш жыл басында дебиторлық борыштан 3,7 (4294:1165), жыл соңында ^{0,8716}4,8 есе көп болады. Мұндай кредиторлық борыштың дебиторлық борышпен өте төмен дәрежеде қамтамасыз етілуі, дебиторлармен де кредиторлармен де арақатынасы тиімсіз болуы да олардың өзара қарыздарын төлемеуінен болады. Кредиторлық борыштың өсіп кетуі қаржылық жағдайды нашарлатпайды, себебі кәсіпорын бұл борышты зерттеліп жатқан уақытта қатыстырылған қаражат көздері ретінде пайдаланып жатыр деп айтуға болар еді. Бірақ тауар, жұмыс және қызметтер үшін ғана емес, бюджет пен еңбекақы бойынша есеп айырысуда да үлкен кредиторлық борыштың болуы кәсіпорынның жұмысы мен жалпы оның қаржылық жағдайын тиімсіз жағынан сипаттайды.

Талдаушының келесі маңызды жұмысы – кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның қаржылық тұрақтылығы дәрежесі бойынша топтауға мүмкіндік беретін абсолютті көрсеткіштерін зерттеу.

2005 / 200501 145159,511

Қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері – тауарлы-материалдық қорлардың, олардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілу дәрежесін көрсететін көрсеткіштер.

Тауарлы-материалдық қорлардың қалыптасу көздерін сипаттайтын үш негізгі көрсеткіш анықталады:

1. *Меншікті айналым капиталының бар болуы* ($M_{a.k}$). Бұл көрсеткіш меншікті капитал мен (баланс пассивінің I бөлімі) ұзақ мерзімді активтердің (баланс активінің I бөлімі) арасындағы айырма ретінде анықталады. Ол меншікті айналым қаражаттарын сипаттайды. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда оның көбеюі кәсіпорынның қызметінің болашақтағы дамуын көрсетеді. Құрылысына қарай меншікті айналым капиталының бар болуын былай жазуға болады:

$$M_{a.k} = M_k - \Upsilon_a = I_b \Pi - I_b A.$$

Мұндағы: $I_b \Pi$ – баланс пассивінің I бөлімі;

M_k – меншікті капитал;

$I_b A$ – баланс активінің I бөлімі;

Υ_a – ұзақ мерзімді актив.

$M_{a.k}$ көрсеткіші бірқатар маңызды талдау коэффициенттерін есептеп табу үшін пайдаланылады: кәсіпорынның ағымдағы активтерін жабу коэффициенті (бұл көрсеткіштің нормативті мәні 0,1-ден төмен болмау керек), тауарлы-материалдық қорларды жабу коэффициенті (бұл көрсеткіштің нормативті мәні – 0,6-дан төмен емес) және тағы басқалары.

2. *Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қарыздың қалыптасу көздерінің бар болуы* ($M_{a.k/\u0303}$).

Бұл көрсеткіш алдындағы көрсеткішті, яғни меншікті айналым капиталының ұзақ мерзімді міндеттемелер сомасына қосу жолымен мына формуламен анықталады:

$$M_{a.k/\u0303} = M_{a.k} + \Upsilon_z^M = M_{a.k} + I_b \Pi.$$

Мұндағы: $Ұ_3^M$ – ұзақ мерзімді міндеттемелер;
 $M_{ак}$ – меншікті айналым капиталы;
 $II_6 II$ – баланс пассивінің II бөлімі.

3. Тауарлы-материалдық қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері алдыңғы көрсеткішті қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар сомасына қосу жолымен, мына формула арқылы анықталады:

$$НК = M_{ак/үз} + K_{нк}.$$

Мұндағы: НК – негізгі көздер;
 $K_{нк}$ – қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар.

Тауарлы-материалдық қордың бар болуының үш көрсеткішіне тауарлы-материалдық қорлар мен шығындардың олардың қалыптасу, көздерімен қамтамасыз етілуінің үш көрсеткіші сәйкес келеді.

1. Меншікті айналым капиталының ($M_{а.к}$) артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (–)

$$\pm M_{ак} = M_{ак} - ҚШ.$$

Мұндағы: ҚШ – тауарлы-материалдық қорлар мен шығындар.

2. Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қалыптасу көздерінің артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (–) ($M_{ак/үз}$):

$$\pm M_{ак/үз} = M_{ак/үз} - КШ.$$

3. Қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің (НК) жалпы мөлшерінің артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (–):

$$\pm НК = НК - КШ.$$

Тауарлы-материалдық қорлардың, олардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілуінің үш көрсеткішін есептеу кәсіпорынның қаржылық жағдайын оның

тұрақтылық дәрежесі бойынша келесі төрт типке бөлуге мүмкіндік береді:

- 1) қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы;
- 2) қаржылық жағдайдың қалыпты тұрақтылығы;
- 3) тұрақсыз қаржылық жағдайы;
- 4) дағдарысты (қауіпті) қаржылық жағдайы.

Қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы мына теңсіздікпен сипатталатын уақытта қалыптасады.

$$ҚШ < M_{ак} \text{ немесе } M_{ак} > ҚШ.$$

Бұл теңсіздік тауарлы-материалдық қорлар меншікті айналым капиталымен жабылатынын көрсетеді, яғни кәсіпорын сыртқы кредиторлардан тәуелсіз болады. Мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Оның үстіне, бұл жағдай ең дұрыс деп қарастырылмауы мүмкін, себебі әкімшілік негізгі қызмет үшін қаражаттың сыртқы көздерін пайдалана алмайды, пайдаланғысы келмейді немесе пайдалануға мүмкіндігі жоқ.

Қаржылық жағдайдың қалыпты тұрақтылығы мына теңсіздікпен сипатталады.

$$M_{ак/үз} < ҚШ < НК.$$

Бұл келтірілген қатынас тиімді жұмыс істеп тұрған кәсіпорын тауарлы-материалдық қорларды жабу үшін әртүрлі “қалыпты” – меншікті және қатыстырылған қаражат көздерін пайдаланып жатқан жағдайға сәйкес келеді.

Тұрақсыз қаржылық және қалыптасқан жағдай келесі теңсіздікпен сипатталады:

$$ҚШ > НК \text{ немесе } НК < ҚШ$$

Бұл қатынас кәсіпорын өзінің тауарлы-материалдық қорларының бір бөлігін жабу үшін “қалыпты емес” болып, яғни негізделмеген болып саналатын қосымша жабу көздерін тартуға баруына тура келетін жағдайға сәйкес келеді.

7-кесте

Тауарлы-материалдық қорлардың оларды қалыптастырудың қалыпты көздерімен қамтамасыз етілуі 1996 ж. басы мен соңындағы жағдай бойынша “АЗ Эталон” АҚ (артықтығы + жетіспеушілік -) (мың теңге)

№	Көрсеткіштер	Символдары	Жыл басында	Жыл соңында	Жыл бойғы өзгерістер (+; -)
1.	Меншікті капитал	M_k	27908	32276	+4368
2.	Ұзақ мерзімді активтер	Y_a	18770	20001	+1231
3.	Меншікті айналым капиталының бар болуы (1жол-2жол)	$M_{a.k}$	9138	12275	+3137
4.	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	Y_m	-	-	-
5.	Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қалыптасу көздерінің бар болуы (3жол+4жол)	$M_{a.k/y.a}$	9138	12275	+3137
6.	Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	$K_{ш}$	-	-	-
7.	Тауарлы-материалдық қорлардың қалыпты (негізгі) қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері (5жол+6жол)	НК	9138	12275	+3137
8.	Тауарлы-материалдық қорлар	Қ	11153	17617	+6464
9.	Өзіндік айналым капиталының артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (-) (3жол-8жол)	$\pm M_{a.k}$	-2015	-5342	-3327
10.	Тауарлы-материалдық қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қалыптасу көздерінің артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (-) (5жол-8жол)	$\pm M_{a.k/y.a}$	-2015	-5342	-3327
11.	Тауарлы-материалдық қорлардың қалыпты негізгі қалыптасу көздерінің жалпы мөлшерінің артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (7жол-8жол)	$\pm НК$	-2015	-5342	-3327

Қаржылық тұрақтылықты қоймада, жылдың соңында 14538 мың теңге тұратын дайын өнімді және 1721 мың теңгенің тауарын жылдам сату, жылдың соңында 1671 мың теңге құраған дебиторлық борышты тезірек қайтару және кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігін жоғарылату арқылы қалыпқа келтіруге болады.

Бұдан кейін дайын өнімнің тез өсуінің (1,9 есе) және қоймада тауарлардың іркіліп қалу себептерін зерттеу керек. Бірақ бұл ішкі қаржылық талдаудың жұмысы.

Талданып отырған кәсіпорынның қаржылық жағдайын анықтайық.

Ішкі талдау кезінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына төлеу қабілетсіздігі балансын құру негізінде, тереңдетілген зерттеу жүргізіледі, оған келесі өзара байланысқан көрсеткіштер топтары кіреді:

1. *Төлемеушіліктің жалпы мөлшері:*

- банктің қарызы бойынша уақыты өтіп кеткен борыштар;
- жабдықтаушылардың есеп айырысу құжаттары бойынша уақыты өтіп кеткен борыш;
- бюджетке салықты толық төлемеу;
- басқа да төлемеу, соның ішінде еңбекақы бойынша да;

2. *Төлемеушіліктің себептері:*

- меншікті айналым қаражатының жетіспеушілігі;
- тауарлы-материалдық құндылықтардың жоспардан тыс қорлары;
- сатып алушылар уақытында төлемеген, тиеліп жіберілген тауарлар;
- акцептен бас тарту себепті сатып алушылардың жауапты сақтауындағы тауарлар;
- айналым қаражатын күрделі құрылысқа, жұмысшылардың алған қарыздары бойынша борыштарына жұмылдыру, сонымен бірге бөлінген

қаржыландыру көздерінің қаражаттарымен жабылмаған шығындар.

3. Қаржылық шиеленісті азайту көздері:

- уақытша бос меншікті қаражаттар;
- қатыстырылған қаражаттар (қалыпты кредиторлық борыштың дебиторлық борыштан асып кетуі);
- айналым қаражатын уақытша толтыруға алынған банк несиелері және тағы басқа қарыз қаражаттары.

Қаржылық шиеленісті азайтатын төлемеушілік пен қаржы көздерінің жалпы мөлшерін толық есептегенде, 2-топ бойынша қорытынды 1 және 3-топтар бойынша қорытындылардың сомасына тең болуы керек. Қаржылық жағдайды төлем тәртіптерін және несиелік қатынастарды талдау үшін берілген көрсеткіштерді динамикада қарастыру ұсынылады (мысалы, тоқсан бойынша).

Тауарлы-материалдық қорлардың қалыптасу көздерімен қатар қаржылық жағдай үшін барлық айналым капиталының, әсіресе тауарлы-материалдық қорларға қатысты (айналымға қарсы) азаюымен көрінетін материалды айналым қаражатының айналымдылығы маңызды орын алады.

Тауарлы-материалдық қорлардың жағдайын тереңдетіп талдау қаржылық жағдайды ішкі талдаудың құрамдас бөлігі болып табылады, себебі қаржылық есеп беруде жоқ және коммерциялық құпияға жататын тауарлы-материалдық қорлар жөнінде ақпаратты қолдануды көздейді.

Қорытындылай келе айта кету керек, арнайы әдебиеттерде кәсіпорындарда қалыптасқан қаржылық жағдайға бұдан да басқаша жіктеу берілген (26). Оларды келесі атаулармен 4 топқа бөледі:

- қаржылық жағдайы жақсы кәсіпорындар;

- қаржылық жағдайы орташа кәсіпорындар;
- қаржылық жағдайы нашар кәсіпорындар;
- банкрот кәсіпорын.

Бұл кезде өндірістік кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаражаттарды жұмсаудың келесі негізгі бағыттары бойынша қарастырылады:

- 1) қалыпты (біркелкі) өндірістік-шаруашылық және ұдайы өндіру қызметін қамтамасыз ету;
- 2) ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар бойынша уақытылы есеп айырысулар;
- 3) кәсіпорынның дамуы бойынша көлемді жобаларды қаржыландыру мүмкіндігі (нарықтың жаңа секторларын игеру, өндіріс көлемін кеңейту, өнім мен технологияның жаңа түрлерін игеру және т.б.).

Қаражатты жұмсаудың осы бағыттарын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін негізге ала отырып, осы көзқарастың авторлары кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау және оны қайсыбір топқа жатқызудың өз әдістемесін ұсынады.

Айталық, егер кәсіпорынның қарамағындағы қаржы ресурстары осы үш функцияны да орындауға мүмкіндік берсе, онда оның жағдайын жақсы деп бағалау керек. Егер алдыңғы екі функциялар орындалып, ал үшіншісін орындауға қаражат жетпесе, онда оның жағдайы орташа болады. Ал егер қаражат алдыңғы екі функцияны да орындауға жетпесе, онда кәсіпорынның қаржылық жағдайы банкрот болуға (кұлдырауға) жақын.

2.3.

БАЛАНС ӨТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Баланс өтімділігін талдау мәселесін қарастырар алдында, жалпы активтердің, баланстың және кәсіпорынның “өтімділігін” анықтап алу керек.

Өтімділіктің екі тұжырымдамасы белгілі. Бірінші тұжырымдама бойынша өтімділік: кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеттілігі ұғынылады. Мысалы, О.В. Ефимова өтімділік деп – “кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша төлеу қабілеттілігі”, – деп жазады (18). Дәл осынысымен, оның пікірінше, өтімділік төлеу қабілеттілігінен өзгешеленеді. И.Т. Балабанов та өтімділікке осы сияқты анықтама береді: “шаруашылық субъектісінің өтімділігі, – ол оның өзінің борыштарын тез өтеу қабілеттілігі (7), егер кәсіпорын өзінің ағымдағы активтерін өткізіп, яғни оларды ақшаға айналдыра алса, өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін орындауға шамасы бар болса, онда ол өтімді кәсіпорын болып саналады”. Бұл тұжырымдама жоғарыда айтылған төлем қабілеттілігі тұжырымдамасына өте ұқсас. Олардың айырмашылығы пайдаланатын көрсеткіштер мен есептеу әдістерінде. Екінші тұжырымдама бойынша, өтімділік – бұл ағымдағы активтердің ақша қаражаттарына айналуға дайындығы мен жылдамдығы. Профессор Н.П. Кондраков өтімділік деп – “материалдық және тағы басқа құндылықтардың сатылу және олардың ақша қаражаттарына айналу мүмкіндігін айтады” (27). Ағылшын авторларының “Бухгалтерлік талдау деген” еңбегінде “фирманың өтімділігі – бұл оның барлық қажетті төлемдерін, олардың төлеу уақыты келгенде, жабу үшін өз активтерін ақшаға айналдыру қабілеттілігі” деп көрсетілген. “Өтімді” сөзінің өзі дейді олар “ақшаға оңай айналатын” деген ұғымды білдіреді (13). Профессор В.В. Ковалев: “қандай да бір активтің өтімділігі ол оның ақша қаражатына түрлену, айналу қабілеті”, – дейді. Ол

“өтімділік дәрежесі, оның түрлену уақыты жүзеге асырылатын уақыттың ұзақтығымен анықталады, уақыт қысқа болған сайын, осы активтің өтімділігі жоғары болады”, – деп жазады (21). Бұл қорытынды профессор А.Д. Шереметтің қорытындысымен үндес: “Берілген актив ақшаға айналу үшін уақыт неғұрлым аз керек болса, соғұрлым оның өтімділігі жоғары” (2). Өтімділіктің екінші тұжырымдамасымен келісе отырып біз, өтімділік кәсіпорынның міндеттемелерін ақшаға айналу уақыты міндеттемелерін өтеу уақытымен сәйкес келетін активтерімен жабу дәрежесімен анықталады деп санаймыз. Осы айналу қаншалықты тез жүруіне кәсіпорынның төлеу қабілеттілігі мен несие беру қабілеттілігі тәуелді болады. Басқа сөзбен айтқанда, кәсіпорынның өтімділігі өзінің міндеттемелерін уақыты келгенде төлеу үшін, қолда бар қаражаттарды (активтерді) тезірек жұмылдыру мүмкіндігінде жатыр. Өтімділік кәсіпорынның сөзсіз төлем қабілеттілігін білдіреді және активтер мен міндеттемелердің арасындағы жалпы сомасы бойынша да, келіп түсу уақыты бойынша да әрдайым теңдікті көрсетеді. Кәсіпорынның өтімділігі шын мәнінде баланс өтімділігін көрсетеді. Сондықтан кәсіпорынның төлем қабілеттілігін бағалау үшін бухгалтерлік баланстың көрсеткіштерін тереңінен зерттеу керек.

Баланс өтімділігін талдаудың мәні – активтегі өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен салыстыруда. Актив пен пассив баптары белгілі бір тәртіппен топталады, – өтімділігі жоғарылардан бастап өтімділігі төменгілерге (актив), яғни өтімділігінің төмендеу тәртібі бойынша қайтару уақыты ұзақтардан қайтару уақыты қысқаларға қарай (пассив), яғни қайтару уақытын жоғарылату тәртібі бойынша болады. Кейде керісінше тәртіп болуы да мүмкін, мысалы батыс еуропалық елдерде осыны қолданады.

Өтімділік дәрежесіне, яғни ақша қаражаттарына айналу жылдамдығына байланысты кәсіпорын активтері келесідей топтарға бөлінеді.

А₁. Ең өтімді активтер. Әлемдік тәжірибеде бұларға кәсіпорынның ақша қаражаттарының барлық баптары мен құнды қағаздары жатады.

Ақша қаражаттары мен құнды қағаздар (қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар) – айналым қаражатының ең мобильді бөлігі. Ақшамен бірден есеп айырысуға болады, ал құнды қағаздар қолма-қол ақшаға тез айналады.

А₂. Тез өткізілетін активтер. Бұларға қысқа мерзімді дебиторлық борыш басқа да активтерді жатқызады. Дебиторлық борыш сомалары есеп айырысу шотына белгілі бір уақытта келіп түсіп, бұлар да өз міндеттемелерін төлеуге жұмсалуды мүмкін. Есеп айырысу құжаттары бойынша жіберілген, сатып алушылар уақытында төленбеген тауарлар бойынша, төлеу уақыты ұзарып кеткен борыштардың өтімділігі анағұрлым төмен, себебі төлемнің қашан келіп түскені белгісіз. Бірақ нарықтық экономикада уақытында қайтарылмайтын борыштар көбіне болмайды, себебі оны қайтарып алуға алдын ала шаралар қолданылады. Кез келген дебитор айыпшұл төлеу қаупінен тіпті банкрот болып жарияланудан қорқып, өзінің қарыздарын уақытында төлеуге тырысады. Сондықтан нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеп жатқан кәсіпорынның өтімді қаражаттарын есептегенде ақша қаражаттарына қысқа мерзімді дебиторлық борышын да қосады. Бірақ әлі қалыптаспаған нарықтық экономика, инфляция, әріптестер арасында шаруашылық байланыстар бұзылған жағдайларда дебиторлық борыштың барлығы бірдей ақша қаражатына тез айнала алмайды.

Күмәнді дебиторлық борыштың үлесінің көп болуы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін.

Сатуға арналған дайын өнім және материалдық құндылықтар қорының өтімділігі бұдан да төмен болады, олар негізінен келесі топты құрайды.

А₃. Баяу өткізілетін активтер. Баланс активінің II бөлімінің “Тауарлы-материалдық қорлар” бабы және баланс активтінің I бөліміндегі “Ұзақ мерзімді инвестициялар” (жарғылық қорға басқа кәсіпорындардың салған салымдар мөлшеріне азайтылған) бабы.

Бірақ бұл кезде “Алдағы кезең шығындары” бабы есепке алынбайды. Бұл топтың активтерін ақшаға айналдыру қиынырақ: бірінші сатып алушыны тауып алу қажет, ал бұл оңай емес және белгілі бір уақытты керек етеді. Әсіресе бұл аяқталмаған өндіріске тиісті: егер, мысалы, темір қаңылтырды сатып алушыны табу оңай болса, одан жасалған штампталған жартылай өнімді сатып алушыны табу анағұрлым қиын. Бұл белгілі бір бұйымды дайындауға арналған жартылай өнім барлық адамға бірдей керек емес болуы мүмкін. Сондықтан немістер өтімді активтерді есепке алғанда аяқталмаған өндірістің құнын қоспайды. Алайда американдық кәсіпорындарда аяқталмаған өндіріс құнын өтімді активтердің құнына қосуға жол беріледі.

А₄. Қиын өткізілетін активтер – баланс активінің I бөлімінің алдындағы топтарға еңгізілген баптарынан басқа барлық баптары. I бөлім жиынынан “Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар” бабы бойынша соманың бір бөлігі ғана алынып тасталынғандықтан, қиын өткізілетін активтер құрамында басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталға салған салымдары ғана есепке алынады.

Баланс активінің баптары оларды өтімділік дәрежесі бойынша топтағанда, басты орынды ең өтімді және әр жақты меншік нысаны алады – кассадағы, банктегі есеп айырысу, валюта және ағымдағы шоттардағы ақша қаражаттары. Бұдан кейін бағалы қағаздарға салынған

қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар, дебиторлармен есеп айырысулар тұрады. Активтің бұл қарастырылған баптары негізінен кәсіпорынның “өтімділігін” (өтімді капиталын), яғни активтің бірінші кезектегі міндеттемелерді төлеу үшін қаражаттар алынатын бөлігін көрсетеді. Өтімділігі бұдан төмен элементтер тауарлы-материалдық қорлар мен негізгі капиталдың баптарына топтастырылған. Баланс пассивтері оларды қайтару, төлеу уақытының мерзіміне байланысты топтастырылады.

П₁. Неғұрлым тезірек төленуге тиісті міндеттемелер – бұларға уақытында төленбеген кредиторлық борыш, қарыздар, басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер, жұмыскерлермен олардың алған қарыздары бойынша есеп айырысу көлемінен асқан мөлшерде жұмыскерлерге берілген қарыздар жатады. Бұл берілген мөлшерден асу банктің мақсатты қарыздарын (несиелерін) өз мақсаты бойынша пайдаланбағандығын білдіреді және сондықтан тезірек өтеу үшін неғұрлым өтімді активтермен қамтамасыз етілуі тиіс.

П₂. Қысқа мерзімді міндеттемелер – қысқа мерзімді несиелер мен заемдар және жұмыскерлерге арналған қарыздар.

П₃. Ұзақ мерзімді міндеттемелер – ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар.

П₄. Тұрақты міндеттемелер – пассивтің I бөлімінің “Меншікті капитал” баптары. Актив пен пассивтің балансын сақтау үшін бұл топтың жиыны баланс активінің “Алдағы кезең шығындары” бабы бойынша сомаға азайтылады.

Баланс өтімділігін анықтау үшін актив пен пассив бойынша келтірілген топтар жиындарын салыстыру керек. Баланс толық өтімді деп келесідей қатынастарда саналады:

$$\begin{cases} A_1 > П_1 \\ A_2 > П_2 \\ A_3 > П_3 \\ A_4 < П_4 \end{cases} \quad (1)$$

Басқа сөзбен айтқанда, егер активтің сол алғашқы үш теңсіздігінің әрбір тобы кәсіпорынның сәйкес міндеттемелер тобын жапса немесе оған тең болса баланс өтімді болады, кері жағдайда баланс өтімді емес.

Жоғарыда келтірілген жүйедегі алғашқы үш теңсіздіктің орындалуы төртінші теңсіздікті орындау қажеттілігін туғызады, сондықтан актив пен пассив бойынша алғашқы үш топтың жиындарын салыстыру маңызды орын алады. Төртінші теңсіздік “баланстау” сипатын алады, сонымен қатар терең экономикалық мәні бар: оның орындалуын қаржылық тұрақтылықтың ең төменгі шарттарының сақталғандығын, кәсіпорынның меншікті айналым қаражатының барын дәлелдейді.

Егер бір жүйенің бір немесе бірнеше теңсіздігінің қолайлы варианттағыға қарама-қарсы мәні болса, онда баланс өтімділігінің абсолютті өтімділіктен азды-көпті айырмашылығы болады. Бұл кезде активтердің бір тобы бойынша қаражат жетіспеушілігі олардың басқа топ бойынша артылғанымен орны толтырылады, бірақ өтем тек құндық мөлшері бойынша жүзеге асырылады, өйткені нақты төлем жағдайында аз өтімді активтер неғұрлым өтімді активтердің орнын баса алмайды.

Баланстың топтастырылған баптарын кесте түрінде көрсету орынды болады.

“АЗ Эталон” АҚ 1996 жылы ұзақ және қысқа мерзімді несиелері болмағандықтан, басқа “Адит” біріккен өнеркәсіптік кәсіпорынның материалдарын пайдаланамыз.

8-кесте

“Адит” БК-нің мәліметтері негізінде баланс активінің өтімділік дәрежесі және оның пассивінің төлеу мерзімінің шұғылдығы бойынша баптарының тобы

Актив	Сомасы, мың тг.		Пассив	Сомасы, мың тг.		Төлеу артықтығы (+), жетіспеушілігі (-)	
	Жыл басында	Жыл аяғында		Жыл басында	Жыл аяғында	Жыл басында	Жыл аяғында
1. Ең өтімді активтер	122	3751	Неғұрлым тезірек: 1) төленуге тиіс міндеттемелер	22352	26564	-22203	22813
2. Тез өткізілетін активтер	18448	10168	2) қысқа мерзімді міндеттемелер	5750	2550	+12698	+7618
3. Баяу өткізілетін активтер	7100	11475	3) ұзақ мерзімді міндеттемелер	735	735	+6365	+10740
4. Қиын өткізілетін активтер	64896	62944	4) тұрақты міндеттемелер	61756	58489	+3140	+4455
Жиыны:	90566	88338	Жиыны:	90566	88338	-	-

Төлем қаражаттарының бірінші тобы (A_1) төлем міндеттемелерін айтарлықтай жауып тұрған жоқ, ал екінші бөлігі керісінше.

Актив пен пассив баптарының I тобының жиындарын салыстыру жақында келіп түскен кірістер мен төлемдердің (3 айға дейінгі) қатынасын көрсетеді.

Актив пен пассив баптарының II тобын салыстыру жақын уақытта күтілетін төлем тәртібінің (3 айдан 6 айға дейін) жағдайының жақсаруы немесе нашарлауы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда баланс активі мен пассиві баптарының I және II топтарын салыстыру ағымдағы өтімділікті анықтауға мүмкіндік береді. Ол қарастырылып отырған мезгілге жақын уақыттағы кәсіпорынның төлем қабілеттілігін (төлем қабілетсіздігін) көрсетеді. Талданып отырған кәсіпорынның жыл басында да, аяғында да баланс баптарының осы екі тобының мәліметтері бойынша төлеу қабілеттілігі болмаған. Ең өтімді және тез өткізілетін активтердің сомасы жыл басында 18570 мың тг. (122+18448) құрады, ал тез қайтарылуға тиіс және қысқа мерзімді міндеттемелердің, яғни жалпы ағымдағы активтер — ~~28075~~ мың тг. (22325+5750), бұл 9505 мың теңгеге [(28075-18570) немесе (22203+12698)] төлем қаражатынан көп. Жыл соңында төлем жетіспеушілігі 15195 мың теңгені [(3751+10168) — 26564+2550=13919-29114 немесе (-22813+7618)] құрады.

Баяу өткізілетін (жүретін) активтерді ұзақ мерзімді міндеттемелермен салыстыру перспективалы өтімділікті бейнелейді және болашақ кірістер мен төлемдерді салыстыру негізінде төлем қабілеттілігін жобалауды көрсетеді, яғни кәсіпорынның бұдан да алыс алдағы уақытқа қаржылық жағдайының жақсаруы немесе нашарлауын алдын ала біліп отыруға мүмкіндік береді. Талданып отырған кәсіпорында жыл басында да, соңында да төлем қаражаттарының айтарлықтай артықшылығы болған. Егер жыл басында оның мөлшері 6365 мың теңге болған болса, жыл аяғында 10740 мың теңгені құрады, немесе есепті жылы 1,7 есе өскен.

Баланс активі мен пассиві баптарының төртінші тобының жиындарын салыстыру кәсіпорынның оның иеленушілері (меншік иелері) алдындағы міндеттемелерін жаба алу мүмкіндігін көрсетеді. Бірақ бұл кәсіпорын жабылатын кезде ғана керек болады, ал үздіксіздік принципін сақтау немесе жұмыс жасап жатқан кәсіпорын үшін шаруашылық субъектінің өз меншікті айналым капиталының болуы талап етіледі. Ол үшін

жоғарыда келтірілген теңсіздік сақталуы тиіс: $A_4 \leq \Pi_4$, яғни меншікті қаражаттардың көзі иммобильді активтерден көп болу керек. Талданып отырған кәсіпорында бұл теңсіздік сақталмаған.

Жыл басы мен аяғында баланс активінің баптарының жиыны пассив баптарының жиынынан сәйкес 3140 мың тг. және 4455 мың теңгеге көп болған, бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайының нашарлағанын көрсетеді, себебі оның өзінің үздіксіз қызметін жүзеге асыру үшін меншікті айналым капиталы болмаған.

Берілген схема бойынша жүргізіліп жатқан талдау уақытылы есеп айырысу мүмкіндіктері бойынша қаржылық жағдайды толығымен көрсетеді. Алайда ол берілген кезеңдегі кәсіпорынның нақты қаржылық жағдайын әрқашан да дәл көрсете алмайды, оның себебі – бухгалтерлік есеп берулер негізінде сыртқы талдау жүргізіп жатқан талдаушының ақпараттарының шектеулілігінде. Баланстың өтімділігін бұдан да дәл бағалауды есеп мәліметтерін пайдалану негізінде, яғни қаржылық жағдайды ішкі талдау шеңберінде жүргізуге болады. Бұл жағдайда басты назарды дебиторлық борышқа (оның мөлшеріне, төлеу уақытына, дебиторлардың есеп айырысу көздеріне) аудару керек, себебі ол ақша қаражатына ең жақын тұр және қысқа мерзімді қарыздар бойынша борыштарды жабудың негізгі көздері болып табылады.

Көрсетілген схема бойынша жүргізіліп отырған талдау баланс өтімділігіне кешенді баға беруге мүмкіндік береді. Өтімділіктің жалпы көрсеткіші келесі формуламен есептеледі:

$$K_o^ж = \frac{a_1 A_1 + a_2 A_2 + a_3 A_3}{a_1 \Pi_1 + a_2 \Pi_2 + a_3 \Pi_3} \quad (2)$$

Мұндағы: $K_o^ж$ – жалпы өтімділік коэффициенті;
 a_1, a_2, a_3 – салмақтық коэффициенттер;
 A мен Π – актив пен пассив бойынша сәйкес топтарының жиындары.

Баланс өтімділігінің жалпы көрсеткіші кәсіпорынның барлық өтімді айналым қаражаттарының сомасының барлық төлем міндеттемелерінің сомасына қатынасын көрсетеді, бірақ мына шарт орындалса: егер өтімді қаражаттар мен төлем міндеттемелерінің әр түрлі топтары көрсетілген сомаларға қаражаттың түсуі мен міндеттемелердің өтелуін есепке алатын, салмақтық коэффициенттермен бірге кіруі шарты орындалған кезде ғана.

Бұл теориялық мәні 0,9-дан төмен болмауға тиіс көрсеткіш кәсіпорынның міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша қашықтағы және таяу арадағы есеп айырысуды жүзеге асыру қабілетін көрсетеді. Ол тіркелген кәсіпорынның әр түрлі есепті кезеңдерге жататын баланстарын және әр түрлі кәсіпорындардың баланстарын салыстыруға және егер салмақтық коэффициенттерін келесі шектеулерге бағынған жағдайда қай баланс өтімді екендігін анықтауға мүмкіндік береді:

$$\begin{cases} a_1 > a_2 + a_3; \\ a_2 > a_3; \\ a_3 < 0. \end{cases} \quad (3)$$

Бұл шектеулер қаржылық жағдайларды баланс өтімділігі дәрежесі бойынша саралауды және әр түрлі жағдайларда тәртіптің қатынасын беретін шарттарды қарастыру бағасына негізделген.

Баланс өтімділігі үшін ең өтімді активтер мен мерзімі ең қысқа міндеттемелер бірінші орында болатындықтан, бірінші коэффициент 1-ге тең деп алынады. Осы жағдайды ескере, 2-ші және 3-ші салмақтық коэффициенттерге шектеулер жүйесі былай болады:

$$\begin{cases} 1 > a_2 + a_3; \\ a_2 > a_3; \\ a_3 > 0. \end{cases} \quad (4)$$

Бұдан шығатыны $a_3 < 0,57$.

Бұл шектеулерге, мысалы, келесі салмақтық коэффициенттердің жиыны сәйкес келеді.

$$a_1 = 1; a_2 = 0,5; a_3 = 0,3. \quad (5)$$

Сонда өтімділіктің жалпы көрсеткішінің берілетін түрі:

$$K_{\text{ө}}^{\text{ж}} = \frac{A_1 + 0,5 A_2 + 0,3 A_3}{\Pi_1 + 0,5 \Pi_2 + 0,3 \Pi_3} \quad (6)$$

1525,2

Осы көрсеткіштің көмегімен кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне және кәсіпорындағы өтімділік жағынан қарастырғандағы қаржылық жағдайының өзгерістеріне жалпы баға беріледі. Бұл көрсеткіш, сонымен қатар, есеп берулер негізінде өте көп әлуетті әріптестерінің ішінен ең сенімді әріптесті таңдағанда қолданылады.

“Адит” БК-де оның көлемі жыл басында 0,4165, ал жыл соңында – 0,4375 құрады, яғни 0,02 пунктке өскен, бірақ бұған қарамастан көрсеткіштің деңгейі теориялық мәнінен екі есе төмен, ал бұл кәсіпорынның төлем қабілетсіздігін көрсетеді.

Алайда бұл көрсеткіш кәсіпорынның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу жөніндегі мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Сондықтан, осы көрсеткішпен қатар, кәсіпорынның төлем қабілеттілігін бағалау үшін, өтімді қаражаттардың жиынымен ажыратылатын, өтімділік көрсеткіштерінің бүтіндей жүйесі қолданылады. Кәсіпорын жоғары немесе төмен дәрежеде өтімді болуы мүмкін, себебі ағымдағы активтердің құрамына әртекті төлем қаражаттары кіреді, бұлардың ішінде қысқа мерзімді міндеттемелерді жабуға арналған оңай өткізілетін де, қиын өткізілетін де қаражаттар болады. Қарастырылған жүйедегі маңыздылары болып үш көрсеткіш саналады: абсолютті өтімділік коэффициенті, жабудың аралық коэффициенті және жабудың жалпы коэффициенті. Олар туралы төменде айтылады.

2.4.

КӘСІПОРЫННЫҢ ТӨЛЕМ
ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сондықтан онымен тығыз байланысты болады. Сол себепті нарық экономикасы жағдайында оған көп көңіл бөлінеді.

Арнайы есептік-талдау әдебиеттерінде төлем қабілеттілігін анықтау жөнінде әр түрлі көзқарастар кездеседі. Қаржылық талдау бойынша кейбір авторлар төлем қабілеттілігі ретінде кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін түсінеді. Мысалы, О.С. Ефимова (18) төлем қабілеттілігі: “кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша есептесе алу қабілеттілігін түсіну қабылданған”, – деп жазады. “Фирманың қызметін қаржылық талдау” кітабының авторлары да осы көзқарасты ұстайды.

“Төлем қабілеттілігін, – деп жазады олар, – компанияның ұзақ мерзімді қарыздарын уақыты келген кезде өтеу қабілеттілігін анықтау үшін бағалайды”.

Басқа авторлар төлем қабілеттілігі деп кәсіпорынның тек қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеуге дайындығын түсінеді. Осылай, “Шаруашылық қызметті талдау” оқулығының авторлары “Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп оның өзінің жедел міндеттемелері бойынша өзі мерзімінде төлем жүргізу қабілеттілігі түсіндіріледі” деп есептейді. Бұл түсінікті М.Н. Крейнина толығырақ баяндайды. “Төлем қабілеттілігі, – деп жазады ол, – бұл кәсіпорынның кредиторлары жағынан төлемдер туралы қойылған талаптары қарыздарын өтеуге дайындығы”. Сөз, тек қысқа мерзімді қарыздар туралы екендігі анық. Ұзақ мерзімді қарыздарды қайтару мерзімі алдын ала белгілі болады. Төлем қабілеттілігі – бұл барлық қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша

қарыздарды өтеу және өнім өндіру процесін үзіліссіз іске асыру үшін жеткілікті қаржының болуы.

Профессор В.В. Ковалев төлем қабілеттілігі деп оның “қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша есеп айырысуды өз уақытында және толығымен жүргізу қабілеттілігін” түсінеді. “Төлем қабілеттілігі, – деп жазады ол, – кәсіпорынның жедел өтеуді талап ететін кредиторлық қарыздар бойынша есеп айырысуға жеткілікті ақша қаражаттарының және олардың эквиваленттерінің болуы” (21). Соңғы түсінікпен келісетін профессор И.Т. Балабановтың анықтамасы. “Төлем қабілеттілігі, – деп жазады ол, – бар ақша сомасының белгілі бір мерзімді жедел төлемдердің сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігінің коэффициенті арқылы көрінеді. Егер төлем қабілеттілігінің коэффициенті бірден үлкен немесе тең болса, онда бұл шаруашылық жүргізуші субъект төлем қабілетті екенін білдіреді. Егер төлем қабілеттілігінің коэффициенті 1-ден аз болса, онда талдау процесінде төлем қаражаттарының жетіспеу себептерін анықтау керек” (7).

Қысқа мерзімді міндеттемелер) жайлы болса да, бұл түсінікті профессор А.Д. Шеремет (2) басқаша ашып көрсетеді. Ол “кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп өз уақытында техника және материалдармен жабдықтаушылардың төлем талаптарын қанағаттандыру, несиелерді қайтару, қызметкерлердің еңбегінің төлемін жүргізу, бюджетке төлемдер енгізу қабілеттілігі түсіндіріледі” деп жазады. Төлем қабілеттілігінің өте қысқа және дәлірек анықтамасын профессор В.И. Кондраков береді. Оның пікірінше “төлем қабілеттілігі – бұл кәсіпорынның өз міндеттемелері бойынша есеп айырыса алу мүмкіндігі”. Бұл жағдайда міндеттеме – бұл кәсіпорынның банкке немесе басқа қарыз берушіге ақша төлеу және сонымен өз қарыздарын (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеу міндеті. Ұзақ мерзімді қарыздарды өтеу мерзімі шарты бойынша ұзақ мерзімді несиенің және қарыздың

мерзімінің өтуіне байланысы, қысқа мерзімді қарыздармен сәйкес келуі мүмкін. Және есепті жылы өтеуі қажет ұзақ мерзімді қарыздардың бір бөлігін қысқа мерзімді қарыздарына жатқызу керектігін есептеу біздің ойымызша дұрыс, себебі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелер шотының Бас жоспары “несиелер” 60 бөлімшесінің 601–603 синтетикалық шоттарының әр түрлі субшоттарында ескеріледі. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, *кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын түсіну керек* деп есептейміз. Бірақ бұл үшін кәсіпорынның есеп айырысу, валюта және басқа да шоттарында ақшалары болуы керек.

Қарыздарды өтеу үшін құралдардың айналымы кезінде ақшаға айналуы керек дебиторлық борыштар потенциалды құрал болып табылады.

Қарыздарды өтеу үшін құралдар сонымен бірге кәсіпорында бар тауарлы-материалдық құндылықтардың қоры бола алады. Оны сатып кәсіпорын ақша қаражатын алады.

Басқаша айтқанда, теориялық түрде қарыздарды өтеу кәсіпорынның барлық ағымдағы активтерімен қамтамасыз етіледі. Нақ осылай теориялық түрде, егер кәсіпорынның ағымдағы активтері қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасынан артса, онда ол қарыздарды өтеуге дайын деп есептеуге болады. Бірақ, егер кәсіпорын барлық ағымдағы активтерін қарыздарды өтеуге бағыттаса, онда дәл сол кезде оның өндірістік қызметі тоқтатылады, себебі онда өндіріс құралдарын тек негізгі құралдары құрайды, ал материалды айналым құралдарын алуға ақша жоқ, олар толығымен қарыздарды төлеуге кетті.

Сондықтан төлем қабілеттілігі бар деп, ағымдағы активтің сомасы ағымдағы міндеттемелерінен көп жоғары кәсіпорынды есептеуге болады. Кәсіпорынның тек

қарыздарды өтеуге ғана емес, сонымен бірге үздіксіз өндіріс үшін қаржылары болуы керек.

Ағымдағы төлем қабілеттілігі баланс жасау мерзімімен анықталады. Кәсіпорын жабдықтаушыларына, банктік қарыздар және басқа да есеп айырысулар бойынша қарыздары жоқ болса төлем қабілетті деп саналады.

Келешекке арналған төлем қабілеттілігі нақты бір мерзімдегі оның төлем құралдарының сомасын осы мерзімдегі жедел (бірінші кезектегі) міндеттемелерімен салыстыру жолымен анықталады.

Төлем қабілеттілігі белгілі бір мерзімде қолдағы ақша сомасының жедел төлемдер сомасына қатынасын көрсететін төлем қабілеттілігі коэффициенті арқылы көрінеді. Егер төлем қабілеттілігі коэффициенті 1-ге тең немесе үлкен болса, онда бұл ол кәсіпорынның төлем қабілетті екенін білдіреді. Егер коэффициент 1-ден аз болса, онда талдау процесінде төлеу құралдарының жетіспеуі себептерін анықтау керек.

Төлем қаражатының сомасын анықтау мәселесі бойынша әр түрлі көзқарастар бар. Төлемге қабілетті құралдарға ақша қаржыларын, қысқа мерзімді бағалы қағаздарды жатқызу әлдеқайда тиімді, себебі олар тез өткізіледі және ақшаға тез айналады. Ағымдағы міндеттемелерге ағымдағы пассивтер, яғни, өтелуге жатқызылған міндеттемелер мен қарыздар: банкінің қысқа мерзімді несиелері, қысқа мерзімді қарыздар, кредиторлық борыштар және басқа пассивтер кіреді.

Төлем құралдарының ағымдағы міндеттемелерден асуы кәсіпорынның төлемге қабілетті екенін білдіреді. Банкте есептің және басқа шоттарда ақшаның болмауы, банкке қайтарылатын несиенің мерзімі өтіп кетуі, қаржы органдарына қарыз болу, еңбекке төленетін қаржылар мерзімінің сақталмауы төлемге қабілетсіздікті көрсетеді.

Төлем қабілеттілігі оны қысқа мерзім ішінде (апта, жарты ай) талдау кезінде анығырақ көрінеді.

Есепті кезең ішіндегі ағымдағы төлем қабілеттілігі төлемдік күнтізбе көмегімен есептелуі мүмкін, оның негізінде ағымдағы жедел төлем қабілеттілігінің коэффициенті анықталады, кредиторлармен, банкпен, қаржылық және басқа органдармен өз уақытында есеп айырысуды қамтамасыз ететін шаралар жасалады. Төлемдік күнтізбе аналитикалық есептің мәліметтері, банк көшірмесі, төлемнің мерзімдік картотекасы негізінде жасалады. Мұндай есептер күнделікті немесе 3–5 күнде бір рет және басқа уақыт аралықтарында жүзеге асырылуы мүмкін. Есептеудің мерзімділігі кәсіпорын төлем қабілеттілігіне байланысты. Егер тұрақты болса, есептесу сирек, ал егер тұрақсыз болса жиі жүргізуге болады. Ағымдағы оперативтік анықтау үшін кәсіпорынның төлем құралдары және уақыты келген оның қарыздары (мерзімді міндеттемелері) туралы келесі ақпаратты қарастырайық (8-кестені қараңыз).

Осы ақпараттың негізінде төлем құралдары мен жедел міндеттемелерді анықтайық.

Келтірілген ақпарат осы мерзімде кәсіпорын өз қарыздарының 86,3%-ын ғана төлей алатынын көрсетеді (3655:4233), қарыздарының 13,7%-ы төленбей қалады, бұл айыппұл санкцияларын төлеуге және кәсіпорынның шығындалуына әкелетін мерзімі өткендер қатарына жатқызылады.

Ағымдағы төлем қабілеттілігін талдау кезінде сандық көрсеткіштерден басқа, сапалық сипаттамаларын білу керек.

Қаржылық икемділік кәсіпорынның алдын ала болжамаған жағдайларға байланысты ақша қаражатының түсуі кезінде кездейсоқ үзілістерге қарсы тұру қабілеттілігімен сипатталады. Бұл өзгермелі жағдайға төтеп беру үшін әр түрлі көздерден қарыз алу, акционерлік капиталды көбейту, активтерді сату, қайта орналастыру, кәсіпорын қызметінің деңгейі мен сипаттын өзгерту

Ақша қаражатын қарызға алу қабілеттілігі әр түрлі себептерге байланысты және тез өзгеруге бейім. Ол кәсіпорын табыстылығымен, тұрақтылығымен, салыстырмалы өлшемімен, салалардағы жағдаймен, капиталдың құрамы және құрылымымен анықталады.

Көбіне ол несие нарығының өзгеру бағыттары мен жағдайы сияқты сыртқы факторларға тәуелді. Несие алу қабілеттілігі ақша қаражаты керек жағдайда және кәсіпорынға қысқа мерзімді несиелерді ұзарту үшін қажет кезде маңызды. Алдын ала келісіммен қаржыландыру немесе ашық несие линиялары (кәсіпорын белгілі бір мерзім ішінде және белгілі бір жағдайларда ала алатын несие) – потенциалды қаржыландыруға қарағанда, керек кезде алудың сенімді көздері. Кәсіпорынның қаржылық икемділігін бағалау кезінде оның вексельдері, облигацияның және артықшылықты акцияның рейтингі, активті сатудың шектілігі, шығынның кездейсоқтық дәрежесі, ереуіл, сұраныстың төмендеуі және жабдықтау көздерінің жойылуы сияқты, өзгермелі жағдайларға тез бейімдеушілік қабілеттілігі есепке алынады.

Ағымдағы (қысқа мерзімді) төлем қабілеті өте тар түсінік, себебі оны болашақта қолдану мүмкін емес.

Кәсіпорынның перспективті (ұзақ мерзімді – бір жылдан аса) төлем қабілетін бағалау үшін өтімділіктің динамикалық, статистикалық көрсеткіштері пайдаланылады. Динамикалық көрсеткіштердің бірі өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыстың орташа ағымдағы міндеттемелерге қатынасы болып табылады. Есептеу үшін алымында есепті кезеңдегі есеп шоты бойынша дебет айналымын, ал бөлімінде – осы кезеңдегі ағымдағы міндеттемелерінің орташа қалдықтарын алуға болады. Бұл есепте алымы баланс жасау мерзіміндегі емес белгілі бір кезең үшін ақша қаражатының ағымын көрсетеді.

Нарықтық экономика теориясы мен практикасында перспективті төлем қабілеттілігін талдауды нақтылан-

дыру және тереңдету үшін қолданылатын басқа да көрсеткіштер белгілі. Олардың ішіндегі маңыздысы табыс пен табыс табу қабілеттілігі, себебі осы факторлар кәсіпорынның қаржылық саулығы үшін анықтаушылар болып табылады. Табыс табу қабілеттілігі деп болашақта кәсіпорынның негізгі қызметінен тұрақты табыс алу қабілеттілігі түсіндіріледі. Осы қабілеттілікті бағалау үшін ақша қаражатының жеткіліктілігі мен оның капиталға айналдыру коэффициенттері талданады. *Ақша қаражатының жеткіліктілік коэффициенті* ($K_{ж}^a$) кәсіпорынның күрделі шығындары, айналым қаражатының өсуі немесе дивиденттерді төлеуді жабу үшін табыс табу қабілеттілігін көрсетеді.

Циклділіктің және басқа кездейсоқтың әсерін жою үшін, бөлшектің алымы мен бөлімінде бес жыл ішіндегі мәліметтер алынады.

Есептеу келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$K_{ж}^a = \frac{\text{Өнім өткізуден түскен табыс}}{\text{Күрделі шығындар} + \text{Дивиденд төлеу} + \text{Айналым қаражатының өсуі}}$$

1-ге тең ақша қаражатының жеткіліктілік коэффициенті кәсіпорынның сыртқы қаржыландыруға жүгінбей қызмет істей алатынын көрсетеді. Егер бұл коэффициент 1-ден төмен болса, онда кәсіпорын өз қызметінің нәтижесі есебінен дивиденд төлеуге және өндірістің қазіргі деңгейін қолдауға қабілетті емес.

$K_{ж}^a$ кәсіпорынның қаржылық қажеттілігіне инфляцияның әсерін, сонымен қатар талдауды тереңдету бағыттарын көрсететінін ескеру керек.

Ақша қаражатын капиталға айналдыру коэффициенті (K_c^k) кәсіпорын активіндегі инвестиция деңгейін анықтауда қолданылады және келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_c^k = \frac{\text{откізуден түскен табыс-төленген дивидендтер}}{\text{алғашқы құны бойынша негізгі құралдар + инвестициялар + басқа активтер + меншікті айналым капиталы}}$$

Ақша қаражатын капиталға айналдыру деңгейі 8–10% шегінде жеткілікті болып саналады.

Кәсіпорынның перспективті төлем қабілеттілігін анықтау үшін кәсіпорын активіндегі ақша қаражатына айналдыра алатын жылдамдық және дайындықты сипаттайтын өтімділіктің статистикалық көрсеткіштері кеңінен пайдаланылады.

Үш көрсеткіш жиі қолданылады:

- 1) абсолютті өтімділік коэффициенті;
- 2) аралық өтеу (жабу) коэффициенті;
- 3) жалпы өтеу (жабу) коэффициенті.

Абсолютті өтімділік коэффициенті (жеделдік коэффициенті) ақша қаражаттары мен тез өткізілетін бағалы қағаздардың мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы ретінде есептеледі.

Ол баланс жасалған мерзімінде немесе жақын мезгілде ағымдағы қарыздардың қандай бөлігі өтелетінін көрсетеді.

Осы көрсеткіштің дұрыс шектеуі келесі түрде болады:

$$K_{a.o.} \geq 0,2 \div 0,5.$$

Бұл – ағымдағы міндеттемелердің қандай бөлігі жедел өтелуі керек екендігін көрсететін төлем қабілеттілігінің қатаң белгісі. В.П. Палий бұл коэффициенттің мәні 0,2–0,25-тен жоғары болуы керек деп санайды (29).

Аралық өтеу коэффициентін есептеу үшін (немесе оның басқа аталуы: қауіпті өтім коэффициенті, өтімділіктің дәл коэффициенті) ақша қаражатының құрамына алдыңғы көрсеткіштің алымына дебиторлық борыш және басқа да активтер қосылады. Ол кәсіпорынның дебиторлармен өз уақытында есеп жүргізу жағдайында болжамданған төлемдік мүмкіндігін көрсе-

теді, яғни ағымдағы міндеттемелердің қандай бөлігі тек ақша қаражаты есебінен емес, сонымен қатар өткізілген өнімдер, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін түсімдер есебінен өтелетінін сипаттайды.)

Айналым қаражатының өтімді бөлігінің (яғни тауарлы-материалдық қорларды есептемегенде) ағымдағы міндеттемелерге қатынасын ашып көрсететін бір көрсеткіштің есебі айналым құралдарының жеке категорияларының өтімділігі бірдей еместігінен шығып отыр.

Аралық өтеу коэффициентінің қалыпты төменгі шегін бағалау былайша өрнектеледі:

$$K_{\text{ар.ө}} \geq 1.$$

В.Ф. Палий “бұл коэффициенттің теориялық ақталған бағалауы 0,7–0,8 аралығында жатыр” деп есептейді (29).

Қауіпті өтімділік коэффициенті кәсіпорынның күтілетін төлем қабілеттілігін дебиторлық борыштың бір айналымының орташа ұзақтығына тең кезеңге сипаттайды.

Басқа да көзқарас бар. Шамамен бұл коэффициент 0,5-тен кем болмауы тиіс, себебі жедел және қысқа мерзімді міндеттемелердің әр теңгесіне ақша қаражатының және дебиторлық борыштың 50 тиыннан кем келмеуі тиіс (25).

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жалпы өтеу коэффициенті) барлық ағымдағы активтердің жедел және қысқа мерзімді міндеттемелердің көлеміне қатынасын көрсетеді. Ол ағымдағы активтер мен міндеттемелердің қандай есесін өтейтінін белгілеуге мүмкіндік береді және дебиторлармен өз уақытында есеп айырысу және дайын өнімді тиімді өткізу жағдайларында ғана емес, сонымен бірге материалды айналым құралдарының басқа элементтері қажет болған кезде сату жағдайында бағаланатын кәсіпорынның төлемдік мүмкіндіктерін көрсетеді.

Жалпы өтеу коэффициенті өтімді құралдар жедел және қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасын өтей-

тінің белгілеуге мүмкіндік береді және сонымен баланс құрылымының тұрақтылық дәрежесін ғана емес, кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді қарыздары бойынша тез есептесе алу қабілеттілігін дәлелдейді.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде бұл көрсеткішке кәсіпорынның ағымдағы өтімділігін бағалау кезінде ерекше мән беріледі. Оның кеңінен қолданылуының негізгі себептері:

- 1) біріншіден, ағымдағы активтермен ағымдағы пассивтердің өтелу дәрежесін көрсетеді. Бұл көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, соншалықты қысқа мерзімді міндеттемелерді төлеу сенімділігі жоғары болады;
- 2) екіншіден, ағымдағы активтердің ағымдағы пассивтерден асып кетуі ағымдағы активтерді (ақша қаражаттарынан басқасы) сату немесе жою (тарату) кезінде зияндардың пайда болуына бөгет болады. Бұл қарсы әрекеттің қаншалықты күштірек болуы, кредитор үшін соншалықты тиімді. Бұл арттыруды шетел компанияларында жұмыс істеуші капитал (30) немесе қаржы-эксплуатациялық қажеттілік деп атайды.

Жалпы өтеу коэффициенті өндіріс сипатына байланысты күрт ауытқуы мүмкін. Оның деңгейіне тиелген тауарлар мен көрсетілген қызметтермен есеп айырысу нысандары, өндіріс циклінің ұзақтығы, тауарлы-материалдық құндылықтар қорларының құрылымы және басқалар әсер етеді.⁴ Берілген көрсеткіш үшін мына шектеу (2, 25, 29, 30) қалыпты мән болып табылады:

$$K_{ar.ө} \geq 2.$$

Берілген шектеу кәсіпорынның өтімді құралдарға (немесе қаражаттарға) тиімді қажеттілік деңгейі ағымдағы міндеттемелерден 2 есе асуы қажет екендігін көрсетеді. Ағымдағы өтімділік коэффициенті барлық айналым қаражаттарының бір айналымының орташа ұзақ-

тығына тең кезеңдегі кәсіпорынның күтілетін төлеу қабілеттілігін сипаттайды.

Осы көрсеткіштің нормативті маңызына байланысты басқа пікірлер де кездеседі (6). Ол 1 мен 3 арасындағы шектерде болуы тиіс (4). Төменгі шегі ағымдағы міндеттемелерді өтеуге жеткілікті болуы тиіс, жетпесе кәсіпорын төлеуге қабілетсіз болуы мүмкін.

Ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерден екі есе артық болуы орынсыз болып саналады, себебі бұл компанияның өз қаражаттарын рационалды салмауы мен олардың тиімсіз пайдалануын көрсетеді.

Ағымдағы өтімділік коэффициентінің 2-ге тең нормативтік мәні біздің елімізде есеп беру кәсіпорындардағы нақты жағдайды ескермей, кәсіпорынның банкроттығы туралы шешім қабылдау үшін қажет белгілердің бірі ретінде алынған. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің нормативтік мәні барлық кәсіпорындар үшін бірдей, яғни шаруашылық субъектісінің өндіріс түрі мен салалық ерекшеліктері есепке алынбайды.

Көптеген отандық кәсіпорындарды банкроттық анықтамаға жатқызуға болады. Яғни, бұндай белгілермен анықтау дұрыс емес, себебі көп кәсіпорындар ішінен нақты банкроттық шаралар қаупі төнген кәсіпорындарды бөліп көрсетпейді.

Бұл нормативтік мән әлемдік есептік талдау тәжірибесінде салалар және салааралық бойынша бөлшектеліп қолданылады. Осылай, АҚШ-тың Сауда министрлігінің мәліметтері бойынша, салалар мен кәсіпорындар тобы бойынша жалпы өтеу коэффициенті 1990 жылы мынадай мәндерге ие болды. Өндірістік сала корпорациясы – 1,47, тамақ өнімдерінің өндірісі – 1,25, баспа қызметі – 1,67, химия өнеркәсібі – 1,30, мұнай және көмір өндіру өнеркәсібі – 1,0, машина жасау – 1,85, электр құралдары және электрондық техника өндірісі – 1,47, бөлшек сауда – 1,50 (21). Біздің елде де статистикалық материалдарды жинақтау мөлшеріне қарай бұл

көрсеткіштің мәнін салалар мен салааралық бойынша бөлшектеп және активтің өтімділігін талдауда қолдану керек.

Кәсіпорын өтімді қаржының болуын оларға ұтымдылық қажеттілік шегінде реттеуі қажет. Ол – әрбір нақты кәсіпорын үшін келесі факторларға байланысты:

- кәсіпорын және оның қызметінің көлемі, мөлшері (өндіру және өткізу көлемі қаншалықты көбірек болса, соншалықты тауарлы-материалдық құндылықтар қоры мол болады);
- өнеркәсіп және өндіріс салалары (өнімге деген сұраныс және оларды өткізуден түсімнің түсу жылдамдығы);
- өндірістік цикл ұзақтығы (аяқталмаған өндіріс көлемі);
- материал қорын қалпына келтіруге қажет уақыт (олардың айналу ұзақтығы);
- кәсіпорын жұмысының маусымдылығы;
- жалпы экономикалық конъюнктура.

Егер ағымдағы активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелердің ара қатынасы 1:1 – төмен болса, онда кәсіпорын өз шоттарын төлей алмайды деуге болады. 1:1 арақатынасы ағымдағы активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелердің теңдігін білдіреді. Активтер өтімділігінің әр түрлі дәрежесін ескере отырып, активтердің барлығы тез арада өтімді деуге болмайды, яғни бұл жағдайда да кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қауіп төнеді. Егер де $K_{ар.ө}$ мәні 1:1 арақатынасынан көп болса, онда кәсіпорынның өзіндік көздері есебінен құралатын бос ресурстарының едәуір көлемі бар екені туралы қорытынды жасауға болады.

Кәсіпорын кредиторлары тұрғысынан, айналым құралдарын құрудың осы варианты аса жоғары бағаланады. Сонымен бірге, менеджердің көзқарасы бойынша кәсіпорында қорлардың өте көп жиналуы, қаржыларды

дебиторлық борышқа аудару кәсіпорынның активтерін шебер пайдалануымен байланысты.

Өтімділіктің әр түрлі көрсеткіштері тек өтімді қаржыларды есепке алудың әр түрлі дәрежесінде кәсіпорынның қаржы жағдайының тұрақтылығын жан-жақты сипаттап қана қоймай, сонымен бірге талдау хабарламаларының әр түрлі сыртқы пайдаланушыларының мүдделеріне жауап береді. Мысалы, шикізат пен материал жеткізушілері үшін абсолютті өтімділік коэффициенті ($K_{a.ө}$) қажет. Осы кәсіпорынды несиелейтін банк өтімділіктің аралық коэффициенттеріне ($K_{ap.ө}$) көп көңіл бөледі. Кәсіпорынның сатып алушылары немесе акциялар мен облигацияларды ұстаушылары кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын ағымдағы өтімділік коэффициенті ($K_{ar.ө}$) бойынша бағалайды.

Көптеген кәсіпорындар үшін аралық өтімділіктің төмен коэффициентінің жалпы өтімділіктің жоғары коэффициентіне сай келуі тән екенін атап өту керек. Бұл кәсіпорында шикізат, материал, жинақ бөлшектер, дайын өнімнің шектен тыс қорлары барлығына байланысты болады. Бұл шығындардың негізделмеуі ақырында ақша қаражатының жетіспеуіне әкеледі. Осыдан, жалпы өтеу коэффициентінің жоғары болуына қарамастан, оны құраушының, әсіресе баланстың үшінші тобына кіретін баптары бойынша, жағдайын және динамикасын айқындау керек.

Осы мақсатта өндірістік қорлардың, дайын өнімнің, аяқталмаған өндірістің айналымын есептеу керек.

Кәсіпорында аралық өтімділік коэффициентінің төмен және жалпы өтеу коэффициентінің жоғары болуы кезінде, айналымдылықтан аталған көрсеткіштерінің нашарлауы осы кәсіпорынның төлем қабілетінің нашарлағанын дәлелдейді. Өтімді қаржылардың айналым көрсеткіштерінің нашарлауы болған кезде, кәсіпорынның төлем қабілетін объективті бағалау үшін осындай төмендеу себептерін айқындау керек.

Осы кезде тұтынушының өнімдер мен қызмет көрсетулер үшін төлем жүргізуді кешіктіруінің, дайын өнімнің, шикізаттың, материалдардың және тағы басқа шектен тыс қорлануының себептерін жеке талдау керек. Бұл себептер сыртқы және ішкі себептерден болуы мүмкін. Бірақ, алдымен өтімділіктің жоғарыда аталған коэффициенттерін есептеп, олардың деңгейлеріндегі ауытқуларды және оларға әр түрлі факторлардың әсер ету көлемін анықтау керек.

Есептеулер 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

“АЗ Эталон” АҚ-ның ағымдағы активтерінің өтімділік көрсеткіштері (мың теңге)

№	Көрсеткіштер	Жыл басында 1996	Жыл соңында 1996	Өзгеріс (+; -) (2гр.- 1гр.)
1.	Ағымдағы активтер мың теңге, оның ішінде:	13781	21956	8175
1.1.	Ақша қаражаттары және қысқа мерзімді қаржылық салымдар	1463	1425	-38
1.2.	Дебиторлық борыш және басқа да активтер	1165	2914	+1749
1.3.	Алдағы кезең шығындарынсыз тауарлы-материалдық қорлар қосылған басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталға салған салымдарының мөлшеріне азайтылған құрылтайшылармен есеп және ұзақ мерзімді қаржы салымдары	11153	17617	+6464
2.	Қысқа мерзімді міндеттемелер мың теңге, оның ішінде:	4643	9681	+5038
2.1	Қысқа мерзімді несиелер мен заемдар			
2.2	Кредиторлық борыш	4294	8081	+3787
2.3	Басқа да ағымдағы міндеттемелер	349	1600	+1251
3.	Өтімділік көрсеткіштері			
3.1	Абсолюттік өтімділік коэффициенті (1.1к:2к)	0,315	0,147	-0,168
3.2	Аралық өтімділік коэффициенті [(1.1к+1.2):2к]	0,566	0,448	-0,118
3.3	Жалпы (ағымдағы) өтімділік коэффициенті [1.1к+1.2+1.3к):2к]	2,968	2,268	-0,700

9-кестенің мәліметтері жыл аяғындағы өтімділік жыл басына қарағанда біршама төмендегенін көрсетеді. Осылай, абсолютті өтімділік коэффициенті 0,168 пунктке, аралық ^{-16,71} - 0,118 пунктке және ағымдағы ^{-120,3} - 0,700 пунктке төмендеді. Егер бірінші көрсеткіш жыл басында теорияға сәйкес, ал екінші ең төменгі талап етілген шектеуден аз болса, онда жыл аяғында бұл көрсеткіштің деңгейі біршама төмендеді, сәйкесінше 0,147 және 0,448-ді құрады.

Жалпы өтеу, яғни ағымдағы өтімділік коэффициенті жыл басында да, жыл аяғында да талап етілген шектеуге жауап берді, бірақ жыл басына қарағанда 0,7 пунктке төмендеді. Бұған көлемін тізбектеп ауыстыру әдісімен анықтауға болатын, оның құрылу факторлары әсер етті. Келесі есептеу кестесін құрай отырып, оларды есептеу әдістемесін көрсетейік.

10-кесте

Жалпы өтімділіктің (ағымдағы) коэффициенті деңгейінің өзгеруіне қорытылған факторлардың әсерінің есебі

№	Көрсеткіштер	Жыл басында	Ағымдағы активтермен жыл басында және қысқа мерзімді міндеттемелер мен жыл соңында	Жыл аяғында	Ауытқулар (+,-)	Соның ішінде өзгеру есебінен	
						ағымдағы активтердің (3гр.-2гр.)	қысқа мерзімді міндеттемелердің (2гр.-1гр.)
1.	Ағымдағы активтер	13871	13781	21956	x	x	x
2.	Ағымдағы міндеттемелер	4643	9681	9681	x	x	x
3.	Өтімділіктің жалпы (ағымдағы) коэффициенті	2,968	1,424	2,268	-0,7	+0,844	-1,544

Кесте мәліметтері өтімділіктің жалпы коэффициентінің өсуіне ағымдағы активтердің абсолютті өсімі оң әсер еткенін көрсетеді, соның есебінен өтімділік коэффициенті 0,844 пунктке өсті (2,268–1,424). Осы көрсеткіштің өзгеруіне ағымдағы міндеттеменің күрт өсуі теріс әсер етті, ол 1,544 пунктке төмендеуіне әкелді (1,424–2,968).

Өтімділік коэффициентін жан-жақты бағалау үшін, оларды құрайтын факторлардың өзара байланысын білу маңызды. Мысал ретінде өтімділіктің жалпы коэффициентінің өзгеру факторларын қарастырайық.

Ағымдағы активтер баптары үшін үлестік қатысу коэффициенті – 0,000103, ал ағымдағы міндеттемелердің баптары үшін – 0,000306 құрады.

Факторлардың әсерлерінің есебі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

Жалпы (ағымдағы) өтімділік коэффициенті деңгейінің өзгеруіне нақтыланған факторлардың әсерінің есебі

№	Факторлар	Есептеу	Факторлардың әсер ету деңгейі
1.	Ағымдағы активтердің өзгеруі	2,268–1,424	+0,844
1.1.	Ақша қаражаттары мен қысқа мерзімді қаржылық салымдардың	38x0,000103	-0,0039
1.2.	Дебиторлық борыштың және басқа да активтердің	1749x0,000103	+0,1805
1.3.	Тауарлы-материалдық қорлардың	6465x0,000103	+0,6674
2.	Қысқа мерзімді міндеттемелердің өзгеруі	1,424–2,968	-1,544
2.1.	Қысқа мерзімді несиелер мен заемдардың	–	–
2.2.	Кредиторлық борыштың	3787x(-0,000306)	-1,161
2.3.	Басқа да ағымдағы міндеттемелердің	1251x(-0,000306)	-0,383

Келтірілген есептеулерден, жалпы өтеу коэффициентіне дебиторлық борыштар (2,5 есе) мен тауарлы-материалдық қорлардың (1,6 есе) күрт өсуі оң әсер еткенін көруге болады. Кредиторлық борыштың 1,9 есе және басқа да ағымдағы міндеттемелердің 4,6 есе өсуі, сонымен бірге өтімді активтердің азаюы осы көрсеткіштердің төмендеуіне әкелді.

Осылайша, біз кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі – төлем қабілеттілігін толық қарастырдық. Ол баланстың өтімділігіне тығыз байланысты. Сонымен бірге кәсіпорынның төлем қабілеттілігіне басқа да факторлар – елдегі саяси және экономикалық жағдай, ақша нарығының жағдайы, кепілдік және банктік заңдардың жетілуі, меншіктің капиталмен қамтамасыз етілуі, дебиторлық борыш, кәсіпорынның қаржы жағдайы және басқалар әсер етеді.

Төлем қабілеттілігін талдау кезінде осы факторларды кешенді түрде қарастыру маңызды, бұл талданытын кәсіпорынның қаржы жағдайын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

2.5.

КӘСІПОРЫННЫҢ НЕСИЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – несиеге қабілеттілігі. Төлем қабілеттігі "несиеге қабілеттік" түсінігімен салыстырғанда кеңірек ұғым. Төлем қабілеттілігі (ТҚ) кәсіпорынның барлық қарыздарын өтеуге, соның ішінде алған банк несиесін қайтаруға мүмкіндік беретін қаржылық жағдайын сипаттайды.

Талдаудың келесі кезеңі кәсіпорынның несиеге қабілеттігін айқындау болып табылады.

Қазіргі кезде нарықтық қатынастарды реттейтін заңдар әсерінен кәсіпорынға олардың ұйымдастыру-құқықтық нысандарына тәуелсіз, кешенді несие-есептік және кассалық қызмет көрсететін мемлекеттік, коммерциялық банктердің тармақталған желісі қалыптасуда.

Банктер несиелеу процесінде, нарық қатынастарының қалыптасуына, қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеруге, Қазақстан Республикасы егеменді мемлекеттің экономикасы мен қаржыларын нығайтуға, айналымда ақша массасының негізсіз өсуін шектеуге, инфляция процестерін болдырмауға және ұлттық валютаның (теңге) нығаюына ықпал етуге міндетті.

Банктер қарыздарды өндірістің тиімділігін, оның ғылыми-техникалық деңгейін көтеруге, өнімнің жаңа жоғары тиімді түрлерін шығаруға ынталандыруға, тұрғындарға әр түрлі қызмет көрсетуге, тауарларды халық үшін және экспортқа өндіруге байланысты мақсаттар мен шаралар үшін береді.

Банк несиелерді қайтарымдылық, жеделдік, тиімділік принциптерін қатаң сақтау, несиелерді мақсатты пайдалану мен заңда қарастырылған және екі жақпен келісілген жағдайда коммерциялық негізде береді.

Несиені беру және өтеумен байланысты мәселелер келісім түрінде несиелік шарт жасау арқылы, банк

ережелерімен және қарыз алушы кәсіпорын мен банк арасындағы несиелік келісім-шарттарымен реттеледі.

Несиелік шартта мыналар міндетті түрде қарастырылады:

- несиенің объектілері;
- қарыздың жоспарланған мөлшері, оның мақсаты;
- қарыздарды беру шарттары және өтеу мерзімдері, олардың қарыз алушы қызметінің жақсаруына әсері;
- қарыз бойынша пайыз мөлшерлемелері, олардың төмендеуі немесе көтерілуі, төлем тәртібі;
- қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету нысандары (кепілдемелер, кепілге, кепілдік беру және басқалар);
- материалдық қорлар мен өндірістік шығындарды өтеудегі меншікті айналым қаражаттарының нормативі;
- несие беру және өтеу бойынша екі жақтың міндеттемелері, құқықтары және жауапкершілігі;
- құжаттардың тізімі және оларды банкке тапсыру мерзімділігі және басқа жағдайлар.

Несие берілетін мерзіміне қарай қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Несиенің жеделдігі оны қайтару, өтеу мерзімдерімен анықталады. Осылай, қысқа мерзімді несиелер бір жылдан аспайтын мерзімге, ал ұзақ мерзімді – бір жылдан асатын мерзімге беріледі.

Қысқа мерзімді несие кәсіпорынның айналым қаражаттарының қалыптасу көздерінің бірі болып табылады. Ол кәсіпорынның ағымдағы қызметі процесінде жетіспейтін ақша қаражатының қажеттілігін жабуға мүмкіндік береді. Бір жылдан астам уақытқа кәсіпорын күрделі шығындарына несие ала алады. Бұл жағдайда несие оның дамуына, өндірісті кеңейтуге, оны қалпына келтіруге, жаңа техниканы ендіруге, қымбат жабдық-

тарды алуға және басқа мақсатты бағдарламаларға бағытталған кәсіпорынның қарыз қаражаттары ресурстарының көздері ретінде жұмсалады. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қаңтардағы кәсіпорынға және ұйымдарға меншікті айналым қаражаттарын толтыруға бөлінетін несиелерді беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы №19 қаулысына сәйкес, ұзақ мерзімді несиелердің бөлігін ағымдағы активтерді сатып алуға бағыттау қарастырылған.

Қысқа мерзімді несиелер қарыз алушыларға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк басқармасы 1994 жылы 11 ақпанда бекіткен №1 Қазақстан Республикасының экономикасының қысқа мерзімді несиелеу ережелерін сақтау негізінде несиелеудің іріленген объектілері бойынша ағымдағы қызмет мақсатында беріледі (33).

Несиеудің объектілері:

- тауарларды экспорттық және импорттық жеткізулер және сыртқы экономикалық қызметтер бойынша шығындар;
- жеке еңбек қызметімен айналысатын азаматтар сатып алған шикізат, материалдар, құралдар және басқа да мүліктер;
- ломбардтың кепіл-несиелік операциялары;
- театрдың, парктердің, атракциондардың табыстары мен шығындары арасындағы мерзімдік алшақтанушылық және т.б.

Банк басшылығының ұйғаруы бойынша несиелеу объектісі болып тиеліп жіберілуі шаруашылыққа тәуелді емес себептерге байланысты кешіктірілген дайын өнімдер бола алады:

- өнім тұтынушының сұранысына ие болған кезде өнімді шығару көлемінің жасалған шарттарға қарсы өсуі;

- оны өткізуге шарттар жасалған өнімдерді тиеп жіберу үшін тасымал құралдарын өз уақытында бермеуі;
- келісім-шартты бұзатын ұқыпсыз төлеушілерге өнімді тиеуді тоқтату.

Тауарлы-материалдық құндылықтар мен шығындар несиелеуге қалдық баланстық, бірақ жоспарланғаннан жоғары емес құнымен қабылданады.

Жоспардан артық шығындар мөлшері жыл басынан бергі өткен уақыт ішінде тауар өнімінің өндірістік өзіндік құнының қымбаттау пайызы бойынша анықталады.

✓ Қарыз алушыларға несиеле беру алдыңғы берілген несиелер бойынша мерзімі өткен қарыздар болмаған кезде жүргізіледі және банк мекемесімен қарыз алушының бірігіп несиенің қажеттілігін зерттеу негізінде анықталатын белгіленген өлшемі көлемінде жүзеге асырылады. Қарыз алушы жоспарланған тоқсан адындағы жылдың IV тоқсанында банкке келесі жылдағы несиенің қажеттілігінің тоқсан бойынша берілетін есебін келесі нысан бойынша ұсынады (12-кесте).

Есептеудің негізіне өндірістің, өткізудің көлемі бойынша алдыңғы жылдың жоспарланған есептік көрсеткіштері соңғы бірқатар жылдардағы баға мен тарифтердің өзгерілуі ескеріліп, несиелер бойынша қарыздар мен кредиторлық борыштар алынуы тиіс.

Жыл бойы бұл есептер банк пен қарыз алушының екі жақты келісімі бойынша қосымша анықталады, осымен қатар банктер қарыз алушының жеке көздерінің өсімінің қарқынын бақылау керек.

Несиелеуге мыналар қабылданбайды.

- дайын өнімнің нормадан тыс қалдықтары, көліктік қиындықтарға, ұқыпсыз төлеушілерге тиеуді тоқтатуға байланысты өнімдерді тиеп жіберудің кешіктірілуі себепті пайда болған мерзімдік қалдықтарынан басқалары;

- өтімі шектеулі немесе өтпейтін даяр өнімнің қалдықтары;
- мерзімдік қалдықтарынан басқа аяқталмаған өндірістің нормадан тыс қалдықтары, сонымен бірге, жабдықтарды жөндеу кезіндегі өндірістің жоспарлы тоқтауынан немесе басқа да себептерден пайда болған жинақтау;
- өндірістің жылдық қажеттілігінен артық әкелінген, өндірілген, бір жылдан аса немесе несиелеу үшін бекітілген басқа да кезеңнен аса қозғалыссыз сақталған тауарлы-материалдық құндылықтар;
- артық, қажет емес, қиын өткізілетін және пайдаланылмайтын тауарлы-материалдық құндылықтар;
- құндылықтардың бұзылуына немесе жабылуына әкелетін, сақтау жағдайлары сақталуын қамтамасыз етпейтін тауарлы-материалдық құндылықтар;
- несие шарттарында қарастырылған мерзімнен артық жолда келе жатқан материалдық құндылықтар;
- шығындар сметасынан асатын және өнімнің өзіндік құнына кіргізілмеген немесе ағымдағы табыстар және басқа көздер есебінен өтелмеген шығындар;
- кәсіпорын пайдалануға берілгеннен кейін жүргізілген іске қосуды реттейтін жұмыстар;
- бекітілген мерзімде қайта өңделмеген өткен жылдардың өнімінің ауыл шаруашылық шикізатының және аяқталмаған өндірісінің қалдықтары;
- дайындаудың жаңа мерзімінің басына дейін кәсіпорынның оны өңдеу жөніндегі өндірістік қуатынан асатын мөлшердегі ауыл шаруашылық шикізатының қоры;
- аяқталмаған өндіріске, дайын өнімге және тиелген өнімдерге жататын өнімнің өзіндік құнының қымбаттауы.

Қажет қарыздың _____ бойынша 200_ жыл _____ есебі.
заемның атауы

№	Көрсеткіштер аталуы	I/I 200 ж.	I/IV	I/VII	I/X	I/I 200 ж.
1.	Тиелген, несиелеуге қабылданатын тауарларды қоса алғанда барлық тауарлық-материалдық және өндірістік шығындардың жоспарланған қалдығы					
2.	ТМҚ мен шығындардың қалдығы несиелеуге қабылданбайды					
3.	Айналым қаражаттарының меншікті қалыптасу көздері, олардың жетіспеушілігін уақытша толықтыру ссудаларын қоса алғанда					
4.	Несиеленетін ТМҚ мен өндірістік шығындарға жататын кредиторлық борыш					
5.	Ссуданың жоспарланған сомасы (1-2-3-4)					

Кәсіпорын басшысы

Бас бухгалтер

"-----" -----200----ж.

М.О.

Несие алу үшін қарыз алушы банкке несиенің мақсаты, бағыты, сомасы, пайдалану мерзімі, өтеудің нақты мерзімі, сонымен қатар несиеленетін шаралардың қысқаша сипаттамасы және оны жүзеге асырудың экономикалық тиімділігі көрсетіліп негізделген жазбаша

арызбен (3 дана толтырылады) барады. Сол кезде ол банкке несие шоттарын ашу үшін қажет арыз-міндеттеме береді. Несие шоттары банкте есеп айырысу шотын ашу бойынша ашылады.

Несие алу үшін қарыз алушы, оны пайдалану мерзіміне тәуелсіз, банкке келесі құжаттарды өткізеді:

- несиеленетін шаралардың жоспарланған шығындары, несие өтелетін айналым активтерінің және күтілген түсімдер қозғалысының есебі бар техникалық-экономикалық негіздемелері;
- қарыз алушының қаржылық жағдайын және несиеге қабілеттілігін анықтау үшін бухгалтерлік, статистикалық есеп берулер, табыстар мен шығындар туралы есеп берулер және басқа да мәліметтер;
- банк тәжірибесінде қабылданған нысандар бойынша несиені өз уақытында қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер (жедел міндеттемелер, кепіл міндеттемелері, кепілдемелер, кепілдікке алу, сақтандыру куәлігі және басқалар);

Қажет болған жағдайда банк сол орында алдын ала тексеру жүргізуі және қарыз алушының қаржы-шаруашылық қызметі туралы аудиторлық ұйымның қортындысын талап етуі мүмкін.

Несиелік келісім-шарт жасауға дейін, қарыз алушыдан арыз және қажет құжаттарды алған кезде, банк кәсіпорынның өзінің қарыз міндеттемелері бойынша толық және бекітілген уақытта есептесе алады және жаңа несие алу үшін алғы шарттарды орындай алатын қабілеттілігін білдіретін, қарыз алушының несиеге қабілеттігін талдауы қажет. Басқаша айтқанда, кәсіпорынның несиеге қабілеттілігі несие алуға құқы және мүмкіндігі талданады. Ол алдыңғы несиелер бойынша есептесу кезіндегі ұқыптылығы, ағымдағы қаржы жағдайы және қажет болған кезде ақша қаражаттарының әр түрлі көздерін жұмылдыра алу мүмкіндігімен сипатталады.

Несиеге қабілеттілігін талдаудың мақсаты – банкпен несиелеу мүмкіндігі және шарттары туралы мәселені шешу алдында анықталатын, қарыз алушыға сапалық баға беру, клиенттің қарызға алған қаржыны несиешартының баптарына сәйкес қайтаруға қабілеттілігі мен несиелік салымдарының мақсатқа сайлығын және банкпен қарыз алушы арасындағы несиелеу тұрғысындағы әрі қарайғы қатынастың негізделуін және дұрыстығын бағалау (несиелеуді жалғастыру, тоқтату, ұқыпсыз қарыз алушыға санкцияларды қолдану).

Кәсіпорынның қызметіне талдау жүргізбестен бұрын төмендегідей жұмыстарды жүргізу керек.

1. Нақты бір кәсіпорынның қызметін зерттеу кезеңін белгілеу; материалдарды іріктеп алу және жүйелеу; көрсеткіштердің өзара байланысын тексеру және олардың салыстырмалылығын бағалау. Жеке алғанда инфляциялық факторлардың әсерін жою керек, ол үшін елдегі жарияланатын индекстік бағалар негізінде базистік көрсеткіштермен салыстырылатын есеп беру көрсеткіштері қайта саналады.

2. Жұмыстың екінші кезеңіндегі сыртқы талдау өткізу кезінде әр түрлі алдын ала талдау есептері жүргізіледі. Олардың қатарына есептік көрсеткіштердің базалық көрсеткіштерінен абсолютті және салыстырмалы ауытқуларының есебі; қорытынды көрсеткіштеріндегі жеке баптардың үлес салмағын анықтау; төлем қабілеттігінің, табыстылықтың және т.б. салыстырмалы көрсеткіштерінің есептері жатады.

3. Үшінші кезеңде нағыз талдау жүргізіледі. Сандық өлшемдерді пайдалана отырып талдау, белгілі бір дәрежеде шеберлікті қажет етеді, өйткені көптеген, жиі қарама-қарсы тенденциялар мен көрсеткіштерден қарыз алушыға несие беру туралы мәселені шешу үшін кәсіпорынның төлем қабілеттігі жағдайын дұрыс бағалау үшін оның даму бағыттарын анықтай білу керек.

Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін талдаудың негізгі міндеттері:

- кәсіпорынның қаржылық жағдайын анықтау;
- қарыз алушының шаруашылық қызметінің тиімсіздігі салдарынан несиелер ресурстарын жоғалтудан алдын ала сақтандыру;
- қарыз алушы кәсіпорынды оның тиімділігін көтеру бағытында қызметін ынталандыру;
- несиелердің тиімділігін көтеру.

Несие шарттарын талдау мыналарды білуді қажет етеді:

1) бұрын болған несиелерін өз уақытында өтеу, берілген есептердің сапалылығы, басшылықтың жауапкершілігі, басқа міндеттемелерге қатынасын құрайтын қарыз алушының атағы (репутация). Жақсы атақ дегеніміз – жеке билеушілік, міндеттілік, адалдық, әділдік, тәртіптілік және т.б. сияқты қасиеттері;

2) қарыз алушының бәсекеге қабілеті – өнімді өндіру және табыс алу, сонымен бірге несиені өтеуге қажетті қаржыны табу қабілеттілігі. Банктің қарыз алушының нақты шығындарын несиелеу кезіндегі табысын банктің орташа табыстылығымен салыстырып бағалау жүргізеді. Банк табысының деңгейі несиелеу кезіндегі тәуекел дәрежесімен үйлестірілуі тиіс. Банк қарыз алушыдан түсетін табыс мөлшерін қалыпты қаржылық қызметті жүзеге асыру кезіндегі банкке пайыз төлеу мүмкіндігі көзқарасынан бағалайды;

3) ірі ресурстарды пайдалану мақсаттарын;

4) несиелер сомасын;

5) несиені өтеуді. Бұл зерттеу материалды, құндылықтарды өткізу, берілген кепілдемелер және кепіл беру құқығын пайдалану есебінен несиенің қайтарымдылығын зерттеу жолымен жүргізіледі;

6) несиенің қамтамасыз етілуін, яғни банктің берілген несиеге, кепілге қарыз алушының активтерін бағалы

қарыздарды қоса алуға құқығын анықтау көзқарасынан жарғы мен ережені зерттеу;

7) активтерді иеленуін (егер кәсіпорынның несиені қайтару үшін қажетті активтері болмаса, онда ережеге сай оған несие берілмейді);

8) экономикалық конъюктура жағдайлары мен даму перспективалары (ссуда беру барысында банк саласындағы кәсіпорынның экономикалық роліне және алатын орнына назар аударуы керек. Несиелеу мерзімі қаншалықты ұзақ болса, экономикалық болжау соншалықты маңызды болады) және басқа факторлар.

Талдау қарыз алушының бухгалтерлік және статистикалық есептерінен жинақталған мәліметтер негізінде, қосымша хабарламалар, кәсіпорынның төлемді жиі кешіктіруі туралы фактілер, оның серіктестерге қатысты жауапсыздығы, бәсеке күресіндегі арамзалық, жиіркенішті әдістерін пайдалануы, меншік иесінің немесе кәсіпорын басшысының құлықсыз тәртіп және т.б. туралы құпия көздерден алынған мәліметтер негізінде жүргізілуі тиіс.

Кейбір кәсіпорындарда олардың серіктерімен, әсіресе банктермен арнайы іс жүргізіледі. Бұл тек өзіне қандай да бір ұйымның қызметін түсінуге және дұрыс бағалауға ғана емес, сонымен бірге бұл ақпаратты басқа пайдаланушыларға сатуға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін бағалаудың басты әдісі – оның ресми бухгалтерлік есеп берулерін талдау. Осыған сүйене отырып, *банк мыналарды бағалауы керек.*

- 1) кәсіпорынның төлем қабілеттігін және өтімділігін;
- 2) айналым қаражаттарын және алған несиені пайдаланудың тиімділігін;
- 3) барлық қарыз міндеттемелерді, несиенің сұралған сомасын қоса, өтімді қаржылармен жабуын;
- 4) шаруашылық айналымда меншікті айналым қаражаттарының болуын;

5) кәсіпорынның табыстылығын (рентабельділігін) бағалау.

Кәсіпорынның несиеге қабілеттігін бағалау белгілі бір уақытта және динамикада жүргізіледі.

Талдау негізінде банк қарыз алушыға несие беру мүмкіндігі туралы қорытынды жасайды.

Несиеге қабілеттілігін талдау кезінде бірқатар көрсеткіштер қолданылады. Ең маңызды болып өтімділіктің әр түрлі коэффициенттері, сонымен қатар таза табыстың авансталған капиталдың жалпы сомасына қатынасымен анықталатын кәсіпорынның табыстылығы болып табылады. Соңғы көрсеткіштің өсуі қарыз алушының қызметінің табыстылығын сипаттайды.

Банк мекемелері табыстылығы төмен, қаржылық жағдайы тұрақсыз қарыз алушылармен несиелік қатынас орнату кезінде ерекше сақтық көрсетулері керек. Осындай кәсіпорынға несие беру банк үшін жоғары тәуекелмен байланысты және билік органдарының немесе жоғары тұрған буындардың негізделген өтініштері (ходатайство) бойынша тиянақты жеке ықпалынан кейін, тек осы несиелерді қайтаруға кепілдеме алғаннан соң шешілуі мүмкін.

Несиеге қабілеттігін бағалау кезінде банктер, өтеудің аралық коэффициенттерімен қатар, өтімділіктің жалпы коэффициентін кең қолданады. Егер бұл коэффициент 1-ден төмен болса, онда банк төлем қабілеттілігі жоқ кәсіпорынмен істес болады деп саналады және несие тек ерекше шарттармен ғана беріледі. Осы коэффициенттің 1–1,5 шегіндегі деңгейі қарызды уақтылы өндіріп алуда белгілі бір тәуекелге ұрындыруы мүмкін, коэффициенттің 1,5-тен жоғары деңгейінде қарыздың қамтамасыз етілуі және оның қайтарылу кепілдігі жеткілікті болады (7).

Несиеге қабілеттілікті талдау кезінде банктің қарыз беруші ретіндегі тәуекелділік дәрежесін зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Тәуекелділіктің жоғары дәрежесін

пайыздық мөлшерлеме орташадан жоғары. Тәуекелділік дәрежесі сараптамалық әдіспен анықталады.

Нарықтық қатынастарға өту несиеге сұранысты көбейтті, бұдан оны беру жағдайының қатаюы туындайды.

Сонымен несиеге қабілеттігін талдау кезінде тек өтімділік көрсеткіштері мен табыстылық деңгейі емес, сонымен бірге айналым қаражаттарының айналымдылығы, қолда бар меншікті айналым қаражаттары, өткізудің өсу қарқыны, өнім көлемінің өсу қарқыны мен банк несиесінің өсу қарқынының қатынасы, несиелер бойынша уақыты өткен қарыздардың сомалары мен мерзімдері, операциялар санымен анықталатын есептік шотты жүргізудің оперативтілігі сияқты экономикалық көрсеткіштері зерттеледі.

Банк кәсіпорынға несие беру туралы мәселені шеше отырып, қарыз алушыларды үш категорияға бөледі: *сенімді* (несиеге қабілетті), *тұрақсыз* (несие қабілеттілігі шектеулі), *сенімсіз* (несиеге қабілетсіз), сөйтіп оларды бағалау жүйесін қалыптастырады. Сенімді қарыз алушы жалпы жағдайларда несиеленеді, бұл жағдайда несиелеудің жеңілдікті тәртібі қолданылуы мүмкін. Егер қарыз алушы тұрақсыз клиент болса, онда несие шартын жасау кезінде қарыз алушының қызметін және несиенің қайтарылуын бақылау нормалары қарастырылады (кепілдік, кепілдеме, қамтамасыз етуін ай сайын тексеру, кепіл құқығының шарттары, мөлшерлеме пайызын көтеру т.б.). Егер қарыз алушы сенімсіз клиент болса, онда оны несиелеуді жүзеге асыру орынды болмайды. Банк тек несие келісімінде қарастырылған ерекше шарттарға сәйкес несие бере алады.

Кәсіпорынның несиеге қабілетсіздігінің басты себептері анықталмаған дебиторлық борыштардың болуы, клиенттер алдында міндеттемелерді бұзу, артық өндірістік және тауар қорларын жинау, шаруашылық қызметінің төмен дәрежедегі тиімділігі, айналым қаражаттарының айналымдылығының бәсеңдеуі болып табылады.

3-тарау

КӘСІПОРЫННЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

- 3.1. Кәсіпорын табыстылығының көрсеткіштері және оларды талдаудың міндеттері 134**
- 3.2. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіштерін талдау 139**
- 3.3. Маржиналды табысты талдау 153**
- 3.4. Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштерін талдау 172**

3.1.

КӘСІПОРЫННЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Кәсіпорынның нарықтық экономика жағдайында қызмет етуінің экономикалық пайдалылығы табыс табумен анықталады. Кәсіпорынның табыстылығы абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштермен сипатталады. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіші – бұл табыстар немесе пайдалардың сомасы. Шетелдік арнаулы әдебиеттерде "табыстар" ұғымы келесідей түрде анықталады:

"Табыстар дегеніміз – қаржының келуі немесе активтер құнының өсуі, не болмаса пассивтердің азаюы түріндегі есепті кезеңдегі экономикалық пайданың ұлғаюы болып табылады, бұл акционерлер салымдарының есебінен өсуден басқа жағдайдағы капиталдың өсуіне әкеледі" (15).

Ықшамдалған түрде бұл түсінік 1995 жылы 26 желтоқсандағы "Бухгалтерлік есеп туралы" заң күші бар ҚР Президентінің 2732 Жарлығында анықталған. Жарлықтың 13-бабында былай делінген: "Табыстар – бұл есептік кезеңдегі активтердің ұлғаюы немесе міндеттемелердің азаюы" (11). Белгілі бір шығындар шығармай әдетте қажетті табыстарды алу мүмкін емес. Өз кезегінде, табыс алмай кәсіпорынның дамуын жүзеге асыру және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкін емес.

Табыстылықтың көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерінен тұрады, олар: өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден алынатын табыс; жалпы табыс; негізгі қызметтен алынатын табыс; салық салынғанға дейінгі дағдылы қызметтен алынатын табыс; салық салынғаннан кейінгі дағдылы қызметтен алынатын табыс; төтенше жағдайлардан

алынған табыс; кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі болып табылатын таза табыс.

Табыс жинақталған түрде шаруашылық жүргізудің нәтижесін, жанды және затқа айналған еңбектің өнімділігін көрсетеді. Оны кейбір экономистер экономикалық тиімділік көрсеткіштері қатарына жатқызса, енді біреулері оны кәсіпорын жұмысының тиімділігіне жатқызады. Біздің ойымызша, алғашқылардың айтқаны дұрыс, өйткені табыстың абсолютті сомасы салынған қаржылардың қайтарымдылығы туралы болжауға мүмкіндік бермейді.

Нарық жағдайында табыстың ролі айтарлықтай артты. Өзіміз білетіндей жоспарлы-директивті экономика жағдайында оның ролі төмендетілген болатын. Табыс (пайда) табу кез келген кәсіпорынның мақсатты функциясы (қызметі) ретінде төмендетілді. Нарықтық экономикаға көшумен табыс (пайда) оның, яғни кәсіпорынның қозғаушы күшіне айналды. Тек табыс қана өзара байланысқан үш мәселенің шешімін анықтайды: *нені, қалай және кім үшін өндіру керек?* Табыс табу кез келген кәсіпорынның қызмет етуінің мақсаты болып қалыптасты, ал нарықтық экономика кәсіпорынның негізгі өндірістік және әлеуметтік дамуының көзі болып табылады. Бұл принцип өнімді өндірудегі шығындардың толық ақталуын және кәсіпорынның өндірістік-техникалық базасының кеңеюіне негізделеді. Бұл әр кәсіпорын өзінің ағымдағы және күрделі шығындарын өзінің меншікті қаржы көздерінен жабатындығын білдіреді. Уақытша қаржы тапшылығы кезінде, оларға деген қажеттілік, егер бұл ағымдағы шығындар болса, олар банктің қысқа мерзімді ссудаларымен және коммерциялық несиелерімен, сонымен қатар капитал салымдары банктің ұзақ мерзімдік несиелерімен жабылуы мүмкін.

Табыс есебінен, сондай-ақ кәсіпорынның бюджет алдындағы, банктер мен басқа да кәсіпорындар, ұйымдар алдындағы міндеттемелері орындалады. Сонымен, табыс кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметін бағалаудағы негізгі көрсеткіші болып табылады.

Ол оның іскерлік белсенділігі мен қаржылық тұрақтылығын сипаттайды. Табыс бойынша авансталған қаржылардың қайтарымдылық деңгейі мен осы кәсіпорынның активтеріне салынған салымдардың табыстылығы анықталады.

Нарықтық экономика жағдайында табыстың ролі ол атқаратын қызметтермен анықталады. ТМД елдеріндегі арнайы әдебиеттерде табыс қызметі туралы мәселе жөнінде бірыңғай пікір жоқ. Оған 2-ден 6-ға дейін қызметті жатқызады. Біздің ойымызша, ол тек екі қызмет атқарады:

- 1) мемлекеттік бюджет табысының көзі;
- 2) кәсіпорын мен бірлестіктердің өндірістік және әлеуметтік даму көзі.

Функциялардың және олардың өзара шарттылығындағы бірлігі, табысты шаруашылықты жүргізуші қоғамның, кәсіпорын ұжымының және әр жұмысшының экономикалық мүдделері байланысатын элементі ретінде көрсетеді. Осыдан табысты құру және бөлу (тарату) мәселелерінің маңыздылығы көрінеді, оның (тәжірибелік) шешілуі шаруашылықты жүргізуші субъектінің тиімділігінің алынған және оның иелігінде қалатын табыс көлеміне қажетті тәуелділігін қамтамасыз етеді.

Табыс өз қызметтерін тиімді орындай алуы үшін келесідей негізгі шарттар қажет болады:

1. Жуықтаудың белгілі бір дәрежесінде, өнім бағасы еңбектің қоғамдық қажетті шығындарын көрсетуі тиіс

және ол сондай-ақ еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуі мен өзіндік құнның төмендеуін ескеруі қажет.

2. Бұйымдарды калькуляциялау және өнімнің өзіндік құнын анықтау жүйесі ғылыми негізделген болуы керек.

3. Табысты бөлу (тарату) механизмі белсенді роль атқаруы керек және өндірістің дамуы мен оның тиімділігін арттыруда ынталандырушы фактор болуы тиіс.

4. Табысты тиімді пайдалану тек қалған барлық қаржы тұтқаларының жүйесінде (амортизациялық аударымдар, қаржылық санкциялар, салық салу, акциздер, жал төлемі, дивидендтер, пайыздық мөлшерлемелер, арнайы қорлар, салымдар, пай (жарна) төлемдері, инвестициялар, есеп айырысу нысандары, несие түрлері, валюта және бағалы қағаздар курсы және т.б.) ғана мүмкін.

Бірақ табыстың абсолютті мөлшері кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігінің емес, экономикалық тиімділігінің көрсеткішіне жатады. 500 мың теңгелік табыс кәсіпорынның салынған капиталының мөлшері және қызметінің ауқымы бойынша әр түрлі көлемнің табысы болуы мүмкін. Сәйкесінше бұл соманың салыстырмалы деңгейі айтарлықтай деңгейде бірдей болмайды. Сондықтан да алынатын табысты нақты бағалау үшін кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын және табыстылық деңгейін көрсететін рентабельділіктің әр түрлі көрсеткіштері жататын табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштері қолданылады.

Кәсіпорынның табыстылық көрсеткіштерінің өсуіне шаруашылықты жүргізуші субъектінің өзі де, мемлекет те мүдделі. Сондықтан әр кәсіпорында табыстылықтың абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштеріне жүйелі түрде талдау жасау қажет.

Табыстылық көрсеткіштерін талдау міндеттеріне мыналар жатады:

- табыстылықтың абсолютті көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау;
- таза табыстың қалыптасуының құрамдас элементтерін зерттеу;
- табысқа әсер ететін факторлардың әсерін анықтау және сандық өлшеу;
- табысты бөлу бағыттарын, пропорцияларын және тенденцияларын зерттеу;
- табыстың өсу резервтерін анықтау;
- кәсіпорынның даму перспективасын ескере отырып, табысты тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасау;
- табыстылықтың (рентабельділіктің) әр түрлі коэффициенттерін және олардың деңгейлеріне әсер етуші факторларды зерттеу.

3.2.

ТАБЫСТЫЛЫҚТЫҢ АБСОЛЮТТИ
КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның шаруашылық қызметінің негізгі және түпкі мақсаты табыс алу болғандықтан, барлық назарды осы көрсеткішті талдауға аудару керек.

Табыстылықтың бірінші абсолютті көрсеткіші өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден алынатын табыс болып табылады. Ол қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есепте қосымша құн салығы, акциздер және т.с.с. салықтар мен міндетті төлемдер, сондай-ақ қайтарылған тауарлардың құны, сату шегерімдері және баға шегерімдері алынып тасталып көрсетіледі.

Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есептің осы бабы бойынша негізгі қызметтен түсетін табыс көрсетіледі.

Табыс құрылымында ең үлкен үлес салмақты өнімдер мен тауарларды өткізуден түсетін табыс алады, оның мөлшері өнім өндіру деңгейімен, оның сапасымен және төменде қарастырылатын басқа да факторлармен анықталады.

Өнім өткізуден түсетін табыс сомасына қоймадағы өтпеген бұйымдар қалдықтарының және сатып алушының жауапты сақталуындағы тиеліп жіберілген тауарлардың өзгерістері белгілі бір әсер етеді. Тауарлы-материалдық құндылықтардың азаюы немесе керісінше өсуі бірінші жағдайда өткізуден түсетін табыс сомасының өсуіне, екіншіде – азаюына әсер етеді.

Кәсіпорында өнімді өткізуден түскен табыс жоспарланған тауар өндірісінен және бұйымдардың (дайын өнімдер, сатып алушының жауапты сақталуындағы тауарлар) өтпеген бөлігінің қалдықтарының өзгерісінен шығуы керек. Бірақ өнімді өткізуден түсетін табыс көлемі жоспарының төмендеуі, ауыспалы тауарлы-

материалдық қорлардың тым артуы есебінен болатын жағдайлар да кездеседі.

2-кестеде өнімді өткізуден түскен табысты алу жоспарының негізделуін тексеру жөнінде мәліметтер келтірілген.

2-кесте

**Өнімді өткізуден түскен табыс жоспарының
негізделуін тексеру**

№	Көрсеткіштер	Есептік бағасы бойынша мың тг.
1.	Өткізілмей қалған дайын өнімнің жыл басындағы нақты қалдығы	9416 8360
2.	Тауарлы өнім шығару	29000
3.	Өткізілген өнімнің жыл аяғындағы қалдығы	15940
4.	Өнімді өткізуден алынуы мүмкін табыс (1 қатар+2 қатар – 3 қатар)	21420
5.	Жоспар бойынша өнімді өткізуден алынатын табыс	20850
6.	Ауытқуы (4 қатар – 5 қатар)	570

Кестеден кәсіпорынның өнімді өткізуден түсетін табыс көлемін 570 мың теңгеге төмендеткені көрінеді. Жоспар жасаған кезде жыл соңындағы өтпеген өнімнің шамадан тыс қалдықтарын ескерген болуы керек. Өнімді өткізуден түсетін табыс 20 850 мың теңгені емес, 570 мың теңгеге көп, яғни 21 420 мың теңгені құрауы керек еді. Басқаша айтқанда, жоспарды артық орындау болмас еді.

Өтпеген өнімнің қалдықтары келесі себептерге байланысты құралады. Дайын өнімнің бір бөлігі оларды буып-түю, орау, тиеуге дайындау, көлік партиясының көлеміне толтыру, есеп айырысу құжаттарын жазу үшін заңды түрде қоймада жиналып қалады. Осы жерде дайын өнімнің қалдықтарының нормадан тыс мөлшерде өсуіне кәсіпорынның қаржы қызметінің көңіл аударуы қажет. Өнім шаруашылық байланыстарының үзілуіне

байланысты өткізілмей қалуы немесе басқа себептерге байланысты сұранысқа ие болмауы мүмкін. Бұндай жағдай нақты-заттық нысандағы өнімдер өндіруші кәсіпорында орын алады. Орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер тауар ретіндегі өзінің өзгеше нысанына байланысты қоймадағы өнім қалдықтары бола алмайды. Бұл сондай-ақ кейбір салалардың өнімдеріне, мысалы, электроэнергетика, көлік, байланыс салаларына да қатысты.

Көп жағдайда тауарлар сатып алушының жауапты сақтауында болады, яғни өнім тиеліп жіберіліп сатып алушыға келіп түседі, бірақ сатып алушы заңды негізде оны төлеуден бас тартады. Төлеуден бас тартуының себебі жабдықтаушының жеткізу шарттарын сақтамағандығынан болуы мүмкін.

Есептеу әдісіне көшу өнімді өткізуден түсетін табыс оған келіп түскен төлем сомасының мөлшері бойынша емес, оның тиеліп жіберілген көлемімен анықталуына әкелді. Бұл талдаушылар тиелген тауарлар үшін ақшаның келіп түсуіне көңіл бөлмеуі тиіс деген сөз емес. Тиелген тауарлардың бір бөлігін сатып алушылардың уақытында төлемейтіні белгілі. Бұл жағдайда ақшалардың түспеуі жабдықтаушыға байланысты емес. Өкінішке орай бұл жағдай әдетке айналған. Төлемеушілік көлемі азайған жоқ, алайда кәсіпорынға ақша алу бағытында жұмыс жасау керек. Ол үшін сатып алушыға тауарды тиел беруді тоқтату, оны есеп айырысудың аккредитивті нысанына ауыстыру, төлемсіздікті өндіріп алу бойынша банкке талап қою, коммерциялық несиені толтыру қажет.

Нарық жағдайында тиеліп жіберілген өнімдер үшін есеп айырысудың алдын ала төлеу нысаны да қолданылады. Алдын ала төлем жүргізу төлем мерзімі өткен тиелген тауарлардың қалдығын болдырмайды. Тиелген өнімдер үшін есеп айырысудың бұл нысаны

көптеген кәсіпорында қолданылады. Алайда оның кемшіліктері де бар:

- біріншіден, бұл нысан жабдықтаушылар үшін тиімді;
- екіншіден, белгілі бір дәрежеде өндірілген өнім сапасын бақылау төмендейді, әсіресе егер жабдықтаушы кәсіпорын тауарлар мен қызмет көрсетулер нарығында монополиялық орын алатын болса;
- үшіншіден, тұтынушы төлем жүргізгеннен кейін, тауарды қажетті санынан аз алуы мүмкін (мысалы, тоннамен және басқамен өлшенетін шикізаттар мен материалдар сатып алу жүргізілген уақытта).

Табыстылықтың екінші абсолютті көрсеткіші — жалпы табыс. Ол өнімді өткізудің қаржылық нәтижесін білдіреді және негізгі қызмет нәтижесінде өнімді өткізуден түскен табыс пен өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталады.

Жалпы табысқа әсер ететін маңызды фактор өндірістік өзіндік құн, сондықтан оның төмендеуі оның көлеміне көп әсерін тигізеді.

Көптеген кәсіпорындарда өзіндік құнды баптар бойынша талдаумен айналысатын, оны төмендету жолдарын іздестіретін экономикалық қызметтің бөлімшелері болады. Бірақ белгілі бір мөлшерде бұл жұмыс, инфляциясының әсері және шикізат пен отын-энергетика ресурстарында бағаның өсуімен өзінің маңызын төмендетеді. Бағаның күрт өсуі және кәсіпорынның меншікті айналым қаражаттарының жетіспеуі жағдайында өзіндік құнның төмендеуі нәтижесінде табыстың өсімі мүмкін емес.

Шаруашылық жүргізудің тұрақты экономикалық жағдайында жалпы табыстың өсуінің негізгі жолы — материалды шығындар бөлігінде өзіндік құнды төмен-

дету. Бұл, әсіресе шикізат құнының үлес салмағы өнімнің өзіндік құнында өте жоғары болып келетін өңдеу және қайта өңдеу салаларында (машина жасау және металл өңдеу, металлургия, мұнай-химия, тігін, тамақ және т.б.) қызмет жасайтын кәсіпорындар үшін өте маңызды.

Шығарушы салаларда табиғи себептерге байланысты табыс өсімін пайдалы қазбаларды шығарудың өзіндік құнын төмендету нәтижесінде қамтамасыз ету өте қиын. Бұл негізінде шығару көлемін өсіру арқылы болуы мүмкін.

Соңғы тұтынушыға бағытталған салаларда сұраныс, өзіндік құн деңгейімен анықталатын өндіріс және өнімді өткізу көлемі шешуші мәнділікке ие болады.

Заттай түрде өнімді өткізу көлемінің өсуі табыстың өсуіне әкеледі. Сұранысқа ие өнімдерді өндірудің өспелі көлеміне күрделі салымдар көмегімен қол жеткізуге болады, бұл табыстың әлдеқайда өнімді жабдықтарды сатып алуға, жаңа технологияны игеруге, өндірісті кеңейтуге бағытталуын талап етеді. Бұл жол, қазіргі кезде көптеген кәсіпорындардың инфляция, бағаның өсуі және ұзақ мерзімді несиелерге қол жетіспеушілігіне байланысты қиын немесе мүлде мүмкін емес. Күрделі капитал салымдарын жүргізуге қаржылары мен мүмкіндіктері бар кәсіпорындар, егер инвестиция рентабельділігін инфляция қарқынынан жоғары ұстаса, онда бұл кәсіпорын өз табысын нақты өсіре алады.

Өндіріс және өнім өткізу көлемін өсіруге әкелетін айналым қаражаттарының айналымдылығын жылдамдату күрделі шығындарды талап етпейді. Инфляция айналым қаражаттарын өте тез құнсыздандырады. Кәсіпорындардың шикізат пен отын-энергетика ресурстарын сатып алуына олардың көп бөлігі бағытталады. Сатып алушылардың төлемеушілігі және де талап етілетін алдын ала төлем жүргізу кәсіпорынның қаржысының көп бөлігін айналымнан тыс әкетеді. Төлем жүргізбеудің себептері

тек айналым қаражаттарының жетіспеуі ғана емес, сонымен бірге төмен қаржылық есептік тәртіп, банк жүйесі жұмысындағы кемшіліктер және де вексельдік айналымның дамымауы да болып табылады.

Кәсіпорын табысы бағаның өсуі есебінен жоғары қарқынмен өседі. Бағаның өсуі өзінше теріс фактор болып табылмайды. Егер өнімге деген сұраныстың өсуі мен шығарылатын өнімнің техника-экономикалық параметрлердің және тұтынушылық қасиетінің жақсаруымен байланысты болса, онда ол дәлелді болады.

Жоғарыда аталған факторлардың жалпы табысқа әсерін анықтау үшін қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің мәліметтері бойынша келесі талдау кестесін құруға болады (14-кесте). *Засеі*

14-кесте

1996 жылғы "АЗ Эталон" АҚ-ның жалпы табысы
(мың теңге)

	Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Нақты өткізілген өнімге жоспар бойынша	Нақты
1.	Өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін табыс	20850	19745	23179
2.	Өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны	16435	15741	16996
3.	Жалпы табыс (1қатар–2қатар)	4415	4004	6183

Жалпы табыстың нақты көлемі жоспарланған көлемінен 1768 мың теңгеге көп.

Бұл ауытқуға келесі факторлар әсер етті:

- 1) өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны;
- 2) өнім бірлігінің бағасы;
- 3) өткізілген өнім көлемі (саны);
- 4) өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістер.

Жоғарыда аталған факторлардың осы ауытқуға әсерін анықтау керек. Олардың есебі келесі түрде жүргізіледі.

1. Өнімнің өндірістік өзіндік құнының өзгерісінің әсері, өткізілген өнімнің нақты өзіндік құнынан өткізілген өнімнің нақты көлемінің жоспарлы өзіндік құнын алып тастау жолымен мына формула арқылы табылады:

$$\Pi_s = \sum Q_i^H \cdot S_i^H - \sum Q_i^H S_i^Ж .$$

Q_i^H – өткізілген өнімнің нақты көлемі;

S_i^H – өнім бірлігінің нақты өзіндік құны;

$S_i^Ж$ – өнім бірлігінің жоспарлы өзіндік құны.

Осылайша табылған сомада шикізат, материалдар, отын, сатып алынған жартылай фабрикаттар, энергия тарифі бағаларының жоспармен салыстырғандағы өзгерістері бар. Бұл фактор кәсіпорыннан тәуелсіз болғандықтан, ішкі талдау барысында оны дербес фактор ретінде көрсету дұрыс.

Өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құнының жоспармен салыстырғанда төмендеуі немесе өсуі кезінде жалпы табыс сәйкесінше өседі немесе азаяды. Біздің мысалда артық шығындалу болған, бұл жалпы табыс көлемін 1255 мың теңгеге төмендетті (16 966–15 741).

2. Жалпы табыстың нақты көлемінің жоспардан ауытқуына қолданыстағы баға өзгерісінің әсері келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Pi_u = \sum Q_i^H \cdot P_i^H - \sum Q_i^H P_i^Ж .$$

Мұндағы: P_i^H және $P_i^Ж$ – өнім бірлігінің сәйкесінше нақты және жоспарлы бағасы.

Басқаша айтқанда, бұл фактордың әсерінің мөлшері өнім өткізуден түскен нақты түсімнен жоспарланған мөлшерді алып тастау жолымен анықталады.

Біздің мысалымызда жалпы табыс баға факторы есебінен 3434 мың теңгеге (23179–19745) өсті.

3. Өткізу көлемінің өзгерісінің жалпы табыс ауытқуына әсерін анықтау үшін алдымен өткізу көлемі бойынша жоспардың орындалу дәрежесін анықтау керек. Табыс көлемі осы факторға тікелей үйлесімді тәуелді болғандықтан, жоспарлы табысты өткізу көлемі бойынша орындалу пайызына көбейту керек.

Арнайы әдебиеттерді оқып-зерттеу, тауар өнімдерін өткізу көлемі және оның құрамындағы құрылымдық өзгерістер сияқты факторлардың табысқа тигізетін әсерін талдау тұрғысында, онда пікір таластары жүргізілетіндігін көрсетті.

Есептеу үшін өткізілген өнімнің көлемін әр түрлі бағалау ұсынылады: қолданыстағы өткізу бағасымен өндірістік өзіндік құны бойынша. Өткізілген өнімнің көлемі бойынша жоспардың орындалу пайызын есептеу кезінде әр қалай бағалау, пайдаға әсерін анықтау кезінде айтарлықтай ауытқуларға әкеледі. Бірінші әдіс экономистермен теріске шығарылған, өнімді өткізуден түсетін табыстың өзгеруі өткізудің физикалық көлеміне ғана емес, сондай-ақ құрылымындағы өзгерістерге байланысты өткізілген өнімнің рентабельділігіне де әсер етеді. Қазіргі кезде бағалар күнделікті күрделі өзгерістерді бастан кешіруде, сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша өткізу көлемін өндірістік өзіндік құн бойынша бағалау әлдеқайда дәлелді болып табылады.

Жалпы табысқа тауарлы өнімдерді өткізу көлемінің өзгерісінің әсері келесі есеп арқылы анықталады:

$$1. N_{Ж}^C = \frac{S_H}{S_{Ж}} \cdot 100.$$

Мұндағы: $N_{Ж}^C$ — өндірістік өзіндік құны бойынша өткізу көлемі жоспарының орындалу деңгейі;

$S_H, S_{Ж}$ – өткізілген өнімнің сәйкесінше нақты және жоспарлы өндірістік өзіндік құны.

$$2. \Pi_{II} = \frac{\Pi_{Ж} \cdot N_{Ж}^C}{100}$$

Мұндағы: Π_{II} – тауарлы өнімді өткізу көлемінің табысқа тигізетін әсері;

$\Pi_{Ж}$ – жоспарлы жалпы табыс.

Біз талдап отырған кәсіпорын тауарлы өнімді өткізу бойынша жоспарды 3,4%-ға асыра орындады $(16996:16435 \cdot 100) - 100$, нәтижесінде жоспарланған жалпы табыстан 150 мың теңге артық алынған $(4415 \cdot 10,34:100) - 4415$.

Талдау жұмысының теориясы мен тәжірибесінде, өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістердің жалпы табысқа әсерін есептеудің екі тәсілі бар:

- 1) "өткізілген өнімнің нақты көлеміне жоспар бойынша" есептелінген, алынуға тиісті жалпы табыс сомасын өткізу көлемі бойынша жоспардың орындалу коэффициентіне түзетілген жалпы табыстың жоспарлы мөлшерімен салыстыру арқылы;
- 2) "өткізу көлемінің өзгеруі" факторының әсер ету сомасын "өткізілген өнімнің нақты көлемінің жоспар бойынша" есептелінген және алынуға тиісті табысының көрсеткіштері арасындағы айырмадан шегеру арқылы (қалдық тәсілі).

Тәжірибеде екінші тәсіл жиі қолданылады, өйткені бұл фактордың әсер ету көлемін есептеуге дейін өткізу көлемінің өзгерісінің әсерін анықтайды. "Өткізілген өнімнің нақты көлемінің жоспар бойынша" есептелінген, алынуға тиісті жалпы табыс сомасы осы екі факторлардың жиынтық әсерін сипаттайтын болғандықтан, бұл сомадан өткізу көлемін қолданудың әсерін шегеру арқылы өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістерінің пайдаға тигізетін әсерін анықтайды.

Біздің мысалымызда есептеулер келесіні көрсетеді:

$$1) 4004 - 4415 = -411;$$

$$2) -411 + (-150) = -561.$$

Құрылымдық өзгерістер нәтижесінде жоспармен салыстырғанда жалпы табыс 561 мың теңгеге кем алынған.

Біздің ойымызша, бұл фактордың әсерін нақты өткізілген өнімнен жоспар бойынша алынуға тиісті табысты, есепті жылы өнімді өткізу көлемі бойынша жоспардың орындалуын ескере отырып, жоспарлы құрылым жағдайында алынған табыспен салыстыру арқылы анықтаған дұрыс болып табылады.

Есептің мұндай әдісі әлдеқайда ыңғайлы әрі дәл болып табылады. Есептеулер келесідей түрде болады:

$$4004 - (4415 \cdot 103,4 : 100) - 4004 - 4565 = -561.$$

Біздің мысалымызда құрылымның өзгеруі жалпы табыстың ауытқуына теріс әсерін тигізді, яғни оның мөлшері 561 мың теңгеге азайды. Жалпы табысты талдау нәтижелері 15-кестеде көрсетілген.

15-кесте

Жалпы табыстың ауытқуына негізгі факторлардың әсері

№	Көрсеткіштер	Сомасы, мың тг	Жоспарлы табысқа %-бен
1.	Өткізілген өнімнің өзіндік құнының өсуі	-1255	+ 28,4
2.	Келісілген бағалар деңгейінің өсуі	+ 3434	+ 77,7
3.	Өнімді өткізу көлемінің артуы	+ 150	+ 3,4
4.	Өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістер	-561	-12,7
	Жиыны:	+ 1768	+ 40,0

Жоспардан тыс жалпы табыс келісім бағалары мен өнімді өткізу көлемінің өсуі нәтижесінде алынып отыр. Егер кәсіпорын өнімнің өзіндік құнының өсуіне жол бермеген болса және де бизнес жоспармен салыстыр-

ғанда өткізілген өнімнің құрамындағы құрылымдық өзгерістер болмаған жағдайда жалпы табыс 1816 мың теңгеге (1255+561) өсетін еді. Жалпы табыстың өндірістік өзіндік құнының өсуі нәтижесінде азаюын – кәсіпорын жұмысындағы жағымсыз құбылыс ретінде сипаттауға болады. Елеулі кемшіліктерге 1996 жылы талданып отырған кәсіпорынның өткізген өнімінің құрамында болған құрылымдық өзгерістер жатады. Сондықтан талдаушы, шығарылатын өнім сұрыпталымы мен өндірілетін және өткізілетін өнімдердің құрамында болатын құрылымдық өзгерістерін талдауға басты назар аударуы қажет. Егер әрине нарықта оларға деген сұраныс болса, кәсіпорынға өнімнің жоғары рентабельді түрлерін өндіру мен сату тиімді болады. Өткен жылмен салыстырғандағы жалпы табыстың өзгеру себептерін анықтау кезінде, В.А. Маличет (34) ұсынған талдау әдістемесін қолдануға болады. Нарықтық экономика жағдайында, тауарларға деген бағалар еркін болған кезде және де олардың деңгейі нарық жағдайымен анықталатын кезде осы бағалардың өзгерісі туралы ақпараттар алу қажеттігі пайда болады. Кәсіпорын өнім есебін екі түрлі бағамен, яғни нарықтағы қазіргі және өткен жылдағы бағалар бойынша жүргізбейді. Осының бәрі экономиканы басқару және бақылау мақсатында бағаның қозғалысы туралы, олардың тек жылдық қана емес, сонымен қатар одан да қысқа мерзім аралықтарына, яғни ай, тоқсан, жарты жылдағы индекстері туралы мәліметтердің болу қажеттілігін тудырады. Мұндай мәліметтер ең алдымен кәсіпкерлерге, салық инспекцияларына және әр түрлі деңгейлердегі экономиканы басқару органдарына қажет болып табылады.

Біздің мысалымызда өткен жылмен салыстырғанда баға индексі 1,05-ті құрайды. Бағаның өсуі жалпы табысқа әсер етуі тиіс.

Жалпы табыстың өзгеруіне әсер етуші негізгі факторларға келесі өзгерістер жатады:

- 1) өткізілген өнімдердің бағасының өзгеруі;
- 2) өнімді өткізуден түскен табыстың өзгеруі;

3) өткізілген өнімнің 1 теңгеге шаққандағы шығындарының өзгерісі.

Олардың есепті жылы алынған жиынтық табыстың өткен жылмен салыстырғандағы ауытқуына тигізетін әсерін анықтау үшін, келесі аналитикалық 16-кестені құрайық.

16-кесте

Жалпы табыстың өткен жылдағыдан ауытқуына факторлардың тигізетін әсерін анықтау үшін қажетті алғашқы мәліметтер

№	Көрсеткіштер	Өткен жылғы	Есепті жылғы
1.	Өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден түскен	24392	23179
2.	Өткізілген өнімнің (жұмыс, қызмет) өндірістік өзіндік құны	20689	16996
3.	Жалпы табыс (1 қатар – 2 қатар)	3703	6283
4.	Баға индексі	1,00	1,05
5.	Өткізілген өнімнен (жұмыс, қызмет) түскен табыс, салыстырмалы бағамен	24392	22075

Осы мәліметтерге сүйене отырып, жоғарыда көрсетілген факторлардың жалпы табыстың өзгеруіне тигізген әсерін анықтайық:

1. Бағаның өсуі табысқа қалай әсер еткенін анықтау үшін, есепті жылы өнімді өткізуден түскен табысты өткен жылдың еркін сатылу бағасымен (ҚҚС және акцизсіз) қайта есептеп, содан кейін оны есепті жылдың еркін сату бағасымен (ҚҚС және акцизсіз) есептелген өнімді өткізуден түскен табыспен салыстыру қажет. Алынған айырма бағалар қандай сомаға өзгергендігін (өскенін немесе кемігендігін) және сәйкесінше табыстың да өзгерісін көрсетеді.

Есепті жылдағы өнімді өткізуден түскен табыс өткен жылғы бағамен:

$$23179 : 1,05 = 22075.$$

Бағалардың өзгерісі және оның жалпы табысқа әсері:

$$23179 - 22075 = 1104 \text{ мың теңгені құрады.}$$

Кәсіпорынның еркін сату бағасының өсуі есебінен түскен есепті жылдағы қосымша табыс 1104 мың теңгені құрайды.

2. Өткізуден түскен табыстың әсерін келесі жолмен анықтаймыз.)

Өткен жылғы өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы табысының деңгейі тұрғысынан алатын болсақ, онда оның абсолютті сомадағы өсімі немесе азаюы өнімді өткізуден түскен табыстың өсуі немесе азаюына пропорционалды түрде болуы тиіс.

Біздің мысалымызда өткен жылмен салыстырғанда өнімді өткізуден түскен табыс 9,5%-ға ($22\ 075:24392 \times 100 = 90,5$); $100 - 90,5 = 9,5$ азайды. Нәтижесінде өнімді өткізуден түскен табыстың кемуі есебінен жалпы табыстың азаюы 352 мың теңгені [$3703 \cdot (-9,5):100$] құрайды. Есептеуді, былтырғы өнімді сатудан түскен табыстың 1 теңгесіне шаққандағы жалпы табысты, өнімді сатудан түскен табыстың артуы немесе кемуіне көбейту арқылы жүргізуге болады:

$[3703:24392 \cdot (22075 - 24392)] = 0,1518 \cdot (-2317) = -352$ мың теңге.

3. Өткізілген өнімнен алынған табыстың 1 теңгесіне шаққандағы шығындар деңгейінің ықпалы, есепті жылы өткізілген өнімнен түскен табыстың 1 теңгесіне шаққандағы шығындардың нақты деңгейі мен өткен жылғы шығындар деңгейі арасындағы айырмасы ретінде анықталады және бұл айырманы есепті жылдағы салыстырмалы бағамен есептегендегі өнімді өткізуден алынатын нақты табысқа көбейтеді. / Нәтижесі шығынның кемуі немесе артуы кему есебінен жалпы табыс көлемінің қаншалықты өзгергенін көрсетеді. Есептеу: $[(16996:22075) - 20689:24392] \cdot 22075 = (0,7699 - 0,8482) \cdot 22075 = -0,0783 \cdot 22075 = -1728$ мың теңге. Өткізілген өнімнен алынатын табыстың 1 теңгесіне шаққандағы шығындардың азаюы нәтижесінде жалпы табыс 1728 мың теңгеге өсті. Жалпы табысқа шығындардың тигізетін ықпалының дәл осы нәтижесін, есепті жылдағы нақты шығындардың өнімді өткізуден алынған табыстың өсу (кему) индексіне қайта есептелген, өткен жылдың нақты шығындарымен салыстыру арқылы алуға болады:

$$1696 - \left(20689 - \frac{20689 \cdot 9,5}{100} \right) = 1696 - 16996 - (20689 - 1965) \\ = 16996 - 18724 = -1728 \text{ мың теңге.}$$

Өнімнің өзіндік құны осы сомаға кеміген және сәйкесінше бұл жалпы табыстың өсуіне әкеледі.

Үш фактордың ықпалы нәтижесінде жалпы табыс 2480 мың теңгеге $(+1104 - 352 + 1728) = 2480$ өсті.

Табыстылықтың келесі абсолютті көрсеткіші – негізгі қызметтен алынған (түскен) табыс. Ол сальдоланған қаржылық нәтижені білдіреді және жалпы табыс пен кезең шығындары арасындағы айырма ретінде мына формула бойынша анықталады:

$$D^H = D^Ж - P^K.$$

Мұндағы: D^H – негізгі қызметтен алынған табыс;

$D^Ж$ – жалпы табыс;

P^K – кезең шығындары.

Жалпы табыс көлемі қаншалықты көп және өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құнына кірмейтін тұрақты шығындарды білдіретін кезең шығындары қаншалықты аз болса, негізгі қызметтен алынатын табыс соншалықты жоғары болады. Сондықтан да негізгі қызметтен алынатын табысқа жүргізілетін талдауды жоғарыда аталған көрсеткіштермен, сондай-ақ маржиналды табыспен үздіксіз байланыста жүргізу қажет.

Өндірістік өзіндік құнның калькуляция баптары бойынша мәліметтері коммерциялық құпия болып саналатындықтан және де сыртқы пайдаланушылар шығындарды тұрақты және айнымалы шығындарға дәл бөле алмайтынына байланысты, жалпы табыс көлемін маржиналды табыс көлемімен теңестіруге және оны талдаудың прогрессивті әдісін қолдануға болады.

Келесі тақырыпта біз, бұл көрсеткіштің мәнін оның нарықтық экономикадағы ролін қарастырамыз және маржиналды (жалпы) табысты прогрессивті әдіс арқылы талдай отырып, негізгі қызметтен алынатын табыстың өзгеруіне әр түрлі факторлардың тигізетін әсерін анықтаймыз.

3.3.

МАРЖИНАЛДЫ ТАБЫСТЫ ТАЛДАУ

Нарықтық экономикаға өту өндіріс шығындарын есепке алуды ұйымдастыруды қайта қарауды және оның прогрессивті әдістерін ендіруді талап етеді. Осы мақсатта ҚР бухгалтерлік есеп теориясы мен практикасы үшін нарықтық экономикасы дамыған елдердегі шығындарды есепке алуда "директ-костинг" жүйесі бойынша ұйымдастыру тәжірибесі көңіл аудартады. Бұл жүйе АҚШ-та пайда болған. Оның негізгі идеялары "Өндірістік есептің Ұлттық қауымдастығының бюллетенінде 1996 жылдың қаңтарында жарияланған американдық зерттеуші И. Н. Гарристің мақаласында айтылған. Директ-костингті нақты енгізу АҚШ-та 1953 жылы іске асты, сол кезде бухгалтерлердің Ұлттық қауымдастығы осы әдістің сипатамасын жариялады. "Ұлыбританияда бұл әдіс "маржиналь-кост", ал Францияда – "маржиналды бухгалтерия" деп аталады", – деп жазған В. И. Ткач және М.В. Ткач (35). Директ-костинг жүйесінің негізінде "Шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлу – директ-костинг жүйесінің бірінші ерекше белгісі", – деп біздің ғалым, профессор С.С. Сатыбалдин тұжырымдайды (36).

Айнымалы шығындарға өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгертін тікелей шығындар жатады: шикізат және негізгі материалдар, технологиялық мақсаттарға жұмсалатын отын және энергия, өндірістік персоналдың жалақысы, тиісті төлемдерімен бірге жабдықтарды күту және пайдалану шығындары және бірқатар басқа да үстеме шығындар.

Тұрақты шығындарға әкімшілік, басқарушылық, коммерциялық және жалпы шаруашылық шығындары жатады. "Тұрақты шығындар кезеңдік шығындар болып есептеледі және бұйымдар арасында бөлінбейді, олар тура нәтижелерге жатқызылады" (35).

Айнымалы шығындар тұрақты шығындармен салыстырғанда күшейтілген бақылауды талап етеді. Тұрақты шығындардың мөлшері тұрақты болып қалады және өндіріс көлеміне пропорционалды өзгермейді, мысалы, жал төлемі, несиені пайдаланғаны үшін пайыздар, негізгі құралдарға есептелген амортизация, кәсіпорын басшысының жалақыларының кейбір түрлері және басқа да шығындар.

Тұрақты шығындар бірдей уақыт аралығында бірдей сомамен есептеледі. Оларға кәсіпорын және оның бөлімшелері бойынша смета есептеледі. Ескерілген ауытқулар (үнемдеу немесе артық шығындалу) негізінде кәсіпорынның шаруашылық нәтижесіне әр бөлімшенің салымын анықтауға болады. Айнымалы шығындарға қарағанда, тұрақты шығындар, жоғарыда аталғандай өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелді емес. Сондықтан оларды азайтудың басты резерві өндіріс көлемінің өсуінде жатыр. Шығарылған өнім көлемі қаншалықты көп болса, өнім бірлігіне тұрақты шығындар соншалықты аз келеді.

Шығындарды тұрақты және өзгермелі деп жіктеу біршама шартты сипатта екенін айта кеткен жөн, себебі шығындардың бір бабы әр түрлі жағдайда өндіріс көлеміне тәуелді немесе тәуелсіз болуы мүмкін. Мысалы, кәсіпорын қызметінің саласын кеңейту, тиісті қызмет бөлімшелерінің қызметкерлерінің жұмыс көлемін ұлғайтады (бухгалтериялар, маркетинг бөлімі, жоспарлау-өндірістік бөлімі және т.б.). Бұл жағдайда белгілі бір кезеңде басқару аппаратын ұстау шығындарының өсуі пайда болады, ол шығындар белгілі бір кезеңде тұрақты ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, тұрақты шығындар қатарына жатқызылған жеке баптар бойынша өнім шығару көлемінің тұрақсыздығына тәуелсіз бір кезеңнен екіншіге өзгеру байқалуы мүмкін (мысалы, жал төлемінің өсуі, материалдар мен тауарларды сақтау бойынша шығын-

дардың көбеюі және т.б.). Басқа бір жағынан алғанда, айнымалы шығындар, өндірісті ұйымдастыру және технологияның жаңаруы сияқты факторлардың салдарынан өндіріс көлемінің өзгеруі кезінде өзгеріссіз қалмайды. Шығындарды тұрақты және айнымалы деп бөлу қысқартылған (толық емес, шектеулі) өзіндік құнды есептеу мақсатында жүргізіледі. Оны есепке алу және жоспарлауға тек айнымалы шығындар ғана қосылады, яғни "директ-костинг" жүйесі кезінде өнімнің толық өзіндік құнын калькуляциялау әдісі қолданылмайды. Біздің елімізде бухгалтерлік есептің қазақстандық стандартына көшпес бұрын, толық өзіндік құнды есептеу және калькуляциялау жүйесі кеңінен тарады, ал "директ-костинг" жүйесі іс жүзінде қолданылмады.

Бухгалтерлік есептің №3 "Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп" стандартының мазмұны ҚР-да шығындарды есептеуді ұйымдастыру "директ-костинг" жүйесі бойынша жүргізілуі керек екендігін куәландырады. Бұл есепте тұрақты шығындар, өндірістік өзіндік құнға жатқызылмайтын және кәсіпорынның жалпы табысынан алынып тасталатын кезең шығындарына жатқызылған. Жыл бойы бұл шығындар субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебінің шоттарының Бас жоспарындағы 821 "Жалпы және әкімшілік шығындары", 831 "Пайыздар бойынша шығындар" және 811 "Тауарларды өткізу бойынша шығындар" шоттарында жинақталады.

Бұл жүйенің мәні туралы арнайы әдебиетте (37, 38) біржақты көзқарас жоқ екенін атап өту керек. Бұл авторлар "директ-костинг" – бұл өндіріс шығындарының есебінің жүйесі деп есептейді. С.С. Стуков оны "өндірістік шығындардың қысқартылған номенклатурасы бойынша тек айнымалы шығындар бөлігінде есепті жүргізу деп атайды (39). Басқа авторлар "директ-костинг" жүйесін калькуляциялау әдісіне жатқызады. С.С. Сатыбалдин былай деп жазады: "Біздің көзқарасы-

мыз бойынша, осы жүйенің мазмұнын әлдеқайда дұрысырақ сипаттайтын термин айнымалы шығындардың өзіндік құнын калькуляциялау болып табылады" (36), дегенмен осы сілтеме алынған оның монографиясының тарауы "Директ-костинг" жүйесі бойынша өндіріс шығындарының есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау" деп аталады. Осы жүйені калькуляциялаудың бір әдісі деп тани отырып, В.И. Ткач және М.В. Ткач "директ-костинг" терминінің орыс тіліндегі дұрыс аудармасы "қиылған өзіндік құн" емес, "пропорционалды өзіндік құн" деп есептейді (35). В.Ф. Палий (40) өз еңбегінде "директ-костинг" жүйесін "тікелей шығындар бойынша калькуляциялау" деп, ал С.А. Стуков "шектелген өзіндік құнды есепке алу әдісі (41)" деп атайды.

Соңғы сілтеменің тұжырымы мынадай, яғни автор "директ-костинг" жүйесі өндіріс шығындарын есептеудің және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың біртекті әдісі деп санайды, ал Н.Г. Чумаченко бұл жүйе кезінде өндіріс шығындарының есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау жеке қолданылады деп есептейді (37).

Біз қарастырып отырған мәселе бойынша бірнеше авторлардың көзқарастарын келтірдік. Біздің көзқарасымыз бойынша "директ-костинг" жүйесі, өндіріс шығындарының есебін және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауды бірге байланыстырады.

"Директ-костинг" жүйесін қолдану белгілі бір қиындықтармен байланысты. Шығындарды тұрақты және айнымалы деп жіктеу, тіпті нақты кәсіпорын бойынша да мүлдем анықталуы мүмкін емес, ол қызметтің өзгермелі жағдайларына байланысты қарастырылуы тиіс. "Директ-костинг" жүйесін қолдану барысында калькуляциялау және баға белгілеу үшін өнімнің толық өзіндік құнын жүйеден тыс жолмен анықтауға тура келеді. Сонымен қатар, салық органдарымен де өзара қатынастар қиындайды, себебі өндіріс шығындары мен

салық салуға жататын табыс есептік жолмен анықталады. "Сонымен қатар, – деп жазады проф. В.К. Радостовец – шығындарды тұрақты және өзгермелі деп бөлу есептің бақылау және талдау мүмкіндіктерін күшейтеді, ұтымды шешім қабылдауға ықпал етеді" (42). Басқаша айтқанда, шығындарды бөлу шарттылығының кемшіліктері "директ-костинг" жүйесінің аналитикалық артықшылықтарымен жабылады, олардың негізгілері:

- шығарылған өнімдердің сұрыпталымы мен табысын үйлестіру;
- жаңа өнім бағасын анықтау, кәсіпорынның өндірістік қуатының өзгеру нұсқаларын есептеу;
- өндіріс тиімділігін бағалау (жартылай фабрикаттарды алу);
- қосымша тапсырыс қабылдау, жабдықтарды ауыстыру тиімділігін бағалау және тағы басқалар болып табылады.

"Директ-костинг" жүйесі – бұл шығындарды олардың түрлері, пайда болу орындары мен таратушылары бойынша шығындардың есебінен, өндірістік қызмет нәтижелерінің есебінен, сонымен бірге шығындар мен нәтижелерін талдау және басқару шешімдерін қабылдаудан тұратын басқарушылық (өндірістік) есеп жүйесі. С. С. Сатыбалдиннің ойынша бұл жүйе кезінде "өндірістік және қаржылық есеп интеграциясы" орын алады, бұл "директ-костинг" жүйесінің екінші ерекшелігі болып табылады (36). Бұл көзқараспен С.А. Николаева келіспейді, ол "бұл жүйе бойынша өндірістік есеп қаржылық есептен бөлек және онымен бірлесе ұйымдастырылады" – деп санайды (43). С.С. Сатыбалдин бұл жүйе қаржы жүйесінен жеке ұйымдастырылуы мүмкін екенін мойындаған және олардың интеграциясына негізделген "директ-костингтің" харрисовтық жүйесін дұрыс көрсетеді. Американдық оқулықта оны "есеп жүргізудің монистикалық жүйесі" деп те атайды. "Оның мәні – деп жазады С.С. Сатыбалдин өндірістік және қаржылық

есептің жазулары жалпы жүйеге келесі жолмен біріктіріледі, өндірістік есептің ішкі операциялары бас кітапта көрсетіледі. Өндірістік шығындар және пайда мен шығындар туралы есеп басшылыққа "құн-көлем-пайда" мәліметтерінің тәуелділігі түрінде беріледі... Бірақ бұл жүйенің америкалық ғалымының көзқарасы бойынша белгілі бір кемшіліктері бар. Олар мыналар: біріншіден, өндірістік және қаржылық есептің сипаты мен мақсаты әр түрлі, сондықтан оларды біріктіру дұрыс емес. Есепті өндірістік және қаржылық деп бөлу негізінде коммерциялық құпияны сақтауда жатыр" (36).

Профессор С.С. Сатыбалдин, АҚШ-та тәжірибе алмасуда болып, осы мәселені терең және жан-жақты зерттеді. Ол біздің көзқарасымызша "директ-костинг" жүйесінің ерекшеліктерін дұрыс көрсеткен. Ол оның үшінші белгісі деп өнеркәсіптік фирманың табыстары туралы көп сатылы есеп процесін атайды, оның негізгі моделі келесі түрде көрінеді:

1. Өнімді өткізуден түскен табыс – 14416.
2. Айнымалы шығындар – 7089.
3. Маржиналды табыс – 7327.
4. Тұрақты шығындар – 4925.
5. Негізгі қызметтен алынған табыс – 2402.

Маржиналды табыс – бұл өнімді өткізуден түскен табыс пен айнымалы шығындар арасындағы айырма (14416–7089). Екінші жағынан, ол – тұрақты шығындар мен негізгі қызметтен түскен табыс сомасы (4925+2402). Бұл жағдай көп сатылы есеп құруға мүмкіндік береді, оның есепті жіктеу үшін маңызы зор.

Көп сатылы есептер кем дегенде екі бөлімнен тұрады: жоғарғысы маржиналды табысты, ал төменгісі негізгі қызметтен түскен табысты көрсетеді.

"Директ-костинг" жүйесі бойынша жасалған табыс туралы есепте айнымалы шығындардың, өткізу бағасының және өткізілетін өнім санының өзгеруі салдарынан негізгі қызметтен түскен табыстың өзгеріске

ұшырағаны көрінеді. Жүйеде алынатын ақпараттар баға мен көлемнің ең тиімді әдістерін табуға, негізгі қызметтен түсетін табыс көлемін болжауға мүмкіндік береді. Бұл "директ-костинг" жүйесінің төртінші ерекшелігі болып табылады.

Жалпы, айнымалы және тұрақты шығындардың өткізілген өнім көлемі, маржиналды табыс және негізгі қызметтен түскен табыспен өзара байланысын анық көрсету үшін графикалық әдісті пайдаланамыз. Декорт координатының тігінен ("у" белгіленетін ордината осі) өзіндік құн және өткізілген өнімнен түскен табыстың мәліметтерін, ал көлденеңінен ("х" белгіленетін абцисса осі) – табиғи өндірілген өнім саны туралы мәліметтерді келтіреміз.

Кәсіпорын икемді сұранысқа ие болатын бір атаулы өнім өндіреді делік. Келесі ақпараттар негізінде график құрамыз. Өнім бірлігіне келетін өзгермелі шығындар – 9 теңге, іскерлік белсенділіктің мүмкін болатын маңызды көлемі – 10-нан 70 мың данаға дейін бұйым, осы көлемдегі тұрақты шығындар – 450 мың теңге, өзгермелі шығындар – 630 мың теңге, жалпы шығындар – 1080 мың теңге, өткізілген өнім бірлігінің бағасы – 24 теңге. Өнім өндірудің қандай көлемінде, өткізуден түскен табыс өнімнің толық өзіндік құнына тең болатын және табыс та, шығын да болмайтын өткізудің қауіпті көлеміне қалай қол жеткізеді деген сұрақ туады. Егер өнімді өткізуден алынған нақты табыс, оның толық өзіндік құнынан жоғары болса, онда кәсіпорын негізгі қызметтен табыс алады, ал егер керісінше болса, онда шығынға ұшырайды.

Зиянсыздық нүктесін анықтау үшін (өндірудің қауіпті көлемінің нүктесі, немесе "өлі нүкте") өзіндік құн, өткізу көлемі және табыс арасындағы өзара байланысты көрсететін келесі негізгі теңдеуді пайдалануға болады:

$$D^N = V_0 + C + D^O .$$

Мұнда: D^N – өнімді өткізуден түскен табыс;
 V_0 – айнымалы шығындардың жалпы сомасы;
 C – тұрақты шығындар;
 D^0 – негізгі қызметтен түскен табыс.

Өндіріс көлемінің қауіпті нүктесі үшін теңдеу келесі түрде болады:

$$D^N = V_0 + C.$$

Егер өткізуден түскен табысты өнім бірлігінің сату бағасы (P) мен сатылған бірліктер санының (g) көбейтіндісі ретінде, ал өзгермелі шығындардың жалпы сомасын өнім бірлігінің айнымалы шығындары мен өткізілген өнім бірлігінің санына көбейтіндісі ретінде көрсететін болса, онда мынандай толық теңдеу шығады:

$$P \cdot g = C + V \cdot g.$$

Мұнда: P – өнім бірлігінің сату бағасы;
 V – өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар;
 g – сатылған бұйым бірліктерінің саны;
 C – тұрақты шығындар.

Бұл теңдеу қажетті көрсеткіштерді алу үшін негізгі теңдеу болып табылады.

1. *Өндірістің қауіпті көлемін есептеу.*

$$P \cdot g = C + V \cdot g; \quad P \cdot g - V \cdot g = C; \quad g(P - V) = C;$$

$$g = \frac{C}{(P - V)} = \frac{C}{d}.$$

Мұнда: g – өнім өндіру көлемі (бұйым бірліктерінің саны);
 d – өнім көлеміне келетін маржиналды табыс, теңге.

Барлық өнімдердің маржиналды табысы, түсім мен айнымалы шығындар сомасының арасындағы айырма ретінде анықталады.

Жоғарыда келтірілген мәндерді орнына қойып, "өлі нүкте" немесе орнын толтыру нүктесін анықтаймыз:

$$g = \frac{450000}{24 - 9} = \frac{450000}{15} = 30000.$$

Есеп, өндірістің қауіпті көлемі 30 мың өнім бірлігін құрайтынын көрсетеді.

2. Өнімді өткізуден түскен табыстың (түсімнің) қауіпті көлемін есептеу.

Бұл көрсеткішті анықтау үшін өндірістің қауіпті көлемінің теңдеуі қолданылады. Осы теңдеудің оң жақ және сол жақ бөлігін бағаға (p) көбейту арқылы қажет формуланы аламыз:

$$g = \frac{C}{P - V}; \quad g \times P = \frac{C}{P - V} \cdot P = \frac{C \times P}{P - V}; \quad D^N = \frac{C \times P}{P \left(1 - \frac{V}{P}\right)};$$

$$D^N = \frac{C}{\left(1 - \frac{V}{P}\right)}; \quad D^N = \frac{C}{\left(\frac{P - V}{P}\right)}; \quad D^N = \frac{C}{\frac{P - V}{P}}.$$

Мұндағы шартты белгілер алдыңғы қабылданғандарға сәйкес. Сандық белгілерді қойып, ізделіп отырған көрсеткіштің көлемін табамыз:

$$D^N = \frac{C}{\frac{P - V}{P}} = \frac{450000}{\frac{24 - 9}{24}} = \frac{450000}{\frac{15}{24}} = \frac{450000 \times 24}{15} = 720000.$$

"Өлі нүктеде" өткізілген өнімнен түскен табыс (түсім) 720 мың теңгені құрайды.

3. Тұрақты шығындардың қауіпті деңгейін есептеу. Есептеу үшін қауіпті нүктедегі өткізілген өнімнен түскен табыстың бастапқы формуласы қолданылады:

$$D^N = V_0 + C.$$

Бұдан: $C = D^N - V_0 = P \times g - V \cdot g = g(P - V)$, яғни
 $C = g \cdot d$

Біздің мәліметтер бойынша өндіріс көлемінің қауіпті нүктесіндегі тұрақты шығындар көлемін анықтаймыз:

$$C = g \times d = 30000 \times 15 = 450000 \text{ теңге.}$$

Бұл формула қолайлы, себебі ол егер маржиналды табыс деңгейі бағаға немесе өнімді өткізуден түскен табыс көлеміне қатысты пайызбен берілген кезде тұрақты шығындардың көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Онда есептеу формуласы мынандай болады:

$$C = gx \frac{(d\% - \text{пен алғанда}) \times P}{100} = 30000 \times \frac{62,5 \times 24}{100} =$$

$$= 450000 \text{ теңге.}$$

4. Өткізудің қауіпті бағасын есептеу.

Өткізу бағасы өткізуден түскен табыстың берілген көлеміне және өнім бірлігіне есептелген тұрақты және айнымалы шығындар деңгейіне негізделіп анықталады:

$$D^0 = C + V_0 \text{ немесе}$$

$$P \times g = C + V \cdot g \text{ бұдан}$$

$$P = \frac{C + V \times g}{g} = \frac{C}{g} + \frac{V \times g}{g} = \frac{C}{g} + V.$$

Сандық мәндерді орнына қойып, өткізудің қауіпті бағасын анықтайық:

$$P = \frac{C}{g} + V = \frac{450000 \text{ теңге}}{30000} + 9 \text{ теңге} = 15 + 9 = 24 \text{ теңге.}$$

Егер маржиналды табыс көлемі мен түсім арасындағы арақатынасы белгілі болса (немесе өнім бірлігіне келетін маржиналды табыс көлемі мен өнім бағасы арасындағы қатынас), онда бұйымның ең төмен бағасын мына формула бойынша анықтауға болады:

$$P = \frac{V}{1 - \frac{d}{P}} = \frac{9}{1 - \frac{15}{24}} = \frac{9}{1 - 0,625} = \frac{9}{0,375} = 24.$$


5. Ең төменгі маржиналды табыс деңгейін есептеу.

Егер тұрақты шығындардың көлемі және өнімді өткізуден түскен табыстың күтілетін көлемі белгілі болса, онда ең төменгі табыстың түсімге қатысты %-ға деңгейі келесі формуламен анықталады:

$$d\% - \text{пен алғанда } D^N = \frac{C}{D^N} \times 100 = \frac{450000}{720000} \times 100 = 62,5\%$$

$$62,5 \cdot 720\,000 \cdot 100 = 450\,000 \text{ теңге.}$$

Графикалы келтірілген есептер, кәсіпорын 30 мың бұйымды жалпы сомасы 720 мың теңгеге өткізіп, шығындарды толық жабатынын және өндірудің "қауіпті" көлеміне қол жеткізетінін көрсетеді.



Табыс және шығындар, түсім, өндіру көлемі көрсеткіштерінің арақатынасының графигі

Графикке қатысты шартты белгілер:

D^n – өнімді өткізуден түскен түсім;

S – өткізілген өнімнің толық өзіндік құны;

V_0 – жалпы айнымалы шығындар;

C – тұрақты шығындар;

g – өнім бірлігінің саны, мың дана;

K – өндірістің қауіпті көлемінің нүктесі.

График көмегімен, көрсетілген қаржы нәтижелерінің, өндіріс көлемі мен өнімді өткізуге тәуелділігіне келесідей түсініктеме берілуі мүмкін. Түсім мен өзіндік құн (сызықтары) түзулері қиылысқан кезде (өндіріс көлеміне сәйкес келетін "К" нүктесі – 30 000 дана) зиянсыздық жағдайына қол жеткізіледі, себебі осы нүктедегі 720 мың теңге ($30\ 000 \cdot 24$) көлеміндегі жалпы табыс, 450 мың тг, көлеміндегі тұрақты шығындар мен 270 мың теңге ($30\ 000 \cdot 9$ тг) айнымалы шығындарды өтеуге жеткілікті болып табылады. Осы нүктеден төмен, өткізу көлемінде кәсіпорын барлық шығындарды өтей алмайды, яғни оның қаржылық нәтижесі зиянды болады, керісінше, қауіпті көлемнен жоғары деңгейде қаржылық нәтижесі оң, яғни кәсіпорын қызметі табысты болады.

Графикте шығындар аймағы өндіріс көлемінің қауіпті нүктесінің сол жағында, ал табыстар аймағы – оң жағында орналасқан. 10 мыңнан 70 мыңға дейін бұйымдар шеңберінде релеванттық қатарды бағалай отырып, 30 мың бірлік бұйымнан артық өткізілген немесе шығарылған әрбір өнім бірлігі, кәсіпорындарға айнымалы шығындарды алып тастағандағы өткізу бағасына тең болатын 15 теңге маржиналды табыс (24–9) әкеледі деп қорытынды жасауға болады. Бұл табыс нақты сомадан тұрақты шығындар көлемімен ажыратылады. Өнімнің өзіндік құнын айнымалы шығындар негізінде есептеу әдісін қолдану, тұрақты шығындарды күрделі есептеуден құтылуға, өткізуден түскен табыс пен маржиналды табысты салыстыруға, өткізілген өнімге келетін барлық тұрақты шығындарды есептеп шығаруға және айнымалы шығындар бойынша қоймадағы дайын өнімнің қалдығын бағалауға мүмкіндік береді. Негізінен бұл, ағымдағы жылғы тауарлардың сатылмауына байланысты мүмкін болатын тәуелділіктен ойдағыдай өтуге және де осы сомаға табыс пен салықты азайтуға мүмкіндік береді.

70 мың бірлік өнім өткізгенде негізгі қызметтен түсетін табыстың абсолюттік көлемі 600000 теңгені құрайды $(70000 \cdot 24) - (450000 + 70000 \cdot 9) = (168000 - 108000)$.

Нақты өлшеммен алғандағы өткізуден түскен жоспарлы табыс көлемінің (70000 бірлік) өткізуден алынған табыстан артуы, орнын толтыру нүктесінде 40000 бірлікті құрайды $(70000 - 30000)$. Бұл арту, яғни асып кету "қауіпсіздік аймағы" деп аталады, себебі ол жұмыстың зиянсыздығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өткізуден алынған табысты сипаттайды. 10000-нан 30000 бірлік аралығындағы әрбір өткізілген өнім бірлігі зиян әкеледі, өйткені бұл өткізу көлемі жалпы шығындарды жабуға жеткіліксіз болып табылады.

Өндірістің қауіпті көлемінің мөлшеріне келесі бірінші реттегі факторлар өзгерісі әсер етеді:

- 1) өнім бірлігінің бағасы;
- 2) өнімнің бірлігіне шаққандағы айнымалы шығындар;
- 3) тұрақты шығындар.

Өткізілген өнім бірлігінің бағасының төмендеуі нақты өлшемдегі өткізу көлемінің көбеюінің қажеттілігін анықтайды, яғни шығындарды өтеу үшін орнын толтыру нүктесінің көтерілуін анықтайды.

Егер қарастырылып отырған мысалда бағаны 24 теңгеден 21 теңгеге дейін төмендетсе, онда орнын толтыру нүктесі 37 500 бірлікке $\left(\frac{450000}{21-9}\right)$ тең болады.

10 мыңнан 70 мың бірлікке дейін мүмкін болатын өткізудің релеванттық интервалын сақтау кезінде қауіпсіздік аймағы тарылады және 40 мың емес, 32,5 мың бірлікті құрайды $(70\ 000 - 37\ 500)$, яғни өткізу кезінде кәсіпорын тек 37 501 бірліктен бастап негізгі қызметтен табыс алады. Бағаның өсуі орнын толтыру нүктесіне кері әсерін тигізеді. Ол зиянсыздық деңгейін төмендетеді. Мысалы, егер кәсіпорын өнім бірлігін 29

теңгеден сатса, яғни бағаны 5 теңгеге немесе 20,8 %-ға өсірсе, онда өндірістің қауіпті көлемі 22 500 бірлікті құрайды $(\frac{450000}{29-9})$. Басқаша айтқанда, егер өзгермейтін

шығындар кезінде бағаны 5 теңгеге көтерсе, кәсіпорын 7500 бұйымға аз сатады. Өнім бірлігіне шаққандағы айнымалы шығындардың өзгеруі мен өндіріс көлемінің қауіпті нүктесі тікелей өзара байланысты: осы шығындардың өсуі "өлі нүктенің" көтерілуіне әкеледі. Егер қарастырылып отырған мысалда өнім бірлігіне шаққандағы айнымалы шығындар 9 теңгенің орнына 12 теңгені құраса, яғни 33,3%-ға өссе, онда өндірістің қауіпті көлемі 37500 бірлікке тең болады $(\frac{450000}{24-12})$.

Тұрақты шығындар өзгерісінің бағыты қарастырылған айнымалы шығындарға ұқсас болып келеді.

Тұрақты шығындардың көлемінің өзгерісінің қауіпті көлемге әсері келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta g = \frac{C}{P-V} - \frac{C^0}{P-V} = \frac{\Delta C}{P-V}$$

Осы формуладан көріп отырғанымыздай, тұрақты шығындардың сомасының кез келген өсімі қауіпті көлемінің өсуіне әкеледі және керісінше. Басқаша айтқанда, өткізуден түскен табыс жаңа, өскен шығындарды өтеуі үшін өнімнің белгілі бір көлемін қосымша сату қажеттілігі туады, яғни белгілі бір көлемде қосымша өнім сатылуы керек.

Осы мысалды одан әрі қарастыра отырып, мысалы жал төлемінің өсуіне байланысты тұрақты шығындардың 10%-ға өсуі қауіпті көлемге қалай әсер ететінін анықтайық. Мәліметтерді жоғарыда келтірілген формулаға қойып, жаңа, өскен тұрақты шығындар жағдайында тек зиянсыз жұмыс істеу үшін ғана, қосымша 3000 өнім бірлігін сату қажет екендігін анықтаймыз.

Кері тұжырымдама да дұрыс болады, яғни тұрақты шығындардың азаюы зиянсыздық нүктесін төмендетудің және кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудың бірден-бір әдісі болып табылады. Осылайша, 30000 өнім өткізіп, кәсіпорын шығынсыз жұмыс істейді. Бір өнімге шаққандағы тұрақты шығын мөлшері 15 теңгені ($450000:3000$) құрайды. Өндірістік қуаттар толық жұмыспен қамтылмаған. Сатып алушы 20 теңгеден 6000 бұйымды сатып алғысы келеді.

Кәсіпорын тапсырысты, оны орындаудан қосымша табыс алатын жағдайда ғана қабылдауы тиіс, 17-кестені қараңыз.

17-кесте

Қосымша тапсырысты қабылдаудың экономикалық мақсатқа сайлығын бағалау

№	Көрсеткіштер	Есептеу	Сомасы, мың тг.
1.	Өнімді өткізуден түскен табыс	$600 \cdot 20$	120
2.	Айнымалы шығындар	$600 \cdot 9$	54
3.	Тұрақты шығындар	—	—
4.	Негізгі қызметтен түскен табыс	$120 - 54$	66

Көріп отырғанымыздай, сатып алушы ұсынған баға кәсіпорынның өнімді өткізу бағасынан төмен болғанына қарамастан, осы тапсырысты қабылдау негізгі қызметтен 66000 тг көлемінде қосымша табыс алуды қамтамасыз етіп отыр. Оның қалыптасу көзі тұрақты шығындарды азайту болып табылады ($45000:36000=12,5$ тг.), ол бір өнімге 12,5 теңгені құрайды.

Нарықтық факторлардың әсерінен қауіпті көлемінің өзгеруін қарастыра отырып, біз шығынсыз жұмыс істеуге қол жеткізу туралы айтып отырмыз. Алайда кез келген кәсіпорынның мақсаты – негізгі қызметтен табыс алу.

Табыстылықты талдауды логикалық түрде жалғастыра отырып, біріншіден, өткізуден түскен табыстың қандай көлемінде кәсіпорын үшін қажет негізгі қызметтен түсетін табысты алуға болатынын, екіншіден, тұрақты шығындардың деңгейінің өзгеруі қаржы нәтижелеріне қалай әсер ететінін анықтайық. Біздің мысалымызда 30 000 өнімді өткізу барлық шығындарды өтеген болатын. Яғни, осы мөлшерден ең болмаса бір өнімді артық сату ең аз табысты алуға мүмкіндік береді. Есепті кезеңде 40000 өнім сатылды делік. Негізгі қызметтен түскен табыс 150 мың теңгені құрайды. $(40000 \cdot 24 - 40000 \cdot 9 - 450000 = 960000 - 360000 - 450000)$.

Кәсіпорын басшылары табыс а) 5%-ға, ә) 10 %-ға өсуі үшін өткізу көлемін қаншаға өсіру керек екендігі туралы мәселе қояды.

Бұл сұраққа жауап беру үшін келесі формуланы қолданамыз:

$$g_{пл} = \frac{C + D_{пл}^0}{P - V}$$

Мұнда: $D_{пл}^0$ – негізгі қызметтен түскен табыстың жоспарлы сомасы;

$g_{пл}$ – жоспардағы табыс сомасын алуды қамтамасыз ететін сату көлемі.

Берілген формула маржиналды табысты тұрақты шығындар мен негізгі қызметтен түскен жоспарлы табыстың сомасы ретінде анықтаудан шығады.

Ол үшін формуланың оң және сол жағын өнім бірлігіне есептелген маржиналды табыс өлшеміне көбейту керек:

$$g_{пл} \times (P - V) = C + D_{пл}^0$$

Келтірілген формулаға белгілі мәліметтерді орнына қоя отырып, негізгі қызметтен түскен табыс сәйкес 5% және 10%-ға өскендігін жоспарлы сату көлемімен анықтаймыз:

$$a) \quad g_{nl}^1 = \frac{450000 + 150000 \times 1,05}{24 - 9} = \frac{450000 + 157500}{15} =$$

$$\frac{607500}{15} = 40500 \text{ бірлік};$$

$$ә) \quad g_{nl}^2 = \frac{450000 + 150000 \times 1,10}{24 - 9} = \frac{450000 + 165000}{15} =$$

$$\frac{615000}{15} = 41000 \text{ бірлік}.$$

Негізгі қызметтен алынатын табысты 5%-ға көтеру үшін жалпы сомасы 12 мың теңгеге тең 500 өнім ($500 \cdot 24$), ал 10%-ға – жалпы сомасы 24 мың теңгеге тең 1000 өнім өткізу керек ($1000 \cdot 24$).

Яғни өнім көлемінің 1,25%-ға $\left(\frac{500 \cdot 100}{4000} \right)$ өсуі негізгі қызметтен табыстың 5-ке өсуін қамтамасыз етеді, ал өткізудің 2,5%-ға $\left(\frac{1000 \cdot 100}{40000} \right)$ өсуі негізгі қызметтен түскен табысты 10%-ға арттырады.

Егер кәсіпорын өнімнің бір емес, бірнеше түрін өткізетін болса, онда кәсіпорын үшін зиянсыздық нүктесі құндық түрінде келесі формула бойынша анықталады:

$$K = C \cdot \frac{P - V}{P}$$

Мысалда бұл 720 мың теңгені құрайды:

$$\left(450000 : \frac{24 - 9}{24} = \frac{450000 \cdot 24}{9} \right).$$

"Шығындар – шығару (өткізу) – табыс" арақатынасын талдау әдісі маркетингтік талдауда өнімнің аз көлемін жоғары бағамен немесе көп өнімді төмен бағамен сату керек пе деген сұраққа жауап беру барысында пайдаланылуы мүмкін.

Кәсіпорын үшін тиімді вариантты таңдау осы арақатынасты талдау процесінде жүргізілетін есептеулерді қажет етеді. Шығындарды өнім көлемімен және табыспен өзара байланыссыз қарастыру мүмкін емес, себебі бұл жағдайда қойылған сұраққа жауап алынбайды. Сондықтан, "шығындар – шығару (өткізу) – табыс" арақатынасын талдау басқа салалармен қатар маркетингтік талдауда да қолданылады.

Жоғарыда айтылған "директ-костинг" жүйесі және оның негізінде іске асырылатын маржиналды табыстың талдауы нарықтық экономиканың белгілері болып табылады. Оларды пайдалану есеп, аудит және басқару шешімдерін қабылдаудың интеграциясының жоғары дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл жүйеде басты көңіл ресурстар шығындарының өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелді жағдайды зерттеуге бөлінеді, бұл кәсіпорынның қаржы жағдайын тұрақтандыру бойынша тез және икемді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Оның ең маңызды жағы – өнімнің өзіндік құнын тек айнымалы шығындармен шектеу, күрт төмендеген шығындар баптарының санын нормалау, жоспарлау, калькуляциялау жұмысын, есеп және бақылауды жеңілдетуге мүмкіндік береді: өзіндік құн "әлдеқайда анығырақ" болады, ал жеке шығындар – жақсырақ бақыланатын болады.

Бұл жүйе, тұрақты шығындардың көлемін жоспарлау мен нормалаудың негізделу мәселесін шешуге мүмкіндік береді, себебі осы шығындардың сомасы табыс туралы есепте жеке қатарда көрсетіледі.

Бұдан басқа "директ-костинг" жүйесінде тұрақты шығындарды жедел бақылау жүзеге асырылады, себебі өзіндік құнды бақылау кезінде стандартты шығындар немесе икемді бюджеттер жиі қолданылады. "Директ-костинг" жүйесінде "стандарт-кост" жүйесін пайдалану барысында, тұрақты шығындарға стандарттар қойылады, ал икемді бюджеттер негізінде өндірістік қуаттың жұмысқа жүктелуінің әр түрлі деңгейлері үшін тұрақты шығындардың әр түрлі деңгейлерінің қойылуы жатыр.

"Директ-костинг" жүйесі кезінде келесі басқарушылық шешімдерді қабылдауға болады: ең жоғары маржиналды табыс белгісі бойынша өндірістік бағдарламаны ұтымды етуге байланысты; бәсекелес белгілі бір бағамен сататын жаңа өнімге баға белгілеу мәселесі бойынша; жабдықтарды таңдау және ауыстыру бойынша; өзінде өндіру немесе шеттен сатып алу бойынша; қосымша тапсырыс қабылдаудың дұрыстығы туралы және т.б.

"Директ-костинг" жүйесін пайдалану кезінде кәсіпорын әкімшілігі маржиналды табысты кәсіпорын бойынша да, жеке өнімдер бойынша да қолдануға басты назар аударады. Ол рентабелділігі жоғары өнімдерді жақсы анықтауға мүмкіндік береді, себебі сатылу бағасы мен айнымалы шығындардың сомасы арасындағы айырма тұрақты шығындарды өнімдер арасында бөлу нәтижесінде қозғалмайды. Ол сондай-ақ нарықтың өзгермелі жағдайларына жауап ретінде, өндірісті тез қайта бағыттауға мүмкіндік беретін ақпараттарды алуды қамтамасыз етеді.

"Директ-костинг" жүйесі шығындарды талдау мен табыстарды үйлестірудің теориялық негізі болып табылады. Ол айнымалы және тұрақты шығындардың бөлек есебін, өзіндік құнды калькуляциялау, шығындар мен қаржы нәтижелерінің талдауын біріктіретін өндірістік және қаржы есебінің біріккен жүйесі. Сондықтан оны "өзіндік құнды басқару жүйесі" немесе "кәсіпорындарды басқару жүйесі" деп атайды. Қазіргі кезде, біздің елімізде нарықтық қатынастардың қалыптасуы және бухгалтерлік есепті реформалауды жүзеге асыру барысында шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларында кәсіпорын қызметінің тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін, осы жүйені қолданудың мүмкіндігі және дұрыстығы туындады.

Осы жүйені пайдалану, талдаушының назарын тек айнымалы шығындарды ғана емес, сонымен бірге, сметалық есептеулерде келтірілген баптары шегінде кезеңдік шығындарды төмендету ресурстарын анықтау және сол арқылы кәсіпорынның негізгі қызметтен алатын табысын арттыруға аударуға мүмкіндік береді.

3.4.

ТАБЫСТЫЛЫҚТЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ
КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштеріне нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның қаржылық қызмет жасау, қаржыландыру көздерін ынталандыру және оларды тиімді пайдалану сияқты мүмкіндіктерін анықтайтын, осы кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштері жатады. Олар кәсіпорын қызметін түрлі бағытта белгілейді және олар экономикалық процеске қатысушылардың мүдделеріне сай топтастырылады. Табыстылық коэффициенттері салыстырмалы талдау мен кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалаудың міндетті элементтері болып табылады, өйткені олар кәсіпорын табысын қалыптастырудың факторлық ортасын сипаттайтын маңызды көрсеткіштер.

Табыстылық көрсеткіштері 3 топқа бөлінеді:

- 1) жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал) және олардың жекелеген элементтері;
- ә) өнімдер;
- б) ақша қаражаттарының таза ағымы (немесе түсімі) негізінде есептелетін табыстылық көрсеткіштері.

Кәсіпорын активтерін (мүлкін) пайдалану тиімділігі – берілген кәсіпорынға қаражаттар салудың дұрыстығы туралы шешімдер қабылдауда қажетті әрі маңызды белгілердің бірі болып саналады.

Кәсіпорын мүліктерінің (активтерінің) тиімділігін өлшеудің бірден-бір дұрыс, танылған әрі кең тараған қорытындылаушы көрсеткіштерінің бірі – табыстылық коэффициенті, ол таза табыстың жалпы активтерге (авансталған капиталға) қатынасын көрсетеді. Активтердің табыстылық деңгейін капиталды пайдаланудың таңдау жолдарымен, мысалы, кәсіпорынның алған табысымен салыстырған жөн.

Табыстылық коэффициентіне талдау жүргізушілер:

- басқару тиімділігінің көрсеткіштері;

- кәсіпорынның инвестициялау мақсатында қажетті табысты жеткілікті түрде ала алу қабілетін көрсететін өлшеуіш;
- табысты болжау әдісі;
- шешім қабылдау және бақылау құралы ретінде пайдаланады.

Басқару тиімділігінің көрсеткіші ретінде, авансталған капиталдың табыстылық деңгейі оның сапасының индикаторы болып табылады. Кәсіпорынның инвестициялауға қажетті табысты жеткілікті көлемде алу мүмкіндігін білдіретін өлшеуіш ретінде, авансталған (жалпы) капиталдың табыстылық деңгейі кәсіпорынның ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының сенімді көрсеткіші болып саналады. Осыған байланысты ол, инвесторлар мен ұзақ мерзімді несиелер, заем берушілердің үлкен назарына ие болады.

Бұл көрсеткішті табысты (пайданы) болжау мақсатында пайдаланудың тиімділігі сонда, ол кәсіпорынның болашақта алынатын табысын активтермен (жалпы капитал) байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл болжаудың нақтылығын жоғарылатады.

Активтердің тиімділік деңгейі, кәсіпорындарда инвестициялық шешімдер қабылдауда, қаржылық жоспарлауда, үйлестіруде, сондай-ақ шаруашылық қызметі мен оның нәтижесін бақылау мен бағалауда маңызды роль атқарады. Үлгілі басқарылатын кәсіпорын, табыстың қалыптасуын, оның әрбір орталықтары бойынша қатаң түрде бақылап отырады және сәйкесінше осы нәтижелер негізінде бөлімше басшыларына сыйақылар беріледі. Активтерге немесе жобаларға жаңа қаржы салымдарын салу қажеттілігін бағалаған кезде, олардан алынатын табыс есептеледі және бұл есептер, шешімдер қабылдауда негіз болып табылады.

Барлық активтердің тиімділік деңгейі (авансталған, жиынтық капитал) мына формула бойынша есептеледі:

$$D_a = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Барлық активтер (авансталған, жиынтық капитал=баланс валютасы)}}$$

Талданып отырған кәсіпорын мәліметтері бойынша кәсіпорынның барлық капиталының табыстылық коэффициенті, 18-кестеде берілген мәліметтермен сипатталады.

18-кесте

Авансталған капиталдың (жалпы активтер)
табыстылық деңгейі, %

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқуы (+,-)
А	Б	1	2	3
1.	Таза табыс, мың теңге	5040	6538	+1498
2.	Жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал=баланс валютасы)	30512	37254	+6742
3.	Жалпы активтердің табыстылық деңгейі (авансталған капитал), %	16,52	17,55	+1,03

Жалпы активтердің табыстылық деңгейі (авансталған капитал) өткен жылмен салыстырғанда 1,03 пунктке өскен және 17,55%-ды құрайды. Алайда бұл көрсеткіштің деңгейін білу жеткіліксіз. Оның қандай факторлардың есебінен құрылғанын және активтердің табыстылық деңгейін өсіру және сақтау үшін бұл факторлардың сенімділігін талдау, әлдеқайда маңызды болып табылады.

Арнайы оқулықтарда (әдебиеттерде) бұл көрсеткіш деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларға және оларды есептеуге қатысты екі түрлі көзқарас кездеседі. Факторларды *сандық* және *сапалық* етіп бөлу және активтерді есептеу, дәстүрлі көзқарас болып табылады. Сандық фактор сомасы бойынша жыл басына және жыл аяғына есептеліп, 2-ге бөлінген, активтердің орташа жылдық құны жатады, ал сапалық факторға кәсіпорынның таза табысы жатқызылады.

Бұл екі фактордың талданып отырған көрсеткіш бойынша алынған ауытқуға (+1,03) ықпалын анықтау үшін, өткен жылғы табыс және есепті жылға жалпы активтер бойынша активтердің қосымша табыстылық коэффициентін есептейміз. $(5040:37254 \cdot 100)$, бұл біздің мысалымызда 13,53%-ды құрайды. Одан өткен жылғы табыстылық коэффициентін алып тастау арқылы, жалпы активтер өзгерісінің ықпал ету мөлшерін анықтаймыз. Бұл фактордың талданып отырған көрсеткішке кері әсері 2,99 пунктті (13,53–16,52) құрайды. Таза табыстың 1498 мың теңгеге өсуі, зерттеліп отырған көрсеткішті – 4,02 пунктке (17,55–13,53) өсірді. Бұл екі фактордың жиынтық әсері, өткен жылғы мәнімен салыстырғанда жалпы активтердің табыстылық деңгейінің оң нәтижелі ауытқуын беріп отыр $(-2,99+4,02=+1,03)$.

Алайда айта кеткен жөн, факторлар әсерін бұл әдісте-теме бойынша өлшеу біршама қате, себебі оны есептеудің математикалық формуласы дұрыс және ешқандай күдіксіз болғанына қарамастан, ол көрсеткіштің экономикалық мазмұнына жауап бермейді. Таза табыс бойынша барлық активтердің табыстылық деңгейі – (қаражатты тарту көздеріне тәуелсіз) активтер құнының бірлігінен (1 теңге) табыстың қанша ақшалай бірлігі алынғанын көрсетеді. Осыған қарағанда, неғұрлым кәсіпорын кеңейген сайын және оның өндірістік потенциялы өскен сайын, соғұрлым активтер тиімділігі төмен болады. Керісінше, авансталған капиталдың табыстылық деңгейі жалпы активтерді пайдалану тиімділігіне тәуелді болуы тиіс. Осы түсініктерді қарастыра келе, біз екінші көзқарас әлдеқайда ғылыми негізделген және дұрыс деп есептейміз. Және оның соңғы жылдардағы арнайы әдебиеттерде кең таралуы кездейсоқ емес. Таза табысты қалыптастыру барысында, іскерлік белсенділігі көрсеткіштерінің бірі болып саналатын өнімді өткізуден алынған табыс маңызды роль атқарады. Сондықтан да екінші көзқарасты қолдаушы мамандар, жалпы активтердің

табыстылық деңгейінің өзгерісі келесі бірінші қатарлы факторлардың әсерінен болады деп есептейді:

- 1) кәсіпорын табыстылығының салыстырмалы көрсеткіштерінің бірі – өткізілген өнімнің табыстылық деңгейі;
- 2) жалпы активтердің айналымдылығы.

Бұл көрсеткіштердің арасындағы өзара байланыс келесі түрде берілуі мүмкін:

Жалпы активтердің табыстылық деңгейі = өткізілген (сату) өнімнің табыстылығы · активтер айналымдылығы.

Шынында:

$$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Жалпы активтердің орташа мөлшері}} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Өнімді өткізуден алынатын табыс}} \cdot \frac{\text{Өнімді өткізуден алынатын табыс}}{\text{Жалпы активтердің орташа мөлшері}}$$

Басқаша айтқанда, кәсіпорынның активтерге салынған қаражаттарының әрбір теңгесінен алынған таза табысы, өнімді өткізу табыстылығына (сату) және кәсіпорын активтерінің айналымдылығының жылдамдығына байланысты болады.

Формула жалпы активтердің табыстылық деңгейін жоғарылату жолдарын көрсетеді: сату табыстылығы төмен болғанда капитал мен оның элементтерінің айналымын жылдамдатуға ұмтылу керек және керісінше, сол немесе басқа себептермен анықталатын кәсіпорынның төмен іскерлік белсенділігі, өнімді өндіру шығындарын азайту немесе өнім бағасын өсіру, яғни сату табыстылығын өсіру негізінде теңестірілуі (орны толтырылуы) мүмкін.

Авансталған капиталдың (жалпы активтердің) табыстылық деңгейінің өзгеруіне жоғарыда аталған факторлардың тигізетін әсерін талдау үшін келесі аналітика-

1 / 1

Авансталған капиталдың (жалпы активтер – баланс валютасы) табыстылық деңгейіндегі болған ауытқуға, активтер айналымдылығы мен өнімді өткізу табыстылығы коэффициентінің өзгерісінің тигізетін ықпалы

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Өткен жылға қарағандағы ауытқуы (+, -)	Оның ішінде коэффициенттер өзгерісі есебінен	
					сату табыстылығы	активтердің айналымдылығы
А	Б	1	2	3	4	5
1.	Таза табыс, мың теңге	5040	6538	+1498	х	х
2.	Өткізуден түскен табыс, мың теңге	24392	23179	-1213	х	х
3.	Жалпы активтердің орташа жылдық құны, мың теңге	30512	37254	+6742	х	х
4.	Жалпы активтердің (авансталған капитал) табыстылық деңгейі, % (1 қатар: 3қ·100)	16,52	17,55	+1,03	+4,74	-3,71
5.	Өткізілген өнімнің табыстылық коэффициенті, % (1 қатар: 2қ·100)	20,66	28,21	+7,55	х	х
6.	Активтердің айналымдылық коэффициенті (2қ:3қ)	0,80	0,62	-0,18	х	х

Бірінші қатардағы факторлар тізбектеп ауыстыру әдісімен есептеледі. Есепті жылдағы активтер айналымдылығының нақты коэффициенті мен сату табысты-

лығының коэффициенті бойынша шартты көрсеткіш ретінде активтердің табыстылық деңгейін (D_y) аламыз.

$$D_y = 20,66 \cdot 0,62 = 12,81\%.$$

Осы көрсеткішті және кестеде келтірілген өткен және есепті жылғы активтер табыстылығы деңгейінің көрсеткішін (авансталған капитал) пайдалана отырып, бірінші қатарлы факторлардың ықпал ету деңгейін есептейміз. Біздің мысалымызда ол келесі мәліметтермен сипатталады:

- 1) өткізілген өнімнің табыстылық коэффициентінің өзгерісі: $17,55 - 12,81 = +4,74$;
- 2) жалпы активтердің айналымдылық коэффициентінің өзгерісі: $12,81 - 16,52 = -3,71$.

Сонымен қатар, жалпы активтердің табыстылық деңгейінің артуына өткізілген өнімнің табыстылық коэффициентінің өсуі оң әсерін тигізіп отыр, ал активтердің айналымдылығының бәсеңдеуі, оның жылдам төмендеуіне әкеліп соқтырды.

Факторларды егжей-тегжейлі талдау үлестік қатысу (коэффициент) тәсілімен жүргізіледі. Ол үшін үлестік қатысу коэффициенттері, жоғары қатарлы факторлардың ықпал ету деңгейінің төменгі қатарлы факторлар өзгерісінің абсолютті сомасына қатынасы ретінде есептеледі.

Осылайша жалпы активтердің табыстылық деңгейі (авансталған капитал) немесе қызметтің барлық түрлерінің табыстылық коэффициенті (жалпы табыстылықтың) кәсіпорынның өз қызметін қаншалықты тиімді және табысты жүргізетінін көрсетеді.

Тәжірибеде ағымдағы активтердің табыстылығы деп аталатын көрсеткіш кеңінен қолданылады. Ол ағымдағы активтерге салған бір теңгеден кәсіпорын қанша табыс алатынын көрсетеді:

$$D_{m.a} = \frac{D^a}{T_a}.$$

Мұнда: T_a – ағымдағы активтердің орташа көлемі.

Акционерлік компания құқығында жұмыс істеуші кәсіпорын үшін салынған капиталдың табыстылық деңгейін бағалаудың, яғни акционерлік капиталды тиімді пайдаланудың негізгі көрсеткіші болып, кәсіпорынның таза табысының оның меншікті капиталына пайыздың қатынасы есептеледі. Бұл көрсеткіш – меншікті капиталдың табыстылық коэффициенті немесе мөлшерлемесі деп аталады (43). Ол мына формуламен анықталады:

$$D_{СК} = \frac{D^ч}{C_K}.$$

Мұнда: $D_{СК}$ – меншікті капиталдың табыстылығы;

$D^ч$ – таза табыс;

C_K – меншікті капитал.

Ол экономикалық және қаржылық талдауда маңызды көрсеткіш болып табылады. Жак Ришар: «бұл көрсеткішті жеке кәсіпорынның қызметін талдаудың түрлі жақтарын үйлестіруші, негізгі көрсеткіш деп айтуға да болады», – деп жазады (44). Дәл осы көрсеткіш биржада акционерлік компаниялардың акцияларына баға белгілеуді бағалау барысында маңызды роль атқарады. Теледидар және радио комментаторлары және мақала авторлары кәсіпорындардың тиімділігі, бәсекелестігі және табыстылығы туралы айтқанда дәл осы көрсеткішті пайдаланады.

Меншікті капиталдың табыстылық коэффициенті (мөлшерлемесі) бұл өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыстың меншікті капиталдың айналымдылық көрсеткішіне көбейтіндісінің нәтижесі. Ол келесі формуладан есептеліп шығарылады:

$$D_{СК} = \frac{D^ч}{D^N} \times \frac{D^N}{C_K}.$$

Мұнда: D^N – өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс (түсім).

Шетелдік арнайы әдебиетте меншікті капиталдың табыстылық деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды талдаудың түрлі әдістемелері ұсынылған. Жак Ришар келесі формуланы ұсынады:

$$D_{СК} = \frac{D^ч}{C_K} = \frac{D^B}{D^N} \times \frac{D^N}{A} \times \frac{D^к}{D^B} \times \frac{A}{C_K}.$$

(1) (2) (3) (4) (5)

▲————▲
ЖТ (жалпы табыстылық)

Мұнда: D^B – жиынтық немесе жалпы табыс (таза табыс + кредиторларға төленген пайыздар);

A – активтер құны (авансталған, жалпы, жиынтық капитал).

Формуладан көріп отырғанымыздай меншікті капиталдың табыстылық коэффициенті (1) сату көлемінің табыстылығын (2) барлық активтердің айналымдылығына (3) (жиынтық, авансталған, жалпы капитал), меншік иелерінің табысының жалпы табыстағы салыстырмалы үлесіне (4) және қаржылық құрылым көрсеткіштеріне көбейткенге тең.

Бұл формула батыста кеңінен қолданып жүрген Дюпонның әйгілі формуласымен үйлеседі. Ол жеке компанияның қаржылық есебін талдау барысында қолданылатын, табыс көрсеткішін акцияларға қарапайым аналитикалық жіктеу болып табылады:

$$D_{СК} = \frac{D^ч}{C_K} = \frac{D^ч}{D^N} \times \frac{D^N}{A} \times \frac{A}{C_K}.$$

Мұндағы: $D_{СК}$ – меншікті капиталдың табыстылығы;

$D^ч$ – таза табыс;

D^N – өнімді өткізуден алынған табыс;

A – активтер құны;

C_K – меншікті (акционерлік) капитал.

Дюпон формуласындағы көбейткіштердің әрқайсысы дербес көрсеткіш болып табылады. Осы формуланы пайдалана отырып талдау жүргізуші, тізбекке қосылған факторлардың қайсысы акционерлік капиталдың табыстылық деңгейіне ең жоғары дәрежеде ықпал еткенін айта алады: өткізілген өнімнің әрбір теңгесінен көбірек таза табыс алу, активтерді әлдеқайда тиімдірек пайдалану немесе кәсіпорынның жиынтық (авансталған, жалпы) капиталының құрылымдық өзгерісі.

Осындай тәуелділіктерді зерттеу, қызмет нәтижесін жақсарту үшін кәсіпорынның қаржы тетіктерін пайдалану мүмкіндігін және оның қаржылық жағдайын бағалауда үлкен дәлелдеуші күштерге ие болады. Яғни, басқа да осындай жағдайларда, акционерлік капиталдың қайтарымдылығы, жиынтық капиталдың құрамындағы қарыз қаражаттарының үлесі көбейген кезде өседі.

Меншікті капитал мен барлық активтердің табыстылық деңгейі көрсеткіштері арасындағы айырма кәсіпорынның қаржыландыру көздерін ынталандырумен байланысты. Егер қарыз қаражаттары осы қарыз капиталына төленетін пайыздарға қарағанда көбірек табыс әкелсе, онда айырма меншікті капиталдың қайтарымдылығын арттыру үшін қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда кәсіпорын иелері, меншікті капиталдың табыстылық коэффициентін (ставкасын) өсіру мақсатында, әрине қарыздарға (несиеге) назар аударады: қаржылық оқулықта мұны “тетік нәтижесі” деп атайды.

Қарызға байланысты кәсіпорын иесінің іс-әрекеті екі негізгі элементтің ықпалында болады.

Бірінші элемент – бұл салық салынғаннан кейінгі өндіріс табыстылығының (рентабельділігінің) нормасына байланысты қарыздар бойынша пайыздың мөлшерлемесінің салыстырмалы деңгейі.

Қарыз капиталының табыстылық мөлшерлемесі, кредиторлар табысының қарыз капиталына қатынасы ретінде, келесі формула бойынша анықталады:

$$D = \frac{\text{Кредиторлар табысы}}{\text{Қарыз капиталы}} = \frac{\text{Кредиторларға төленген пайыздар}}{\text{Қаржылық қарыздық міндеттемелер (қысқа, орта және ұзақ мерзімді)}}$$

Кәсіпорынның инвестицияланған капиталына табыстылық мөлшерлемесі (76), таза табыстың (салық төленгеннен кейін) активтердің жалпы массасына қатынасы ретінде анықталады:

$$D_a = \frac{D^ч (1 - C_H)}{A}$$

Мұнда: D_a – активтердің табыстылығы (инвестицияланған капитал);

$D^ч$ – таза табыс;

C_H – салық мөлшерлемесі;

A – активтер;

$1 - C_H$ – салық мөлшерлемесінің компанияға әсері.

Негізінде, мысалы кәсіпорынның жаңа қарыздары болмаған жағдайда, берілген кәсіпорын салық салынғаннан кейін 15%-ға тең өндіріс табыстылығына ие болады, бұл кезде нарықтағы пайыздық мөлшерлеме 10%-ға тең. Осыған байланысты, кәсіпкер, құны төмен ақшаларды іске қосу арқылы меншікті капиталдың табыстылық мөлшерлемесін өсіру мақсатында, қарыз капиталы мен тартылған капитал құнының арасындағы айырманы алуға тырысады. Кәсіпкер бұл жағдайға назар аударуы мүмкін, себебі қаржылық шығындар азаяды және салықтық үнемділік байқалады. Ссудалар бойынша пайыз мөлшерлемесі келісім-шарт нормасы болып табылмайды (біздің мысалымызда 10 пайыз), себебі берілген норма салықтық үнем үлесіне қысқарады.

Мысалы, егер салық мөлшерлемесі 50%-ға тең болса, онда 10%-дың келісім-шарт мөлшерлемесіне сәйкес келетін нақты мөлшерлеме 5%-ға тең, яғни қарыз капиталының нақты мөлшерлемесі:

$$10\% \cdot (1-0,5) = 5\% \text{-ға тең.}$$

Әрине, салық салынғаннан кейін өндіріс табыстылығы (рентабельділігі) мен нақты пайыздық мөлшерлеме арасындағы бұндай арақатынас негізінде, қарыз көбейген сайын қарыз міндеттемелерінің табыстылық мөлшерлемесіне тигізетін әсері арта түседі деп айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандай тетік нәтижесі математикалық формуласында (44) көрсетілуі мүмкін, оның жеңілдетілген нұсқасы келесідей түрде болады:

Активтердің (капиталдың) табыстылық мөлшерлемесі	=	Салық төлен- геннен кейін- гі табыстылық	+	Өндіріс табыс- тылығы мен нақты пайыз- дық мөлшер- леме арасын- дағы айырма	x	Қарыздық үлесі (қарыз міндеттемеле- рінің меншік- ті капиталға қатынасы)
-----------------------------------------------------------	---	------------------------------------------------	---	--------------------------------------------------------------------------------------------	---	-----------------------------------------------------------------------------------------

$$D_a = \text{ЭР}(1 - C_H) + [\text{ЭР}(1 - C_H) - \Pi(1 - C_H)] \times \frac{D}{C_K}.$$

Мұнда: D_a – активтер (капитал) табыстылығы;

ЭР – эксплуатациялық табыс (салықтар мен пайыздарды төлегенге дейін);

Π – ссудалар бойынша келісім-шартта көрсетілген жылдық пайыз мөлшерлемесі;

C_H – салық салу мөлшерлемесі;

D – қарыз міндеттемелері;

C_K – инвестицияланған меншікті капитал.

Екінші элемент экономикалық белсенділіктің салыстырмалы жоғары деңгейлі тұрақтылығын көрсетеді. Берілген формула бойынша егер салық төленгеннен кейінгі инвестицияланған капитал активтерінің табыс-

тылық коэффициенті мен салық төленгеннен кейінгі пайыз мөлшерлемесі арасындағы айырма оң болса, онда тетік нәтижесі де оң болады. Егер активтердің табыстылық деңгейі қарыз қаражаттарына төленетін пайыздарға қарағанда аз болатын болса, онда қарыз қаражаттары кәсіпорын қызметіне кері әсер етеді деп бағаланады. Меншікті капиталдың тиімділігін арттыру үшін, қарыз капиталын пайдаланудың дұрыстығы жөніндегі сұрақтарды шешуге мүмкіндік беретін “тетік нәтижесінің” формуласы аналитикалық жұмыста қолданылуы тиіс. Талдау жүргізуші түрлі көрсеткіштерді пайдалана отырып меншікті капиталдың табыстылық мөлшерлемесін өсіру жолдарын көрсетеді.

Меншікті капиталдың табыстылық факторларын ашып көрсететін Жак Ришар мен Дюпонның формуласына келетін болсақ, онда олар онша дұрыс емес, себебі активтер құнының меншікті капиталға қатынасымен

$\left(\frac{A}{C_K} \right)$ анықталатын соңғы көбейткіш авансталған

(жиынтық, жалпы) капиталдың құрылымын сипаттамайды, ол жиынтық капиталдың меншікті капиталдан қанша есеге көп екенін көрсетеді. Бұл формулалардан меншікті табыстылық коэффициентінің осы қатынасқа тура пропорционалды тәуелділігін көруге болады: ол неғұрлым жоғары болса, меншікті капиталдың табыстылық мөлшерлемесі солғұрлым көп болады. Бірақ, жиынтық және меншікті капиталдың арақатынасы меншіктің шоғырлану (тәуелсіздік, автономия) коэффициентімен шектелуі тиіс, оның мөлшері 0,5-тен кем болмауы тиіс (2). Олай болмаған жағдайларда кәсіпорын өзінің қаржылық тәуелсіздігін жоғалтып алуы мүмкін. Біздің ойымызша, меншікті капиталдың табыстылық деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды талдау үшін жоғарыда аталған меншікті капиталдың табыстылық мөлшерле-

месінің формуласы $\left(D_{СК} = \frac{D^ч}{D^N} \cdot \frac{D^N}{C_K} \right)$, сондай-ақ “тетік нәтижесінің” формуласы жеткілікті болады. Біз жиынтық капиталдың (авансталған, жалпы) табыстылық коэффициенті мен меншікті капиталдың табыстылық коэффициентінің өзара байланысын анықтау қажет деп ойлаймыз. Осы мақсатпен қаржылық талдау тәжірибесінде келесі формуланы қолдануды ұсынамыз:

$$D_a = \frac{D^ч}{A} = \frac{D^ч}{D^N} \times \frac{D^N}{C_K} \times \frac{C_K}{A}.$$

Мұнда: $\frac{C_K}{A}$ – авансталған капитал құрылымын сипаттайды, оның мөлшері 1-ге тең, ал $\frac{C_K}{A}$ – қатынасы

меншіктің шоғырлану (тәуелсіздік, автономия) коэффициентінің деңгейін көрсетеді. Кәсіпорын активтерінің табыстылығы – бұл өнімді өткізуден алынған табыс-

тылық пен $\left(\frac{D^ч}{D^N} \right)$ меншікті капиталдың айналымдылық

коэффициентінің $\left(\frac{D^N}{C_K} \right)$ көбейтіндісінің нәтижесі және

кәсіпорынның тәуелсіздік коэффициенті болып табылады. Тәуелсіздік коэффициенті неғұрлым жоғары болса, активтердің табыстылық коэффициентінің деңгейі солғұрлым көп болады, себебі соңғысы капиталдың қаржылық құрылымына тура пропорционалды тәуелді.

Табыстылықтың маңызды салыстырмалы көрсеткішінің бірі бұл өндірістік қорлардың табыстылық деңгейі болып табылады. Ол таза табыстың материалдық айналым қаражаттарының қалдығы мен негізгі құралдардың орташа құнына қатынасы ретінде есептеліп шығарылады. Сонымен, өндірістік қорлар құны, сәйкесінше жыл басына және жыл аяғына материалдық айналым

қаражаттары және негізгі құралдар құндарын қосып, 2-ге бөлу арқылы анықтайды. Өндірістік қорлардың табыстылық деңгейін талдау барысында А.Д. Шеремет ұсынған факторлық талдау әдістемесі, көрсеткіштің алғашқы формуласын, табыстылық деңгейін қалыптастырушы, шаруашылық қызмет тиімділігін арттыру және өндірісті интенсификациялаудың барлық сапалы сипаттамасы бойынша жіктеуді қарастырады. Деңгейді талдаудың факторлық үлгісі келесі түрде ұсынылады:

$$\frac{D^ч}{F + E} = \frac{\frac{D^ч}{D^N}}{\frac{F}{D^N} + \frac{E}{D^N}} = \frac{1 - \frac{S}{D^N}}{\frac{F}{D^N} + \frac{E}{D^N}} = \frac{1 - \left(\frac{V}{D^N} + \frac{M}{D^N} + \frac{A}{D^N} \right)}{\frac{F}{D^N} + \frac{E}{D^N}}.$$

Мұнда: $\frac{V}{D^N}$ – өткізілген өнімнің еңбекақы сыйымдылығы;

$\frac{M}{D^N}$ – өткізілген өнімнің материал сыйымдылығы;

$\frac{A}{D^N}$ – өткізілген өнімнің амортизация сыйымдылығы;

$\frac{F}{D^N}$ – негізгі өндірістік қорлар бойынша өнімнің қор сыйымдылығы;

$\frac{E}{D^N}$ – айналым қаражаттары бойынша өнімнің қор сыйымдылығы (айналым қаражаттарының бекіту коэффициенті);

$D^ч$ – таза табыс;

F – негізгі құралдардың орташа құны;

E – материалдық айналым қаражаттарының орташа қалдықтары;

$\frac{D^N}{D^N}$ – өткізілген өнімнің (сатудың) табыстылық деңгейі;

$\frac{S}{D^N}$ – толық өзіндік құн бойынша өткізілген өнімнен алынған табыстың 1 теңгесіне шаққандағы шығындар.

Өнімнің табыстылығы неғұрлым жоғары болса (негізгі қорлардың қор қайтарымдылығы мен негізгі құралдардың айналым жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы шығындар мен экономикалық элементтері бойынша (еңбек құралдары, еңбек материалдары) үлестік шығындары неғұрлым төмен болса), өндірістік құралдардың табыстылық деңгейі де соғұрлым жоғары болады. Жекелеген факторлардың өндірістік қорлардың табыстылық деңгейіне тигізетін ықпалының сандық бағасы тізбектеп ауыстыру әдісі бойынша анықталады.

20-кесте

Өндірістік қорлардың табыстылық деңгейінің өзгеруіне әсер етуші көрсеткіштер

№	Көрсеткіштер	Символдар	Өткен жылы	Есепті жылы
А	Б	В	1	2
1.	Таза табыс, мың тг.	D^N	5040	6538
2.	Өткізуден алынған табыс (түсім) (акциз және қосымша құн салығынсыз), мың тг.	D^N	24392	23179
3.	Негізгі қорлардың жылдық орташа құны, мың тг.	F	49826	55789
4.	Материалды айналым қаражаттарының орташа жылдық қалдықтары, мың тг.	E	15244	14385
5.	Өндірістік қорлардың жылдық орташа құны (3 қатар+4қатар), мың тг.	F+E	65070	70174

А	Б	В	1	2
6.	Өнімнің қор сыйымдылық коэффициенті (3 қатар : 2қатар)	K_{ϕ}^N	2,0427	2,4069
7.	Айналым қаражаттарын бекіту коэффициенті (4қатар:2қатар)	K_3^N	0,6251	0,6206
8.	Өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы табыс – өткізілген өнімнің табыстылық коэффициенті (1қатар:2қатар), тг.	$D_N^ч$	0,2066	0,2821
9.	Өндірістік қорлардың табыстылық деңгейі (1қатар:5қатар)·100%	D_{ϕ}	7,75	9,32

Өндірістік қорлардың табыстылық деңгейі есепті жылы 9,32%-ды құрады, ал өткен жылы 7,75% болған, яғни оның көлемі 1,57 пунктке (9,32–7,75) өскен.

Өндірістік қорлардың табыстылық деңгейінің (рентабельділігі) өзгеруіне ықпал етуші факторлардың әсері келесі есептеулер бойынша тізбектеп ауыстыру әдісімен анықталады:

- 1) өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы таза табыстың көбеюі осы көрсеткіштің 2,82 пунктке өсуіне әкеледі. (10,57–7,75), мұнда $10,57 = 0,2821 : (2,0427 + 0,6251) \cdot 100$;
- 2) қор сыйымдылығының көбеюі, яғни негізгі өндірістік қорлардың қор қайтарымдылығының азаюы олардың табыстылық деңгейінің 1,27 пунктке (9,30–10,57) төмендеуіне әкелді мұндағы $9,30 = 0,2821 : (2,4069 + 0,6251) \cdot 100$;
- 3) материалдық айналым қаражаттарын бекіту коэффициентінің азаюы, яғни олардың айналымдылығының жылдамдауы өндірістік қорлардың табыстылық деңгейінің 0,02 пунктке (9,32–9,30) өсуіне әкеледі. Осылайша факторлар бойынша өндірістік қорлардың табыстылық деңгейінің жалпы өсімі 1,57 пунктті құрайды (+2,82–1,27+0,02), ол өткен жылғы мәліметтермен (9,32–7,75) салыстырғанда

бұл көрсеткіш деңгейінің жалпы өзгерісіне сәйкес келеді.

Тәжірибеде қаржылық салымдардың табыстылығы деп аталатын көрсеткіш те қолданылады, ол бірлескен кәсіпорындарда үлестік қатысудан және құнды қағаздар бойынша алынатын табыстардың, қаржылық салымдардың орташа құнына қатынасы ретінде анықталады:

$$\begin{array}{l} \text{Қаржы} \\ \text{салымдары-} \\ \text{ның табыс-} \\ \text{тылығы} \end{array} = \begin{array}{l} \text{Құнды} \\ \text{қағаздар} \\ \text{бойынша} \\ \text{табыстар} \end{array} + \frac{\text{БК-да үлестік қатысушылардан} \\ \text{алынған табыстар}}{\text{Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді} \\ \text{қаржылық салымдардың жылдық} \\ \text{орташа көлемі}}$$

Қаржы салымдарының табыстылық деңгейі кәсіпорынның инвестициялық қызметті қаншалықты тиімді жүргізетінін көрсетеді.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде бұл көрсеткішпен қатар басқа да көрсеткіш қолданылады, ол кәсіпорындарға инвестицияланған қаржыларды пайдалану тиімділігін және бұл инвестицияларды басқару “шеберлігін” сипаттайды. Көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$$D_{И} = \frac{D^ч}{C_K + D^O}$$

Мұнда: $D_{И}$ – инвестиция табыстылығы;
 C_K – меншікті капиталдың орташа мөлшері;
 D^O – ұзақ мерзімді міндеттемелердің орташа мөлшері.

Бұл көрсеткіш кейбір жағдайда, таза табыс пен несиелер бойынша пайыздар төлемін, ұзақ мерзімді міндеттемелер мен меншікті капитал сомасына бөлу арқылы келесі формула бойынша анықталады:

$$D_{И} = \frac{D^ч + П_K}{C_K + D^O}$$

Мұнда: $П_K$ – несиелер бойынша пайыздар төлемінің сомасы.

Мына формула бойынша инвестициялардың тиімділігін бағалай отырып, компания активтері тек меншікті капитал есебінен ғана емес, сонымен бірге қарыздар берген инвестор-кредиторлар есебінен де қаржыландырылатынына көңіл бөлінеді. Сондықтан да таза табыс құрамына несиелер бойынша төленетін пайыздар сома-сы да енгізіледі.

Нарықтық жағдайдағы маңызды көрсеткіш – бұл негізгі қызметтен алынатын табыс, ол келесі формула бойынша анықталады:

$$D_D^O = \frac{D^O}{S^N + P_n}$$

Мұнда: D_D^O – негізгі қызметтен алынатын табыс;

S^N – өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны;

P_n – кезең шығындары.

Мына бөлшектің бөлімі өткізілген өнімнің толық өзіндік құнын құрайды.

Бұл көрсеткіш тек қана кәсіпорынның шаруашылық қызметінің тиімділігін ғана емес, сонымен қатар бағаның құрылу процестерінің тиімділігін көрсетеді. Оны өткізілген өнімнің жалпы көлемі бойынша да, және оның жеке түрлері бойынша да есептеу дұрыс болып табылады.

Өнім бірлігінің табыстылығы, сату бағасы мен өнімнің (бұйымның) өзіндік құнының арасындағы айырманың жекелеген өнімнің өзіндік құнына қатынасы ретінде, келесі формула бойынша анықталады:

$$D_n^O = \frac{P - S}{S}$$

Мұнда: D_n^O – жекелеген өнімдердің табыстылығы;

P – өнім бірлігінің бағасы;

S – өнім бірлігінің толық өзіндік құны.

Өнім бірлігінің табыстылығы, жекелеген өнімдерді өндіру мен өткізудің, өткізілген өнімдердің қалыптасқан құрылымы жағдайында жалпы табыстылыққа тигізетін ықпалын анықтауға, сондай-ақ сату құрылымының

тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш коммерциялық құпия болып табылады және де ол, басқарушылық талдауды жүргізу барысында қолданылады.

Негізгі қызмет табыстылығының (табыс нормасы) тағы бір көрсеткіші – бұл өткізілген өнімнің табыстылығы. Бұл көрсеткіш өткізілген өнімнің 1 теңгесіне шаққандағы таза табыстың мөлшерін көрсетеді. Ол келесі формула бойынша анықталады:

$$D_N^ч = \frac{D^ч}{D^N};$$

Мұнда: D^N – өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден алынатын табыс.

Жалпы өнімнің, бұйым топтары мен оның жекелеген түрлерінің табыстылығы, өнімнің сол немесе басқа түрлерін өндірудің табыстылығын (зияндылығын) салыстырмалы талдауда, әсіресе өнімдердің өте көлемді ассортиментін шығарушы кәсіпорындарда өте маңызды көрсеткіш болып табылады.

Өнімнің табыстылығының модификацияланған көрсеткіші – бұл сату көлемінің табыстылығы, ол мына формула бойынша анықталады:

$$D_N^B = \frac{D^B}{D^N}.$$

Мұнда: D_N^B – сату көлемінің табыстылығы;

D^B – жалпы табыс;

D^N – өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден алынған табыс (түсім).

Сату көлемінің табыстылық деңгейіне өткізілген өнімнің құрылымының, оның өзіндік құнының және өнімді сату бағаларының өзгерісі ықпал жасайды.

Сату көлемінің табыстылық деңгейінің өзгерісіне әсер етуші факторларды есептеуге қажетті бастапқы ақпараттар төмендегі кестеде келтіріледі.

21-кесте

Бастапқы ақпараттар

№	Өткізілген өнім табыстылығының көрсеткіштері	Өткізілген өнімнен алынған табыс (түсім) мың тг.	Өткізілген өнімнің өзіндік құны мың тг.	Өткізілген өнімнің табыстылық деңгейі %	Табыстылық деңгейіне әсер етуші факторлар		
					өнімнің құрылымы	өзіндік құн	өнімнің босатылу бағасы
1.	Жоспар бойынша	20850	16435	21,17	П	П	П
2.	Жоспар бойынша нақты көлемі және құрылымына	19745	15741	20,28	Ф	П	П
3.	Нақты жоспарлы бағасымен	19690	15564	20,98	Ф	Ф	П
4.	Нақты қолданыстағы бағасымен	23179	16996	26,67	Ф	Ф	Ф

Сату көлемінің табыстылық деңгейінің өзгеру факторларының есебі 22-кестеде көрсетілген:

22-кесте

Сату көлемінің табыстылық деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторлар есебі

№	Табыстылық өзгерісінің факторлары	Факторлардың әсерін есептеу	Факторлар әсері
1.	Өнім құрылымы	20,28–21,17	–0,89
2.	Өнімнің өзіндік құны	20,98–20,28	+0,70
3.	Өнімнің сату бағасы (босатылу)	26,67–20,98	+5,69
4.	Жиыны:	26,67–21,17	+5,5

Кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, өткізілген өнімнің табыстылық деңгейінің 5,5 пунктке өсуі үш фактордың әсерінен болып отыр. Өнімнің өзіндік құнының төмендеуі мен сату бағасының өсуіне байланысты табыстылық деңгейі сәйкесінше 0,70 және 5,69 пунктке өсті. Өткізілген өнімнің құрылымының өзгерісі нәтижесінде (табыстылығы аздау, бірақ нарықта сұранысқа ие болатын өнім түрлерінің үлес салмағы өсті) оның табыстылық деңгейі жоспармен салыстырғанда 0,89 пунктке азайды.

Жекелеген өнімдер табыстылығының сату көлемінің жалпы табыстылығына әсер ету бағасын, Новосибирск Мемлекеттік экономика және басқару академиясының ғалымдары ұсынған талдау әдістемесін қолдану арқылы белгілеуге болады (9), ол бойынша талдау келесі жүйеде жүргізіледі:

- 1) жалпы өткізу көлеміндегі әрбір өнім түрінің үлес салмағы анықталады;

- 2) өнімнің жекелеген түрлерінің табыстылығының жеке көрсеткіштері есептеледі;
- 3) жеке бұйымдар табыстылығының, оның орташа деңгейіне ықпалы, барлық өткізілген өнімдер үшін, жеке табыстылықты жалпы өткізу көлеміндегі бұйымдардың үлесіне көбейту арқылы анықталады;
- 4) шығарылатын бұйымның жеке табыстылығының өзгеруімен байланысты ықпал, есепті кезең табыстылығы мен базистік кезең табыстылығы арасындағы айырманы есепті кезеңдегі бұйым үлесіне көбейту арқылы анықталады;
- 5) Құрылымдық фактордың тигізетін ықпалы, базистік кезеңдегі табыстылықты, есепті кезең мен базистік кезеңдегі бұйымдардың үлес салмақтарының арасындағы айырмаға көбейту арқылы анықталады.

Талдау жүргізудегі негізгі ақпарат базасы – бухгалтерлік есептің мәліметтері болғандықтан, талдаудың бұл түрі тек өнім түрлері бойынша шығындардың аналитикалық есебін жүргізу барысында ғана мүмкін болады. Мұндай талдау өткізілген өнімдердің қалыптасқан құрылымы жағдайында жалпы табыстылыққа жекелеген өнімдерді өндіру мен сатудың тигізетін ықпалын анықтауға, сондай-ақ сату құрылымының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.


Жекелеген бұйымдардың табыстылығының (рентабельділігінің) өзгеруіне өзіндік құн деңгейі мен сату бағасы әсер етеді. Бұл факторлардың әсері тізбектеп ауыстыру әдісімен есептеледі (23-кесте).

**Өнім бірлігінің табыстылығының (рентабелділігінің)
өзгеру факторларын есептеу**

№	Табыстылық көрсеткіштері	Сату бағасы, теңге	Өнім бірлігінің өзіндік құны, мың тг.	Табыстылық, %	Табыстылықтың өзгеруі		
					Барлығы	Оның ішінде сату бағалары	өнім бірлігінің өзіндік құны
1.	Жоспар бойынша	916	742	23,45	x	x	x
2.	Нақты өзіндік құны және жоспарлық сату бағасымен	916	723	26,29	x	x	x
3.	Нақты	941	723	30,15	+6,70	+3,46	+3,24

Жеке бұйымның табыстылығын арттырудың негізгі фактор оны шығарудың өзіндік құнын төмендету болғандықтан, оның калькуляция баптары бойынша өзгеру себептерін талдауға басты назар аударылуы тиіс, сонымен бірге баға қалыптасуының дұрыстығын зерттеуге де көңіл бөлінеді.

Табыстылық көрсеткіштерінің үшінші тобы ақша қаражаттарының таза ағымының құйылуы негізінде есептеледі. Мысалы,



Соңғы көрсеткіштер кәсіпорынның кредиторлар, қарыз беруші және акционерлер алдында қолма-қол

ақша қаражаттарымен өз міндеттемелерін орындауы жөнінде мәлімет береді. Қолма-қол ақшалардың ағымы негізінде есептелетін табыстылық нарықтық экономикасы дамыған елдерде кеңінен қолданылады. Оның артықшылығы бар, себебі ақша ағымдарымен жүргізілетін операциялар өндірістің қарқынды түрінің маңызды белгісі және кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен экономикалық “кінәратсыздығының” басты нышаны болып табылады.

Осылайша, біз кәсіпорын табыстылығының негізгі салыстырмалы көрсеткіштерін қарастырып, олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды талдадық. Төменде айтылатын басқа да көрсеткіштермен бірге бұл көрсеткіштер кәсіпорын қызметінің тиімділігін және оның іскерлік белсенділігін сипаттайды.

4-тарау

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ТАЛДАУ

- 4.1. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштерін талдау198**
- 4.2. Кәсіпорынның нарықтық белсенділігі көрсеткіштерінің жүйесі..... 220**
- 4.3. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін талдау 231**

4.1.

КӘСПОРЫННЫҢ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі мен қызметінің тиімділігін бағалау және талдау қаржылық талдаудың қорытынды кезеңі болып табылады.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі қаржылық жағдайында ең алдымен оның қаражат айналымының жылдамдығымен көрінеді. Іскерлік белсенділікті талдау, кәсіпорынның өз қаражатын қаншалықты тиімді пайдаланғандығын анықтауға мүмкіндік беретін, әр түрлі қаржылық айналымдылық коэффициенттердің деңгейі мен қозғалысын зерттейді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы активтерге салынған қаражаттың қаншалықты тез нақты ақшаға айналуына тікелей тәуелді болады.

Жоғарыда айтып өткендей, кейбір актив түрлері әр түрлі айналым жылдамдығына, яғни олардың ақша қалпына көшу жылдамдығына ие болады. Қаражаттың айналымда болуының ұзақтығы ішкі және сыртқы сипаттағы бірқатар әр бағыттағы себептердің жиынтық әсерімен анықталады. Бірінші қатарға кәсіпорынның әрекет өрісін (өндірістік, делдалдық, жабдықтау-өткізу және басқа), салалығын (мысалы, кондитер фабрикасы мен станок жасау зауытының айналымдылығы әр түрлі болатындығы еш күмән тудырмайды), ауқымын (көп жағдайда шағын кәсіпорындарда, үлкендеріне қарағанда қаражат айналымдылығы айтарлықтай жоғары келеді – бұл шағын бизнестің бір артықшылығы деуге болады) және тағы басқаларын жатқызуға болады. Елдегі экономикалық жағдаймен оған байланысты шаруашылықты жүргізу шарттары да кәсіпорынның активтерінің айналымдылығына аз әсер етпейді. Сөйтіп, елдегі өтіп жатқан инфляциялық процестер, кәсіпорындардың ба-сым көншілігінің жабдықтаушылармен, сатып алушы-

лармен реттелген шаруашылық байланысының болмауы шамадан тыс қор жинақтауға әкеліп соқтырады да, бұл қаражат айналымын айтарлықтай бәсеңдетеді.

Қаражаттың айналымда болу кезеңі, едәуір дәрежеде кәсіпорынның ішкі жағдайымен бірінші кезекте, оның активтерін басқару стратегиясының тиімділігімен (немесе жоқтығы) анықталатындығын айта кету керек.

Шынында да, қолданылған баға саясаты, құрылған актив құрылымы, пайдаланылған тауарлы-материалдық қорларды бағалау әдістемесіне байланысты кәсіпорын өз қаражатының айналымының ұзақтығына көп немесе аз әсер ету еркіндігіне ие болады.

Іскерлік белсенділік коэффициентінің кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін үлкен маңызы бар, өйткені қаражаттың айналым жылдамдығы кәсіпорынның төлем қабілетіне тікелей әсер етеді. Оған қосымша, басқадай бірдей жағдайда қаражаттың айналым жылдамдығының өсуі кәсіпорынның өндірістік-техникалық күшінің артқанын көрсетеді.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштеріне мына коэффициенттер жатады:

1. Капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті. Ол жылына қанша рет айналу мен өндірудің толық циклі болатындығын және активтердің әрбір ақша бірлігі сатылған өнімнің қанша ақша бірлігін әкелгенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш мына формула бойынша анықталады:

$$K_A^O = \frac{D^N}{A_K}$$

Мұнда, K_A^O — капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті;

D^N — өнім сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс (саудадан түскен ақша);

A_K — авансталған капитал (кезеңдегі орташа баланс валютасы).

Авансталған капиталдың кезеңдегі орташа шамасының жалпы айналымдылық коэффициенті кәсіпорынның іскерлік белсенділігі туралы жан-жақты түсінік береді. Сатудан түскен табыстың баланс валютасының (барлық капиталдың) орташа шамасына қатынасымен есептелетін ол, кәсіпорынның барлық капиталының айналым санын көрсетеді және олардың жұмылдыру көздеріне байланыссыз, барлық ресурстарды кәсіпорынның пайдалану тиімділігімен сипаттайды. Бұл көрсеткіш салаға байланысты ауытқып отырады және өндіріс процесіндегі ерекшеліктерді қамтып көрсетеді.

Түрлі кәсіпорындарға немесе бір кәсіпорынға әр жылдардағы жалпы айналымдылық коэффициентін салыстырғанда, активтердің орташа жылдық сомасын бағалауда біркелкілі қамтамасыз етілгендігін тексеру қажет. Мысалы, егер бір кәсіпорында негізгі құралдар бірқалыпты тура сызықты шығынға жазу әдісімен есептелген амортизацияны назарға ала отырып бағаланса, екіншісінде басқа бір шапшаңдатылған амортизация әдісі пайдаланылған болса, онда екінші жағдайда айналымдылық тым жоғары болады. Одан басқа, бұл көрсеткіш бірдей жағдайда кәсіпорынның негізгі құралдары көбірек тозған сайын жоғарылай береді. Белгіленген жағдайлар, капиталдың жалпы айналымдылық коэффициентін талдау қажетті түзетулерді ескере отырып жүргізуді керек етеді.

Біздің кәсіпорын үшін капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті өткен жылы 0,80 рет құраса — $\left(\frac{24392}{30512}\right)$, ал есеп беру жылында — 0,62 рет $\left(\frac{23179}{37254}\right)$ болды.

Көрсеткіш кәсіпорынның жалпы капиталын (барлық ресурстарды) пайдалану тиімділігінің төмендегенін көрсетеді. Егер өткен жылы кәсіпорында активтердің

әрбір ақша бірлігі 80 тиын келтірсе, есеп беру жылында ол 18 тиынға кеміді. Нәтижесінде кәсіпорынның барлық мүмкіншіліктерін пайдаланып, өнімді сатудан түскен табыс түріндегі жалпы тиімділігі өткен жылмен салыстырғанда 6706 мың теңгеге $(-0,18 \cdot 37254)$ кеміді. Жалпы (авансталған) капиталдың орташа шамасының жыл бойы 1,22 есе $(37254:30512)$ өсуі, өткен жылмен салыстырғанда өнім сату көлемін 5394 мың теңгеге $(37254-30512) \cdot 0,80 = 6742 \cdot 0,80 = 5394$ арттыруға мүмкіндік береді. Осы екі фактордың жиынтық әсері бізге сатылған өнім көлеміндегі жалпы ауытқуды береді: $-1312 - 6706 + 5394$.

2. Негізгі құралдардың айналымдылығы.

Бұл көрсеткіш қор қайтарымдылығын көрсетеді, яғни кәсіпорынның кезеңдегі негізгі өндірістік қорларын пайдаланудың тиімділігін сипаттайды. Ол саудадан түскен табысты (ақшаны) қалдық құны бойынша кезеңдегі негізгі құралдардың орташа шамасына бөлу арқылы есептейді.

Қор қайтарымдылығы коэффициентінің артуына негізгі құралдардың үлес салмағының салыстырмалы жоғары болмауы немесе олардың техникалық деңгейінің жоғарылығы есебінен қол жеткізуге болады.

Алайда бұл жерде жалпы заңдылық былайша болады: коэффициент жоғары болған сайын, есеп беру кезіндегі шығындар азая түседі. Коэффициенттің төмен болуы өнімді сатудан түсетін табыстың жетімсіздігін не болмаса осы активтер түрлеріне тым жоғары деңгейде қаржы бөлінгендігін көрсетеді.

Бұл көрсеткіш төменде жан-жақты қаралады, өйткені ол көбінесе кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайды.

3. Меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті.

Ол мына формула бойынша қаралады:

$$K_C^O = \frac{D^N}{C_K}$$

Мұнда: K_C^O меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті;

D^N – өнімді сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс;

C^K – баланс бойынша меншікті капиталдың кезеңдегі орташа шамасы.

Бұл көрсеткіш қызметті әр қырынан сипаттайды: коммерциялық көзқараспен қарағанда ол сатудың артықтығын немесе жеткіліксіздігін анықтайды; қаржылық жағынан – салынған меншікті капиталдың айналым жылдамдығын, ал экономикалық тұрғыдан – кәсіпорынның меншік иелері (акционерлер, мемлекет немесе басқадай меншік иелері) тәуекелдік етіп салып отырған ақша қаражатының белсенділігін көрсетеді. Егер коэффициент өте жоғары болса, салынған капиталдан сату деңгейінің едәуір артқандығын білдіреді, ал бұл несиелік қорлардың артуын, меншік иелеріне қарағанда істе кредиторлардың көбірек қатысуы мүмкін шекке жетуінен туындайды. Бұл жағдайда міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы артады, кредиторлардың қауіпсіздігі төмендейді және табыстың кемуіне байланысты кәсіпорын айтарлықтай қиыншылықтарға кездесуі мүмкін. Керісінше, коэффициенттің төмендігі меншікті капиталдың бір бөлігінің әрекетсіз жатқандығын білдіреді. Бұл тұста коэффициент, меншікті қаражатты осы жағдайға сай келетін табыс көзіне салу қажеттігін көрсетеді.

Біздің кәсіпорында да бұл көрсеткіштің деңгейі едәуір төмендеді. Егер меншікті капитал өткен жылы 0,92 рет айналса $\left(\frac{23179}{37254}\right)$, ал есеп беру жылында 0,77

рет айналды $\left(\frac{23179}{30092}\right)$, бұл кәсіпорынның акционерлерінің қаражатын пайдалану тиімділігінің төмендегенін дәлелдейді.

4. Ағымдағы активтер (мобильдік қаражат) немесе айналым капиталының айналымдылық коэффициенті. Ол өнім сатудан түскен (ақша) табысының (жұмыс, қызмет көрсету) ағымдағы активтердің орташа шамасына қатынасымен формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{ТА}}^{\text{O}} = \frac{D^{\text{N}}}{T_{\text{C}}^{\text{a}}}$$

Мұнда: $K_{\text{ТА}}^{\text{O}}$ – ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті;

T_{C}^{a} – ағымдағы активтердің орташа шамасы.

Ағымдағы активтердің (баланс активінің II бөлімі) орташа шамасы формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{C}}^{\text{A}} = \frac{O_{\text{H}} + O_{\text{K}}}{2}.$$

Мұнда: T_{C}^{A} – ағымдағы активтердің орташа шамасы;

O_{H} , O_{K} – сәйкес жыл басындағы және аяғындағы активтер шамасы.

Активтердің орташа шамасының толығырақ есебі активтер жағдайы туралы ай сайынғы мәліметтерді пайдаланған кезде алынатын болады. Сонда активтердің шамасы формуламен белгіленеді:

$$T_{\text{C}}^{\text{A}} = \frac{\frac{O_1}{2} + O_2 + O_3 + \dots + O_{n-1} + \frac{O_1}{2}}{n-1}.$$

Мұнда: O_n – n айындағы активтер шамасы.

Ағымдағы активтердің (айналым капиталының) айналымдылық коэффициенті олардың айналым жылдамдығын, яғни зерттелген кезеңдегі барлық айналым қара-

жатының айналым санын көрсетеді. Ағымдағы активтердің айналымдылығының үдеуі олардың қажеттілігін кемітеді де, кәсіпорындарға халық шаруашылығының мұқтажы үшін (абсолюттік босату) немесе қосымша өнім өндіруге (салыстырмалы босату) айналым қаражатының бір бөлігін босатуға мүмкіндік береді.

Айналымның жылдамдауы нәтижесінде айналым қаражатының заттық элементтері босайды, шикізат, материалдар, отын қорлары мен аяқталмаған өндірісті істеу аз қажет болады, демек, бұрын осы қорлармен іске салынған ақша ресурстары босап шығады. Босаған ақша ресурстары кәсіпорынның ең өтімді активтерін арттырады, нәтижесінде оның төлем қабілеті бекіп, қаржылық жағдайы жақсарады.

Ағымдағы активтердің айналым жылдамдығы бұл — өзі өндірістік-шаруашылық қызметтің ұйымдастыру-техникалық деңгейінің кешенді көрсеткіші. Айналым санының артуына айналу уақыты мен өндіріс уақытының қысқаруы есебінен қол жеткізуге болады. Өндіріс уақыты технологиялық процесс пен пайдаланылған техниканың сипатымен байланысты. Оны қысқарту үшін технологияны жетілдіріп, еңбекті механикаландыру және автоматтандыру қажет.

Айналым уақытын қысқартуға мамандану мен бірлесудің дамуы, тікелей шаруашылық аралық байланыстырудың жақсаруы, жүк тасу, өзара есеп айырысу мен құжат айналымын тездетумен қол жеткізуге болады.

Әрбір кәсіпорын үшін айналымдылық коэффициенті өзіндік сипатта болады, егер ол анықталған болса, онда оның мағынасын қолайлы деңгейде ұстап тұру керек. Оны табу оп-оңай, егер кәсіпорын коэффициенттің осы мағынасында үнемі заемдық капиталды пайдалануға тырысатын болса, онда шығындарды жабу мен қызмет ауқымын кеңейту үшін айналым капиталының айналымдылығының бұл жылдамдығы ақша қаражатын жеткіліксіз мөлшерде туындатып отырғанын көрсетеді. Ал

керісінше, егер кәсіпорын тұрақты сату көлемінде немесе оның артуы барысында жеткілікті табыс тапса, онда айналым капиталының айналым жылдамдығы тиімді болғандығы.

Ағымдағы активтердің айналымдылық жылдамдығы, жоғарыда келтірілген формула бойынша есептелген оның айналым санымен ғана емес және айналымның ұзақтығымен, айналым қаражатының беку коэффициентімен де сипатталады (немесе айналымдылықтың айналым коэффициентімен).

Ағымдағы активтердің бір айналымының ұзақтығы мына формуламен анықталады:

$$D^O = \frac{360}{K_{TA}^O} = 360 : \frac{D^N}{T_C^A} = \frac{360 \times T_C^A}{D^N}.$$

Мұнда: D^O – бір айналымның күнмен есептелген ұзақтығы;

K_{TA}^O – ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті немесе ағымдағы активтердің айналым саны.

Көрсеткіштің бір жылдық мәнін есептегенде кезеңнің ұзақтығы 360 күн, бір тоқсанға – 90 күн, бір айға – 30 күн құрайды.

Айналым қаражатын бекіту коэффициентінің формуласы мына түрде көрсетіледі:

$$K_3^O = \frac{T_C^A}{D^N}.$$

Мұнда: K_3^O – айналым қаражатын бекіту коэффициенті.

T_C^A – ағымдағы активтердің орташа шамасы.

D^N – өнім сатудан (жұмыс, қызмет көрсету) түскен табыс.

24-кестеде осы көрсеткіштерді есептеу көрсетілген.
24-кесте

**Кәсіпорынның ағымдағы активтерінің айналымдылық
көрсеткіштерінің динамикасы**

№	Көрсеткіштер	Өткен жылы	Есеп беру жылы	Ауытқуы (+, -)
1.	Өнімді сатудан түскен табыс, мың теңге	24392	23179	-1213
2.	Кезеңдегі ағымдағы активтердің орташа шамасы, мың теңге	13551	17868	+ 4317
3.	Ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті (1 қатар · 2 қатар)	1.80	1,30	-0,50
4.	Ағымдағы активтердің бір айналымының күнмен есептелген ұзақтығы (360:3 қатар)	200	277	+ 77
5.	Айналым қаражатын бекіту коэффициенті (2 қатар:1 қатар)	0,56	0,77	+ 0,21

Кестеден ағымдағы активтердің бір жылда айналым жылдамдығының 1,8-ден 1,3 есеге дейін қысқарғаны көрінеді, нәтижесінде бір айналымның ұзақтығы 77 күнге артқан, бұл кәсіпорынның қаржы жағдайының нашарлағанын куәландырады (талданып отырған кезеңде ағымдағы активтерге салынған қаражаттың толық циклден өтуі мен қайтадан ақша түріне келуі былтырғы жылға қарағанда 77 күнге – ұзақ болады). Осының салдарынан кәсіпорынға былтырғы жыл деңгейінде өндірістік-коммерциялық қызметін жалғастыру үшін қосымша қаражат жұмылдыру қажеттігі туындайды. Айналымға қосымша жұмылдырылған қаражатты есептеу мына формуламен жүргізіледі:

$$T_D^a = \frac{D_1^N}{360} \times (D_1^O - D_0^O).$$

Мұнда: D_1^N – есеп беру жылындағы сатудан түскен табыс (ақша);

T_D^a – қосымша жұмылдырылған ағымдағы активтер;

D_1^0 және D_0^0 – есеп беру және өткен жылдағы сәйкес айналым кезеңі.

Біздің кәсіпорынның мәліметтері бойынша айналымға қосымша жұмылдырылған қаражат мөлшері 4958 мың теңге құрады:

$$\left[\frac{23179}{360} \times (277 - 200) \right].$$

Осылайша, бір айналымның 77 күнге баяулауы айналымға 4958 мың теңге қосымша қаражат жұмылдыруды қажет етті. Ал есеп беру жылында ағымдағы активтердің айналымдылығы 1,3 рет құрады, демек, жыл бойғы қосымша жұмылдырылған қаражат 6445 мың теңге ($4958 \cdot 1,3$) болды.

Ағымдағы активтерді пайдалану тиімділігінің төмендегенін олардың бекіту коэффициенті де куәландырады. Сонымен, егер өткен жылы өнім бірлігіне ағымдағы активтердің 56 тиыны келсе, есеп беру жылында бұл көрсеткіш 21 тиынға артты, ал барлық сатылған өнімге айналым қаражатының үстеме шығыны 4868 мың теңге ($0,21 \cdot 23179$) құрады.

Ағымдағы активтердің жалпы айналымдылық коэффициентінің төмендеу себебін анықтау үшін, олардың жеке элементтерінің айналым процесі мен жылдамдығындағы өзгерістерді талдау керек, оны жоғарыда келтірілген сәйкес формулалар бойынша есептеуге болады. Формулаға барлық ағымдағы активтер шамасының орнына олардың жеке элементтерінің шамалары қойылады. Жеке элементтердің дербес айналымдылығы, егер ол сатудан түскен табыс (ақша) бойынша есептелсе қосылғыш деп аталады. Ағымдағы активтердің барлық

түрлері бойынша қосылғыш дербес көрсеткіштердің жиынтығы нәтижесінде ағымдағы активтердің айналымдылығының жалпы көрсеткішін береді:

$$\frac{З_C \times Д^P}{Д^N} + \frac{Н_3 Д^P}{Д^N} + \frac{\Gamma_{И} \times Д^P}{Д^N} + \frac{T_C^O \times Д^P}{Д^N} = \frac{T_C^a \times Д^P}{Д^N}.$$

Мұнда: $З_C$ – өндірістік (материалдық) қорлардың орташа қалдығы;

$Н_3$ – аяқталмаған өндірістің орташа жиын мөлшері;

$\Gamma_{И}$ – қоймадағы даяр бұйымдардың орташа қалдығы;

T_C^O – жөнелтілген тауардың және басқадай айналым қаражатының орташа қалдығы;

$Д^P$ – талдау кезеңінің күнмен есептелген ұзақтығы.

$$T_C^a = З_C + Н_3 + \Gamma_{И} + T_C^O.$$

Айналымның жалпы ұзақтығын ағымдағы активтердің жеке элементтері бойынша жіктеудің бұл формуласы тек жалпылай түрде ғана дұрыс. Жеке элементтердің іс жүзіндегі айналымын сатудан түскен табыстың (ақшаның) жалпы шамасы емес, керісінше аталған элементтің айналымы сипаттайды (мысалы, өндірістік қорлар үшін – олардың өндіріске жұмсалуды, аяқталмаған өндіріс үшін – даяр бұйым шығару, қоймадағы даяр өнімдердің қалдығы үшін – өнімді жөнелту, жөнелтілген тауарлар мен есептесудегі қаражат үшін – есептесу шотына ақшаның түсуі, ақша қаражатының қалдығы үшін – талдау жасалған кезеңдегі ақша қаражатының айналымы).

Сонымен, ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті кәсіпорынның барлық мобильдік қаражатының айналым жылдамдығын көрсетеді. Оның өсуі материалдық айналым қаражатының айналымдылық

коэффициентінің артуымен үйлессе ол жағымды, ал егер соңғысы азайса, онда жағымсыз.

5. Материалдық айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті кәсіпорынның талдау кезіндегі шығындары мен қорларының айналым санын көрсетеді, яғни олардың сатылу жылдамдығын сипаттайды. Толықтай алғанда бұл коэффициенттің мәні жоғары болған сайын, осы аз өтімді бапта солғұрлым азырақ қаражат байланады, кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақтанып, айналым капиталында көбірек өтімді құрылым болады. Және керісінше, басқадай жағдайда тауардың шамадан тыс жиналып қорлануы, кәсіпорынның іскерлік белсенділігіне кері әсер етеді. Коэффициентті есептеу формула бойынша жүргізіледі, онда алымында – сатудан (ақша) түскен табыс, ал бөлімінде – кезеңдегі шығындар мен материалдық-өндірістік қорлардың құнының орташа шамасы.

Өндірістік қорлар (материалдар) оларды дайындау (сатып алу) құны бойынша есептелетіндіктен, қорлардың айналымдылық коэффициентін есептеу үшін сатудан түскен табыс емес, сатылған өнімнің өзіндік құны пайдаланылады.

Онда есептеу мына формуламен іске асырылады:

$$K_3^O = \frac{S^N}{Z_C}$$

Мұнда: K_3^O – материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициенті;

S^N – сатылған өнімнің толық өзіндік құны;

Z_C – өндірістік қорлардың орташа құны.

Неғұрлым айналымдылық көрсеткіші жоғары болған сайын, солғұрлым қорлар тезірек ақшалай қаражатқа айналады. Оның төмендеуі салыстырмалы түрде өндірістік қорлар мен аяқталмаған өндірістің ұлғайғанын

немесе дайын өнімге деген сұраныстың бәсеңдегенін көрсетеді.

Өндіріс пен өнімді өткізуді қалыпты жүргізу мақсатында қорлар оңтайлы болуы керек. Көлемі жағынан кіші, бірақ көбірек қозғалмалы қорлардың болуы, кәсіпорынның қорында аз сомадағы ақшалай қаражаттың бар екендігін білдіреді. Қорлардың жиналып қалуы, кәсіпорынның өнімді өндіру мен сатудағы белсенділігінің күрт азайғанын куәландырады.

Материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициентінің шамасына оны есептеу әдістемесі ғана емес және де кәсіпорында қабылданған материалдық қорларды бағалау әдістемесінің де айтарлықтай әсерін тигізетінін назарда ұстау қажет.

Қазіргі уақытта материалдық қорларды бағалаудың есептеу саясатын таңдауда кәсіпорынның құқықтары едәуір кеңейтілген. Осылайша отандық есептеу практикасында бірінші рет біздің кәсіпорындар шет елдерде кеңінен танымал және қолданылатын ЛИФО мен ФИФО (LIFO, FIFO) сенімді материалды бағалау тәсілдерін қолдану мүмкіндігіне ие болды. ЛИФО әдісі ең соңғы сатып алынған материалды бірінші кезекте өндіріске шығынға шығаруды көздейді. Сонда баланстағы қалдықтың шамасы бірінші сатып алынған материалдың өзіндік құнынан туындап анықталады.

Керісінше ФИФО әдісін пайдалану кезең соңындағы материалдық қорларды соңғы сатып алу бағасымен бағалауға негізделген, ал жұмсалған материалдар сатылған өнімнің өзіндік құнына олардың алғашқы сатып алу құны бойынша шығынға шығарылады.

Енді материалдық қорлардың айналымдылығының көрсеткіші шамасына оларды бағалаудың сол немесе басқа әдісін пайдаланудың қалай әсер ететіндігін қарайық.

Біздің елімізде осы кезге дейін материалдық қорларды бағалаудың ең кең тараған тәсілі, дайындаудың

орташа сарапталған нақты өзіндік құны бойынша бағалау болып келді. Кәсіпорын үшін оны пайдаланудың жағымсыз салдарына мыналарды жатқызуға болады, бір жағынан ол сатылған өнімнің өзіндік құнын төмендетеді (табыс пен одан төленетін салықты шамадан тыс көтереді), екінші жағынан материалдың қалдығының құнын айтарлықтай төмендетуге әкеліп соғады, демек, олардың айналымдылығын жасанды түрде арттырады.

Материалдар қорын соңғы сатып алу (ЛИФО) құны бойынша бағалау әдісін қолдану, салық салу тұрғысынан инфляция жағдайында өте тартымды болғанымен (сол сатылған өнімнің өзіндік құнын тым жоғарылататындықтан), материалдар қалдығы шамасының бұрмалануына, яғни азаюына әкеліп соқтырады. Нәтижесінде бұл жағдайда да активтердің айналымдылық көрсеткішінің анықтығы төмендейді.

Тауарлы-материалдық құндылық қорларын бірінші сатып алу құны бойынша (ФИФО) бағалау тәсілін қолдану, сатылған өнімнің өзіндік құны материалға деген ең төмен (инфляция жағдайында) бағадан басталып құрылып, ал олардың қалдықтары ең жоғары (базарлық) құны бойынша бағалануына әкеліп соғады. Осыған байланысты материалдық айналым қаражатының және бүтіндей ағымдағы активтердің айналымдылығы бұл жағдайда жоғарыда қаралған тәсілдерге қарағанда объективті түрде төмен болады (осыған байланысты мынаны есте ұстаған дұрыс: өзінің кредиторлары немесе инвесторларына кәсіпорындағы қаражаттың жоғары айналымдылығы туралы ақпарат беруге ынталы менеджердің көзқарасынша әдістің бұл артықшылығы, сонымен қатар оның кемшілігі де болып көрінуі мүмкін).

Сонымен, тауарлы-материалдық қорларды бағалаудың үш қаралған тәсілі мысалдарынан, алға қойылған міндеттер мен активтерді басқарудың ұшталған стратегиясынан басталған кәсіпорын, өзінің активтерінің

айналымдылық коэффициентінің шамасын белгілі мөлшерде зерттеуге мүмкіндік алатынын көруге болады.

Біздің кәсіпорынымызда сатылған өнімнің өндірістік өзіндік құны негізінде есептелген материалдық айналым құралдарының айналымдылық коэффициенті өткен жылы 1,73 рет, ал есеп беру жылында 1,18 рет құрады. Оның 0,55 пунктке төмендеуі ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті деңгейіне кері әсер етті.

6. Дайын өнімнің айналымдылық коэффициенті.
Бұл көрсеткіш өнімді сатудан түскен (жұмыс, қызмет көрсету) табыстың (ақша) кезеңдегі дайын өнімнің орташа шамасына қатынасымен формула бойынша анықталады:

$$K_r^O = \frac{D^N}{r}$$

Мұнда: K_r^O – дайын өнімнің айналымдылық коэффициенті;

r – баланс бойынша кезеңдегі дайын өнімнің орташа шамасы.

Ол дайын өнімнің айналым жылдамдығын көрсетеді. Оның өсуі кәсіпорынның өніміне деген сұраныстың артқанын көрсетеді, ал төмендеуі – сұраныстың төмендеуіне байланысты дайын өнімнің шамадан тыс жиналып қалғанын білдіреді.

Біздің кәсіпорында өткен жылы дайын өнімнің айналымдылығының коэффициенті 2,27 рет $\left(\frac{24392}{10756}\right)$, ал

есеп беру жылында – 2,07 рет $\left(\frac{23179}{11174}\right)$ құрады. Сатып

алушылардың төлем қабілеті жоқтығы мен өнімге деген сұраныстың төмендеуі себепті, кәсіпорында дайын өнім қоймасында тауар шамадан тыс жиналып қалды. Жыл

аяғында жыл басына қарағанда дайын өнімнің қалдығы 1,9 рет $\left(\frac{14538}{7810}\right)$ көбейді.

7. Дебиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті. Ол өнімді сатудан түскен табыстың (ақша) кезеңдегі дебиторлық борыштың орташа шамасына қатынасымен формула бойынша анықталады:

$$K_{Д/З}^O = \frac{Д^N}{Д_3}$$

Мұнда: $K_{Д/З}^O$ – дебиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті;
 $Д_3$ – дебиторлық борыштың кезеңдегі орташа шамасы.

Дебиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті дебиторлық борыштың сапасы мен көлемін бағалау үшін пайдаланылып, кәсіпорын берген коммерциялық несиенің ұлғайғанын немесе төмендегенін көрсетеді. Егер коэффициент шоттарды төлеуге қарай құрылған сатудан түскен табыс (ақша) бойынша есептелсе, оның өсуі – несиеге сатудың азайғанын, ал төмендеуі – несиеге берудің көлемінің артқанын білдіреді.

Дебиторлық борыштың айналымдылық коэффициентімен қатар дебиторлық борыштың орташа айналым уақытын анықтау мына формуламен анықталады:

$$Д_{Д/З}^O = \frac{360}{K_{Д/З}^O} = \frac{Д_3 \times 360}{Д^N}$$

Мұнда: $Д_{Д/З}^O$ – дебиторлық борыштың орташа айналым уақыты немесе оны өтеу кезеңі.

Бұл көрсеткіш компанияның қойған шоттарын клиенттердің төлеуге қажет уақытын сипаттайды. Осы көрсеткіштің төмендеуі – оң, ал артуы – теріс бағаланады.

8. Кредиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті. Ол өнімді сатудан түскен табыстың (акша) кезеңдегі кредиторлық борыштың орташа шамасына қатынасымен формула бойынша есептеледі:

$$K_{K/3}^O = \frac{D^N}{K_3}$$

Мұнда: $K_{K/3}^O$ – кредиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті;

K_3 – кезеңдегі кредиторлық борыштың орташа шамасы.

Кредиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті дебиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті сияқты коммерциялық несиенің артқанын немесе төмендегенін көрсетеді. Айырмашылығы тек мынада: дебиторлық борыш коэффициенті кәсіпорын берген коммерциялық несиенің артқанын немесе төмендегенін көрсетсе, ал керісінше кредиторлық борыштың айналымдылық коэффициенті кәсіпорынға берілгенін айқындайды. Кредиторлық борыш коэффициентінің өсуі – кәсіпорынның борышты төлеу жылдамдығының артқанын, ал төмендеуі – несиеге сатып алудың артқанын көрсетеді.

Бір мезгілде кредиторлық борыштың орташа айналым уақыты мына формуламен анықталады:

$$D_{K/3}^O = \frac{360}{K_{K/3}^O} = \frac{K_3 \times 360}{D^N}$$

Мұнда: $D_{K/3}^O$ –кредиторлық борыштың орташа айналым уақыты.

Бұл көрсеткіш кәсіпорынның қарыздарын қайтаруының орташа уақытын (банк алдындағы және басқадай заемдар бойынша міндеттемелерін қоспағанда) көрсетеді.

9. Ақша қаражатының айналымдылық коэффициенті. Кәсіпорынның ырғақты қызмет етуі үшін ақша қаражаты қозғалысының жылдамдығының ерекше маңызы бар. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының ойдағы-

дай болуының негізгі шарттарының бірі, оның ағымдағы міндеттемелерін жабуды қамтамасыз ететін ақша қаражатының құйылуы болып табылады. Демек, бұндай аса қажет ақша қаражаты қорының болмауы кәсіпорынның қаржылық қиыншылығы бар екендігін куәландырады. Сонымен қатар ақша қаражатының шамадан тыс көп болуы, инфляция және ақшаның құнсыздануына байланысты, іс жүзінде кәсіпорын шығынға ұшырап отырғанын білдіреді. Осыған байланысты кәсіпорындағы ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау қажеттігі туындайды.

Бұндай талдаудың әр түрлі тәсілдері бар. Атап айтқанда, қаржылық қиыншылықтың туындауының барометрі кәсіпорынның ағымдағы міндеттемелерінің көлемінің өсуі жағдайында, оның ағымдағы активтері құрамында ақша қаражатының үлесінің азаю үрдісі болып табылады, ондай жағдай біздің кәсіпорынымызда орын алып отыр. Сонымен, егер ақша қаражатының ағымдағы активтердегі үлес салмағы жыл басында 10% құраса, жыл соңында оның мөлшері 6,5% болды, яғни 1,6 есе азайды, ал ағымдағы (қысқа мерзімді) міндеттемелер 4643 мыңнан 9681 мың теңгеге дейін, яғни 2,1 есе өсті. Сондықтан ақша қаражаты мен жедел міндеттемелердің (уақыты ағымдағы айда бітетін) арақатынасын ай сайын талдау, кәсіпорындағы ақша қаражатының шамадан тыс көптігін (жетіспеушілігін) жеткілікті түрде сипаттап береді.

Ақша қаражатының айналымдылық коэффициенті мына формуламен есептеледі:

$$K_{д.с}^0 = \frac{ДС^0}{ДС_c}$$

Мұнда: $K_{д.с}^0$ – ақша қаражатының айналымдылық коэффициенті;

$ДС^0$ – талдау кезеңіндегі ақша қаражатының айналымы;

$ДС_c$ – ақша қаражатының орташа қалдығы.

Есептеу үшін ақша қаражатының шоттары бойынша («Касса», «Есеп шот», «Валюталық шот», «Банктегі арнайы шоттар» және т.б.) кезеңнің басы мен соңындағы қалдықтар шамасы туралы ішкі есеп мәліметтері пайдаланылады. Осы мақсатта мына формула қолданылады:

$$ДС_c = \frac{\frac{ДС_1^0}{2} + ДС_2 + ДС_3 + \dots + \frac{ДС_n}{2}}{n-1}$$

Мұнда: $ДС_n$ – n айының басындағы қалдықтар;
 n – кезеңдегі айлар саны.

Ақша қаражатының айналымын есептеу үшін талданып отырған кезеңдегі 441 «Есептесу шотындағы барлық» шоты бойынша кредит айналымын пайдалану керек, онда кәсіпорындардың көпшілігі өздерінің контрагенттерімен ақша аударып есеп айырысатынын, ал ақша қаражатын касса арқылы беруде (мысалы, қызметкерлердің еңбекақысы немесе шаруашылық шығындарын төлеу) оны алдын ала банктен алу болжанады.

Меншікті қаражат есебінен банкте арнайы шот ашып, оны пайдалану (чек кітапшалары, аккредитивтер) да есептесу шотынан сәйкес арнайы шотқа қаражат аударумен байланысты болады. Бұл жағдайда ақша шоты бойынша несие айналымдарының сомасының айналымы шамасын есептеу үшін пайдалану қосарлас шотқа яғни, оның қорытындысында кәсіпорындағы ақша қаражатының айналымдылық көрсеткіші айтарлықтай бұрмалануына әкеліп соқтырар еді. Егер кәсіпорында есептесудің едәуір бөлігі касса арқылы өтетін болса, орындаушылар, жабдықтаушылардың қызметі мен өнімге төлемдер қолма-қол ақшамен жүргізілсе және арнайы шоттарды құру заемдық негізде іске асырылса, онда 45-тармақтың «Кассадағы барлық» және 42-тармақтың «Банктегі арнайы шоттағы ақша қаражаты» шоттарының кредиті бойынша өткізілетін сомалар 441 «Есептесу шотындағы барлық» шотында өзінің алдын ала көрсетілуін таппайды. Аталған ақша қаражатының шығыны 441 «Есептесу шотындағы барлық» шотының кредиттік айналым сомасына қосылуы керек.

Талдау жүргізген кезеңдегі айналымдар санын көрсететін ақша қаражатының айналымдылық коэффициентімен қатар, олардың жеткілікті екендігін бағалауға мүмкіндік беретін ақша қаражатының айналымы кезеңінің ұзақтығы анықталады. Осы мақсатта мына формула қолданылады:

$$D_{д.с}^O = \frac{ДС_C \times D^P}{ДС^O}.$$

Мұнда: $D_{д.с}^O$ – ақша қаражатының айналым кезеңі;
 $ДС_C$ – ақша қаражатының орташа қалдығы;
 D^P – талдау кезеңінің ұзақтығы;
 $ДС^O$ – талдау кезеңіндегі ақша қаражатының айналымы.

Формула бойынша есептелген біздің кәсіпорындағы ақша қаражатының айналым кезеңі 2,08-ден (наурыз) 4,86 (тамыз) күнге дейін ауытқыды. Басқаша айтқанда, кәсіпорынның шотына ақша түскен мерзімінен оның шығып кетуіне дейін, орташа үш күннен аз уақыт өтті (4,86–2,08). Бұл кәсіпорында қаражаттың айқын жетіспейтіндігін білдіреді, ол дебиторлық борыш есеп беру жылының соңында едәуір көлемде 1671 мың теңге, яғни өткен жылдың басымен салыстырғанда 46,6% артық жағдайда, бұл өте қауіпті болып табылады.

Кәсіпорындағы ақша қаражатының іс жүзіндегі қозғалысын ашып көрсету, оның ырғақты түсуі мен жұмсалуды бағалау және кәсіпорындағы қол жеткізген қаржы нәтижесі шамасын байланыстыру үшін ақша қаражатының түсуі (кемуі) мен шығуының (кетуі) барлық бағыттарын бөліп және талдау керек.

Ақша қаражаты қозғалысының көрсетілген бағыттарын операциялық (ағымдағы), инвестициялық және қаржылық қызмет ауқымында қарау қажет.

10. Инвестицияланған капиталдың айналымдылығы. Инвестицияланған капиталдың айналымдылық коэффициенті кәсіпорынның өзінің дамуына салған инвестицияны қоса есептегенде, оның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестицияларының айналым

жылдамдығын көрсетеді. Алымында – сатудан түскен табыс (ақша), бөлімінде – кезеңдегі инвестицияланған капиталдың орташа шамасы:

$$K_{И.К}^O = \frac{D^N}{D_{И} + K_{И}}$$

Мұнда: $D_{И}$ – және $K_{И}$ – сәйкес ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестициялар.

Бұл коэффициенттің мағынасын сол кезеңдегі істегі капиталдың (барлық активтерден қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестицияларды алып тастағанда), яғни тікелей өндірістік қызметтегі капиталдың айналымдылық коэффициентімен салыстырған абзал.

11. Істегі капиталдың айналымдылығы алымында – сатудан түскен табыс (ақша), бөлімінде – кезеңдегі істегі капиталдың орташа шамасы келтірілген формула бойынша есептеледі.

$$K_{Ф.К}^O = \frac{D^N}{\Phi_K}$$

Мұнда: Φ_K – істегі капитал.

Бұл коэффициенттің мағынасын талдағанда өндірістік қызметке тікелей қатысатын капиталдың айналымдылығының баяулағанын немесе жылдамдағанын көруге болады. Өзінің дамуына салған инвестицияны қоспағанда, активтердің жалпы айналымдылық көрсеткішімен салыстырғанда бұл коэффициенттің алынған мағынасы кәсіпорынның сатудан түскен табысына (ақша) тікелей әсер етпейтін инвестициялардан тазарған.

12. Перманенттік капиталдың айналым жылдамдығын сатудан түскен табысты кезеңдегі перманенттік капиталдың орташа шамасына бөлу жолымен алынған коэффициент анықтайды:

$$K_{ПЕР/К}^O = \frac{D^N}{ПЕР/К}$$

Мұнда: $ПЕР/к$ – перманенттік капитал = меншікті капитал+ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Бұл коэффициент кәсіпорынның ұзақ мерзімдік пайдалануындағы капиталдың қаншалықты тез айналатындығын көрсетеді. Оның мәні меншікті капиталдың айналымдылық көрсеткішіне ұқсас, тек бір айырмашылығы, талдағанда кәсіпорынның ұзақ мерзімді міндеттемелерінің әсерін еске алу керек.

13. Искерлік белсенділік индексі айналым капиталын басқару өрісінде, кезеңдегі кәсіпорынның негізгі қызметі бойынша кәсіпкерліктің тиімділігін сипаттайды. Ол талдау процесіндегі істегі капитал айналымдылығы мағынасын негізгі қызметтің табыстылығына (рентабельділігі) көбейту арқылы есептеледі:

$$I_{Д/А} = \frac{Д^N}{Ф_K} \times \frac{Д^O}{S}$$

Мұнда: $\frac{Д^N}{Ф_K}$ – істегі капиталдың айналымдылық

коэффициенті;

$\frac{Д^O}{S}$ – негізгі қызметтің табыстылығы;

$Д^O$ – негізгі қызметтен түскен табыс;

$Д^N$ – өнімді сатудан түскен табыс.

Искерлік белсенділік көрсеткішіне Т.Б. Крылова (47) еңбек өнімділігін де кіргізуді ұсынады. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл көрсеткіш қор қайтарымы секілді, шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметінің тиімділігін көбірек сипаттайды.

Сонымен, біздер кәсіпорынның іскерлік белсенділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қарадық, оларды талдау, кәсіпорын өзінің қаражатын қаншалықты тиімді жұмсағанын айқындауға көмектеседі. Бұл көрсеткіштерді талдаумен қатар, кәсіпорынның базарлық (рыноктық) белсенділігін бағалауға болатын басқа да көрсеткіштерді қарап және жан-жақты талдап қорыту керек.

4.2.

КӘСІПОРЫННЫҢ НАРЫҚТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Кәсіпорынның нарықтық белсенділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- 1) бір акцияға түскен табыс (пайда);
- 2) акцияның құндылығы;
- 3) бір акцияның баланстық құны;
- 4) акцияны котировкалау – бағалау коэффициенті;
- 5) бір акцияның табыстылығы;
- 6) дивидендтерді төлеу коэффициенті (төленген дивиденттер үлесі, дивидендтік шығу);
- 7) тұрақты өсу коэффициенті;
- 8) капиталдандыру коэффициенті.

Бұл көрсеткіштерді талдау қор биржасында тіркелген және сонда өздерінің құнды қағаздарын бағалайтын компанияларда орындалады. Талдау тікелей қаржы есебі бойынша ғана орындала салмайды, оған қосымша ақпарат керек. Біздің елімізде құнды қағаздар бойынша терминология әлі қалыптасып болмағандықтан, келтірілген көрсеткіштер атауы шартты болып табылады.

Акцияға түскен табыс. Инвестор акцияны сатып алғанда, әрқашан дивиденд түрінде алатын болашақ табысты бағдарға алады. Өйткені, компанияның табысы дивидендтер төлеудің негізгі көзі болып табылатындықтан және келешекте акцияның рыноктық құнын көтеруге бизнес болғандықтан, инвесторлар әрқашан акцияға табыстылық коэффициентіне қызығушылық білдіреді. Ол таза табыстан айрықша акциялар бойынша дивидендтерді алған соңғы қалдықтың, шығарылған және қолдағы әдеттегі (кәдімгі) акциялардың жалпы санына қатынасы ретінде формуламен есептеледі:

$$D_A^u = \frac{D^u - D^B_{\text{ПР.А.}}}{A_0}.$$

Мұнда: D_A^u – бір акцияға түскен таза табыс;

D^u – таза табыс;

$D_{IP,A}^B$ – айрықша акциялар бойынша дивидендтер;

A_0 – айналымдағы әдеттегі (кәдімгі) акциялар саны.

Бір акцияға түскен табыс, айналымдағы әдеттегі әрбір акцияға таза табыстың қанша үлесі тиетінін көрсетеді (айрықша акциялар бойынша төленген дивидендтерді алып тастағанда). Айналымдағы акциялар жалпы шығарылған әдеттегі акциялар мен меншікті портфельдегі акциялар саны арасындағы айырмамен есептеледі.

Акцияға түскен табыс – бұл сол бойынша төленетін жыл сайынғы табыс. Осы көрсеткіш кәсіпорынның қаржылық мүмкіншілігін жанама түрде сипаттайды, бірақ қаржылық стратегияның үлкен ықпалында болады, өйткені кәсіпорынның өз табысын өндіріске қосымша қайтадан инвестициялау (реинвестиция) қажеттігі, акция бойынша төленетін табыс мөлшерінің азаюына әкеліп соқтырады. Акцияға табыстың нақты шамасы басқа көрсеткіштен – үлестіру нормасынан тәуелді, ал соңғысы дивиденд түрінде төленген табыс сомасын барлық таза табысқа бөлу жолымен есептеледі.

Айта кету керек, дамыған нарықтық экономика жағдайында бір акцияға түскен табыс, компанияның бір акциясының нарықтық бағасына әсер ететін ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады, ол өкілетті статистикалық зерттеулермен дәлелденген.

Оның аналитикалық тұрғыда негізгі кемшілігі – әртүрлі компаниялардың акцияларының нарықтық құнының бірдей еместігі салдарынан оларды кеңістікте салыстыруға келмейтіндігі болып табылады.

Акциялардың құндылығы. Ол акцияның нарықтық бағасын акцияға түскен табысқа бөлгендегі бөлінді ретінде формуламен есептеледі:

$$C_a = \frac{P_{ц}}{D_a^ч}$$

Мұнда: C_a – акцияның құндылығы;

$P_{ц}$ – акцияның нарықтық бағасы;

$D_a^ч$ – бір акцияға түскен таза табыс.

Акцияның нарықтық бағасы мен бір акцияға түскен табыстың арақатынасы компания мен оның акционерлері арасындағы қатынасын көрсетеді.

Акцияның нарықтық бағасы мен акцияға түскен табыс шамасы арасындағы өзара байланысты әдетте «баға-табысы» коэффициенті деп атайды. Бұл көрсеткішті акционерлер мен мүмкін инвесторлар компанияның акцияның құндылық бағалылығын бағалау үшін жалпы басшылыққа алады. Ол аталған компанияның акциясына деген сұраныстың индикаторы ретінде қызмет етеді, өйткені, акционерлер мен инвесторлар компания акциясының таза табысының бір ақша бірлігіне қанша ақша бірлігін төлеуге келісетіндігін көрсетеді.

Бұл көрсеткіштің динамикасында салыстырмалы түрде жоғары өсуі, басқа фирмаларға қарағанда аталған фирманың табысының жылдамырақ өсуін инвесторлар күтулі екенін көрсетеді. Бұл көрсеткішті кеңістіктік (шаруашылықаралық) салыстыруларда пайдалануға болады. Өсуге жеткілікті мүмкіншілігі мол фирмалар әдетте «баға-табыстың» жоғары коэффициентіне ие және керісінше.

Инвесторлар жоғары табыс алу мақсатымен ақшасын бір компанияға жиі сала береді. Кейбір акционерлер мен инвесторлар бүкіл алынған табысты, компания өзінде, операцияларды кеңейту мақсатымен қалдыруына мүдделі. Осындай тәсіл қолданатын компаниялардың акцияларының нарықтық құны тұрақты тез өседі,

оларды сатса үлкен табыс келтіруі мүмкін. Бірақ бұл операция қор нарығында болатын кездейсоқтыққа байланысты қауіпті.

Басқа инвесторлар кепілді табыс көзін табуға ын-талы. Сондықтан олар үшін тұрақты дивиденд төлеп тұратын акциялар қызығушылық тудырады. Алайда акционерлер мен инвесторлардың екі тобы үшін де дивидендтік табыстылық пен дивидендтік төлеу коэф-фициенттерінің маңызы зор.

Бір акцияның баланстық құны кәсіпорынның бухгалтерлік есеп пен есеп беру мәліметтеріне сәйкес бір әдеттегі акцияға келетін таза активтерінің (меншікті капиталдың) құнын көрсетеді. Бұл көрсеткіш былайша есептеледі:

$$B_{C.A.} = \frac{C_{a.k} - C_{n.a}}{A_0}.$$

Мұнда: $B_{C.A.}$ – акциялардың баланстық құны;

$C_{a.k}$ – акционерлік капиталдың құны;

$C_{n.a}$ – айрықша акциялардың құны;

A_0 – айналымдағы әдеттегі акциялар саны.

Акцияны бағалау коэффициенті акцияның нарықтық бағасының оның баланстық құнына (есептеу бағасы) қатынасымен формула бойынша есептеледі:

$$K_{K.a} = \frac{P_{ц}}{B_{C.A}}$$

Мұнда: $K_{K.a}$ – акцияны бағалау коэффициенті;

$P_{ц}$ – бір акцияның нарықтық бағасы;

$B_{C.A}$ – бір акцияның баланстық құны.

Бағалау коэффициенті мағынасының бірден артық болуы, потенциалды (мүмкін) акционерлер акцияны алуға, сол уақытта нақты капиталдың бухгалтерлік бағалауынан артық бағаға сатып алуға дайын екенін білдіреді.

Акцияның есептеу (баланстық) бағасы көрсетілген (номиналдық) құнның (яғни акционерлік капиталда есептелгендей акцияның бланкісінде қойылған құны), эмиссиялық табыс үлесінің (сату кезіндегі акцияның нарықтық бағасы мен көрсетілген құны арасындағы жиналған айырмасы) және фирманың дамуына салынған және жинақталған табыс үлесінің қосындысынан тұрады.

Акцияның нарықтық бағасы – бұл оның қазіргі сату және сатып алу бағасы. Ол сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы әсерімен қалыптасады, тек экономикалық себептерге ғана тәуелді емес және саяси-психологиялық, алыпсатарлық сияқты көптеген жағдайларға да байланысты.

Акцияның нарықтық бағасының көрсетілгеннен айырмашылығы, ол капиталдандырылған табысты есепке алады. Акцияны сату дивиденд алу құқығын сату болып табылатындықтан, қор биржасындағы оның нарықтық құндылығы капиталдандырылған дивидендті көрсетеді. Сондықтан ол акция бойынша табыстылыққа тура пропорционалды (акция әкелген дивидендпен мөлшеріне) және несиелік капиталдың (депозит бойынша төленетін пайыздың) пайыздық мөлшерлемесіне кері пропорционалды болады.

$$\text{Акция курсы} = \frac{\text{Дивидендтер}}{\text{Несиелік пайыз}} \times 100$$

Несиелік пайыз есебінен (есептелген пайыздың орташа мөлшерлемесі) салым бойынша жоғары дәрежедегі кепілдікпен төлей алуға болатын мөлшерлеменің пайызы қабылданады. Ал несиелік пайыз ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің коммерциялық банктерге қаржы ресурстарын сатудың есептік мөлшерлемесін алып қарауға болады.

Акцияның табыстылығы. Табыстылықты ағымдағы және жиынтық деп бөледі. Ағымдағы табыстылық дегеніміз ең алдымен акция иесінің қолына тиетін

дивидендтер. Бұл коэффициент дивидендтік табыс немесе дивиденд нормасы деп аталып, былайша есептеледі:

$$H_D = \frac{D_a^B}{P_{ц.а}}$$

Мұнда: H_D – дивидендтің іс жүзіндегі нақты нормасы;

D_a^B – бір акцияға түскен дивиденд;

$P_{ц.а}$ – бір акцияның нарықтық бағасы.

Басқа сәйкес компаниялармен салыстырғанда акцияның табыстылық коэффициентін талдаумен қатар, төленетін дивиденд сомасы акцияның көрсетілген құнына қатынасын көрсететін, дивидендтің нақтылы (хабарланған) нормасымен салыстырғандағы дивиденд нормасының деңгейін бағалау маңызды. Сондықтан жоғарыда келтірілген дивидендтік табыс көрсеткішін дивидендтің нақты нормасы деп атауға болады.

Акцияның табыстылығы курстық айырманы есепке ала отырып та есептелінуі мүмкін, оны акция иесі акцияны сатқанда сала алады. Бұл жағдайда акцияның табыстылығы акцияны иеленген кезеңде алынған дивиденд сомасын бір акцияға бөлгенде және акцияны сатып алу бағасы ($P_{ц.а}^п$) мен оның сатылу бағасының ($P_{ц.а}^{пп}$) арасындағы (табыс пен шығын) айырмашылықты акцияның сатып алу бағасына бөле отырып анықталады.

$$D_A = \frac{D_A^B + (P_{ц.а}^{пп} - P_{ц.а}^п)}{P_{ц.а}^п}$$

Мұнда: D_A^B – бір акцияға түскен дивиденд;

$P_{ц.а}^п$ – акцияның сатып алу бағасы;

$P_{ц.а}^{пп}$ – акцияның сатылу бағасы.

Акцияның табыстылығы жоғары болған сайын, ол инвестор болуы мүмкін кісілерді солғұрлым қызықтырады. Дамыған нарықтық экономикалы елдерде акциялардың табыстылығы туралы мәліметтерді қор биржасында тіркелген сарапшылардың аналитикалық шолуларынан алуға болады. Мүдделі акция ұстаушы ретінде, мамандарға бұл ақпарат қаржы нарығында қандай бағыт ұстану қажеттігін көрсетеді. Төленетін дивидендтер үлесі немесе дивидендтерді төлеу көрсеткіші (48) компанияның таза табысының дивиденд түрінде төленуге тиісті бөлігін сипаттайды. Әрбір кәсіпорында бұл көрсеткіштің өз мағынасы болады. Әдетте жас және тез өсіп келе жатқан кәсіпорындарда бұл көрсеткіштің шамасы өте төмен және кейде нөлге жақын болады. Акционерлер фирманың өсуінің болашағымен қанағаттанып, іс жүзінде ұзақ мерзімді инвестицияларды қаржыландырады. Қазіргі кәсіпорындар акционерлерді өзіне тұрақты жоғары (50%-ға дейін) дивидендтер төлеу арқылы тартуға тырысады.

Бұл көрсеткіш дивидендтің бір әдеттегі (жай) акцияға және бір жай акцияға түскен табысқа қатынасымен формула бойынша есептеледі:

$$K_{Д.В} = \frac{D_A^B}{D_A^Ч}$$

Мұнда: $K_{Д.В}$ – дивидендтерді төлеу коэффициенті;

D_A^B – бір акцияға түскен дивиденд;

$D_A^Ч$ – бір акцияға түскен таза табыс.

Аталған коэффициентті талдаудың бір ерекшелігі оның «жақсы» немесе «жаман» деңгейінің болмайтындығы. Бұл жерде ең жалпы критерий, ол 1-ден (бірден) аспауы керек. Егер осы шарт сақталса, онда компания есеп беру жылында дивидендтер төлеу үшін жеткілікті табыс тапқан деп қорытынды жасалады. Бұл коэффициенттің 1-ден (бірден) асуы компанияның тиімсіз

дивидендтік саясатын немесе оның қаржылық қиыншылықтарын (компания ақшаны өзінің қаржы резервтерінен «қарызға» алуға мәжбүр болады) дәлелдейді.

Қаралған коэффициенттің белгілі бір деңгейіне келсек, ол әр компанияда 0-ден 0,9-ға дейін ауытқиды. Оған қоса, әрбір инвестор оның бір ғана деңгейінің өзін, сол фирмаға салған қаражатының инвестициялық мақсатына байланысты әр түрлі талқылайды.

Дивиденд төлеу коэффициентінің мағынасы фирманың инвестициялық саясатына тәуелді. Құнды қағазға инвестициялаудың екі негізгі мақсаты бар: *ағымдағы табысты (дивиденд) алу және акцияның курстық құнының артуы есебінен қаржы жинақтау*. Бұл екі мақсат белгілі дәрежеде біріне-бірі қайшы келеді: бірдей жағдайда неғұрлым дивидендтер төлеу үшін табыстың көп бөлігі жұмсалса, солғұрлым аз қаражат компанияға қайта инвестициялануы, оның өсу қарқыны төмендеуі және акцияларының курсының құнының өсуі қиындап, баяулауы мүмкін. Дивидендтік шығыс көрсеткіші мағынасы мен табысты қайта инвестициялау коэффициентінің сомасы бірге тең.

Әдетте инвесторлар олардың инвестициялау мақсатына дивидендтік саясаты жоғары дәрежеде сай келетін компанияларды тандап алады. Сондықтан жалпы алғанда, дивидендтік саясаттың өзгеруі, дивидендтің төмен деңгейіне қарағанда акционерлердің көбірек наразылығын тудырады. Сонымен, дивидендтік саясаттың тұрақтылығы инвесторлардың компанияға қатынасына әсер ететін ең басты себептердің бірі болып табылады.

Тұрақты өсу коэффициенті компанияның келесі жылы өзінің активтерін ішкі қаржыландыру есебінен арттыру мүмкіндігін көрсетеді, ол жағдайда меншікті капитал мен міндеттемелер арасындағы пропорция сақталуы және дивидендтер төлеу үлесі есеп беру жылындағы мөлшерде сақталуы шарт. Аталған коэффициент, дәлірек айтқанда ішкі көздер есебінен тұрақты өсу

қарқынының қамтамасыз етілу коэффициенті, дивидендтер төлеген соңғы таза табыстың бөлігінің, бастапқы акционерлік капиталға қатынасы ретінде формуламен анықталады:

$$K_{y.p.} = \frac{D^ч - D^B}{C_K (\text{алдыңғы жыл})}$$

Мұнда: $K_{y.p.}$ – тұрақты өсу коэффициенті;

$D^ч$ – таза табыс;

D^B – дивидендтер;

C_K – меншікті (акционерлік) капитал.

Аса күрделі емес түрлендіруден кейін бұл көрсеткіш мынадай түрде бейнеленеді:

$$K_{y.p.} = \frac{D^ч}{C^K} \times \left(1 - \frac{D^B}{D^ч} \right)$$

Мұнда: $\frac{D^ч}{C^K}$ – акционерлік капиталдың табыстылығы (пайда нормасы);

$\frac{D^B}{D^ч}$ – дивидендтерді төлеу көрсеткіші.

Капиталдандыру коэффициенті компания шығарған құнды қағаздар түрлері арасындағы пропорцияны білдіреді. Облигациялардың үлесінің жоғары болуы, айрықша және әдеттегі акциялардың тартымдылығын азайтады, айрықша акцияның үлесінің жоғары болуы да әдеттегі акцияға деген инвесторлардың қызығушылығын жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін. Олай болуы, облигациялар бойынша пайыздар, айрықша акциялар бойынша дивидендтер төлеуге дейін төленуі керектігінде, ал олар өз кезегінде әдеттегі акциялар бойынша дивидендтер төлер алдында жүргізілуі тиіс екендігіне байланысты.

Капиталдандыру көрсеткішінің динамикасы, басқадай бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер

мен меншікті капитал кіретін, капитал бөлігінің құрылымының өзгеру процесін бейнелейді. Әдеттегі акциялар бойынша капиталдандыру коэффициентін, мысалы, әдеттегі акциялар құнын, облигациялар, әдеттегі және айрықша акцияларды қоса есептегендегі барлық бағалы қағаздар құнына бөлгендегі бөлінді ретіндегі формула бойынша анықтайды:

$$K_k = \frac{\text{Әдеттегі акциялар құны}}{\text{Құнды қағаздардың толық құны}}$$

Құнды қағаздар арасындағы пропорцияны талдау, әсіресе әдеттегі акция иеленушілері үшін аса маңызды, өйткені облигация үлесі көп болған жағдайда кәсіпорын табысының төмендеуі дивидендтерді төлеу тәуелділігіне ұрындырады, сонымен қатар табыс артқанда, әдеттегі акциялар бойынша дивидендтер, облигация мен айрықша акцияның үлесі төмен болған жағдайға қарағанда, көбірек артады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы мен нарықтық белсенділігін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі қаржылық левиридж болып табылады. Бұл көрсеткішті сипаттау алдында, біз үшін жаңа түсінік «левиридж» нені білдіретінін анықтап алайық. «Дәлме-дәл айтқанда левиридж аз күштің көмегімен (тетік) әжептәуір ауыр заттарды орындарынан қозғап ауыстыру, – деп жазады В.В. Ковалев. Экономикаға қосымша, ол аздаған өзгеруі, нәтижелік көрсеткіштердің түбегейлі өзгеруіне әкеліп соғатын, кейбір себеп ретінде түсіндіріледі».

«Қаржылық левиридж бір жағынан облигация мен айрықша акция, екінші жағынан – әдеттегі акция арасындағы қатынас, – деп жазады Л. Сидельникова». Ол былайша өрнектеледі:

$$L = \frac{O + A_{II}}{A_0}.$$

Мұнда: L – леверидж деңгейі;

O – облигациялар;

A_{II} – айрықша акциялар;

A_0 – әдеттегі акциялар (49).

Леверидж деңгейінің жоғары болуы – қауіпті құбылыс, өйткені ол қаржылық тұрақсыздыққа әкеліп соғады.

Шаруашылықты жүргізуші субъектілердің нарықтық белсенділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер осындай.

Қазақстан Республикасында құнды қағаздар нарқы енді ғана қалыптасып келе жатқанын айта кету керек. Алғашқы қор биржалары пайда болды, бірақ олардың айналым көлемі ауыз толтырып айтарлықтай емес. Бұндай жағдай біздің елімізде жекешелендіру аяқталып біткенше және акциялар мен басқадай құнды қағаздар ұсынушылардың саны көбейген кезіне дейін созылады. Нарықтық экономиканың одан әрі дамуы, әр түрлі биржалық бюллетеньдердің, қаржылық газеттер, баланс, әр түрлі акционерлік қоғамдардың табысы туралы есеп беру, олардың акциялары, облигациялар мен басқадай құнды қағаздар туралы мәліметтер келтірілген анықтамалардың шығуына әкеледі. Компанияның акциялар пакетін сату немесе сатып алу туралы шешім қабылдау және курсы зерттеу, кәсіпорындағы қаржы бөлімінің жұмысының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

4.3.

КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Бизнес-жоспарды жасағанда басшылықтың негізгі назары өндірістің тиімділігі көрсеткіштеріне аударылуы керек.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі өндірістің нәтижелерін (тиімділігін) шығындар мен қолданылған ресурстарды салыстыру жолымен өлшенеді. Қол жеткізілген тиімділікті (табыс, өнім) авансталған немесе қолданылған ресурстармен (шығындар) салыстыра отырып кәсіпорын қызметінің тиімділігінің бірқатар көрсеткіштерін анықтауға болады. Оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- 1) қорытындылаушы;
- 2) техника-экономикалық.

Бірінші топтың көрсеткіштеріне табыстың деңгейі, еңбек өнімділігі (еңбек сыйымдылығы) қор қайтарымдылығы (қор сыйымдылығы), материалдар қайтарымдылығы (материал сыйымдылығы), капитал салудың қайтарымдылығы (капитал сыйымдылығы) жатады. Екінші топқа ресурстарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері жатады. Олар кәсіпорындағы өндіріс процесінің кейбір жақтарын жоспарлау мен нақты талдау, оның өсу себептерін есептеу үшін қолданылады. Бұлар: еңбек құралдарын, агрегат қуатын пайдалану коэффициенті, жеке жұмыс өнімділігі және т.б; энергия, жанар-жағармай, материалдар мен шикізаттың меншікті шығындары; меншікті капитал салымдары, өзін-өзі ақтау мерзімі, келтірілген шығындар.

Өнім динамикасы мен ресурстар динамикасы (шығындарының) арақатынасы экономикалық өсу сипатын анықтайды. Өндірістің экономикалық өсуіне экстенсивтік немесе интенсивтік тәсілмен қол жеткізуге болады. Өнімнің өсу қарқынының ресурстардың немесе

шығындардың өсу қарқынынан артық болуы экономикалық өсудің басым интенсивті екендігін дәлелдейді.

Өндірістің экономикалық тиімділігінің жеткілікті жоғары қарқынды және бірыңғай өсуін қамтамасыз ету мүмкіншілігі тек дамудың интенсивті түріне өтуге жағдай жасайды. Бұдан шығатын қорытынды, өндірісті жан-жақты интенсивтендіру – оның тиімділігін арттырудың шешуші себебі. Сөз ең алдымен, әрбір материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының бірлігінің қайтарымын арттыру үшін негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдалану туралы болып отыр.

Өндірістің тиімділігінің ең басты көрсеткіші жанды еңбек өнімділігі болып саналады, ол өндіріс нәтижесімен, жұмыс істеушілердің орташа тізім санының арақатынасымен немесе еңбек сыйымдылығымен, өнім бірлігіне кеткен жұмыс уақытының шығындарымен өлшенеді. Жапонияда өнімділік, кәсіпорынның іскерлік белсенділігін сипаттайтын көрсеткіштер қатарына жатқызылады. Бұл елдің кәсіпорындарының қаржылық есебінде есептелген түрінде мынадай еңбек өнімділігі коэффициенттері келтіріледі:

$$\text{Бір жұмыс істеушіге шаққандағы сату көлемі} = \frac{\text{Сату көлемі}}{\text{Қызметкерлердің жылдық орташа саны}}$$

$$\text{Бір жұмыс істеушіні ұстау үшін кеткен шығындар} = \frac{\text{Еңбекке кеткен шығындар}}{\text{Қызметкерлердің жылдық орташа саны}}$$

$$\text{Бір жұмыс істеушіге негізгі қызметтен түскен пайда} = \frac{\text{Негізгі қызметтен түскен пайда}}{\text{Қызметкерлердің жылдық орташа саны}}$$

Біздің кәсіпорындарда еңбек өнімділігінің негізгі көрсеткіші бір жұмыс істеушіге шаққандағы жылдық орташа өндірілген өнім болып табылады. Оның шамасы бір жұмысшыға шаққандағы орташа өндірілген өнім мен жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағына байланысты.

Бұл тәуелділік мына формуламен көрсетіледі:

$$W = \frac{D^N}{R} = \frac{D^N \times r}{R \times r} = \frac{D^N}{r} \times \frac{r}{R}.$$

Мұнда: D^N – өнімді сатудан түскен табыс (ақша);

R – жұмыс істеушілердің тізімдік орташа саны;

r – жұмысшылардың тізімдік орташа саны;

$\frac{D^N}{r}$ – бір жұмысшыға шаққанда жылдық орташа өндірілген өнім;

$\frac{r}{R}$ – жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағы.

Формуладан, біз бөлшекті бір санға (r) көбейтіп және бөліп көбейткіштер алдық, одан бір жұмысшыға шаққандағы өндірілген өнім және оның үлес салмағы көп болған сайын, бір жұмыс істеушіге есептелген орташа жылдық өндірілгені де жоғары болатынын көреміз.

Осы себептердің бизнес-жоспармен салыстырғандағы есеп беру жылындағы бір жұмыс істеушіге шаққандағы орташа жылдық өндірілгенінің өзгеруіне әсерін 25-кестеде келтірілген мәлеметтерге сүйеніп қарастырайық.

Бір жұмыс істеушіге шаққандағы орташа жылдық өндірілген өнімнің өзгеруіне әсер ететін себептерді талдауға арналған бастапқы мәліметтер

№	Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Іс жүзінде	Ауытқуы (+,-)
1.	Босатылған бағамен өнімді сатудан түскен табыс (акша), мың тг.	15022	14537	-485
2.	Жұмыс істеушілердің тізімдік орташа саны, адам	546	538	-8
3.	Бір жұмыс істеушіге шаққандағы орташа жылдық өндірілген өнім, теңге	27513	27020	-493
4.	Жұмыс істеушілердің тізімдік орташа саны, адам	355	345	-10
5.	Жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағы, %	65,02	64,13	-0.89
6.	Бір жұмысшыға шаққандағы орташа жылдық өндірілген өнім, теңге	42315	42136	-179

Олардың әсерін тізбектеп ауыстыру тәсілімен анықтауға болады, оның негізгі мәні есептеу формуласына кіретін жеке көрсеткіштердің базистік шамасын осы көрсеткіштердің нақты шамасымен кезегімен алмастыру және жүргізілген ауыстырудың зерттеліп отырған қорытындылау көрсеткіші шамасының өзгеруіне әсерін өлшеуде болып табылады. Жеке көрсеткіштің базистік шамасын нақтысымен алмастырған сайын есептеу формуласында ескерілген барлық математикалық амалдарды орындап, алынған нәтижеден алдыңғысын (аталған көрсеткішті ауыстырғанға дейінгі) алып тастайды. Нәтиже айырмасы осы жеке көрсеткіштің өзгеруінің қорытындылаушыға әсерінің ізделген шамасын көрсетеді, өйткені салыстырмалы кезегімен жүргізілген есептеу-

лерде, басқа барлық жеке көрсеткіштер шамалары жағынан бірдей болып келеді.

Жеке көрсеткіштің базистік шамасын нақтысымен алмастыру, ауыстыру деп аталады. Ауыстыру сан есептеу формуласына кіретін жеке көрсеткіштер санына тең, ал жүйемен есептеу бір санға артық болады, өйткені қорытынды көрсеткіштің өзгеруінің жалпы шамасын анықтау үшін барлық көрсеткіштері базистік шамада көрсетілген базистік есептеу жүргізіледі.

Есептеуді тексеру ауытқулар балансын салыстыру жолымен жүргізіледі: кейбір жеке көрсеткіштердің өзгеруі әсер еткен алгебралық соманың ауытқулары, қорытынды көрсеткіштің ауытқуына тең болуы тиіс.

Аталған жеке көрсеткіш әсер еткен қорытынды көрсеткіштің өзгеру шамасы, есептеуде қабылданған ауыстырудың кезегімен жүргізілуіне тәуелді, ол ерікті түрде болмайды, яғни олардың бірлескен қимыл процесіндегі себептердің өзара байланысы, алдын ала сапалық талдаумен негізделген болуы керек.

Жеке көрсеткіштердің базистік шамасын нақтысымен алмастырудың кезектілігі туралы мәселені дұрыс шешуге барлық жеке көрсеткіштерді сан, құрылым және сапа көрсеткіштеріне жіктеп бөлу көмектеседі.

Алдымен сан мен құрылымның жеке көрсеткіштері шамасын өзгертеді, сонан соң сапалық көрсеткіштерді ауыстыру жүргізіледі. Алайда көбінесе, бір ғана емес бірнеше сан және сапа көрсеткіштерінің бір мезгілдегі әсерін өлшеуге тура келеді. Онда ауыстырудың кезектілігін анықтау үшін алдын ала қай көрсеткіштің басқаларға тәуелсіз, қайсысының негізгі, туынды екендігін белгілейді.

Бұл жағдайда ауыстыруды негізгіден бастайды, одан кейін алдыңғыға тәуелді келесі көрсеткішті ауыстыруға көшеді.

Біздің мысалымызда, бір жұмыс істеушіге жылдық орташа өндірілген өнім түріндегі қорытынды көрсеткіш

кішке жұмыс істеуші құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағы мен бір жұмысшыға шаққандағы орташа жылдық өндірілген сияқты екі жеке көрсеткіш әсер етеді. Тізбекті ауыстыру тәсілін қолданып, олардың әсер ету көлемін анықтаймыз.

26-кесте

Жұмысшылардың үлес салмағы мен жұмысшының еңбек өнімділігінің өзгеруінің бір жұмыс істеушіге шаққандағы орташа жылдық өнім өндірудің жоспардағыдан ауытқуына әсерін есептеу

Рет нөмірі		Өзара әсер ететін жеке көрсеткіштер		Қортынды көрсеткіші	Алдағы есептеуден ауытқуы, теңге	Ауытқуының себептері
есептеудің	ауыстырудың	жұмысшылардың үлес салмағы	жұмысшының еңбек өнімділігі	жұмыс істеушінің орташа жылдық өнім өндіруі, теңге		
1.	—	жоспар 0,6502	жоспар 42315	жоспар 27513	—	—
2.	1	нақты 0,6413	жоспар 42315	есептеу 27137	-376	жұмысшылармен қамтамасыз етілмеуі
3.	2	нақты 0,6413	нақты 42136	нақты 27020	-117	жұмысшының еңбек өнімділігінің төмендеуі

Кестеден көрінгендей, жұмысшыларды жеткіліксіз мөлшерде алғандықтан және бір жұмысшыға шаққан орташа жылдық өндірудің төмендеуі нәтижесінде еңбек өнімділігінің негізгі көрсеткіші 493 теңгеге төмендеді, ол баланстың ауытқуымен дәлелденеді:

$[27020 - 27513 = (-376) + (-117)] = -493$, соның шінде сандық көрсеткіштерден (жұмыс істеушілер мен жұмысшылар санынан) туындайтын құрылым көрсет-

кіштің үлесіне, қорытындылау көрсеткішінің жоспардағы шамасымен салыстырғанда 76.3%-ға төмендеуі тиеді.

Өз кезегінде, бір жұмысшының жылдық орташа өнім өндіруіне экстенсивті және интенсивті себептер әсер етеді. Экстенсивті себептерге жұмыс уақытының қорын пайдалануға, ал интенсивтіге – уақыт бірлігіндегі еңбек өнімділігіне, яғни орташа сағаттық өнім өндіруге әсер ететін себептер жатады. Бұлайша бөлу тек шартты түрде қажет, өйткені жұмыс уақытын пайдалану негізінен еңбек пен өндірісті ұйымдастыруға, ал сағаттық өнім өндіру – өнімнің еңбек сыйымдылығы деңгейін анықтайтын кәсіпорынның техникалық және жұмысшылардың мамандығы деңгейіне байланысты. Кесте 2

Базистік деңгеймен салыстырғанда бір жұмысшының орташа жылдық өнім өндіруінің өзгеруіне нақты мына себептер ықпалын тигізеді:

- 1) бір жұмысшының орташа жұмыс күнінің саны;
- 2) жұмыс күнінің орташа ұзақтығы;
- 3) бір жұмысшының орташа сағаттық өнім өндіруі.

Бұл жағдайда жұмыс күнінің орташа саны – негізгі сандық көрсеткіш, ал орташа жұмыс күнінің ұзақтығы әр жұмысшының жұмысқа шығуына байланысты болғандықтан – туынды көрсеткіш болып саналады.

Одан туындайтыны, тізбектеп ауыстыру тәсілін пайдаланғанда, көрсеткіштер шамасын алмастыру, олардың бір-біріне тәуелділігін назарға ала отырып жүргізіледі.

27-кесте де осы себептердің базистік шамасымен салыстырғанда бір жұмысшыға шаққандағы орташа жылдық өнім өндірудің өзгеруіне әсерін есептеу келтірілген.

Жұмысшының орташа жылдық өнім өндіруінің өзгеруіне әсерін есептеу

рет нөмірі	Өзара бірге әсер ететін жеке көрсеткіштер			Қорытындылау көрсеткіші	Алдыңғы есептеуден ауытқуы, тенге	Ауытқу себебі
	Жұмыс күні саны	Жұмыс күнінің ұзақтығы	Орташа сағаттық өнім өндіру, тенге			
1.	–	жоспар 248	жоспар 7,6	жоспар 22,45	–	–
2.	1	нақты 244	жоспар 7,6	жоспар 22,45	-684	жоспардағыдан жұмыс күнінің орташа санының азаюы
3.	2	нақты 244	нақты 7,2	жоспар 22,45	-2191	жоспардағыдан орташа жұмыс күнінің ұзақтығының азаюы
4.	3	нақты 244	нақты 7,2	нақты 23,98	+2696	орташа сағаттық өнім өндірудің жоспардағыдан артуы

Кестеден, орташа сағаттық өнім өндірудің артуы нәтижесінде, жоспармен салыстырғанда бір жұмысшының орташа жылдық өнім өндіруі 2696 теңгеге өскенін көреміз. Алайда жұмыс уақытын ішкі және толық күндік жоғалтулар, жоспардағыға қарағанда оның шамасын 2875 теңгеге кемітті, бұл уақыт бірлігіндегі жұмысшының өнімділігінің оң әсерін жауып тастады.

Талдау есептеулері дұрыс жүргізілген, өйткені жеке көрсеткіштер шамасының өзгеруі әсер етуден болған ауытқулардың алгебралық сомасы қорытындылау көрсеткішінің жоспарынан ауытқуына тең. Ауытқулар балансы:

$$42136 - 42315 = (-684) + (-2191) + 2696 = -179.$$

Сонымен, еңбек өнімділігі деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіш бір жұмыс істеушіге шаққандағы орташа өнім өндіру болып табылады.

Талдау мақсатында, осы көрсеткішпен қатар, бір жұмысшыға шаққандағы орташа өнім өндірудің бір жылдағы, адам-күн және адам-сағаттағысын есептеу қажет. Талдауда бұл көрсеткіштердің барлығын пайдалану керек, өйткені олар бір-бірімен байланысты және олардың индекстерін салыстыру, еңбек өнімділігі жоспарын орындауда әр түрлі себептердің алатын орынын анықтауға мүмкіндік береді. Еңбек өнімділігі көрсеткіштерінің өзара байланысы мына формуладан көрінеді:

$$W_R = W_{сағат} \times B \times C \times a.$$

Мұнда: W_R – бір жұмыс істеушінің орташа жылдық өнім өндіруі;

$W_{сағат}$ – бір жұмысшының орташа сағаттық өнім өндіруі;

B – жұмыс күнінің орташа ұзақтығы;

$W_{\text{сағат}} \times B = W_d$ – бір жұмысшының орташа күндік өнім өндіруі;

C – бір жылдағы жұмысшының орташа жұмыс күн саны;

$W_d \times C = W_r$ – бір жұмысшының орташа жылдық өнім өндіруі;

a – жұмыс істеушілер құрамындағы жұмысшылардың үлес салмағы;

$W_r \times a = W_R$ – бір жұмыс істеушінің орташа жылдық өнім өндіруі.

Жоспардың орындалу пайызын бір жұмысшы мен бір жұмыс істеушінің орташа жылдық өнім өндіруінің көрсеткіштері бойынша салыстыру, еңбек өнімділігінің деңгейіне өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлерінің құрамы сияқты себептің әсері бар екендігін дәлелдейді.

Өнім өндіруге тікелей қатыспайтын қызметкерлер тобының үлес салмағы төмен болған сайын, өндірісті ұйымдастыру мен технологияның сол деңгейіндегі, бір жұмыс істеушінің еңбек өнімділігі соғұрлым жоғары болады.

Орташа жылдық және орташа күндік өнім өндіру бойынша жоспардың орындалу пайызындағы алшақтық, жұмыс уақытының толық күндік жоғалуын немесе есеп беру кезеңіндегі бір жұмысшының істеген жұмыс күні санының өскенін бейнелейді.

Орташа күндік және орташа сағаттық өнім өндіру бойынша жоспардың орындалу пайызындағы алшақтық ауысым ішінде жоғалту болуымен немесе керісінше, күні бойғы жұмыс уақытының ұзақтығы артқанымен байланысты болуы мүмкін.

28-кесте

Өнім өндіру жоспарының орындалу көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Жоспар	Есеп беру	Орындалуы, %-бен
1.	Жылына бір жұмыс істеушіге есептеген өнім өндіру, теңге	27513	27020	98.2
2.	Жылына бір жұмысшының өнім өндіруі, теңге	42315	42136	99.6
3.	Күніне бір жұмысшының өнім өндіруі, теңге	170.62	172.66	101.2
4.	Сағатына бір жұмысшының өнім өндіруі, теңге	22.45	23.98	106.8

Кестеде келтірілген өнім өндіру көрсеткіштерінен, бір жұмыс істеуші мен жұмысшының орташа жылдық өнім өндіруі бойынша жоспардың орындалмағаны көрініп тұр, бұл жұмыс істеушілердің жалпы санындағы жұмысшылардың үлес салмағының төмендегенін дәлелдейді. Осылай, біздің кәсіпорынымызда оның шамасы 65.02%-дан 64.13%-ға дейін төмендеді.

Бір жұмысшының жылына өнім өндіру жоспарының орындалу пайызы бір күндегіге қарағанда аз, бұл жұмыс уақытының толық күндік жоғалтылуы салдарынан болады. Жұмыс уақытының ауысым ішіндегі жоғалтылуын орташа күндік және орташа сағаттық өнім өндіру жоспарлары орындалуы пайыздарындағы алшақтық дәлелдеп тұр. Еңбек өнімділігін орташа сағаттық өнім өндіру анағұрлым дәл сипаттайды, өйткені оған ауысым ішілік және толық күндік жұмыс уақытын жоғалтулар әсер етпейді.

Еңбек өнімділігін талдағанда, істегеніне қарай еңбекақы алатын жұмысшылардың өнім өндіру нормасын орындауы туралы мәселені айналып өтуге болмайды.

Еңбек ресурстарын, еңбек шығындарын азайта отырып тиімді пайдалану қажет, ең бірінші кезекте, қол және ауыр дене еңбегін қысқарту, еңбекті ұйымдастыру мен технологияны жақсарту, өндірістік процесті механикаландыру мен автоматтандыру деңгейін көтеру керек.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі – қор қайтарымы, ол негізгі өндірістік қорларды пайдалануды қорытындылаудың көрсеткіші болып табылады. Ол талдау кезеңінде өнім сатудан түскен табыстың (ақша) негізгі өндірістік қорлардың жылдық орташа құнына қатынасымен формула бойынша анықталады:

$$f = \frac{D^N}{F}.$$

Мұнда: f – қор қайтарымы;

F – негізгі өндірістік қорлардың жылдық орташа құны;

D^N – өнім сатудан түскен табыс (ақша).

Қор қайтарымы кері көрсеткіш – қор сыйымдылығы

$\frac{1}{f}$ – немесе $\frac{F}{D^N}$ – ретінде есептеледі.

Қор сыйымдылығы көрсеткішінің бір артықшылығы, оның алымын құрамдас бөліктер, жеке цехтар мен қондырғылар тобы бойынша жіктеуге болады. Бұл әрбір өндірістік учаскеде техниканы пайдаланудың, қорларды пайдаланудың қорытындылау көрсеткішіне әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қор қайтарымын анықтағанда өнімнің көлемі құндық, заттай және шартты өлшемдермен есептелуі мүмкін.

Негізгі өндірістік қорлардың пайдаланылуын заттай өнім көлемімен есептелген қор қайтарымы көрсеткіші дәл бейнелейді. Алайда, заттай және шартты заттай өнім көлемінің өлшемдерін тек бір ғана өнім түрін шығаратын кәсіпорындарда немесе оны бір салмаққа теңестіруге болатын болса қолдануға болады.

Бұйымдардың кең номенклатурасын шығаратын кәсіпорындардың көпшілігі үшін қор қайтарымының жинақ көрсеткіштері құн түріндегі өнім көлеміне негізделіп есептеледі. Онда негізінен тауарлық өнім мен сату көлемі қолданылады.

Қор қайтарымының шамасы мен динамикасына кәсіпорынға байланысты және байланыссыз әр түрлі себептер әсер етеді. Шаруашылықты интенсивті жолмен жүргізу негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнының 1 теңгесіне өнім шығаруды жүйелі көбейтуді болжайды, оған механизм, машина мен жабдықтардың өнімділігін арттыру, олардың босқа тұруын азайту, техниканы оңтайлы жұмыс істетуге, негізгі өндірістік қорларды техникалық мейлінше жетілдіру арқылы жетуге болады.

Талдау барысында, ең алдымен негізгі өндірістік қорлар мен қор қайтарымының белсенді бөлігінің құрылымының еңбек құралдарын пайдаланудың қорытындылау көрсеткіші деңгейінің өзгеруіне әсерін анықтау қажет. Негізгі өндірістік қорлар құрылымының қор қайтарымына әсері негізгі өндіріс қорларының әр түрлі категорияларының өндірістік процеске бірдей қатынасуына байланысты. Қор қайтарымы есептегенде, олардың белсенді бөлігі негізгі өндірістік қорлардан бөлінеді және өндіріс көлемінде тиімді пайдалануына байланысты ол еңбек құралдарына (жұмыс машинасы мен жабдықтар) тікелей әсер етеді. Қор қайтарымын талдаудың бұл екі факторлық моделі өте қарапайым болады. Осы факторларда қор қайтарымының тәуелділігі мына формуламен бейнеленеді:

$$f = \frac{F^a}{F} \times \frac{D^N}{F^a}.$$

Мұнда: f – қор қайтарымы;

F^a – негізгі қорлардың белсенді бөлігі;

F – негізгі өндірістік қорлардың жылдық орташа құны;

$\frac{F^a}{F}$ – өндірістік негізгі қорлардың жалпы құнындағы белсенді бөлігінің үлес салмағы;

$\frac{D^N}{F^a}$ – негізгі өндірістік қорлардың белсенді бөлігінің қор қайтарымы.

Бұл факторлардың шамасын анықтау үшін бастапқы мәліметтер 29-кестеде келтірілген.

29-кесте

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымының және олардың белсенді бөлігінің өзгеруінің қор қайтарымына әсерін анықтау үшін бастапқы мәліметтер

№	Көрсеткіштер	Өткен жылы	Есеп беру жылы	Ауытқуы (+, -)
1.	Босатылған бағамен өнім сатудан түскен табыс (ақша), мың тг.	11890	14537	+2647
2.	Негізгі өндірістік қорлардың жылдық орташа құны, мың тг. Соның ішінде: белсенді бөлігінің, мың тг.	3054 910	5015 2388	+1961 +1478
3.	Белсенді бөлігінің үлесі, %	29,8	47,6	+17,8
4.	Белсенді бөлігінің қайтарымы, тг.	13,06	6,09	-6,97
5.	Қор қайтарымы, теңге	3,98	2,90	-0,99

Негізгі өндірістік қорлардың белсенді бөлігінің үлес салмағының өзгеруінің және оның қайтарымы деңгейінің еңбек құралдарын пайдаланудың қорытындылау көрсеткішіне әсерінің мөлшерін тізбекті ауыстыру тәсілімен анықтауға болады.

30-кесте

Қор қайтарымының өзгеруіне себептердің әсерін есептеу

Рет №		Бірігіп әсер ететін жеке көрсеткіштер		Қорытындылау көрсеткіші	Алдыңғы есептеуден ауытқуы, теңге	Ауытқу себебі
Есептеудің	Ауыстырудың	Белсенді бөлігінің үлесі	Белсенді бөлігінің қайтарымы, теңге	Қор қайтарымы, теңге		
1.	–	базистік 0,298	базистік 13,06	базистік 3,89	–	–
2.	1	нақты 0,476	базис 13,06	есептеу 6,22	2,33	негізгі қорлардың белсенді бөлігінің үлес салмағының артуы
3.	2	нақты 0,476	нақты 6,04	нақты 2,90	–3,32	негізгі қорлардың белсенді бөлігінің қайтарымының төмендеуі

Негізгі қорлардың белсенді бөлігінің үлес салмағының артуы қор қайтарымына оң ықпалын тигізді. Алайда негізгі өндірістік қорлардың белсенді бөлігінің қайтарым деңгейінің төмендеуі бірінші себептің әсерін басып тастады, ол қор қайтарымының өткен жылмен салыстырғанда 0.99 теңгеге азаюына әкеліп соқты, ауытқулар балансы осыны дәлелдейді:

$$2.90 - 3.89 = 2.33 - 3.32 = - 0.99$$

Арнайы әдебиетте қор қайтарымын талдағанда, оған экстенсивтік және интенсивтік факторлардың әсерін ашып көрсететін толық моделді пайдалану ұсынылады. Бұл моделдің формуласы мынадай:

$$f = \frac{F^a}{F} \times \frac{F^g}{F^a} \times \frac{T^{CM}}{Q^g} \times \frac{1}{C} \times \frac{T^u}{T^{CM}} \times \frac{N}{T^u}.$$

Мұнда: F – істеп тұрған машина мен жабдықтың құны;

T^{CM} – істелген станок ауысым саны;

C – жабдықтың орташа құны;

Q^g – істеп тұрған жабдықтар саны;

T^u – істелген станок-сағат саны;

N – босатылған баға бойынша шығарылған өнім.

Бұл формула қор қайтарымының динамикасына мына себептердің әсерін анықтауға мүмкіндік береді: қордың жалпы құны ішіндегі белсенді бөлігінің үлесінің

$\left(\frac{F^A}{F}\right)$, негізгі өндірістік қорлардың белсенді бөлігінің

құнындағы істеп тұрған машина мен жабдықтардың

үлесін $\left(\frac{F^g}{F_a}\right)$, жабдық жұмысының ауысымдық

коэффициентін $\left(\frac{T^{CM}}{Q^g}\right)$, жабдық бірлігінің орташа

құнын (C) , станок ауысымның ұзақтығын $\left(\frac{T^4}{T^{CM}}\right)$,

жабдықтың бір станок-сағатта өндірген өнімін $\left(\frac{N}{T^u}\right)$.

Қор қайтарымына әсер ететін негізгі себептердің бірі, кәсіпорынның өндірістік қуатын пайдалану болып табылады. Қор қайтарымы мен өндірістік қуатты пайдалану арасындағы байланысты анықтау үшін қор қайтарымы көрсеткішін мына түрде бейнелеуге болады:

$$f = \frac{N}{N^{OC}} \times \frac{N^{OC}}{M} \times \frac{M}{F^a} \times \frac{F^a}{F}$$

Мұнда: N^{OC} – негізгі (әрекет бағытының) өнім;

M – жылдық орташа өндірістік қуаттылық.

Бұл формула қор қайтарымы динамикасына мына себептердің деңгейінің өзгеруінің әсерін анықтауға мүмкіндік береді: кәсіпорынның мамандануы деңгейін

$\left(\frac{N}{N^{OC}}\right)$, кәсіпорынның қуаттылығын пайдалану коэф-

фициентін $\left(\frac{N^{OC}}{M}\right)$, қордың жалпы құнындағы белсенді

бөлігін $\left(\frac{F^a}{F}\right)$, қордың белсенді бөлігінің қор қайтары-

мын $\left(\frac{M}{F^a}\right)$, есептелген қуатын.

Шаруашылықпен айналысушы субъект қызметінің тиімділігін сипаттайтын маңызды көрсеткіш, материал қайтарымы болып табылады, ол тауар өнімі құнының жұмсалған материалдық ресурстар құнына қатынасымен анықталады. Бұл көрсеткішті анықтау үшін қаржылық есеп беру мәліметтерінен алымында өнімді сатудан түскен табыс (ақша), ал бөлімінде материалдың орташа құны алынады. Осы қатынастар нәтижесінде алынған бөлім жоғарыда қаралған материалдық ресурстардың айналымдылық көрсеткіші болады. Сондықтан оны қайталау артық болар. Осы жерде бір айта кететіні, басқару талдауын жүргізгенде материал қайтарымдылығы көрсеткішіне кері – ол өнімнің материал сыйымдылығына үлкен назар аударылатындығы, өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады. Материал сыйымдылығы көрсеткішіне, жұмсалатын материал сомасы мен тауар өнімі шамасына әсер ететін себептер ықпал жасайды. Талдағанда, ең алдымен оған құндылық себептерінің әсерін болдырмау қажет. Осы мақсатта материалдар мен өнім оның барлық талдау

кезеңінде салыстыру бағасымен бағаланады. Одан кейін жеке себептердің әсері зерттеледі.

Материал сыйымдылығын талдау, материал құрамынан оның басты түрлерін бөлу (машина жасауда – металдың), жалпы материал шығынына оның жеке құрамдастарының – таза салмағының және қоспасының әсерін анықтау жолымен жіктеледі.

Материалдың орташа үлес шығыны бөлек саналады, өйткені жүргізілген ұйымдастыру-техникалық шараларымен үнемдеу тәртібі, кооперацияға кірген кәсіпорындардың жартылай фабrikаты мен сатып алынған бұйымдарға кеткен шығындарына емес, материалдардың шығындалуына көбірек әсерін тигізеді.

Кейбір біртекті шикізатты пайдаланатын өндірісте қорытындылаушы нақты көрсеткіштер есептеледі, олар шикізатты пайдалы қолданғандығын сипаттайтын, осы шикізаттан шыққан өнім коэффициенті түрінде бейнеленеді (қант қызылшасынан қанттың шығуы мөлшері, қоспа жүн немесе мақтадан алынған жіп өнімі).

Әр түрлі шикізаттар ішінен алынатын осы өнімнің шығу көлеміне әдетте, тек лимиттік материал әсер етеді, сондықтан ол бірінші кезектегі талдау нысаны болуы керек. Бір қатар жағдайларда шикізаттың бұл түрін жеткілікті мөлшерде ала алмаса, оны басқасымен ауыстыруға болады. Материал сапасының өзгеруі өндіріс процесіне әр түрлі әсер ете береді. Егер материал сапасы өнім шығымын анықтаса, онда ол оның көлеміне де ықпал етеді. Мысалы, рудадағы металдың мөлшері одан шығатын металға, қант қызылшасының қанттылығы – қанттың шығымына әсер етеді.

Төменгі сапалы материал қосымша технологиялық процестерді қажет етеді, бұл өнім көлемін өзгертуі мүмкін, бірақ та оның өзгеруі құнының артуына әкеліп соғады. Мысалы, жиһаз фабрикасына түскен ылғал ағаш кептіру камерасына жіберілуі керек, бұл қосымша жанармай, көлік, еңбекақы шығынын қажет етеді. Алайда егер кептіру камерасының өткізу қабілеті жеткіліксіз болса, ол өндірісті шектейді, сонда төменгі сапалы материал, шығатын өнім көлемін де азайтады.

Сайып келгенде, материалдың сапасыздығы өнім көлеміне де, өзіндік құнына да әсер етпеуі мүмкін, ал оның сапасына сөзсіз ықпал жасайды (тігін, аяқ киім өндірісінде және басқа). Өңделген шикізаттың сапасыздығын білген соң, оның себептерін зерттеу керек, сапалы материал алу үшін кәсіпорынның басшылығы бар мүмкіндікті пайдаланғандығын анықтап, осы себептердің өнім көлеміне, сапасы мен өндірістік құнына ықпалын жан-жақты талдау қажет.

Шикізат пен материалдарды пайдаланудың қорытындылау көрсеткіші қатарына, жұмсалған материал құнына қатынасы бойынша қалдықтар пайызы да жатады. Бұл көрсеткішті талдаған кезде жоспардан тыс қалдықтарды анықтау қажет (технология барысында пайда болған сығынды, кебек және басқаларын санамағанда), қалдықтың арту себебін, бұл құбылысты болдырмау үшін қандай шаралар жүргізілгенін тексеру керек.

Жоспардан тыс қалдықтың, өнім көлемінің азаюына әсерін өлшеу үшін бастапқы материалдық құны бойынша бағаланған осы қалдықтың шамасын, тауар өнімінің бір теңгесіне жұмсалатын жоспарлық шығынына бөлу керек. Қалдықтың құны:

- а) шикізат бағасы бойынша – 55 мың теңге;
- ә) мүмкін пайдалану бағасы бойынша – 11 мың теңге болды дейік.

Сонда 1 теңге тауар өніміне орташа жоспарлық үлесті материал шығыны 0.025 теңге құрайды.

Жоспарлық өзіндік құны бойынша нақты шыққан қалдықты оның мүмкін болатын пайдалану бағасымен есептегенде 12 мың теңге құрауы керек еді, ал іс жүзінде 14 мың теңге, яғни 2 мың теңгеге артық (14–12) болды. Шикізат бағасы бойынша бұл 10 мың теңге

$\left(2 \cdot \frac{55}{11}\right)$ құрайды.

Жоспардан тыс қалдықтар мүмкін болатын тауар өнімі көлемін 400 мың теңгеге (10000:0.025) қысқартты.

Өнеркәсіптің көптеген салаларында калькуляция парактарында калькуляцияланған өнімді дайындауға кеткен материалдар, жартылай фабрикаттар және жинақтаушы бұйымдар туралы мәліметтер келтіріледі. Өндірістің

техникалық және ұйымдастырушылық дамуының жоспарының орындалуы, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету шаралары, кәсіпорынның өз немесе жабдықтаушылар кінәсынан өндірістің технологиялық процесінің бұзылуы сияқты себептердің, нақты өндірілген өнімге жоспарлық норма бойынша шығындардың, шикізат пен материалдардың нақты шығынының ауытқуларына қалай әсер ететіндігін анықтау өте маңызды.

Өндіріске кеткен шығындарды дұрыс ұйымдастырылған нормативтік есептеу жағдайында, жоспарда қарастырылған және шикізат пен материалдың немесе рецептураның (қымбат, тапшы материалдарды жартылай немесе толығымен алмастыру) жұмсалып мөлшерін азайтуға әсер ететін техникалық және технологиялық жаңалықтарды енгізу себептері бойынша ағымдағы шығындар нормасының өзгеруі түрінде бухгалтерлік есепте көрсетіледі.

Белгіленген шығын нормасынан ауытқулар себептері бойынша ұғындырылады. Ол үшін мүмкін нормалардың өзгеруі мен одан ауытқулардың себептерінің классификаторы құрастырылады, әрбір бөлінген себепке жеке код беріледі.

Машинограммаларда шикізат пен материалдың жеке түрлерінің нақты шығыны мен оның мөлшерден ауытқуы және өзгеруі көрсетіледі, соның ішінде кодталған себептер бойынша да белгіленіп жазылып қойылады. Осы мәліметтерді даму қорытындысымен жинақтау, жоспарлы шараларды орындаудың барысын жинақы басқаруға және материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды бақылауды іске асыруға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, біз нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді жан-жақты талдадық.

Оларды дұрыс есептей білу, әр түрлі себептердің олардың деңгейінің өзгеруіне әсерін анықтап, талдау өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін кеңірек ашуға, табылған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар жасауға, оның қаржылық жағдайының жақсарып, бекуіне мүмкіндік береді.

5-тарау

КӘСІПОРЫННЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ТӘУЕКЕЛДІЛІГІ МЕН ПОТЕНЦИАЛДЫ БАНКРОТТЫҒЫН ТАЛДАУ

- 5.1. Кәсіпорынның банкрот болу
ықтималдылығын талдау 252**
- 5.2. Кәсіпкерлік тәуекелді талдау 274**
- 5.3. Инвестициялық жобаның
тиімділігін талдау 291**

5.1.

КӘСПОРЫННЫҢ БАНКРОТ БОЛУ ЫҚТИМАЛДЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімі мен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады. Қазақстан Республикасының “Банкроттық туралы” 07.04.95 жылғы №2173 Заңына сәйкес, қарызды төлеуге шамасы жоқ ұғымы ақшалай міндеттер бойынша кредиторлар сұранысын, еңбекақы төлеу талабын қанағаттандыра алмау, сонымен қатар өзіне тиісті мүлік есебінен бюджет пен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмау жатады (50). Басқаша айтқанда, шаруашылық субъектісінің қарызды төлей алмауы, ағымдағы операциялық қызметті қаржыландыра алмауы, қарыздардың, міндеттердің өсуіне байланысты жедел міндеттемелерді өтеу қабілетсіздігі немесе борышкердің балансының қанағаттанғысыз құрылымына байланысты ұғымдар кіреді.

Баланстың қанағаттанғысыз құрылым борышкердің мүлкі мен міндеттемелерінің өтімділік деңгейінің жетіспеуіне байланысты кредитордың алдында мүлік есебінен міндеттемелердің дәл уақытында төленбеуі жағдайы тұрған кезде болуы мүмкін. Бұндай жағдайда мүліктің жалпы құны борышкер міндеттемелерінің жалпы сома-сына тең немесе одан асып кетуі мүмкін.

Банкроттық кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмінің балансының бұзылуынан, яғни оның қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан туындайды.

Банкроттықтың пайда болуының негізгі себептерін келтірейік:

1. Шаруашылық жүргізу жағдайын жасаудың объективті себептері:

- экономиканы реформалаудың нормативті және заң шығаратын базаларының, қаржылық, ақша, несие, салық жүйелерінің жетілмегендігі;
- инфляцияның аса жоғары деңгейі;
- фирманың құнды қағаздарының нарықтық құнының төмендеуі;
- бәсекелестің жоғары деңгейі және соның нәтижесінде пайда болған сәйкес келмейтін өндіріс шығындары төмендемей, өнім бағасының төмендеуі.

2. Шаруашылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептер:

- банкроттықты уақытында болжап және келешекте одан сақтана алмау;
- жарнама, өтімділік жүйесінің болмауы, сұранысты дұрыс зерттемегендіктен сату көлемінің төмендеуі;
- өндіріс көлемінің төмендеуі;
- ұқсас, бірақ сапасы жоғары өнімдердің бағасына кейбір түрлердің бағаларының жақындауы;
- ақталмаған жоғары шығындар;
- өнімнің төменгі рентабельділігі;
- өндіріс циклінің өте көлемді болуы;
- үлкен қарыздар мен өзара төлей алмаулар;
- ескі басқарма басшыларының нарықты құруға бейімделе алмауы, сұранысы жоғары өнімдерді шығаруда іскерлік көрсетпеуі, инвестициялық, бағалық, қаржылық саясаттың тиімдісін таңдай алмауы.

Кәсіпорындардың жаппай банкроттыққа ұшырауы жағымсыз әлеуметтік қиындықтарға соқтыруы мүмкін, сондықтан нарықтық экономикасы дамыған елдерде, оларды толық күйреуден қорғау мен алдын алудың белгілі механизмі қалыптасқан.

Осы механизмнің *негізгі элементтері* мыналар:

- банкроттықты құқықтық реттеу;

- кәсіпорынның банкроттығы жайында актілерді жүзеге асыруға шешім қабылдау процестерінің нормативтік-әдістемелік, экономикалық, ұйымдық қамтамасыз етілуі;
- перспективалы тауар өндірушілерді қолдау мақсатында, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға мемлекеттік қаржылық көмек шаралары;
- қайта құру және жою шараларын қаржыландыру;
- банкроттық процедураға қатысушыларға экономикалық көмек көрсету;
- кең ауқымды қоғам үшін банкроттар жайында ақпараттардың жариялылығын қамтамасыз ету, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізімін жүргізу.

Қазақстан Республикасы жағдайында банкроттық механизмінің нормативті-құқықтық базасы ретінде әдебиеттер тізімінде көрсетілген құжаттар пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының «Банкроттық жайында» Заңына сәйкес, кәсіпорынның банкроттығы туралы шешімі ерікті немесе еріксіз түрде қабылданады. Банкроттық, борышкердің сотқа жазған өтініші бойынша ерікті түрде немесе оның өзінің банкроттығы жайында соттан тыс түрде кредиторлармен келісімге келе отырып, ресми түрде хабарлауы жолымен жасалады. Ал еріксіз түрде, кредиторлардың немесе «Банкроттық жайында» Заңымен өкілет берілген тұлғалардың өтініші негізінде жасалады.

Банкроттық жайында кредитордың өтінішімен сотқа баруына негіз болып борышкердің төлеу қабілетінің болмауы табылады. Егер борышкер өзінің міндеттемелерін 3 ай ішінде орындай алмаса, оның төлем қабілеті жоқ деп саналады.

Кредитордың борышкерге қойған талаптарының сомасы 150 айлық есепті көрсеткіштерден жоғары болса ғана, банкроттық жайында іс сотпен қаралады.

Банкроттықтың ықтималдылығын бағалауды қаржылық талдау арқылы жүргізуге болады, себебі ол кәсіпорынның экономикалық “ауруын” және одан “арылу” жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның банкроттылығын болжау бойынша құралдарды кең пайдалана отырып, кәсіпорынның дағдарыс жағдайынан шығу шараларын ойластыруға мүмкіндік туғызады. Болжау, қалыптасып жатқан тенденцияларды зерттеп қарауға сыртқы, ішкі жағдайлардың әсерін есепке ала отырып, қаржылық саясатты жүргізу үшін, кәсіпорынның келешегі төлем қабілеттігінің төмендеуі немесе жоғарылауы қандай деген ең маңызды сұраққа жауап беру керек.

Қаржылық жағдайдың динамикасының негізгі тенденциялары мен қызмет нәтижелерін формаланған және формаланбаған әдіс арқылы болжауға болады. Инфляция қарқынының күшті болуы, шығындар нормасының орталықтандырылып бекітілмеуі және келісім-шарттар жасау кезінде алдын ала төлеудің кең таралуы жағдайында, жабдықтау келісім-шартына отырған кезде болжау дәлдігі төмендейді. Осындай кезде қаржылық жағдайды болжау, табыстардың есеп беруге қатысты өзгермелі параметрлері – өндіріс көлемі, шаруашылық субъектілер қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша шығындардың бағдарлама жүйесі қаржылық есеп беру және электронды кесте негізінде құрылуы мүмкін.

Қаржылық жағдайды болжау – перспективалық талдаудың негізгі міндеті. Талдаудың бұл түрі, шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесін зерттеу негізінде, болашақ міндеттерін анықтау, стратегиялық басқару міндеттерін шешу үшін әкімшілікті ақпараттармен қамтамасыз етуі тиіс. Мақсатқа сәйкес талдауды жүргізу, орта мерзімді болашаққа (2–3 жыл) және ұзақ мерзімді болашаққа негізделуі керек. Шетел практикасында, әдетте (5 жылдан жоғары) объект үшін бизнес-жоспарды

болжаудың экономикалық көрсеткіштері 3–5 жылға жасалады.

Талдаудың бастапқы пункті, қаржылық шаруашылық қызметтің көрсеткіштерінің өзгеруі бір есеп беруі кезеңі мен екінші кезеңнің сабақтастығы болып табылады. Сондықтан перспективтік талдау үшін қолданылатын бұл ақпараттар қаржылық есептен алынады.

Ұзақ мерзімді болжауды құруды негізі күрделі мәселе деп есептеуге болады. Мұнда екі жағдай қарастырылады: *шаруашылық қызметтің тәуекелі* мен *болжаудың тәуекелі*. Тәуекелдің бірінші түрі іскер қызметкерлердің, эксперттердің тартылуы есебінен төмендеуі мүмкін. Тәуекелдің екінші түрін шет елде және өзімізде жинақталған тәжірибені қолдану арқылы, сонымен қатар ЭЕМ көмегімен шаруашылық қызметті көп вариантты ұқсас есептеулер жолымен төмендетуге болады.

Қазіргі экономика ғылымының өз қарауында қаржылық көрсеткіштерді болжаудың әр түрлі әдістері мен тәсілдері бар. Кәсіпорынның банкрот болу мүмкіндігінің тұрғысынан қаржылық жағдайды болжаудың 4 негізгі тәсілін қарастырамыз:

- а) несие беру қабілеттілігі индексінің есебі;
- ә) формаланған және формаланбаған белгілердің жүйесін қолдану;
- б) төлем қабілеттілігі көрсеткіштерін болжау;
- в) қаржылық ағымның құйылуын талдау.

А. Несие беру қабілеттілігі индексінің есебі.

Қаржылық болжауда бағалардың эксперттік бағалау әдісі мен экономика-математикалық моделдеу қолданылуы мүмкін. Экономика-математикалық моделдеу көрсеткіштер динамикасын келешекте қаржылық процестердің дамуына тигізетін факторлар әсеріне байланысты белгілі дәрежеде дәл анықтауға мүмкіндік береді. Экономикалық-математикалық модельдеудің қаржылық болжамының ең тиімдісін алу үшін, ол эксперттік бағалау тәсілімен толықтырылады, нәтижесінде қаржы-

лық процестердің сандық мәндеріне түзетулер жасауға мүмкіндік туады. Жалпы әлемдік практикада кәсіпорынның тұрақтылығын болжау, оның қаржылық стратегиясын таңдау, сонымен қатар, оның тәуекелділігін анықтау және банкроттығын болжау үшін экономикалық-математикалық модельдер қолданылады.

Банкроттықтың ықтималдығын бағалаудың ең жиі қолданылатын әдісі белгілі американ экономисі Э. Альтман ұсынған Z модельдері.

Осы модельдердің ішіндегі ең қарапайымы екі факторлы модель болып табылады. Ол негізгі екі көрсеткішке негізделеді. Э. Альтманның пікірі бойынша банкроттықтың ықтималдығы: кәсіпорынның жалпы жабу коэффициенті (K_N^0) немесе ағымдағы өтімділік (K^{TA}), яғни кәсіпорынның активтерінің өтімділігін сипаттайтын коэффициентке және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын қаржылық тәуелділік коэффициентіне байланысты болып табылады. Эмперикалық жолмен табылған бұл көрсеткіштер коэффициенттердің салмақтық мағынасына көбейтіліп, нәтижелері белгілі бір тұрақты өлшеммен қосылады, ол да тәжірибелік-статистикалық тәсілмен табылады. Егер нәтиже (Z) теріс болса, банкроттық ықтималдық үлкен емес. Ал егер Z мәні оң болатын болса, ол банкроттық ықтималдылығының жоғары екенін көрсетеді.

Америка тәжірибесінде (4) мынандай коэффициенттердің салмақтық мәндері қолданылады.

- жабу немесе ағымдағы өтімділік (K^{mm}) көрсеткіші үшін:

$$(K_{II}) - (-1,0736);$$

- баланстың пассивіндегі заемдық қаражаттың үлес салмағының көрсеткіші үшін:

$$(K_3) - (+0,0579);$$

- тұрақты шама $-(-0,3877)$.

Бұдан Z есебінің формуласы мынандай болады:

$$Z = -0,3877 + K \cdot (-1,0736) + K \cdot 0,0579.$$

Мұнда:

$$K_{\text{гл}} - \text{Ағымдағы отімділік коэффициенті} = \frac{\text{Ағымдағы активтер}}{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}$$

$$K_3 - \text{Қаржылық тәуелділік коэффициенті} = \frac{\text{Заемдық қаражаттар (міндеттемелер)}}{\text{көздердің жалпы көлемі (баланс валютасы)}}$$

$Z=0$ болғанда кәсіпорындар үшін банкроттық ықтималдығы 50%-ға тең. Егер $Z < 0$ болса, онда банкроттық ықтималдығы 50%-дан кем болады, және Z төмендеген сайын пайыз да төмендей береді. Егер $Z > 0$, болса, онда банкроттық ықтималдығы 50%-дан асып, Z өскен сайын ұлғая береді.

Осы модельдердің ерекшелігі оның қарапайымдылығы, оның кәсіпорын жайында ақпарат көлемі шектелген жағдайда қолданылу мүмкіндігі болып табылады.

Бірақ берілген модель банкроттықты болжауда жоғары дәлдікті қамтамасыз етпейді, яғни кәсіпорынның қаржылық жағдайына басқа маңызды көрсеткіштердің (табыстылық активтердің берілуі, кәсіпорынның іскерлік белсенділігі) әсерін есепке алмайды. Болжаудың қатесі екі факторлы модельдің көмегімен мына аралықта бағаланады.

$$\Delta Z = \pm 0.65(9).$$

Отандық кәсіпорындар басқа жағдайларда жұмыс істейді, біздің елімізде инфляция қарқыны макро- және микроэкономика циклдері, сонымен қатар өндірістің энергия, қаржы және еңбек сыйымдылығы, еңбек өнімділігі деңгейі, салық ауыртпалығы басқаша болып келеді. Осыған байланысты бұл жоғарыда көрсетілген коэффициенттер мәнін біздің жағдайда ойламай бірден

пайдалану мүмкін емес. Бірақ модельдің өзін, басқа еліміздің нарығына сәйкес келетін көрсеткіштермен алмастырып, отандық есеп және есеп беруде банкрот кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпараттар толық болған жағдайда қолдануға болар еді.

Мысалы, Қазақстан жағдайын Америка жағдайымен сәйкес деп алатын болсақ, талданатын кәсіпорынның банкроттығының сандық мәндерін есептеп шығаруға болады (31-кесте).

31-кесте

Z екі факторлы модель бойынша «АЗ Эталон»
АҚ-ның банкроттық болжауы

№	КӨРСЕТКІШТЕР	01.01.96.	01.01.97.
1.	Ағымдағы өнімділік коэффициенті (жалпы жабу)	2,97	2,27
2.	қаржылық тәуелділік коэффициент	0,14	0,23
3	Z-банкроттық ықтималдылығының көрсеткіші	-3,5682	-2,8115
4	Банкроттық ықтималдылығы	<50%	<50%

Берілген модель «АЗ Эталон» АҚ-ның банкроттық ықтималдылығы болмашы ғана, әр кезең бойынша 50%-дан төмен екендігін, бірақ ертеде өткізілген талдау АҚ-ның қаржылық жағдайының күрт нашарлағанын көрсетеді. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін көрсеткіш болғандықтан, толығырақ болжау алу үшін, американдық тәжірибе сатылған өнімнің рентабельділігінің өзгеру тенденциясын және деңгейін ескеруді ұсынған. Бұл банкроттық тәуекелдік көрсеткішін (Z) және өнім сатудың рентабельділік деңгейін қатар салыстыруға мүмкіндік береді. Егер бірінші көрсеткіш қауіпсіз шекте болса және өнім рентабельділігінің деңгейі жоғары болса, онда банкроттық ықтималдылығы өте аз болады.

Нарықтық экономикасы дамыған шет елдерде кәсіпорынның банкроттық ықтималдылығын болжау үшін

жай және айрықша акциялардың нарықтық құны, қаржылық шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп және кәсіпорын балансының негізінде есептелетін Э. Альтманның көп факторлы моделі кеңінен қолданылады. 1968 жылы ол *болжаудың бес факторлы моделін ұсынған* (21,9). Осы модельдерді жасаған кезде Э. Альтман өнеркәсіптің 66 кәсіпорынын қарап тексерген. Оның жартысы банкроттыққа ұшырап, жартысы жақсы жұмыс істеген. Ол мүмкін болатын банкроттықты болжау үшін ұтымды болып келетін 22 талдау коэффициентін зерттеген. Банкрот болған америка фирмаларының қаржылық жағдайын, гүлденіп өсіп келе жатқан кәсіпорындар көрсеткіштерімен салыстыра отырып, олардың банкроттық ықтималдылығына байланысты дәрежесін және салмақтық коэффициентін анықтап, бес негізгі көрсеткішті шығарған Э. Альтманның жалпы түрдегі моделі (несие қабілеттілік индексі) мына түрде көрсетіледі:

$$Z=1,2+K_1+1,4xK_2+3,3xK_3+0,6xK_4+1,0xK_5.$$

Мұндағы: $K_1 - K_5$ келесі түрде есептелінеді:

$$K_1 = \frac{\text{Меншікті айналым қаражаттары}}{\text{Барлық активтер}}$$

$$K_2 = \frac{\text{Бөлінбеген табыс}}{\text{Барлық активтер}}$$

$$K_3 = \frac{\text{Пайыз бен салық төлеуге дейінгі табыс}}{\text{Барлық активтер}}$$

$$K_4 = \frac{\text{Меншікті (акционерлік) капиталдың нарықтық бағасы (жай және айрықша акциялар)}}{\text{Қатыстырылған капитал (баланс бойынша заем қаражаттарының сомасы)}}$$

$$K_5 = \frac{\text{Өткізуден түскен табыс}}{\text{Барлық активтер}}$$

Z индексінің шекті мәні статистикалық сұрыптау мәліметтері бойынша Э. Альтманның есептеуінше 2,675 болды. Осы өлшеммен нақты кәсіпорын үшін есептелген несие қабілеттілік индексінің мәні салыстырылады. Бұл кәсіпорындар арасында шек қоюға және болашақта (2–3 жыл) біреулерінің банкроттыққа ұшырап ($Z < 2,675$ болғанда) және ($Z > 2,675$ болғанда) басқалардың қаржылық жағдайы тұрақтануы жөнінде пікір айтуға мүмкіндік береді.

Кестеде Z -шотының мәні мен банкроттық ықтималдығы көрсетілген.

32-кесте

Банкроттықтың ықтималдық дәрежесі

Z -шоттың мәні	Банкроттықтың ықтималдығы
1,81 және одан төмен	өте жоғары
1,81-ден 2,70 дейін	жоғары
2,71-ден 2,90 дейін	мүмкіндік бар
3,0 және жоғары	өте төмен

Статистикалық амал қауіпті аймақтың шекарасын анықтауға мүмкіндік береді. $Z < 1,81$ – банкроттықтың жоғарғы ықтималдық аймағы, $Z > 3,0$ – банкроттықтың төмен ықтималдығының аймағы және осыған сәйкес компанияның топтастыруын жүргізу керек. Бір жылға нақты болжау дәлдігі 95% құрайды, ал екі жылға 83%-ға дейін, бұл модельдің үлкен құндылығын көрсетеді. Бір кемшілігі сол, оны өзінің акцияларын биржаларда бағалайтын ірі компанияларда ғана қолдануға болады.

Басқа да белгілер мәлім болды, мысалы, Британ ғалымдары Тофлер мен Тншоу 1977 жылы төрт факторлы болжамдық модельді ұсынды. Сол жылы Э.Альтман банкроттық ықтималдылығын 5 жыл бойы қадағалауға мүмкіндік беретін жеті факторлы модельді жасады, оның дәлдігі 70%-ға дейін болады. Бұл модель келесі көрсеткіштерді қамтиды:

- 1) активтердің рентабельділігі;
- 2) пайданың динамикасы;
- 3) несие бойынша пайыздарды жабу коэффициенті;
- 4) комулятивті түсімділік;
- 5) ағымдағы өтімділік коэффициенті;
- 6) автономия коэффициенті;
- 7) жиындық активтер.

Бұл модельдің құндылығы өте дәлдігінде, бірақ қолданылуына ақпараттың жетіспеушілігі қиындық туғызады (сыртқы пайдаланушыларда жоқ аналитикалық есептің мәліметтері қажет).

Ә. Формаланған және формаланбаған белгілердің жүйесін қолдану.

Жоғарыда көрсетілген көп факторлы модельдер, қор биржасында өздерінің акцияларына баға кесетін компаниялар үшін ғана мүмкін болады. Сонымен қатар белгінің тек біреуіне бағытталу теория жағынан өте жағымды, ал іс жүзінде ақталмаған. Сондықтан аналитикалық шолумен, болжаумен және кеңес берумен айналысатын көптеген аудиторлық фирмалар мен басқа компаниялар өздерінің аналитикалық бағалауында белгілер жүйесін қолданады. Мысал ретінде аудит практикасын талдап қорыту (Ұлыбритания) бойынша комитеттің ұсынысын (21) келтіруге болады. Бұл көрсеткіштерді екі топқа бөлуге болады:

Бірінші топқа динамикасының өзгеруі немесе жағымсыз ағымдағы мәндері келешекте банкроттық және қаржылық қиыншылықтардың болуы мүмкіндігін көрсететін динамикасының өзгеруі немесе белгілер мен көрсеткіштер жатады. Оған жататындар:

- негізгі өндіріс қызметіндегі қайталанатын елеулі шығындар;
- ұзақ мерзімді салымдардың көзі ретінде қысқа мерзімді заемдарды шамадан тыс қолдану;

- мерзімі өткен кредиторлық борыштың кейбір қауіпті деңгейінің өсуі;
- өтімділік коэффициентінің тұрақты төмен мәндері;
- айналым қаражаттарының аса тапшылығы;
- қаражаттар көзінің жалпы сомасындағы қарыздар үлесінің қауіпті шектеріне дейін тұрақты өсуі;
- дұрыс емес қайта инвестициялау саясаты;
- инвесторлар, кредиторлар және акционерлер алдында міндеттемелерді үнемі орындамау;
- дебиторлық борыштың жоғары үлес салмағы;
- нормадан тыс, жатып қалған тауарлар мен өндіріс қорларының болуы;
- банктік жүйедегі мекемелермен қатынасының нашарлауы;
- тиімсіз шарт бойынша жаңа қаржылық ресурстар көзін пайдалану (мәжбүрлі);
- пайдалану мерзімі өтіп кеткен жабдықтарды өндіріс процесінде қолдану;
- ұзақ мерзімді келісімдерді потенциалды жоғалту;
- тапсырыстар портфеліндегі жағымсыз өзгерулер.

Екінші топқа жағымсыз мәндері ағымдағы қаржылық жағдайды шекті жағдай түрінде қарастыруға негізделмейтін белгілер мен көрсеткіштер кіреді. Оған жататындар:

- басқару аппараттарының белді қызметкерлерінен айырылу;
- мәжбүрлі тежеулер, сонымен қатар өндірістік техникалық процестердің ырғақтылығының бұзылуы;
- кәсіпорынның активті түрі, жабдықтың типі, нақты бір жобадан тәуелді болуы;
- жаңа жобаның табыстылығы мен сәттілігіне орынсыз сену;

- кәсіпорынның немен аяқталатыны белгісіз сот ісіне араласуы;
- тиімді контрагенттерді жоғалту;
- кәсіпорынды техникалық және технологиялық тұрақты жаңартудың қажеттілігін дұрыс бағаламау;
- тиімсіз ұзақ мерзімді келісімдер;
- кәсіпорынмен тікелей немесе оның бөлімшелерімен байланысты саяси тәуекел.

Осы ұсыныстардың құндылықтарына жүйелілікті, мүмкін болатын банкроттық тұрғысынан қарағанда кәсіпорынның қаржылық жағдайын кешенді жолмен түсінуді, кез келген кәсіпорынның ешқандай өзгертулерсіз қолдануына болатындығын жатқызуға болады. Қаржылық есеп берулер мәліметтерінен басқа, қосымша ақпарат қажет. Бұл белгілердің шекті мәні салалар бойынша нақтыланады, ал оларды жасау тек қана анықталған статистикалық мәліметтер жиналғаннан кейін жүргізіледі.

Б. Төлем қабілеттілігінің көрсеткіштерін болжау.

Кәсіпорынның банкроттығы жайында шешімдер қабылдау үшін негіз ретінде кәсіпорынның баланс құрылымының қанағаттанарлықтай екенін бағалаудың белгілер жүйесі алынады. Ол Қазақстан Республикасындағы қанағаттанғысыз мемлекеттік кәсіпорындарды жою, қайта құру, қаржылық-экономикалық сауықтырудың механизмі жайындағы Ережемен (Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қыркүйегіндегі №1002 қаулысымен бекітілген), сонымен қатар 1995 жылдың 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бекітілген кәсіпорындардың баланстық құрылымын бағалау тәртібі туралы Ережемен белгіленген.

Осы Ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік комитеті жанындағы кәсіпорындарды

қайта құру Агенттігі «Төлем қабілеті жоқ кәсіпорынның қаржылық жағдайын тереңдетіп талдау бойынша әдістемелік ұсыныстар» жасады, оны аталған мемлекеттік органның директоры 1995 жылы 5 қазанда бекітті. Бұл әдістемелік ұсыныстар қанағаттанғысыз кәсіпорындарды сауықтыру, қайта құру және жоюды орындау тәртібін бірдей әдістемелік жолмен жүргізуді қамтамасыз етті. Баланстың құрылымының қанағаттанарлығын бағалау мен талдау келесі көрсеткіштер негізінде жүргізіледі:

1. *Ағымдағы өтімділік коэффициенті* (жалпы жабу), ағымдағы активтердің (баланс активінің бөлімі) ағымдағы міндеттемелерге (алдағы кезең табыстарын алып тастағандағы баланс пассивінің 3 бөлімі) қатынасымен анықталады. Ағымдағы өтімділік коэффициенті кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу және ағымдағы міндеттемелерді уақытында жабу үшін айналым қаражаттарымен жалпы қамтамасыз етілуін сипаттайды.

2. *Меншікті қаражаттармен қамтамасыз етілу коэффициенті* меншікті айналым қаражаттарының (меншікті капитал минус ұзақ мерзімді активтер = баланс пассивін I бөлімі минус баланс активінің I бөлімі), ағымдағы активтер құнына (баланс активінің II бөлімі) қатынасымен анықталады.

Кәсіпорынның баланс құрылымы қанағаттанғысыз, ал кәсіпорын төлем қабілетсіз деуге негіз ретінде келесі талаптардың бірінің орындалуы шарт:

- есепті кезең соңындағы ағымдағы өтімділік коэффициентінің мәні 2,0-ден кем.
- есепті кезеңнің соңындағы меншікті қаражаттармен қамтамасыз етілу коэффициенті 0,1-ден кем (51).

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі жоқ деп тану оның жағдайының қанағаттанғысыздығын білдірмейді, яғни меншік иесіне азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктемейді. Бұл тек мемлекеттік органдар анықтаған

қаржылық тұрақсыздық жағдайы, ол кәсіпорынның дағдарыс жағдайынан өз күшімен шығуын ынталандыру және қанағаттанғысыздықтың алдын алуға бағытталған шараларды уақытында іске асыруға бағытталады.

Баланстың құрылымы қанағаттанғысыз болған жағдайда, кәсіпорынның төлем қабілеттілігін нақты қалпына келтіре алу мүмкіндігін тексеру үшін 6 ай мерзім ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру коэффициенті былай есептеледі:

$$K_{\text{в}} = \frac{K_{\text{К}}^{\text{ТЛ}} + \frac{P_{\text{у}}}{P_{\text{о}}} (K_{\text{К}}^{\text{ТЛ}} - K_{\text{Н}}^{\text{ТЛ}})}{K_{\text{НОРМ}}^{\text{ТЛ}}}$$

Мұндағы: $K_{\text{К}}^{\text{ТЛ}} - K_{\text{Н}}^{\text{ТЛ}}$ – есепті кезеңнің басы мен аяғындағы өтімділік коэффициенттің нақты мәні;

$P_{\text{у}}$ – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін белгіленген, аймен есептелген кезең (6 ай);

$P_{\text{о}}$ – есепті кезең;

$K_{\text{НОРМ}}^{\text{ТЛ}} = 2,0$.

Егер қалпына келтіру коэффициенті 1-ден кем болса, бұл кәсіпорынның 6 ай ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндігі жоқ екенін көрсетеді. Егер қалпына келтіру коэффициенті 1-ден артық болса, онда бұл кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

Баланстың құрылымы қанағаттанарлықтай болған кезде ($K^{\text{ТЛ}} > 2$ және $K_{\text{СОС}}^{\text{О}} > 0,1$) қаржылық жағдайдың тұрақтылығын тексеру үшін 3 ай мерзімге берілген төлем қабілеттілігін жоғалту коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_y = \frac{K_K^{ТЛ} + \frac{П_y}{П_0} (K_K^{ТЛ} - K_H^{ТЛ})}{2}$$

Мұнда: $П_y$ – аймен есептелген белгіленген төлем қабілетін жоғалту кезеңі (3 ай).

Егер төлем қабілеттілік коэффициенті 1-ден артық болса, бұл кәсіпорынның төлем қабілеттілігін жақындағы 3 ай ішінде жоғалтпайтындығын көрсетеді. Ал төлем қабілеттілік коэффициенті 1-ден төмен болса, оның төлем қабілеттілігін жоғалтуы мүмкін, яғни кредиторлардың алдында міндеттемесін өтей алмайды. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін жоғалтуының нақты қаупі төніп тұруына байланысты, ол кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі органдарда тиісті тіркеуге тұрғызылады. 33-кестеде баланс құрылымын бағалаудың көрсеткіштері келтірілген. Мемлекеттің кәсіпорынға қарыз болуы төлем қабілетсіздігінің ең жиі кездесетін себептерінің бірі болып табылады.

33-кесте

1996 жылдың басы мен аяғына «АЗ Эталон» АҚ-ның баланс құрылымын бағалау

№	Көрсеткіштер	Жыл басында	Жыл аяғында	Коэффициент нормасы	Мүмкін болатын шешім (баға)
1.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті ($K_{тл}$)	2,97	2,27	>2,0	Баланс құрылымы қанағаттанарлықтай
2.	Меншікті қаражаттармен қамтамасыз етілу коэффициенті	0,66	0,56	>0,1	
3.	Төлем қабілетін қалпына келтіру коэффициенті (K_b)	x	—	—	Баланс құрылымы қанағаттанарлықтай
4.	Кәсіпорынның төлем қабілеттілігінің жойылу коэффициенті (K_y)	x	1,05	>1,0	Алдыңғы үш айда кәсіпорынның төлем қабілеттілігін сақтауға мүмкіндігі бар

Е с к е р т у : K_v – егер коэффициенттердің (K_v және K_y) біреуі көрсетілген белгіден кіші мәнге ие болса, онда есептеледі. K_y – егер де коэффициенттердің екеуі де көрсетілген белгіден кем емес мәндерге ие жағдайда есептеледі.

Кәсіпорын алдындағы мемлекеттің қарыз болуын, Қазақстан Республикасының атқару өкіметінің өкілетті органдарының, онда орналастырылған тапсырыстарын төлеу жөніндегі міндеттемелерін мезгілінде орындамауы деп түсіну керек. Ал заңға сәйкес, кәсіпорынның тапсырысты орындаудан бас тартуға құқығы жоқ. Кәсіпорынның алдындағы мемлекеттің қарызы, кәсіпорын алдындағы мемлекеттік қарыздың құрылымы жайында (34-кесте) және осы қарызды дәлелдейтін құжаттар жайындағы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік орындау билігінің өкілетті органдарының келісімдері, жарлықтары және бұйрықтары) анықтамалардың негізінде анықталады.

Егер құжаттар белгіленген мерзімде берілмесе, онда мемлекеттің кәсіпорын алдындағы қарызына байланысты төлем қабілеттілігінің тәуелділігі анықталмаған болып есептеледі.

Мерзімінде орындалмаған әрбір міндеттемелер бойынша құжаттар негізінде, мерзімінде пайда болған мемлекеттің қарызының көлемі анықталады.

34-кесте

Кәсіпорынның алдындағы мемлекеттің қарыздарының құрылымы жайында мәліметтер

№	Тапсырыс бойынша мемлекеттік қарыздың көлемі (мың тг.)	Қарыздың пайда болу күні	Қарыздың аяқталу күні	Қарыздың кезеңі	Қарыздардың пайда болу кезіндегі ҚР Ұлттық банкінің есеп мөлшерлемесі, %	Кәсіпорын алдында мемлекеттің қарызы барлығын куәландыратын құжат
1	2	3	4	5	6	7

Кәсіпорын алдындағы мемлекеттің қарызына қызмет көрсету бойынша төлемдер сомасы мына формуламен есептеледі:

$$Z = \sum_{i=1}^N P_i \times t_i \times S_i : 100 : 360.$$

Мұндағы: P_i – мемлекеттің мерзімінде өтелмеген 1-міндеттемесі бойынша мемлекеттің қарызының көлемі;

t_i – мемлекеттің мерзімінде орындамаған 1-міндеттемесі бойынша қарыздың кезеңі;

S_i – қарыз пайда болған мезгілдегі ҚР Ұлттық банкінің жылдық мөлшерлемесі;

n – кәсіпорын алдындағы мемлекеттің міндеттемелер саны.

Кәсіпорында мемлекет қарыздарды уақытында өтейді деген болжаммен ағымдағы өтімділікті бағалау іске асырылады және ол келесі түзетілген формула арқылы есептелінеді:

$$K_{K}^{TLK} = \frac{TA - \sum_{i=1}^n P_i}{TO - \sum_{i=1}^n P_i} = \frac{\Pi^a - \sum P_i}{\Pi^n - D_{б.п} - Z - \sum P_i}.$$

Мұндағы: K_{K}^{TLK} – ағымдағы өтімділіктің түзетілген коэффициенті;

TA – ағымдағы активтер;

TO – ағымдағы міндеттемелер;

$\sum P_i$ – жиынтық қарыз;

$D_{б.п}$ – болашақ кезеңнің табыстары.

Сәйкес құжатпен немесе келісіммен белгіленген, орналастырылған мемлекеттік тапсырысты төлеу күні қарыздың пайда болу күні болып табылады. Ол күн көрсетілмесе, онда мемлекеттік қарыздың пайда болу

күні деп тапсырысты орындап біткен күні саналады (немесе мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыстардың кезеңі).

Ағымдағы өтімділіктің түзетілген коэффициентінің мәні бойынша кәсіпорынның төлем қабілетсіздігіне оның алдындағы мемлекет қарызының тәуелділігі. Егер $K_{K^x}^{TL} \geq 2$ болса, онда кәсіпорынның төлем қабілетінің болмауы, оның алдындағы мемлекеттің қарызымен байланысты болып саналады; егер $K_{K^x}^{TL} < 2$ болса, онда кәсіпорынның төлем қабілетсіздігінің оның алдындағы мемлекет қарызына тәуелділігі белгіленбеген деп есептеледі. Бұл әдістеменің артықшылығы есеп жүргізудің қарапайымдылығы, алынатын нәтижелердің көрнектілігі және сыртқы есеп беру негізінде іске асырылатын мүмкіндіктерінде болып отыр.

Кәсіпорынның төлем қабілеті жоқ, ал баланстың құрылымын қанағаттанғысыз деп танып, шешім қабылдағаннан кейін кәсіпорыннан қосымша ақпарат сұралып және оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе жою шараларын қолдану үшін қайта құру реттемесін жүргізу түрін таңдау мақсатында, оның қаржы-шаруашылық қызметіне терендетілген талдауы жүргізіледі.

В. Қаржылық ағымдардың талдауы.

Банкроттық жағдайдың пайда болу мүмкіндігін алдын ала көрсетіп және оны болдырмауда *қаржылық ағымдардың талдауы* маңызды әдіс болып табылады. Ол несие алудың мақсатқа сәйкестігін бағалау, қарыз қаражаттарының қажетті көлемдерін және мерзімдерін бағалау міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы қаражаттарының қозғалысын немесе қаржы ағымдарын талдауда көрсеткіштердің 4 тобы қарастырылған:

- кірістер;
- шығындар (немесе «төлемдер»);
- олардың айырмасы («сальдо», «баланс»);
- нақты бар болуы («өспелі нәтижелі сальдо», топтастырылған «сальдо»), шоттағы бар қаражаттарға сәйкес.

Егер болашақта 4-көрсеткіш («өспелі нәтижелі сальдо») теріс болса, онда ол қарыздың пайда болуын көрсетеді. Егер бұл қарыздарды жабатын мүмкіндік болмаса, ал кредиторлар оларды сот арқылы талап етсе, ол банкротқа немесе форс-мажордық жағдайға алып келуі мүмкін. Демек банкроттықтың бірінші белгісі, ол – *соңғы көрсеткіштің теріс болуы*.

Банкроттықтың келесі белгісі *сыпайылау*, ол тіпті өркендеген кәсіпорынның да «несиелік қақпанға» түсу мүмкіндігімен байланысты. Бұндай жағдайда қарыз қаражаттарды алу көлемі қарыз қаражаттарды қайтару көлеміне тең немесе кем. Ол қарыздар алынғаннан кейін бірден кәсіпорынды дамыту үшін жұмсалмағанын білдіреді, ал олардың төлемі оның тиімділігін төмендетеді, яғни өз қаражаттарының «жуылып» кетуі нәтижесінде шығынды қызметке және банкроттыққа алып келеді.

Банкроттықтың ықтималдығын бағалаудың бұл әдісі Батыс елдерде кеңінен қолданылады. Мысалы, Германияда қаржылық ағымдардың талдауы кәсіпорынның төлем қабілеті жоқтығын анықтау үшін заңды түрде қолданылады.

Төлем қабілетсіздік қаупі, қарыздарды төлеу уақыты келген кезде қолма-қол төлем міндеттемесін орындай алмаған жағдайда болады. Төлем қабілетсіздікті анықтау алынатын және шығатын төлемдер негізінде жасалады. Төлем қабілетсіздік қаупі болашаққа бағытталған,

сондықтан белгісіздік мәселесіне қарсы тұрады. Табыстар мен шығыстардың көптеген көлемдері, қаржылық болашағы нақты жағдайға байланысты екенін көрсетеді.

Қаржылық ағымдарды талдау әдісінің артықшылығы есептеудің қарапайымдылығы, алынған нәтижелердің көрнектілігі, басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпараттылығында болып отыр. Бұл әдістің кемшіліктері де бар: қажетті деңгейдегі дәлдікті қажет ететін ақша қаражаттардың түсу көлемін, ұзақ мерзімді болашақтағы төлемдердің көлемін, сонымен қатар кәсіпорындағы аналитикалық есептің қажетті мәліметтерін жоспарлау өте қиын.

Түсуі мен шығуы жоспарланған, өтімді қаражаттардың барлығы кірістірілген қаржылық жоспар, бағалаудың барабар құралы болып табылады. Банкроттықтың алдын алып, кәсіпорынның төлем қабілетін қалпына келтіру үшін, кәсіпорын келесідей батыл әрекет жасауға мәжбүр болады:

- а) қозғалмайтын мүліктің бір бөлігін сату;
- ә) басы артық тауарлы-материалдық қорлардан құтылу;
- б) жарғылық капиталды өсіру;
- в) айналым қаражаттарын толтыру үшін ұзақ мерзімді ссудалар мен заемдарды алу;
- г) шығындарды қысқарту бағдарламасын жасау және жүзеге асыру;
- ғ) активтерді басқаруды жақсарту;
- д) қайтарылмайтын немесе қайтарылатын негіздегі әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден, салалық және салааралық бюджеттен тыс қорлардан мемлекеттік қаржылық көмек алу.

Банкроттықты болдырмауға бағытталған жұмыстың басқа жайы маркетингтік саясатты дұрыс жүргізу болып табылады.

Үшінші бағыт — *капиталдың тез айналымын қамтамасыз ету*. Кәсіпорынның аз табыс алатынының ең басты себебінің бірі, ол оның қаржыларының үлкен сомасының қозғалыссыз жататындығы. Құралдар көп қолданылмайды, шикізаттың қоры тым көп, ғимараттардың шамадан тыс көп болуы т.б. Бұның барлығы әрекетсіз капитал болып табылады. Кейде капиталдың 2/3 бөлігі доғарылып қалып, барлық тапсырыстар қалған бір бөлігіне жүктеледі. Баға өскенде ғана болмаса, тауарды ұстап тұрудың ешқандай қажеті жоқ. Ғимараттар немесе құралдардың құндылығы олардың бағасына емес, пайдаланылуына байланысты. Бизнесінің мәні айырбастау болып табылады. Пайда нормасы жоғары бағаға емес, сату жылдамдығына байланысты, сондықтан бағаны көтеру банкроттыққа әкеледі, ал капиталдың айналымдылығының ең жоғары жылдамдығы банкроттықтан сақтайды.

Бұл ұсыныстар банкроттықты болдырмайтын жұмыстарға жалпы бағыт береді. Шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің өсу деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін және қаржылық дағдарыс жағдайынан шығу үшін кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуға бағдарлама жасап шығару керек.

Кәсіпорынның қызметіне әсер ететін тәуекелдік факторы нарықтық экономикада үдей түседі. Тәуекелділік қандайда бір жағымсыз жағдайдың болуының мүмкіндігін көрсетеді. *Тәуекелділік ұғымы* кәсіпорын ресурстарының бір бөлігін жоғалту ықтималдығын (қаупі), қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстардың толық алынбауын немесе қосымша шығындардың пайда болуын білдіреді.

Тәуекелділік ықтималдық категориясына жатады, яғни оны белгілі бір деңгейдегі жоғалтулардың ықтималдылығы ретінде есептейді. Әр кәсіпкер басшы типіне байланысты таңдап, тиімді тәуекел деңгейін өзі белгілейді. Кертартпа басшылар жаңалықтарға бейімделмеген, әдетте олар қандай да бір тәуекелден қашуға тырысады. Икемді басшылар, егер тәуекелділік ерікті болып, ал орындаушылар өз ісінің маманы болса, олар тәуекелді шешімдерді қабылдауға тырысады.

Кәсіпкерлік тәуекелділіктің жағымды деңгейдегі және мақсатты шешімдер қабылдаған кезде белгілі бір жоғалтуларға апаруы ықтималдығын білумен шектеліп қоймай, сонымен қатар ол жоғалтулар сол /немесе басқа деңгейден аспау ықтималдығын да қарастыруы керек.

Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі бизнестің тәуекелсіз болмайтынын көрсетеді. Кәсіпкер тәуекелді ең төменгі мүмкін болатын деңгейге дейін қалай азайтатынын білуі қажет. Фирма үшін қандай да бір жағымсыз жағдай болса да, кәсіпкер негативті нәтижелерді азайту мүмкіндіктерін қарастыруы керек.

Тәуекелді өзін-өзі сақтандыру есебінен және хеджиралау жолымен тәуекелдің бөліктерін басқа фирмаларға беру арқылы азайтуға болады.

Өзін-өзі сақтандыру меншікті қаражаттардың бөлігінің есебінен зиянды жабу және ойда болмаған шығындарды жабуға қаражат жинақтаумен байланысты. Құны фирманың қаржы көрсеткіштерімен салыстырғанда аса көп емес мүліктің немесе бір типті мүліктің көп мөлшерін жоғалту қаупі төнгенде, ішкі шаралар көмегімен өзін-өзі сақтандыру орынды болады.

Шет елдерде тәуекелді азайтудың кең тараған тәсілі — хеджиралау (аудармасы — жоғалтулардан сақтау), қарсы валюталық, коммерциялық, несиелік және басқа талаптар мен міндеттерді даярлау. Бірақ, тәуекелдің көп бөлігі (менеджерлердің қатесі, бағаның өзгеруі, сұраныс, дұрыс таңдалмаған жоба және т.б.) толығымен кәсіпкерлерге жүктелген. Жағдайларды болжап, кәсіпкерлік тәуекелді бағалауды үйрену керек.

Кәсіпкерлік тәуекел — бұл бизнестің түріне байланысты компанияның қызметінің тәуекелі. Олардың негізгі түрлеріне *өндірістік, коммерциялық және қаржылық* (несиелік) *тәуекелді* жатқызуға болады.

Өндірістік тәуекел — бұл өнім өндірумен, қызмет көрсетумен, басқа да түрлі өндіріс қызметтін жүзеге асырумен байланысты тәуекел. Өндірістік тәуекелдің пайда болу себептері: ұйғарылған өндіріс көлемінің мүмкін болатын төмендеуі, материалдық шығындардың өсуі, қызметкерлердің наразылығы, менеджерлердің қатесі, көтеріңкі аударым сомалары мен салықтарды төлеу және т.б.

Коммерциялық тәуекел кәсіпкер өндірген немесе сатып алған тауарлар мен қызметтерді өткізу процесінде пайда болады. Коммерциялық тәуекелдің себептері: өнімді өткізу көлемінің төмендеуі, материалдық ресурстардың сатып алу бағасының жоғарылауы, сатып алу көлемінің ойда болмаған төмендеуі, айналым шығындарының өсуі, экономиканың тұрақсыздығы және клиенттердің ұнату қабілетінің өзгеруі, бәсекелестердің әрекеті.

Қаржылық тәуекел кәсіпорынның банктермен және басқа да қаржылық институттармен қатынас өрісінде пайда болады. Қаржылық тәуекелдің себептері: қарыз және меншікті қаражаттардың арақатынастарының көлемінің жоғарылауы, кредиторларға тәуелділік, капиталдың әрекетсіздігі, бір жобаға, бір мезгілде көп қаражат жұмсау.

Қаржылық тәуекел мына операциялардан алынған шығындарда көрсетіледі: несиелік, инвестициялық, құнды қағаздар эмиссиясы.

Айналым және өндіріс өрісіндегі кәсіпорындар үшін қаржылық тәуекелдің құрамдастарын ажырата білу керек: несиелік, пайыздық, валюталық айрылыш қалған пайда тәуекелі, инвестициялық тәуекел, салықтық тәуекел.

Несиелік капитал нарығының қатысушылары қаржылық тәуекел деп әдетте клиенттің төлем қабілетсіз болуына байланысты міндеттемелерді орындай алмау қаупінен туындайтын жалпы экономикалық тәуекелдің бір түрін түсінеді.

Қаржылық тәуекелді шешуге нақты қаражаттарды таңдаған кезде инвестор келесі принциптерді назарда ұстауы керек: меншікті капитал мүмкіндігінен артық тәуекелге бармау керек, аз нәрсе үшін көп нәрсені тәуекелге салмау керек, тәуекелдің нәтижесін алдын ала білуге тырысу қажет. Яғни берілген тәуекел бойынша, мүмкін болатын шығындардың ең көп мәнін есептеп, содан соң берілген тәуекелге итермелейтін кәсіпорынның капитал көлемімен, содан кейін салыстыру керек, содан кейін барып мүмкін болатын шығындарды жалпы ақша қаражаттарының көлемімен салыстыру керек. Сонда ғана, бұл тәуекел кәсіпорынды банкроттық жағдайға әкелмейтінін анықтауға болады. Басқаша айтқанда бұл тәуекелді басқарудың жалпы стратегиясы.

Қаржылық тәуекелді басқару процесі 6 сатыдан тұрады: мақсаттарды анықтау, тәуекелді анықтау, тәуе-

келді бағалау, оларды жүзеге асыру және нәтижелерді бағалау.

Мақсатты анықтау кәсіпорынның едәуір шығындар жағдайында жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталады.

Мақсат кәсіпорынды сыртқы орта жағдайынан немесе ішкі орташа оңтайландырудан қорғау болып табылады.

Тәуекелділік ықтималдылығы ресми және бейресми көздерден әр түрлі ақпараттар жинау көмегімен анықталады.

Шығындардың қаупін оның мағынасына байланысты үш түрге бөлуге болады: банкроттық қауіп, шығынды болдырмау үшін қосымша ресурстардың қажеттілігі, активтердің бір бөлігін шарасыз жоғалту.

Қаржылық тәуекелді басқарудың ең күрделі кезеңі болып табылатын тәуекелді талдаудың міндеті мүмкін болатын серіктестіктерге, жобаға қатысудың тиімділігі туралы шешім қабылдауға және ақша жоғалтуды болдырмау шараларын жасау үшін қажет мәліметтерді беру болып табылады.

Тәуекелді талдау кезінде **тәуекел аймағы** ұғымын пайдалану маңызды, яғни ол шекарасында белгіленген тәуекел деңгейінің шекті мәндерінен аспайтын жоғалтулар болатын, рыноктың жалпы шығындар аймағы. Нарықтық экономика жағдайында кез келген кәсіпорын қызметінің 5 негізгі тәуекел аймағын белгілеуге болады.

Тәуекелсіз аймақта операция жүргізген кезде кәсіпорын ешқандай тәуекел жасамайды, ешқандай шығын көрмейді, кәсіпорын кем дегенде есепті табыс алады. Жобаны орындау кезінде, теориялық жағынан кәсіпорынның табысы шексіз.

Аз тәуекелді аймақтағы қызмет нәтижесінде кәсіпорын таза табысының барлық мөлшерін немесе бір бөлігін жоғалту ықтималдығы бар.

Жоғары тәуекелді аймақта кәсіпорын, нашар болған жағдайда барлық шығындарын жабады, ал жақсы болған жағдайда есепті деңгейден төмен табыс алады.

Бұл аймақта өндіріс қызметі қысқа мерзімді несие есебінен болуы мүмкін.

Қауіпті тәуекелді аймақта кәсіпорын есепті табысты ғана емес, сонымен қатар өнім өткізуден (жұмыс, қызмет) түскен табысты жоғалту ықтималдығы бар және шығындарды өзінің есебінен қайтарады.

Жарамайтын (апатты) тәуекелді аймақтағы кәсіпорынның қызметі банкроттыққа әкеледі, барлық инвестицияларын жоғалтады.

Тәуекелді талдау кезінде оның *көздері* мен *себептерін* анықтау керек. Пайда болу көзіне байланысты тәуекелділік былайша бөлінеді: меншікті шаруашылық, адамның өзімен байланысты, табиғи факторлармен байланысты. Тәуекелділіктің пайда болу себептері болашақтың анықталмауынан, әріптестің айқындалмаған мінезі, ақпараттың жетіспеуінен туындаған деп жіктеледі. Қандай да бір жағдайда болмасын, тәуекелділік шешімнің ақпаратпен жабдықталу жағдайына байланысты болады.


Инвестор кейде нәтижелер анықталмаған және шектелген ақпаратқа негізделген жағдайда шешім қабылдайды. Әрине, ақпарат толық болған жағдайда тәуекелділікті жақсы болжап, оны төмендетуге болады. Мұндай жағдайда пайдалы ақпарат тауар түрінде көрінеді. Ақпарат толық болған жағдайда, толық ақпараттың құны белгілі бір заттың күтілген құны арасындағы айырма түрінде көрініп, ал ақпарат толық болмаған жағдайда күтілетін құны түрінде көрінеді.

Тәуекелді талдауды бір-бірімен өзара тығыз байланысты және бір-бірін толықтыратын екі түрге бөлуге болады: *сапалық* және *сандық*.

Тәуекелді сапалық талдау тәуекелді басқарудың екінші кезеңі түрінде көрінеді. Ол мүмкін болатын барлық тәуекелдерді теңестіріп салыстырады. Ол салыстырмалы түрде қарапайым болуы мүмкін. Оның басты міндеті – жұмыс пен кезеңдердің орындалуы

кезіндегі тәуекелдің себептерін анықтау, яғни тәуекел мүмкін болатын аймақты айқындау, содан кейін барып, барлық тәуекелдерді анықтау болып табылады.

Тәуекелділікті талдауды жүргізу реті төмендегі сызбанұсқада көрсетілген.



Тәуекел талдауының блок-нобайы

Тәуекелдік дәрежесіне әсер ететін барлық факторларды объективті және субъективті деп бөлуге болады. Объективті факторларға кәсіпорыннан тәуелсіз инфляция, бәсеке саяси және экономикалық дағдарыстар, экология, кедендік салықтар жатады. Субъективті факторлар тікелей нақты түрін сипаттайды: өндірістік потенциал, кадрлық құрылым, шаруашылық байланыстар, қаржылық жағдай.

Тәуекелдің сандық талдауы – бұл жалпы қаржылық тәуекелдің және ақшалай шығындардың жеке

түрлері бойынша нақты көлемін анықтау. Жеке тәуекелдің өлшемдерін анықтау түрлі талдаудың әдістері арқылы жүргізіледі, соның ішінде кең тарағандары: *статистикалық, шығындардың мақсаттылығын талдау, эксперттік бағалау әдісі, ұқсастықтарды (аналогтарды) пайдалану.*

Статистикалық әдістің мәні берілген немесе ұқсас өндірістегі шығындар мен табыстардың статистикасы зерттеліп, сол немесе басқа экономикалық қайтарулардың көлемі белгіленіп және болашаққа дәлірек болжау құрылуында болып отыр. *Вариация, дисперсия және стандарттық ауытқулардың есептеулері жүргізіледі.*

Вариация – бір жағдайдан (вариант) басқа жағдайға ауысқандағы белгінің сандық бағасының өзгеруі (тербелмелігі). Мысалы, экономикалық табыстылықтың (рентабельділіктің) өзгеруін экономикалық табыстылықтың нақты мәнін сәйкес келетін ықтималдылықтың мәніне көбейтуді жинақтау арқылы анықтауға болады.

$$ЭД = \sum_{i=1}^n ЭД_i \times Д_i .$$

Мұндағы: $ЭД_i$ – экономикалық табыстардың мәні;
 $Д_i$ – ықтималдықтың мәні.

Вариация дисперсиямен, яғни орташа мәннен белгінің нақты мәнінің ауытқу шамасымен бағаланады. Орташа өлшемді дисперсияны математиктер мына формуламен есептейді:

$$\text{Дисперсия} = \sum_{i=1}^n (ЭД_i - ЭД)^2 \times Д_i$$

$$\text{Стандартты ауытқу} = \sqrt{\text{Дисперсия}} .$$

Нәтиже неғұрлым жоғары болған сайын, кәсіпорынның қызметі солғұрлым тәуекелді болады.

Тәуекелділіктің дәрежесін есептеудің статистикалық әдісі көптеген көлемді мәліметтерді талап етеді. Олар әрдайым болмағандықтан, оны қолдану қиындайды.

Шығындардың мақсаттылығын талдау кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығының көрсеткіштерін есепке ала отырып, тәуекелдің потенциалды аймақтарын анықтауға бағытталған. Шығындарды артық жұмсау келесі 4 фактормен немесе олардың қосылуларымен байланысты туындауы мүмкін:

- 1) құнның ең басында жете бағаланбауы;
- 2) жобалаудың шектерінің өзгеруі;
- 3) өнімділіктегі айырмашылық;
- 4) алғашқы құнның өсуі.

Бұл негізгі факторлар нақтылануы мүмкін. Мысал ретінде, қаржы-қаражаттарының тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері қызмет ете алады.

Эксперттік-бағалау әдісі маман-сарапшыға сұрақ-сауал қоюға негізделген. Анкеталар кейін қойылған талдау міндетінің сол немесе басқа шешімін қабылдау үшін статистикалық өңделеді.

Сапалы пікір алу үшін сараптауға жоғары білікті және қойылған проблема аумағында үлкен практикалық тәжірибесі бар, даму тенденциясын теңдей көрсететін қабілеті бар, қойылған мәселеге ынталы мамандар қатыстырылады.

Ұқсастықтарды пайдалану әдісі құбылыстардың, құралдардың, жүйелердің ұқсастығын тауып пайдалануында болып табылады, яғни жаңа идеялар мен ұсыныстар ұқсас объектілерді салыстыру негізінде пайда болады.

Бұл әдісті, сонымен қатар эксперттік бағалау әдісін пайдалану түсінікке, талдаушының тәжірибесі мен біліміне байланысты болғандықтан, анықтау субъективті сипат алады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, кәсіпкерлік тәуекелді талдау кезінде тәуекелді төмендетудің жолдарын толық зерттеп білу керек. Тәуекелді тиімді болжаумен фирма ішілік жоспарлау бойынша сапалы

жұмыстар жүргізу нәтижесінде төмендеуге болады. Тәуекелділікті төмендетудің ең жақсы әдісі инвестициялық шешімдерді сауатты таңдау болып табылады.

Инвестиция жайында шешім қабылдау басқарманың стратегиялық қиын міндеті болып табылады. Инвестициялау кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудағы тиімді шараның бірі.

Барлық инвестицияларды екі негізгі топқа бөлуге болады: *портфельді және нақты* (капиталдандырылған).

Портфельді инвестиция деп (кәсіпорынның құнды қағаздарын сатып алу сияқты) жобалар тобына капитал салуды айтады. Портфельді инвестиция жағдайында инвестордың негізгі міндеті оптималды инвестиция портфелін құрастыру және басқару болып табылады. Әдетте, ол қор нарығындағы құнды қағаздарды сату мен сатып алу операциялары арқылы жүзеге асырылады. Осыған орай портфельді инвестициялар көбінесе қысқа мерзімді қаржылық операциялар түрінде көрінеді.

Нақты инвестиция деп өндіріс процесіне тікелей қатысатын инвестицияларды айтамыз. Мысалы, құралдарға, ғимараттарға, материалдар қорына салынатын инвестициялар.

Объектісіне қатысты инвестициялар келесі түрлерге жіктеледі:

- 1) мүліктік инвестициялар (материалды инвестициялар);
- 2) қаржылық инвестициялар;
- 3) материалдық емес инвестициялар.

Мүліктік инвестициялар – бұл нақты инвестициялар.

Қаржылық инвестициялар – бұл қаржылық мүлікке салынатын салымдар, басқа фирмалардың жұмыстарына қатысу және борыштық құқығына ие болу. Мысалы, акция, басқа да құнды қағаздарды сатып алу.

Ал материалдық емес құндылықтарға қатысты инвестицияларға зерттеу мен талдау жасау, кадрлар

даярлау, жарнама және басқаларға салынатын инвестициялар жатады.

Әрекеттің бағытына қарай инвестициялар келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) бастапқы инвестициялар немесе нетто-инвестициялар, кәсіпорынды негіздеуде немесе сатып алуда жүзеге асырылатын инвестициялар;
- 2) өндірістік потенциалды ұлғайтуға бағытталған, кеңейту инвестициялары (экстенсивті инвестициялар);
- 3) қайта инвестициялау, яғни кәсіпорынның негізгі қорының құрамын қолдау мақсатында жаңа өндіріс құралдарын жасауға немесе сатып алуға бағытталған бос инвестициялық қаражаттармен байланысты инвестициялар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- бар объектілерді жаңа объектілермен ауыстыруға бағытталған ауыстыру инвестициялары;
- рационализациялауға арналған инвестициялар, технологиялық жабдықтарды немесе процестерді жетілдіруге жұмсалады;
- шығару бағдарламасын өзгертуге жұмсалатын инвестициялар;
- диверсификациялауға арналған инвестициялар, олар өнімнің номенклатурасының өзгеруіне, өнімнің жаңа түрлерін шығаруға және жаңа сату рыногын ұйымдастыруға жұмсалатын инвестициялар;
- болашақта кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялар. Бұған ғылыми жұмыстарға, кадрларды дайындауға, жарнама, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар кіреді.

Инвестициялар белгілі бір тәуекелмен байланысты. Бұл тәуекел салымдардың қайтарылу мерзімі көп

болған жағдайда артады, бұл мезгілде нарық конъюктурасы, шикізат бағасы және жұмыс күші және тағы басқалары да өзгеруі мүмкін. Сондықтан салынған қаражаттар тез қайтарылуды қамтамасыз ететін жобаларға жұмсалады.

Жоғарыда айтылған тәуекелдермен қатар, экономикалық әдебиеттерде инвестициялық-қаржылық портфельдің құнсыздауынан пайда болатын инвестициялық тәуекел белгіленеді. Бұған әдетте, құнды қағаздарға инвестициялатын ақшалардың тәуекелі жатқызылады. Қаржылық инвестицияны жүзеге асыра отырып, кәсіпорын табыс алу, капиталды көбейту немесе бұрынғы деңгейде сақтап қалуды көздейді. Әдетте тікелей инвестициялар кезіндегі шығындардың көлемі салынған капиталдың көлеміне тең болады. Портфельді инвестиция кезінде (болашақта табыс алу мақсатында сатып алынған құнды қағаздар) шығын көлемі әдетте жұмсалған капитал сомасынан аз болады. Инвестордың шығынының ең көп мүмкіндігі және ақшалай қаражаттарының меншікті көлемінің (табыс және амортизация) арақатынасы тәуекел деңгейін көрсетеді, ол тәуекел коэффициентінің (K_v) көмегімен өлшенеді.

$$K_v = \frac{Y_{\max}}{ДС}$$

Мұндағы: Y_{\max} – берілген инвестиция бойынша шығынның максималды мүмкін болатын сомасы;

ДС – белгілі көздер мен олардың келіп түсу уақытын ескергендегі меншікті ақша қаражаттарының көлемі.

Инвестициялаудың маңызды ережесі, құнды қағаздарға салынған салымдардың табысы инвестор баруға дайын тәуекелге тура пропорционал болады.

Жүйелік амал тұрғысынан инвестициялық тәуекелдерді екі топқа бөлуге болады: жүйелі және жүйесіз.

Жүйелі тәуекел инвестицияның барлық түрлеріне қатысты және макроэкономиканың мүмкін болатын өзгерістеріне байланысты жалпы нарық жағдайымен анықталады. Олардың пайда болу себептері: инфляция, экономикалық құлдырау, жоғары пайыздық мөлшерлеме, әскери-саяси дау-жанжалдар және тағы басқалар.

Жүйесіз тәуекелге бәсекелестік инвестициямен (жоба, құнды қағаз және т.б.) байланысты тәуекелдің барлық түрлері жатады. Олардың пайда болу себептері фирмалар үшін дербес жабдықтаушылардың өз міндеттерін орындауы (сатып алу тәуекелі), сатып алушылардың қыр-сыры (өнімді өткізу тәуекелі), бәсекенің әсері, үлкен келісім шарттардың қабылдануы немесе жоғалуы және тағы басқалар да жатады.

Әдетте инвестициялық жобаны негізгі үш кезеңнен тұрады деп қарастырады: *алғашқы, дайындық және өндірістік.*

Алғашқы кезеңде жобаның техника-экономикалық негізі құрылады. Жобаның бизнес-жоспарын құру жұмыстарына, ақпаратты жинау және өңдеу, сонымен қатар нарықты алдын ала зерттеу, мәліметтері талдау, жобаның тиімділігін алдын ала есептеулер жатады. Сонымен қатар потенциалды мердігерлермен келісілген жұмыстарды орындау шығындары, капитал тарту шарттары бизнес-жоспардың жобасы үшін мәліметтер ретінде қолданылады.

Инвестициялар – бұл кем дегенде екі жақтың – кәсіпкер (жобаның бастаушысы) және инвестордың (жобаны қаржыландырушы) бірлескен әрекет процесі. Бұл жобаның сәттілігі, екі жақтың ортақ тіл табысуына, инвесторлардың белгілі бір кепілдікке ие болуына байланысты.

Мұндай кепілдіктің бірі, жақсы ойластырылып есептелген істің жазбаша мазмұны болып табылады. Бұл инвесторға іспен танысуға, оқу, зерттеу, есептесуді қайталауға және ұсынылған бизнестің маңызды, есеп-

телген, кездейсоқ жағдайларға тәуелсіз екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Ұсынылған бизнеспен танысу барысындағы негізгі құжат, қаржылық салымды талап ететін бизнес-жоспар болып табылады. Бұл ақша табудың негізгі құралы және жоспарланған бизнестің негізі берілетін ресми құжат болып табылады. Кейбір Батыс елдерде бұл құжатты «келісім» деп атайды. Бизнес-жоспарды жасаудың қажеттілігінің негізгі үш себебін бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, бизнесті құрастыру процесі, идеяларды ойластыру кәсіпкерді кәсіпорынның жоспарына объективті, сын көзбен, әділ қарауға мәжбүр етеді. Жоспар қатенің алдын алуды қамтамасыз етеді.

Екіншіден, сәттіліктің негізі болып табылатын, кәсіпорынды тиімді бақылауға және басқаруға қолдануда, кәсіпкерге көмектесетін жұмыс құралы болып табылады.

Үшіншіден, біткен бизнес-жоспар бұл идеяларды басқа қызығушылығы бар тұлғаларға хабарлау құралы болып табылады. Бұл толықтай кәсіпкердің мамандық деңгейін сипаттайды.

Бизнес-жоспарды жасау инвестиция тарту жолында негізгі кезеңдердің бірі болып табылады. Бизнес-жоспарды дайындаудағы негізгі мәселе жобаның негізгі аспектілерін құрамына енгізетін, оның құрылымы болып табылады.

Бизнес-жоспардың титулдық беті құжаттың қашан, қайда және кіммен дайындалғаны, сонымен қатар жобаның толық атауы жайында ақпарат береді. Қарсы бетінде жобаға жауапты немесе оны жасаған кісінің байланыс телефоны көрсетілуі тиіс.

Әдетте бизнес жоспар 2 бөлімнен тұрады: «А» – жобаның мәтіндік сипаттамасы және «Б» – қаржылық есептеулер.

«А» бөлімінде әдетте келесі мәселелер қарастырылады:

- 1) жобаның негізгі мәліметтері, оны іске асырудың мақсаты, тауардың сипаттамасы, оның бәсекелестік басым ерекшеліктері, өндіріс жайында жалпы мәліметтер;
- 2) жарғылық капиталды құрастыру, қаржыландырудың негізгі көздері, инвесторлар (тікелей немесе портфельді) кредиторлар, қатысуды бөлу, кәсіпорынды басқарудың нысаны мен құрлымы;
- 3) нарықты зерттеу және талдау, негізгі бәсекелестер, тұтыну нарығы;
- 4) өтімнің маркетинг және ұйымдастырылуы;
- 5) өндіріс технологиясы, құралдар, шикізат, материалдар, жабдықтаушылар, экологиялық жайлар, өндірісті ұйымдастыруға ерекше талаптар.

«Б» бөлімінде әдетте мыналар есептеледі:

- 1) негізгі экономикалық көрсеткіштер;
- 2) инвестициялық шығындар және қаржыландырудың жоспары;
- 3) өндіру мен өткізудің бағдарламасы;
- 4) қызметшілердің саны мен еңбек ақысы;
- 5) материалдық шығындар;
- 6) жабдықтың күтілуі мен жөнделуі;
- 7) әкімшілік және үстеме шығындар;
- 8) өткізу бойынша шегерімдер;
- 9) айналым капиталының қажеттілігі;
- 10) амортизациялық аударымдар;
- 11) табыстар мен шығындар;
- 12) ақша қаражаттарының қозғалысы.

Еске алатын бір жай, келтірілген құрылым міндетті және жалғыз ғана болып табылмайды, ол нақты жобаға бейімделуі мүмкін. Нақты бизнес-жоспарға, кейбір ерекшеліктерге және нақты жобаның өзгешелігіне жауап беретін қосымша бөлімдер мен тараулар енгізілуі мүмкін.

Қорытынды бөлімде түйіндеме (резюме) түрінде жалпы тұжырымдар мен күтілетін қаржы нәтижелері

келтіріледі. Тәжірибелі несиегерлер немесе инвесторлар бизнес-жоспарды титул парағынан, жобаның сипатталуынан бастап зерттейді, сонымен қатар түйініне (резюмеге) қарайды және ең соңында ғана құжатты мұқият қарастыра бастайды.

Инвестициялық жобаның дайындау кезеңі, ынталы инвестициялар деп аталатын өндірісті даярлау жұмысынан тұрады, әдетте олардың қатарына мыналар жатады:

- кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу мен құрылымын жасау жөніндегі ұйымдастыру шығындары;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- өнім үлгілерін жасау, даярлау және сынау;
- құрылыс жұмыстарын жүргізу;
- технологиялық және басқа да жабдықтар сатып алу, дайындау және монтаждау;
- Өндірістік жабдықтау мен арнайы құралдарды дайындау және жасау, өнімнің шығарылуы қарсаңында рынокты даярлау шаралары (мысалы, жарнама және т.б.).

Инвестициялық жобаның өндірістік кезеңі, кәсіпорын өнім өндіру мен оны өткізуге аяқ басқан сәттен басталады. Диверсификацияланған өндіріс жағдайында, өндірістік кезеңнің басы бір ғана өнім түрін өндіру мен өткізу басталған күн болып саналады.

Инвестициялық жоспар әдеттегідей, мынандай инвестициялық шаралардан тұрады, олар төрт кесте түрінде келтірілген:

- 1) даярлық кезеңнің ұйымдастыру және басқа шығындары;
- 2) жер учаскелерін сатып алу (несиеге алу);
- 3) ғимараттар сатып алу (құрылыс салу);
- 4) жабдық сатып алу (жасау).

35-кесте

**Даярлық кезеңінің ұйымдастыру
және басқа да шығындары**

Кезең	Жұмыс сатысының атауы	Басталу датасы	Ұзақтығы, күн	Жұмыс құны, тг.
1.	Кәсіпорынды тіркеу	01.01.96	20	7000
2.	Нарықты зерттеу	31.01.96	50	10000
3.	Жобаны жасау	31.01.96	100	430000
4.	Жабдықтаушылармен келіссөздер өткізу	31.01.96	40	53000
	Жиыны:	x	x	500000

Даярлық кезеңінің ұйымдастыру және басқа да шығындары деп активтерді сатып алу, жабдық сатып алу секілді шығындарды есептемегендегі, кәсіпорынның өнімді өндіру мен өткізуді бастаған сәтіне дейінгі шығындарды түсінеміз.

Жұмыстардың кейбір кезеңдерінің басқаларымен бір мезгілде жүргізіле беретіндігін ескере отырып, атап өтілген кезеңдердің қайсысы ағымдық жұмыстың орындалуын шектейтіндігін көрсете кету қажет. Мысалы, цех ғимараты салынбайынша, жабдықты дайындап іс жағдайына келтіруге болмайды.

36-кесте

Жер учаскелерін сатып алу

№	Учаске атауы	Сатып алу күні	Ұзақтығы, күн	Жұмыс құны, тг.
5.	Цехқа арналған жер	05.05.96	40	430000
6.	Кеңсеге арналған жер	05.05.96	50	370000
	Жиыны:	x	x	800000

37-кесте

Ғимараттар салу немесе сатып алу

№	Учаске атауы	Сатып алу күні	Ұзақтығы, күн	Жұмыс құны, тг.	Амортизация, теңге
7.	Цех ғимараты	10.06.96	200	2000000	10
8.	Кеңсе ғимараты	12.07.96	90	1000000	15
	Жиыны:	x	x	3000000	x

Технологиялық жабдықты сатып алу немесе даярлау

№	Учаске атауы	Сатып алу күні	Ұзақтығы, күн	Жұмыс құны, тг.	Амортизация, тг.
9.	Автоматтық линия	14.08.97	80	30000	10
10.	Автомобиль көлігі	17.04.96	45	4000000	8
11.	Арнайы құрал	21.12.97	70	2500000	5
	Жиыны:	х	х	6530000	х

Барлық кезеңде нөмірлену тікелей өтпелі болуы тиіс. Және де кезең нөмірлері олардың орындалу ретін көрсетпейді, өйткені бірнеше кезең бірдей орындалуы мүмкін. Кезеңдерді ескере отырып, жоба сатысын анықтағаннан соң, күнтізбелік жоспар қайта есептеледі.

Көрнекілік үшін жоба кезеңдерінің басталуы мен аяқталуы күндері және оларға жұмсалатын шығындар көрсетілген күнтізбелік жоспар келтіріліп отыр (39-кесте).

Инвестициялар туралы шешім қабылдауда инвестор кәсіпорынның экономикалық қызметінің барлық жайларына назар аударады.

Жоба кезеңдерінің күнтізбелік жоспары

№	Жұмыс кезеңінің атауы	Басталуы	Ұзақтығы, күн	Құны, тг.
1.	Кәсіпорынды тіркеу	01.01.96	20	7000
2.	Нарықты зерттеу	31.01.96	50	10000
3.	Техжоба жасау	31.01.96	100	430000
4.	Жеткізіп берушілермен келіссөз жүргізу	31.01.96	40	53000
5.	Цехқа арналған жер	05.05.96	40	430000
6.	Кеңсеге арналған жер	05.05.96	50	370000
7.	Цех ғимараты	10.06.96	200	2000000
8.	Кеңсе ғимараттары	12.07.96	90	1000000
9.	Автоматтық линия	14.08.97	80	30000
10.	Автомобиль көлігі	17.04.97	45	4000000
11.	Арнайы құрал	21.02.97	70	2500000
	Барлығы:	х	х	10830000

5.3.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ
ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Жоғарыда атап өткендей, инвестициялық жобаны қаржылық талдау қаржылық пайда, не зиян әкелетін жобаны қабылдау не қабылдамау жөнінде шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер алуға арналған.

Инвестициялардың тиімділігін анықтау жөніндегі мәселе іс жүзіне келгенде әрбір компания мен әрбір инвесторлардың алдында тұрған үлкен мәселе. Капитал салу немесе өз кәсіпорнына басқа капитал енгізу жөнінде шешім қабылдамас бұрын, инвестицияны жоспарлау және талдау әдісін білу шарт. Біздің кәсіпкерлеріміздің бұрын-соңды нарықтық экономикада өмір сүрмегендігі, енді ғана қадам басып жатқандығы баршамызға мәлім. Соған орай олар бұл әдістемені білмейді. Нарықтық қатынастары дамыған елдерде инвестицияларды жоспарлау мен талдау саласында жеткілікті мөлшерде тәжірибе жинақталғандығын ескерсек, біз осы тәжірибені пайдалана білуіміз қажет.

Барлық дамыған елдер үшін қабылданып, бүгінгі таңда қолданылып отырған инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау белгілері мен жоспарлау әдістері, әр түрлі елдердің инвесторлары мен кәсіпкерлерінің ортақ түсінісу әдісіне, тіліне айналған. Бұларға VNIDO, Дүниежүзілік банк, Европалық банк секілді ірі халықаралық ұйымдардың, инвестициялық жобаларың тиімділігін бағалау әдістемелерін жатқызуға болады. Олардың барлығы да ақша ағымын талдау әдісіне негізделген, инвестициялық жобаларды қаржылық талдау принциптеріне сүйенеді. Ағылшын тіліндегі «Кэш-Флоу» деген түсінік барлық дамыған елдердің экономистерінің лексиконына еніп отыр әрі «маркетинг» және «контроллингтен» де көбірек пайдаланылады. Бүгінгі таңда «Кэш-Флоу» талдауын өз инвестициялық қызметінде қолданбайтын ұйым жоқтың қасы. Бұл ақша ағымын талдау инвести-

цияларды талдаудың «классикалық» әдістеріне негіз болып және инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау мен жоспарлаудың танымал әдістемелерінде қолданылатындығына байланысты болып отыр.

Cash-Flow (Кэш-Флоу) дәл тәржімалағанда «бар ақша ағымы» деген мағынаны береді.

Іс жүзінде қаржылық жоспарды құраушы және инвестициялық жобаны жоспарлауға, талдау мен бақылауға мүмкіндік беретін 3 негізгі құжат бар: «Бухгалтерлік баланс», «Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп» және «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп». Алғашқы құжат, кәсіпорынның белгілі бір уақыт арасындағы емес, нақты мерзімдегі, мысалы, 1996 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын сипаттайды. Баланс, белгілі бір мерзімде жобаны жүзеге асырып отырған кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаншалықты мөлшерде тұрақты екенін көрсетеді.

Баланс, егер де көлденең нысанда жасалған болса, екі жақтан құралады: *актив* (сол бөлігі) және *пассив* (оң бөлігі), олардың қосынды мәндері үнемі өзара тең болуы тиіс. Актив кәсіпорынның меншігіндегіні көрсетеді. Пассив кәсіпорынның кімге, қанша қарыз екендігін көрсетеді.

Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесі туралы есеп кәсіпорынның белгілі бір уақыт аралықтарындағы операциялық немесе өндірістік қызметінің жағдайын сипаттайды, сонымен қатар, өндірістік шығындардың өнімді өткізуден түскен табыспен өтелуі тұрғысынан алғандағы оның тиімділігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, бұл есептен кәсіпорынның өзінің негізгі қызметін қалай орындап отырғандығын байқауға болады.

«Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп» кестесін жасау үшін сату жоспарының мәліметтері – өнімді өткізуден түскен және шығындар жос-

парының мәліметтері – тұрақты және айнымалы шығындар сомалары қажет болады.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттырудың тек екі жолы ғана бар: қымбатырақ және көбірек сату немесе арзанырақ өндіру. Өте қарапайым осы ереже, жобаны талдау мен басқару барысында өте маңызды болып саналады. Кәсіпорын басшылығы тиімділікті арттыру мақсатында қандай іс-әрекеттер жасаса да олардың түпкі нәтижесі жоғарыда аталған шарттарды орындау болады.

Жобаның үш түрлі вариантының «Қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесі туралы» талдауын қарастырып өтелік.

40-кесте

Инвестициялық жобаның үш вариантын талдау негізінде жасалған қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесі туралы есеп

№	Баптың атауы	Инвестициялық жобаның варианттары		
		бірінші	екінші	үшінші
1.	Өнімді өткізуден түскен түсім	2000	2000	2000
2.	Айнымалы шығындар негізінде есептелген өткізілген өнімнің өзіндік құны	1400	1000	600
3.	Жалпы табыс	600	1000	1400
4.	Кезең шығындары (тұрақты шығындар)	580	800	1000
5.	Негізгі қызметтен түскен табыс	20	200	400
6.	Негізгі емес қызметтен алынған табыс	4	10	20
7.	Қалыпты қызметтен алынған табыс	24	210	420
8.	Табыс салығы	7	63	126
9.	Таза табыс	17	147	294

Ықтимал табыстар мен шығындарды сипаттайтын варианттарда кестенің кез келген жолында байқалған өзгеріс, соңғы жолдағы мәнді міндетті түрде өзгертеді. Жалпы табысы өте үлкен кәсіпорынның шығындары өте

төмен болады. Басқаша айтқанда, жоспарлай отырып, кәсіпкер өзінің барлық шығындарын жауып, пайда әкелетіндей табыс табу болып табылатын басты міндетін шешуі тиіс. Егер кәсіпкер өз бәсекелестеріне қарағанда аз шығын жұмсап өнім өндіріп отырса, оның өнімді нарыққа шығару жөніндегі шығындарын арттыруға немесе бағаны төмендетуге мүмкіндігі бар.

Тек осы екі құжатты – «Бухгалтерлік баланс» пен «Қаржы шаруашылық қызмет нәтижесі туралы есепті» пайдалана отырып кәсіпкер халықаралық іскерлік тәжірибеде анағұрлым жиі қолданылатын кәсіпорын тиімділігін сипаттайтын табыстылық, төлем қабілеттілігі және өтімділік көрсеткіштерін есептеуге мүмкіндік алады. Бұл құжаттардан өзгешелігі, Кэш-Флоу әдісіне негізделген, ақша қаражаттары ағымының жоспарын жасауда «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» ақша қаражаттарының қозғалысын сипаттайды және кәсіпорын қызметін кезеңнен-кезеңге қарағандағы динамикасын көрсетеді. Есеп айырысу шотындағы ақша қаражаттарының қалдығы ақша қаражаттарының келуі мен кетуі есебінен қалыптасады. Барлық түсімдер мен төлемдер «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте» осы төлемдердің жасалған күніне сәйкес уақыт аралығында көрініс табады. Бұл арада айта кетер бір жайт, еркін айырбасталатын валютамен келген барлық түсімдер мен төлемдер, курс айырмасы бойынша теңгеге ауыстырылуы қажет. Шоттағы ақша қаражаттарының қалдығын кәсіпорындар төлемдер жасау үшін, алдағы кезеңдердің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін, инвестицияларға, қарызды өтеуге, салық төлеуге және жеке тұтынуға пайдаланады.

«Қаржы шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есепте» кәсіпорын қызметі үш негізгі салаға бөлінген: 1) операциялық; 2) инвестициялық; 3) қаржылық.

Кәсіпорынның операциялық қызметі «Қаржы шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есепте» көрініс тапты.

«Инвестициялық қызметтен болатын ақша қаражаттарының қозғалысы» бөлімінде сатып алынған активтер үшін төленген барлық төлемдер көрсетіледі, ал түсу көздері ретінде өндірісте қолданылмай тұрған, ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсім болып табылады.

«Қаржылық қызметтен болатын ақша қаражаттарының қозғалысы» бөлімінде түсімдер есебінде кәсіпорын иелерінің салымдары, акционерлік капитал, ұзақ және қысқа мерзімді қарыздар, алымдар бойынша пайыздар есептеледі. Төлемдер есебінде қарыздарды өтеу, дивиденд төлеу саналады. Бұл бөлімде, көріп отырғанымыздай, меншікті капитал мен қарыз қаражатының құрамы мен мөлшеріндегі өзгерістер көрсетіледі.

«Ақша қаражаттары қозғалысы туралы есептің» әр бөліміндегі ақша ағымының сомасы сәйкес кезеңдегі өтімді қаражаттардың қалдығын құрайды.

Әрине кәсіпорын капиталсыз жұмыс істей алмайды. Меншікті және тартылған капиталдың мөлшерін, Кэш-баланс кәсіпорын қызметінің барлық кезеңінде оң болған жағдайда, жеткілікті деп санауға болады. Кез келген уақыт аралығында теріс шаманың болуы кәсіпорынның банкрот екендігін көрсетеді.

Инвестициялық жобаның тиімділігін талдауға қатысатын негізгі факторлар болып, операциялық қызметтен алынатын ақша ағымының және басқа табыстардың қосындысы және инвестицияға жұмсалған шығын мөлшері танылады.

Жобаның өтелу күні болып, операциялық қызметтен алынған ақша ағымының жинақталған сомасы инвестицияға жұмсалған шығын мөлшеріне тең болған күн танылады.

Сонымен, «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» капиталға деген мұқтаждықты анықтау, кәсіпо-

рынды қаржыландыру стратегиясын жасау және оның пайдалық тиімділігін бағалау үшін қажетті құжат болып табылады.

Инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіштерін екі негізгі топқа бөлуге болады.

Біріншісі – өндірістік қызметтің тиімділігінің және жобаны жүзеге асырып отырған кәсіпорынның ағымдық және болашақтағы қаржылық жағдайының көрсеткіштері;

Екіншісі – инвестиция тиімділігінің көрсеткіштері немесе Кэш-Флоу дисконтталған белгілері.

Өндірістік қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне жоғарыда сипатталған барлық активтер мен олардың құрамдас бөліктерінің табыстылығының салыстырмалы көрсеткіштері, іскерлік белсенділік көрсеткіштері, төлем қабілеттілігі және өтімділік көрсеткіштері жатады.

Нарықтық қатынастары дамыған елдерде инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда шығынсыздық әдісін қолданады, өйткені бұл әдіс қаржылық ақпараттың аса маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Кәсіпкерге сату көлемін өзгерткеннен, оның кәсіпорыны қанша пайда табатындығын есептегеннен гөрі, сату көлемі қандай болған жағдайда оның кәсіпорны зиян шекпейтіндігін есептеген маңыздырақ. Басқаша айтқанда, зиянсыздық нүктесін табу қажет.

Зиянсыздық нүктесі – кәсіпкердің өз шығындарын жабатын белгілі бір уақыт аралығындағы сауда көлемінің деңгейі.

Кәсіпорын қанша пайда табады деген мәселе, өндіріс көлемі зиянсыздық нүктесінен жоғары болғанда туындайды, егер өндіріс көлемі зиянсыздық нүктесінен төмен болса, бір ғана мәселе, яғни кәсіпорын банкроттыққа дейін неше күн жұмыс жасай алады деген сұрақ туындайды.

Маржиналдық табысты талдауда айтылғандай зиянсыздық нүктесін есептеу үшін айнымалы және тұрақты

шығындардың мәндері қолданылады. Алайда, мүлдем тұрақты шығындардың болмайтындығын ескеру қажет, олар да уақыт өткен сайын өзгеріп тұрады. Зиянсыздық нүктесін есептеу кәсіпорын құрылымында немесе оның қаржыландырылу жүйесінде өзгерістер болған жағдайда қайтадан жүргізілуі мүмкін. Мұндайда тұрақты шығындар ретінде кәсіпорынның белгілі бір уақыт аралығындағы жалпы шығындарының орташа мәні алынады.

Зиянсыздықты талдау кәсіпорынның қауіпті өндірістік бағдарламасын анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар оның жағдайын білу, оның дамыту стратегиясын жасау үшін де маңызды.

Басқарудағы үлкен мәселелердің бірі, өнім бағасының жоғарылау немесе төмендеу нәтижесін бағалау болып табылады. Мысалы, бағасын төмендеткен жағдайда табысты бұрынғы деңгейде сақтап немесе одан да арттыру үшін қанша өнім сатуымыз қажет. Зиянсыздық нүктесін есептеу формуласын қолдана

отырып $\left(Q = \frac{C}{P - V}\right)$, қойылған мәселеге тез жауап алуға

болады. Біздің мысалымыз үшін өнім бірлігінің бағасы 24 теңгеден 21 теңгеге төмендеген жағдайда зиян-

сыздық нүктесі 37500 бірлікке тең болады $\left(\frac{450000}{21 - 9}\right)$.

Зиянсыздықты талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

- шығындарды жауып, қажет мөлшерде табыс алуға мүмкіндік беретін сату көлемі;
- кәсіпорын табысының өнім бірлігінің бағасының, тұрақты және айнымалы шығындардың өзгерісіне байланыстылығы;
- жалпы шығындарды жабу үлесіндегі әрбір өнімнің маңызы.

Зиянсыздықты талдау әдісін пайдалануда бірқатар шектеулерді ескеру қажет:

- өнім бағасы есепті кезең бойына үнемі тұрақты болып есептеледі;
- бір ғана өнім талданады, ал егер бірнеше өнім болса, аралас сауда тұрақты деп есептеледі;
- өндірістік тиімділік есепті кезең бойына үнемі тұрақты болып саналады;
- кезеңнен-кезеңге өтердегі өндірістік қорлардың өзгерісі ескерілмейді;
- жиынтық тұрақты өндіріс шығындары да тұрақты деп саналады.

Зиянсыздықты талдау көмегімен тәуекелдің бір көрсеткіші болып табылатын қауіпсіздік диапазонының деңгейін есептеуге болады.

Қауіпсіздік резервінің мәні неғұрлым төмен болған сайын зиянға ұшыру тәуекелі соғұрлым жоғары болады. Мәселен, біздің мысалымызда, жоспарланып отырған сауда көлемі 1200 мың теңге делік (24 теңгеден 50 мың бірлік), осындағы табыстылық резервінің деңгейі мынадай болады:

$$J_g = \frac{D_{\text{ПЛ}}^N - D_K^N \times 100}{D_{\text{ПЛ}}^N} = \frac{(1200 - 7,20) \times 100}{120} = 40\% .$$

Мұнда: J_g – табыстылық резервінің деңгейі;

$D_{\text{ПЛ}}^N$ – өнім өткізуден жоспарланып отырған табыс;

D_K^N – өндірістің қауіпті нүктесінде өнім өткізуден алынған табыс.

Инвестициялық жобаларды талдауда белгілі бір өндіріске, оның дамуы мен жаңартылуына салынған капитал салымының тиімділігін есептейді. Компания зауыт ашу, жабдық сатып алу жөнінде шешім қабылдар кезде, бүгінгі күрделі салымын келешектегі табыстылық нормасымен салыстыруы тиіс.

Мұндай салыстыруды жасау үшін болашақтағы табыстың бүгін қанша тұратындығын айқындап алу

қажет. Бұл үшін инвестициялардан түсетін табыс құнын есептеп, оны инвестиция мөлшерімен салыстыру қажет. Инвестициялардың болашақ құны дегеніміз – бүгін инвестицияланған ақшаның белгілі бір уақыттан соң пайыздық мөлшерлемесіне қарай айналатын сомасы.

Бүгінгі таңда, мамандар инвестициялық жобаны тұрақты бағамен есептемейді. Бұл үлкен қателіктерге әкеліп соқтырады, өйткені тауарлар мен қызметтердің әр түрлі топтары бойынша инфляция индекстері 1 жыл ішінде елеулі мөлшерде ауытқып тұрады. Соған орай, есептеулер инфляция көрсеткіштерін ескере отырып жүргізіледі. Бүгінгі ақша бірлігінің ертеңгі ақшаға тең еместігі, тек инфляцияға ғана байланысты емес. Есептеу барысында төлемдерді кешеуілдету, өнімді өндіру және өткізу уақыты, өндірістік қорларды құру және пайдалану шарттары секілді факторларды ескеру қажет.

Инвестициялық жобаларды қаржылық талдауда, әдетте болашақтағы түсімдерді, бүгінгі деңгейге келтірудің математикалық әдістері қолданылады, ол дисконттау деп аталады және де бүгінгі деңгейді болашақтағыға келтіру үшін өсіру әдісі қолданылады. Аталмыш әдістерді қолдану, қаржылық талдауда, құнды қағаздар мен несиелер бойынша пайыздар есептеуде, лизинг операцияларында, инвестицияланған капиталдан алынатын табысты анықтауда, кеңінен таралған. Басқаша айтқанда дисконттау және өсім әдістері мынадай белгісіз шамаларды табу қажет болған жағдайда қолданылады:

- пайыз деңгейі (мысалы, капиталды пайдаланғаны үшін);
- жыл сайынғы төлемдер ;
- кезең саны (ай, тоқсан, жыл);
- ағымдық деңгей мәні;
- болашақтағы деңгей мәні.

Осы әдістерді қолдануда мынандай талаптарды ескеру қажет:

- бүгінгі және болашақтағы деңгейлерді есептеуде қолданылатын айнымалылардың мәндері белгілі болуы тиіс;
- пайыздар деңгейі тұрақты.

Өсім әдісінің индексі мына формуламен есептеледі:

$$I_{H_1} = (1 + \text{interest})^t.$$

Мұнда: interest – пайыздық мөлшерлеме / 100;
t – есепті кезең (жыл).

Ақша саласын келешектегі деңгейге келтіру, аннуит әдісімен, мына формула бойынша анықталады:

$$I_{H_2} = \sum_{t=0}^{n-1} (1 + \text{interest})^t.$$

Өсім әдісі ақшаны жинақ депозитіне салу мен бірнеше жылдан соң өсімі жинақталған шаманы шоттан алғанға ұқсас.

Дисконттау коэффициенті – мына формуламен есептеледі:

$$K_{D1} = \frac{1}{(1 + \text{interest})^t}.$$

Болашақтағы тең түсім түрінде алынуы жоспарланып отырған ақша сомасын, аннуит әдісімен бүгінгі деңгейге келтіру коэффициентін былайша анықтайды:

$$K_{D2} = \sum_{t=1}^n \frac{1}{(1 + \text{interest})^t}.$$

Дисконттау әдісін қолдану жобаның әрбір жылында пайда болуына қарай пайда мен зиянның ағымдарын көрсетеді. Пайда мен шығынды жылдар бойынша сипаттаудың артықшылығы, пайда мен шығын ағымының құрылымына әсер ететін басты факторларды көруге болатындығында. Пайда мен шығындардың жалпы ағымындағы өзгерістер сезімталдық талдауында көбінесе өзгеріп тұрады.

Баға сезімталдығын талдауға қажеттігінен өзге, дисконттау әдісінің шығындар мен пайданың өзгеретін

жылын оңай анықтайтын артықшылығы бар. Сонымен, дисконттау әдісі жобаларға негізделген түрде бағалау жүргізуге қажетті талдамалы құрал болып табылады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, салынған қаражаттардың тез өтелуін қамтамасыз ететін жобаларға ерекше артықшылық беріледі.

Жобаның өтелу мерзімі дегеніміз – кәсіпорынның өндірістік қызметінен түскен түсімдердің инвестицияға жұмсалған шығынды өтеу уақыты. Ол әдетте жылмен немесе аймен өлшенеді де мына формула бойынша анықталады:

$$t_0 = \frac{I_{II}}{D_{Г}}$$

Мұндағы: t_0 – жобаның өтелу мерзімі;

I_{II} – бастапқы инвестициялар;

$D_{Г}$ – жыл сайынғы табыс.

Жобаны жүзеге асыру үшін 60 млн. теңге қажет делік. Жыл сайынғы орташа табыс 20 млн. теңге. Онда жобаның өтелу мерзімі былайша есептеледі:

$$t_0 = 60/20 = 3 \text{ жыл.}$$

Алайда, іс жүзінде табыс жыл сайын өзгеріп отыруы мүмкін. Мұндай жағдайда өтелу мерзімі аздап өзгеше болады.

Қарастырылып отырған мысал үшін жыл сайынғы табыс мынадай болсын:

1-жыл – 12,5 млн. теңге;

2-жыл – 17,5 млн. теңге;

3-жыл – 24 млн. теңге;

4-жыл – 26 млн. теңге.

Бұдан алғашқы үш жылдағы пайда 54 млн. теңгені құрайтындығын байқаймыз, яғни бұл уақыт ішінде жоба өтелмейді.

Сондықтан, 4-жылы тағы да 6 млн. теңгені өтеу қажет. Осы мөлшерді күтілетін табыс мөлшеріне бөлу арқылы оның алыну уақытын анықтайық:

$$t_0 = 6:26 = 0,23.$$

Сонымен, бұл жағдайда өтеу мерзімі 3 жыл Зай болды. Алайда есептеудің бұл вариантын да дәл деуге болмайды, өйткені ақша құндылығының, уақыт аралықтарындағы өзгерісі ескерілмейді. Ал бүгінгі теңге, жоғарыда аталғандай ертең, теңге +табыс болады ғой. Сондықтан да неғұрлым теңгенің табыстылық нормасы жоғары болған сайын, солғұрлым бүгінгі теңге ертеңімен салыстырғанда қымбат болады. Дисконттау коэффициенті барлық уақытта 1-ден кем, ал керісінше болса, бүгінгі ақша ертеңгіде арзан болар еді.

Бүгінгі және ертеңгі ақшаның құндылығының әр түрлілігін ескеру үшін, есептеулерде болашақтағы табыстарды дисконттау коэффициентіне көбейту жасалады, ол мына формуламен есептеледі:

$$K_D = \frac{1}{(1 + P_C / 100)^n}.$$

Мұндағы: P_C – ақша құндылығының өзгеру қарқынын сипаттаушы пайыздық мөлшерлеме;

n – инвестиция жасалған сәттен басталған жыл нөмірі.

Дүниежүзілік банк қолданып отырған 10 пайыздық мөлшерлеме жағдайында үшінші жылдағы дисконттау коэффициенті мынадай болады:

$$K_D = \frac{1}{\left(1 + \frac{10}{100}\right)^3} = \frac{1}{(1 + 0,1)^3} = \frac{1}{1,1^3} = 0,7513.$$

Осыны анықтағаннан соң, өзіміздің мысалымыз үшін осы формула бойынша, инвестиция өтелгенге дейінгі кезең ішіндегі ақшаның құндылығының әр түрлілігін ескере отырып, өтелу мерзімін табуға болады. Егер банк пайызы 10-ға тең болса, онда бірінші жылы дисконтталған табыс 11,364 млн. теңгені құрайды

$$\left[12,5 \cdot \frac{1}{(1+0,1)^1} = 12,5 \cdot \frac{1}{1,1^1} = 12,5 \cdot 0,9091 \right], \text{ екінші жылы -}$$

$$14.462 \text{ млн. теңге } \left[17,5 \cdot \frac{1}{(1+0,1)^2} = 17,5 \cdot \frac{1}{1,12} = 17,5 \cdot 0,8264 \right],$$

үшінші жылы – 18,031 млн. теңге (24.0·0.7513). Жалпы 3 жыл үшін дисконтталған табыс 43.857 млн.теңгені құрайды (11.364+14.462+18.031). Инвестицияның барлық сомасын өтеу үшін әліде 16.143 млн. теңге жетпейді (60–43.857).

Енді, төртінші жылда осы соманы өтеу үшін қанша уақыт қажет екендігін есептейік. Бұл үшін инвестицияның өтелмеген сомасын төртінші жылдың дисконтталған табысына бөлеміз:

$$t_0 = 16.143 : 26 \cdot 0.683 = 16.143 : 17.758 = 0.91 \text{ жыл, яғни 11 ай (0.91 \cdot 12).}$$

Бұл, дисконттауды ескергенде өтелу мерзімі 3 жыл 11 айды құрайды деген сөз.

Қарастырылған мысалдан көріп отырғанымыздай, өтелу мерзімі көбінесе есептеу әдістемесімен анықталады. Біздің мысалымызда қарапайым есептеу мен анықтау есептеулері нәтижесіндегі өзгешелік 11 айды құрайды.

Мысалы, инвесторлар үшін үйлесімді өтелу мерзімі 3,5 жыл дейік. Бірінші немесе екінші вариант бойынша есептеулер жүргізе отырып, кәсіпкер осы іске инвестиция жасаудың ұтымдылығына дәлелдеме алады. Ал

үшінші вариант бойынша, инвестиция жасаудың тиімсіз екендігін байқауға болады.

Инвестициялық жобаларға қаржылық талдау жүргізу барысында мынандай кең таралған қателіктер жіберіледі:

- 1) сәйкес пайыздық мөлшерлемені талдауда шатасу;
- 2) осы пайдаланудың реттілігін сақтамау.

Пайыз, жалпы алғанда, инвестор үшін капитал құны болып келеді. Инвестициялық жобаға қаржылық талдау жасауда екі мөлшерлемені қолдануға болады.

Нақты пайыздық мөлшерлеме инфляцияны ескермегендегі капиталдан алынатын табыс. Егер нақты пайыздық мөлшерлемелер қолданылатын болса, онда жобадағы барлық бағалар мен капитал құны тұрақты бағамен алынуы тиіс. Керісінше, *ағымдық пайыздық мөлшерлеме* – бұл инвестордың жеке нарық тұрғысынан алғандағы табыс мөлшерлемесі, сондықтан да онда инфляция ескеріледі. Ағымдық және нақты мөлшерлемелерді байланыстыратын теңдік мынадай түрде болады:

$$\text{Ағымдық пайыз мөлшерлемесі} = \text{Нақты пайыз мөлшерлемесі} + \text{Инфляция деңгейі.}$$

Жоғарыда аталған екі қатенің ішінде, инфляциялық жобаға қаржылық талдау жасаудағы ең кеңінен тарағаны, пайыздық мөлшерлемелер қолданудағы ретсіздік болып табылады. Егер тұрақты бағаны қолданатын болсақ, нақты пайыздық мөлшерлемені қолдану қажет.

Сонымен, Біз қаржылық талдаудың, шығындар мен нәтижелердің арақатынасын сипаттайтын, көрсеткіштерді бағалаудың әдістемелік негіздерін баяндау тұрғысынан алғандағы ең басты да көкейтесті мәселесін қарастырдық.

Инвестициялық жобаның тиімділігін анықтауда күтіліп отырған шығындар мен нәтижелерді бағалау, есепті кезең шеңберінде жүргізіледі. Әр түрлі инвестициялық жобаларды салыстыру және олардың ішіндегі

ең жақсысын тандауды әр түрлі көрсеткіштер көмегімен жүргізу қажет. Әр түрлі инвестициялық жобаларды салыстыру үшін, бұл көрсеткіштерді пайдалануда оларды салыстырмалы түрде енгізу қажет.

Кәсіпкердің мәселелері жобаны жасау мен оның тиімділігін талдаумен бітпейді. Сонымен қатар, инвесторларды жобамен жете таныстыруы, мұның тиімділігіне олардың көзін жеткізуі, сондай-ақ, жобаның тиімді іске асуын қамтамасыз етуі керек болады. Дегенмен, бұл міндеттер қатарында, стратегиялық жоспарлау Президенттің Қазақстан халқына арналған «Қазақстан – 2030» жолдауы тұрғысынан алғанда, нарық жағдайында оны бірінші рет іске асыратын біздің көптеген кәсіпорындарымыз үшін елеулі қадам болып саналады.

Кәсіпорынның мүліктік жағдайын бағалау

№	Көрсеткіштер	Көрсеткіштің мақсаты	Есептеу формуласы	Өнеркәсіп кәсіпорны үшін ұтымды (қолайлы) мәні
1	2	3	4	5
1.	Кәсіпорын активтерінің құны	Кәсіпорынның қызмет ауқымы мен сенімділік деңгейін сипаттайды, кәсіпорынның қаржылық жағдайының индикаторларын есептеуде негіз болады	Баланс активінің екі бөлімінің қорытындысының қосындысы, яғни баланс валютасы	x
2.	Өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті	Кәсіпорынның өндірістік потенциялын сипаттайды	Негізгі құралдар + өндірістік қорлар (материалдар) + аяқталмаған өндіріс Актив құны, баланс валютасы	≥0,5
3.	Кәсіпорын активтерінің қозғалыс коэффициенттері	Қарызды өтеудегі қаражат үлесін немесе кәсіпорын активтерінің жалпы құнындағы ағымдық активтерінің үлесін сипаттайды	$\frac{\text{Ағымдық активтер}}{\text{Баланс валютасы}}$	0,5-тен кіші емес
4.	Қозғалыстағы және имобилизацияланған қаражаттардың арақатынас коэффициенттері	Ағымдық және ұзақ мерзімдік активтердің арасындағы арақатынасты көрсетеді. Бұл арақатынастың оптималды және қауіпті мөлшері салалық ерекшеліктерге байланысты	$\frac{\text{Ағымдық активтер}}{\text{Ұзақ мерзімді активтер}}$	0,5-тен кем емес

№1-қосымшаның жалғасы

1	2	3	4	5
5.	Негізгі құралдардың нақты құнының коэффициенті	Кәсіпорынның материалды-техникалық базасын сипаттайды	Қалдық құны бойынша негізгі құралдар Баланс валютасы	0,5-тен кем емес
6.	Негізгі құралдардың актив бөлігінің үлесі	Негізгі құралдардың жалпы құнындағы еңбек құралдарының үлесін сипаттайды	Жұмыс машиналары және жабдықтар + Көлік құралдары Негізгі құралдар	
7.	Негізгі құралдардың тозу коэффициенті	Негізгі құралдардың техникалық жағдайын сипаттайды	Негізгі құралдардың тозу сомасы Негізгі құралдардың бастапқы құны	0,5-тен кем емес
8.	Негізгі құралдардың жаңарту коэффициенті	Құрылыс кәсіпорындарының жиналғыларын қолдану коэффициентін көрсетеді	Кезең ішінде келіп түскен жана негізгі құралдардың құны Кезең соңындағы негізгі құралдардың бастапқы құны	
9.	Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициенті	Кәсіпорындардың техникалық жағдайын сипаттайды	Негізгі құралдардың қалдық құны Негізгі құралдардың бастапқы құны	0,2-0,9 0,5-тен кем емес
10.	Негізгі құралдардың 5 істен шығу коэффициенті	Кезең ішінде есептен шығарылған негізгі құралдарды сипаттайды	Есепті кезеңде есептен шыққан негізгі құралдардың құны Кезең басындағы негізгі құралдардың бастапқы құны	2 Қосымша мәлімет

№5-қосымша

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау

№	Көрсеткіш	Көрсеткіш мақсаты	Есептеу формуласы	Қолайлы мәні
1	2	3	4	5
1.	Тәуелсіздік коэффициент – K_n	Меншікті капиталдың кәсіпорын активтерін қалыптастыру көзінің жалпы көлеміндегі үлесін сипаттайды. Ол бойынша кәсіпорынның қаншалықты деңгейде қарыз қаражатқа тәуелді екендігін және меншікті қаражатын қалай пайдаланатынын білуге болады	$\frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Жинақтық капитал-баланс валютасы}}$	0,5–0,6
2.	Тәуелділік коэффициент – K_z	Қарыз қаражаттарының жиынтық капиталдағы үлесін сипаттайды. Авансталған капиталдағы қарыз үлесі неғұрлым көп болса, соғұрлым кәсіпорын қаржыландырудың сыртқы көздері көбірек тәуелді болады	$\frac{\text{Таратылған капитал}}{\text{Жиынтық капитал немесе } 1 - K_n}$	0,4–0,5
3.	Қаржыландыру коэффициенті – K_ϕ	Меншікті және тартылған капиталдың арақатынасын сипаттайды. Ол кәсіпорын активтерінің қай бөлігі меншікті қаражат есебінен, қай бөлігі қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатынын көрсетеді	$\frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Тартылған капитал}}$	>1

№2-қосымшаның жалғасы

1	2	3	4	5
4.	Қарыз және меншікті құралдардың арақатынасы – $K_{з/с}$	Кәсіпорын активтерінің қай бөлігі қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатындығын көрсетеді, 1 теңгеге қанша қарыз тартылғандығын білдіреді	$\frac{\text{Қарыз капиталы}}{\text{Меншікті капитал}}$	<1
5.	Инвестицияларды өтеу коэффициенті – $K_{п.м}$ немесе $K_{фү}$	Жиынтық капиталдағы меншікті капитал мен ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесін сипаттайды	$\frac{\text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімдік міндеттемелер}}{\text{Жиынтық капитал}}$	қалыпты $\approx 0,9$ қауіпті $-0,75$
6.	Инвестициялық коэффициенті – $K_{и}$	Меншікті капиталдың негізгі құралдар мен басқа да активтер сатып алуға пайдаланылуын көрсетеді	$\frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Негізгі капитал}}$	$\geq 0,5$
7.	Қарыз қаражатын ұзақ мерзімге тарту коэффициенті – $K_{д/о}$	Кәсіпорын активтерін қаржыландыру үшін тартылған ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздардың меншікті капиталмен қатар үлесін көрсетеді	$\frac{\text{Ұзақ мерзімді міндеттемелер}}{\text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімді міндеттемелер}}$	–
8.	Меншікті айналым капиталы – $C_{ок}$	Меншікті капиталдың қандай бөлігі имобильді сипаттағы құндылықтардың бекітілмегендігін сипаттайды	$\frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Айналымнан тыс активтер}}$	–
9.	Маневрлік коэффициенті – $K_{м}$	Меншікті капиталдың қандай бөлігі табельді нысанда екендігін сипаттайды	$\frac{\text{Меншікті айналым капиталы}}{\text{Меншікті капитал}}$	$\geq 0,5$

1	2	3	4	5
10.	Қорлар мен шығындардың меншікті қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілу коэффициенті – $K_{o/z}$	Қорлар мен шығындардың қандай бөлігі меншікті айналым қаражатымен өтелетіндігін көрсетеді	$\frac{\text{Меншікті айналым капиталы}}{\text{Тауарлы-материалды қорлар}}$	$\geq 0,6+0,8$
11.	Қысқа мерзімді қарыз коэффициенті – $K_{t/z}$	Ағымдық міндеттемелердің кәсіпорынның жалпы міндеттемелер көлеміндегі үлесін сипаттайды	$\frac{\text{Ағымдық міндеттемелер}}{\text{Жалпы міндеттемелер}}$	–
12.	Берешек қарыз коэффициенті – $K_{kp/z}$	Берешек қарыз бен басқа да пассивтердің жалпы міндеттемедегі үлесін көрсетеді	$\frac{\text{Берешек қарыз} + \text{Басқа да пассивтер}}{\text{Жалпы міндеттемелер}}$	–
13.	Алашақ және берешек қарыз арақатынасы коэффициенті – $K_{d/k}$	Берешек қарыздың алашақ қарызбен қамтамасыз етілу деңгейін көрсетеді. Егер берешек қарыз алашақ қарызбен қамтамасыз етілмеген болса, мұндай жағдай қауіпті деп саналады, өйткені ол меншікті қаражаттың өтімді бөлігінің ақшаға айналуын тежейді	$\frac{\text{Алашақ қарыз}}{\text{Берешек қарыз}}$	2:1
14	Кәсіпорынның несиелер бойынша пайыздар төлей алу қабілетінің коэффициенті	Кәсіпорынның несиелер бойынша пайыздар төлеу қабілетін сипаттайды	$\frac{\text{Таза табыс} + \text{Салықтар} + \text{Несиелер бойынша пайыздар}}{\text{Төленген пайыздар сомасы}}$	–

Кәсіпорын активтерінің өтімділігі мен төлем қабілетін бағалау

№	Көрсеткіш	Көрсеткіш мақсаты	Есептеу формуласы	Ұтымды мәні
1	2	3	4	5
1.	Жалпы өтімділік коэффициенті – $K_{л}^o$	Ағымдық өтімді активтердің барлығының барлық төлем міндеттемелеріне қатынасын көрсетеді	$K_{л}^o = \frac{a_1 A_1 + a_2 A_2 + a_3 A_3}{a_1 П_1 + a_2 П_2 + a_3 П_3} = \frac{1 \cdot A_1 + 0,5 \cdot A_2 + 0,3 \cdot A_3}{1 \cdot П_1 + 0,5 \cdot П_2 + 0,3 \cdot П_3}$	0,9-дан кем емес
2.	Абсолютті өтімділік коэффициенті –	Ағымдық міндеттеменің қандай бөлігі баланс жасалатын күні немесе жуық арада өтелетіндігін көрсетеді	$\frac{\text{Ақша қаражаттары} + \text{Құнды қағаздар}}{\text{Ағымдық міндеттемелер}}$	$\geq 0,2+0,5$
3.	Жедел өтімділік немесе аралық жабу коэффициенті $K_{л}^п$	Алашақ қарыздың бір айналымының орташа ұзақтығына тең кезең ішіндегі кәсіпорынның күтіліп отырған төлем қабілеттілігін сипаттайды (73,5 күн). Ол ағымдық міндеттемелердің қандай бөлігінің тек ақша қаражаттары есебінен ғана емес, сонымен қатар жасалған жұмыс, көрсетілген қызмет, тиелген өнім үшін келіп түсетін түсім есебінен өтелетіндігін көрсетеді	$\frac{\text{Ақша қаражаттары} + \text{Бағалы қағаздар} + \text{Алашақ қарыз} + \text{Басқа да активтер}}{\text{Ағымдық міндеттемелер}}$	≥ 1

1	2	3	4	5
4.	Ағымдық өтімділік коэффициенті – $K_{л}^T$	Ағымдық активтердің қанша есе ағымдық міндеттемелерді өтейтіндігін анықтауға мүмкіндік береді және кәсіпорынның тек дебиторларымен уақтылы есеп айырысу мен дайын өнімді өткізуде ғана емес, сонымен қатар, қажет болған жағдайда материалдық айналым қаражаттарын сату жағдайындағы төлем мүмкіндігін көрсетеді. Ол өнімді қаражаттардың ағымдық міндеттемелерді жабатындығын анықтауға мүмкіндік береді, сол арқылы баланс құрылымының тұрақты деңгейін ғана емес, сонымен қатар, кәсіпорынның ағымдық міндеттемелері бойынша тез есеп айырысу қабілетін көрсетеді	$\frac{\text{Ағымдық активтер}}{\text{Ағымдық міндеттемелер}}$	≥ 2
5.	Тауарлы-материалды қорлардың ағымдық активтеріндегі үлесі	Ағымдық активтердің қанша бөлігін тауарлы-материалды қорлар алатындығын көрсетеді	$\frac{\text{Тауарлы-материалды қорлар}}{\text{Ағымдық активтер}}$	
6.	Тауарлы-материалды қорлардың өтелу коэффициенті – $K_{ТМЗ}^n$	Қорлар мен шығындардың қандай бөлігі меншікті айналым қаражаттарымен өтелетіндігін көрсетеді	$\frac{\text{Меншікті айналым қаражаттары}}{\text{Тауарлы материалды қаражаттар}}$	$\geq 0,6+$ $0,8$

№3-қосымшаның жалғасы

1	2	3	4	5
7.	Меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті – K_0	Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қажетті меншікті айналым қаражаттарының болуын сипаттайды	<u>Меншікті айналым қаражаттары</u> Ағымдық активтер	$\geq 0,1$
8.	Ағымдық міндеттемелердің табыстылық коэффициенті немесе сатудан түскен табыстың орташа ағымдық міндеттемелерге қатынасы $K_{т.о}^д$	Кәсіпорынның ұзақ мерзімді төлем қабілетін динамикалы көрсеткіш ретінде сипаттайды. Бұл көрсеткіштің алымы өнімді өткізуден түскен табысты (түсімді) немесе балансты жасау күніндегі емес, белгілі бір кезең ішіндегі ақша қаражаттары ағымын сипаттайды	<u>Өнімді өткізуден түскен немесе қарастырылып отырған кезеңдегі есеп айырысу шотындағы дебеттік қалдық</u> Қарастырылып отырған кезеңдегі ағымдық міндеттемелердің орташа қалдықтары	
9.	Ақша қаражаттары жеткіліктілігі коэффициенті – $K_M^д$	Кәсіпорынның күрделі шығындарды, айналым құралдарының өсімін өтеу, дивиденд төлеу үшін ақша табу қабілетін көрсетеді	<u>Өнімді сатудан түскен</u> Күрделі шығындар + Дивиденд төлеу + Ағымдық активтердің өсімі	
10.	Ақша қаражаттарын капиталдандыру коэффициенті – $K_H^к$	Инвестициялардың кәсіпорын активіндегі деңгейін анықтау үшін қолданылады	<u>Өнімді сатудан түскен түсім – Төленген дивидендтер</u> Бастапқы құны бойынша есептелген негізгі құралдар + Инвестициялар + Басқа активтер + Меншікті айналым капиталы	8–10%

Кәсіпорын табыстылығын бағалау

№	Көрсеткіштер	Есептеу формуласы
1.	А. Абсолютті көрсеткіштер: Өнімді өткізуден түскен түсім (табыс)	Қосылған құн салығын, акционерлерді және басқа да міндетті төлемдер мен салықтарды және де қайтарылған тауарлардың құнын, сауда шегермелерін есептегендегі өнімді өткізуден түскен барлық табыс саласы
2.	Жалпы табыс	Өнімді өткізуден түскен түсім мен негізгі қызмет нәтижесінде өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны арасындағы айырма
3.	Маржиналдық табыс	Өнімді өткізуден түскен түсім (ӨӨТТ) мен айнымалы шығындар арасындағы айырма
4.	Негізгі қызметтен түскен табыс	Жалпы табыс пен кезең шығындары арасындағы айырма
5.	Негізгі емес қызметтен түскен табыс	Негізгі емес қызметтен алынатын табыстар сомасы
6.	Салық салынғанға дейінгі қалыпты қызметтен түскен табыс	Негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар сомасы
7.	Салық салынғаннан кейінгі қалыпты қызметтен түскен табыс	Салық салынғанға дейінгі қалыпты қызметтен түскен табыстан табыс салығын шегеру арқылы есептеледі
8.	Күтпеген оқиғалардан түскен табыс	Қалыпты қызметтен өзгеше оқиғалар немесе операциялар нәтижесінде түскен табыс. Мұндай операциялар көбіне көп қайталана бермейді
9.	Таза табыс	Қорытынды табыстарды қорытынды шығындармен салыстыру жолымен анықталады, яғни қалдық нәтижені көрсетеді

1.	Б.Салыстырмалы көрсеткіштер: Кәсіпорын активтерінің табыстылығы	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Кәсіпорын активі}}$
2.	Ұзақ мерзімді активтердің табыстылығы – D_0	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Ұзақ мерзімді активтер}}$
3.	Ағымдық активтер табыстылығы – $D_{па}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Ағымдық активтер}}$
4.	Өндірістік қорлардың табыстылығы – $D_{п.ф}$	Таза табыс негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны + Айналымдық өндірістік қорлардың орташа құны
5.	Негізгі өндірістік қорлардың табыстылығы – $D_{о.ф}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны}}$
6.	Айналымдық өндірістік қорлардың табыстылығы – $D_{об.ф}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Айналымдық өндірістік қорлардың орташа жылдық құны}}$
7.	Инвестициялардың табыстылығы – $D_{и}$	<p>1. $\frac{\text{Құнды қағаздар бойынша алынатын табыс} + \text{БК-дегі үлестік қатысудан алынатын табыс}}{\text{Ұзақ және қысқа мерзімдік қаржы инвестицияларының орташа жылдық мөлшері}}$</p> <p>2. $\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капиталдың орташа мөлшері} + \text{Ұзақ мерзімдік міндеттемелердің орташа мөлшері}}$</p> <p>3. $\frac{\text{Таза табыс} + \text{Несиелер бойынша пайыздар сомасы}}{\text{Меншікті капиталдың орташа мөлшері} + \text{Ұзақ мерзімді міндеттемелердің орташа мөлшері}}$</p>
8.	Сату көлемінің табыстылығы – $D_{о.н}$	$\frac{\text{Жалпы табыс}}{\text{Өнімді өткізуден түскен түсім}}$

9.	Өткізілген өнімнің табыстылығы: а) барлық өнімнен – D_H б) өнім бірлігінен – D_H^0	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{ӨӨГТ}}$ Өнім бірлігінің құны – өнім бірлігінің толық өзіндік құны Өнім бірлігінің толық өзіндік құны
10.	Негізгі қызметтің табыстылығы – $D_{o.d}$	$\frac{\text{Негізгі қызметтен алынған табыс}}{\text{Өткізілген өнімнің толық өзіндік құны}}$
11.	Жиынтық капитал табыстылығы – D_K	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Жиынтық капитал}}$
12.	Меншікті капитал табыстылығы – $D_{ск}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капитал}}$
13.	Перманентті капитал табыстылығы – $D_{п.к}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капитал} + \text{ұзақ мерзімді міндеттемелер}}$
14.	Негізгі капитал табыстылығы – $D_{o.к}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Негізгі капитал}}$
15.	Айналым капиталының табыстылығы – $D_{аб.к}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{айналым капиталы}}$
16.	Қарыз капиталының табыстылығы – $D_{з.к}$	$\frac{\text{Таза табыс}}{\text{Қарыз капиталы}}$
17.	Таза ақша алымының негізінде есептелген сату көлемінің, жиынтық капиталдың, меншікті капиталдың және т.б. табыстылығы D_{OH} ; D_K ; $D_{ск}$, т.б.	$\frac{\text{Таза ақша қаражаты ағымы}}{\text{Сату көлемі, жиынтық капиталы, меншікті капитал және т.б.}}$

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігін бағалау

Көрсеткіштер	Есептеу формуласы
Капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті – K_k^o	$\frac{\text{Өнімді өткізуден түскен түсім}}{\text{Жиынтық капитал}}$
Меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті – $K_{ск}^o$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Меншікті капитал}}$
Негізгі капиталдың айналымдылық коэффициенті – $K_{ск}^o$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Негізгі капитал}}$
Ағымдық активтердың айналымдылық коэффициенті – $K_{т.а}^o$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Ағымдық активтер}}$
Ағымдық активтердің күнмен есептегендегі айналымдылығы – D^o	$\frac{360}{\text{Айналым саны}} = \frac{360 \cdot \text{Ағымдық активтердің орташа мөлшері}}{\text{ӨӨТТ}}$
Айналым қаражаттарын бекіту коэффициенті – K_3^o	$\frac{\text{Ағымдық активтердің орташа мөлшері}}{\text{ӨӨТТ}}$
Материалды айналым қаражаттарының айналымдық коэффициенті – K_3^o	1) $\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Материалды айналым құралдарының орташа құны}}$ 2) $\frac{\text{Өткізілген өнімнің толық өзіндік құны}}{\text{Өндірістік қорлардың орташа құны}}$
Дайын өнімнің айналымдылық коэффициенті – K_r^o	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Баланс бойынша дайын өнімнің кезең ішіндегі орташа мөлшері}}$

9.	Алашақ қарыздың айналымдылық коэффициенті – $K_{д/з}^0$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Кезең ішіндегі алашақ қарыздың орташа мөлшері}}$
10.	Алашақ қарыздың айналымының орташа мерзімі – $D_{д/з}^0$	$\frac{360}{K_{д/з}^0} = \frac{360 \cdot \text{Алашақ қарыздың кезең ішіндегі орташа мөлшері}}{\text{ӨӨТТ}}$
11.	Берешек қарыздың айналымдылық коэффициенті – $K_{к/з}^0$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Берешек қарыздың кезең ішіндегі орташа мөлшері}}$
12.	Берешек қарыздың айналымының орташа мерзімі – $D_{к/з}^0$	$\frac{360}{K_{к/з}^0} = \frac{360 \cdot \text{кезең ішіндегі берешек қарыздың орташа мөлшері}}{\text{ӨӨТТ}}$
13.	Ақша қаражаттарының айналымдылық коэффициенті – $K_{д.с}^0$	$\frac{\text{Талдау жасалып отырған кезеңдегі ақша қаражаттарының айналымы}}{\text{Ақша қаражаттарының орташа қалдықтары}}$
14.	Ақша қаражаттары айналымының ұзақтығы – $D_{д.с}^0$	$\frac{\text{Талдау жасалып отырған кезеңнің ұзақтығы} \cdot \text{Ақша қаражаттарының орташа қалдығы}}{\text{Талдау жасалып отырған кезеңдегі ақша қаражаттарының айналымы}}$
15.	Инвестицияланған капитал айналымының коэффициенті – $K_{ик}^0$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Ұзақ + Қысқа мерзімді инвестициялар}}$
16.	Қызмет жасаушы капиталдың айналым коэффициенті – $K_{фк}^0$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Кезең ішіндегі қызмет жасаушы капиталдың орташа мөлшері}}$
17.	Перманентті капиталдың айналым жылдамдығы – $K_{пер.к}^0$	$\frac{\text{ӨТТ}}{\text{Перманентті капитал}}$
18.	Іскерлік белсенділік индексі – $I_{д/а}$	$\frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Қызмет жасаушы капитал}} \cdot \frac{\text{Негізгі қызметтен түскен түсім (табыс)}}{\text{Өткізілген өнімнің толық өзіндік құны}}$

Нарықтық белсенділікті бағалау

№	Көрсеткіштер	Есептеу формуласы
1.	Бір акцияға шаққандағы табыс – $D_a^ч$	$\frac{\text{Таза табыс} + \text{Артықшылығы бар акциялар бойынша төленетін дивидендтер}}{\text{Айналымдағы қарапайым акциялардың саны}}$
2.	Акцияның құндылығы – Π_a	$\frac{\text{Акцияның нарықтық құны}}{\text{Бір акцияға шаққандағы таза табыс}}$
3.	Акцияның баланстық құны – $B_{с.а}$	$\frac{\text{Акционерлік капитал құны} - \text{Артықшылығы бар акциялар құны}}{\text{Айналымдағы жай акция саны}}$
4.	Акция котировкасының коэффициенті – $K_{к.а}$	$\frac{\text{Бір акцияның нарықтық құны}}{\text{Бір акцияның баланстық құны}}$
5.	Акция бағамы – K_a	$\frac{\text{Дивидендтер}}{\text{Саудалық пайыз} \cdot 100}$
6.	Акция табыстылығы – D_a	1) $\frac{\text{Бір акция дивиденді}}{\text{Бір акцияның нарықтық бағасы}}$ 2) $\frac{\text{Бір акция дивиденді} + \text{Сату және сатып алу бағасы арасындағы айырма}}{\text{Акцияның сатылу бағасы}}$
7.	Дивиденд төлеу коэффициенті – $K_{д.в}$	$\frac{\text{Бір акция дивиденді}}{\text{Бір акцияға шаққандағы таза табыс}}$
8.	Тұрақты өсу коэффициенті – $K_{у.р}$	$\frac{\text{Таза табыс} - \text{Дивидендтер}}{\text{Меншікті капитал}}$
9.	Капиталдандыру коэффициенті – K_k	$\frac{\text{Қарапайым акциялар құны}}{\text{Құнды қағаздардың толық құны}}$
10.	Қаржылық левиридж – L	$\frac{\text{Облигациялар} + \text{Артықшылығы бар акциялар}}{\text{Қарапайым акциялар}}$

Кәсіпорынның қаржы шаруашылық қызметінің тиімділігін бағалау

№	Көрсеткіштер	Есептеу формуласы
1.	Бір еңбеккерге шаққандағы орташа жылдық шығарым – W_k	$\frac{\Theta\Theta T T}{\text{Еңбеккерлердің орташа тиімділік саны}}$
2.	Бір жұмысшыға шаққандағы орташа жылдық шығарым – W_r	$\frac{\Theta\Theta T T}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$
3.	Бір жұмысшыға шаққандағы орташа күндік шығарым – $W_{дн}$	$\frac{\Theta\Theta T T}{\text{Барлық жұмысшылардың еңбек еткен адам күн саны}}$
4.	Бір жұмысшының орташа сағаттық шығарымы – $W_{час}$	$\frac{\Theta\Theta T T}{\text{Барлық жұмысшылардың еңбек еткен адам-сағат саны}}$
5.	Қор қайтарымдылығы – f	$\frac{\Theta\Theta T T}{\text{Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны}}$
6.	Қор сыйымдылығы – f_0	1) $\frac{\text{Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны}}{\Theta\Theta T T}$ 2) $\frac{1}{\text{қор қайтарымдылығы}}$
7.	Материал қайтарымдылығы – M_0	$\frac{\Theta\Theta T T}{\text{Шығындалған материалдар ресурстарының орташа құны}}$
8.	Материал сыйымдылығы – M_c	1) $\frac{\text{Шығындалған материалдар ресурстарының орташа құны}}{\Theta\Theta T T}$ 2) $\frac{1}{\text{Материал қайтарымдылығы}}$

Кәсіпорынның несие алу қабілетін және банкротқа ұшыру ықтималдығын бағалау

№	Көрсеткіштер	Есептеу формуласы										
1.	<p>Альтманның Z үлгілері</p> <p>1) <i>Екі факторлы.</i></p> <p>а) $K_{тл}$ – ағымдық өтімділік коэффициенті</p> <p>ә) K_3 – тәуелділік коэффициенті</p> <p>б) $-1,0736$ және $0,0579$ – коэффициентінің салмақтық мәндері</p> <p>в) $-0,3877$ – тұрақты мөлшер</p> <p>2) <i>Бес факторлы.</i></p> <p>а) K_1 – кәсіпорын активтерінің қозғалыс жасау коэффициенті</p> <p>ә) K_2 – активтердің табыстылығы</p> <p>б) K_3 – активтердің табыстылығы</p> <p>в) Меншікті және қарыз капиталының арақатынас коэффициенті</p> <p>г) K_5 – Активтер табыстылығы</p> <p>ғ) сандар сәйкес коэффициенттерінің өлшемдік мәні</p>	<p>$Z = -0.3877 + K_{тл} \cdot (-1.0736) + K_3 \cdot 0.0579$</p> <p>а) $Z=0$ – банкроттық ықтималдық 50%</p> <p>ә) $Z < 0$ – банкроттық ықтималдық <50%</p> <p>б) $Z > 0$ – банкроттық ықтималдылық >50%. Z өскен сайын өседі</p> <p>Екі факторлы үлгі бойынша болжам жасау қателігі $\Delta Z = \pm 0.65$ интервалымен бағаланады</p> <p>$Z = 1,2 \cdot K_1 + 1,4 \cdot K_2 + 3,3 \cdot K_3 + 0,6 \cdot K_4 + 1,0 \cdot K_5$</p> <p>Индекстің қауіпті мәні $Z = 2,675$; а) $Z < 2,675$ болғанда, жуық арада (2–3 жыл ішінде) банкрот болу ықтимал</p> <p>ә) $Z > 2,675$ – кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты</p> <p>Банкротқа ұшырау ықтималдылығының деңгейі:</p> <table border="0"> <tr> <td>Z мәні</td> <td>Банкроттық ықтималдылығы</td> </tr> <tr> <td>1) 1,80 және одан кіші</td> <td>өте жоғары</td> </tr> <tr> <td>2) 1,81-ден 2,70-ке дейін</td> <td>жоғары</td> </tr> <tr> <td>3) 2,71-ден 2,90-ға дейін</td> <td>ықтималдық бар</td> </tr> <tr> <td>4) 3,0 және одан жоғары</td> <td>өте төмен</td> </tr> </table>	Z мәні	Банкроттық ықтималдылығы	1) 1,80 және одан кіші	өте жоғары	2) 1,81-ден 2,70-ке дейін	жоғары	3) 2,71-ден 2,90-ға дейін	ықтималдық бар	4) 3,0 және одан жоғары	өте төмен
Z мәні	Банкроттық ықтималдылығы											
1) 1,80 және одан кіші	өте жоғары											
2) 1,81-ден 2,70-ке дейін	жоғары											
3) 2,71-ден 2,90-ға дейін	ықтималдық бар											
4) 3,0 және одан жоғары	өте төмен											
2.	Ағымдық өтімділік коэффициенті	$\frac{\text{Ағымдық активтер}}{\text{Ағымдық міндеттемелер}}$										

3.	Меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті	<u>Меншікті айналым қаражаты</u> Ағымдық активтер
4.	6 ай мерзімге төлем қабілеттілігін қалпына келтіру коэффициенті	$K_v = \frac{K_K^{ТЛ} + \frac{\Pi_y}{\Pi_o} (K_K^{ТЛ} - K_H^{ТЛ})}{K^{ТЛ}_{норм}}$ <p>Мұнда: $K_K^{ТЛ}$ мен $K_H^{ТЛ}$ – ағымдық өтімділіктің кезең басы мен сонындағы нақты мәні Π_y – белгіленген кезең (6 ай) $K_v < 1$ болғанда кәсіпорынның жақын 6 айда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ. Егер $K_v > 1$ болса, кәсіпорын өз төлем қабілетін қалпына келтіре алады</p>
5.	3 ай мерзімге төлем қабілеттілігін жоғалту коэффициенті	$K_v = K_K^{ТЛ} + \frac{\Pi_y}{\Pi_o} (K_K^{ТЛ} - K_H^{ТЛ})$ <p>$K_v < 1$ болса, кәсіпорын жақын 3 айда төлем қабілетін жоғалтуы мүмкін $K_v > 1$ болса, кәсіпорын жақын 3 айда өз төлем қабілеттілігін жоғалтпауы мүмкін</p>

Инвестициялық тәуекел мен инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау

№	Көрсеткіштер	Есептеу формуласы
1.	Инвестициялық коэффициенті – K_p тәуекел	$K_r = \frac{y_{\max}}{ДС} = \frac{\text{Осы инвестиция бойынша зиянның мейлінше ықтимал сомасы}}{\text{Келіп түсу көздері мен уақыты ескерілген ақша қаражаттары}}$
2.	Қауіпсіздік деңгейі – Y_d диапазонының	$Y_d = \frac{D_{ПЛ}^N - D_K^N}{D_{ПЛ}^N} = \frac{\text{Өнімді өткізуден күтілетін табыс көлемі – Өндірістік қауіпті нүктесінде өткізуден түскен табыс}}{\text{Өнімді өткізуден түсуі жоспарланып отырған табыс}}$
3.	Өсіру әдісінің индексі – I_{n1}	$I_{n1} = (1 + \text{interest})^t$, мұнда: $\text{interest} = \frac{\text{пайыздық мөлшерлеме}}{100}$, t – есептеу кезеңі
4.	Ақша сомасын болашақтағы деңгейге келтіру. Аннуит әдісі – H_{n2}	$H_{n2} = \sum_{t=0}^{N-1} (1 + \text{interest})^t$
5.	Дисконттау коэффициенті – K_{d1}	$K_{d1} = \frac{1}{(1 + \text{interest})^t}$
6.	Болашақта алынатын ақша сомасын бүгінгі деңгейге аннуит әдісімен келтіру	$K_{d2} = \sum_{t=0}^{n-1} \frac{1}{(1 + \text{interest})^t}$
7.	Жобаның өзін-өзі өтеу мерзімі – t_0	$t_0 = \frac{I_n}{D_r}$. Мұнда: t_0 – жобаның өтелу мерзімі; I_n – бастапқы инвестициялар; D_r – жыл сайынғы табыс.

**Меншікті және жиынтық капиталдың табыстылық деңгейінің өзгеруіне
ықпал етуші факторлар**

№	Көрсеткіштер	Формула авторы	Көрсеткіш деңгейінің өзгерісіне факторлардың әсер ету формуласы
1.	Меншікті капиталдың табыстылығы	Арнайы әдебиеттерде жалпыға танымал	$D_{CK} = \frac{D^ч}{C_K} = \frac{D^ч}{D^N} \times \frac{D^N}{C_K}$
2.	-//-	Ришар Ж	$D_{CK} = \frac{D^ч}{C_K} = \frac{D^B}{D^N} \times \frac{D^N}{A} \times \frac{D^ч}{D_B} \times \frac{A}{C_K}$
3.	-//-	Дюпон	$D_{CK} = \frac{D^ч}{C_K} = \frac{D^ч}{D_N} \times \frac{D_N}{A} \times \frac{A}{C_K}$
4.	Жалпы активтердің табыстылығы	Арнайы әдебиеттерде жалпыға танымал	$D_A = \frac{D^ч}{A} = \frac{D^ч}{D^N} \times \frac{D^ч}{A}$
5.	-//-	Диссертант	$D_A = \frac{D^ч}{A} = \frac{D^ч}{D^N} \times \frac{D^N}{C_K} \times \frac{C_K}{A}$ <p> $D^ч$ – таза табыс; D^N – өнімді өткізуден түскен табыс; D^B – жалпы табыс; C_K – меншікті капитал; A – активтердің жалпы құны. </p>

ЭДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. Казахстан–2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана.
2. Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Методика финансового анализа. – М.: ИНФРАМ, 1995.
3. Русак Н.А. Анализ финансового положения предприятия. В учебнике «Анализ хозяйственной деятельности в промышленности». Под общ. ред. В.И. Стражева – Минск: Вышэйшая школа, 1995.
4. Радионова В.М., Федотова М.А. Финансовая устойчивость предприятия в условиях инфляции. – М.: Изд-во «Перспектива», 1995.
5. Крейнина М.Н. Анализ финансового состояния и инвестиционной привлекательности акционерных обществ в промышленности, строительстве и торговле. – М.: АО «ДИС», «МВ-Центр», 1994.
6. Ковалев А.И., Привалов В.П. Анализ финансового состояния предприятия. – М.: Центр экономики и маркетинга, 1995.
7. Балабанов И.Т. Анализ и планирование финансов хозяйствующего субъекта: Учебн. пособие. – М.: Финансы и статистика, 1994.
8. Бухгалтерско-аудиторский портфель. (Книга предпринимателя. Книга бухгалтера. Книга аудитора) /Отв.ред. Рубин Ю.Б., Солдаткин В.И. – М.: «ОМИНТЭК», 1994.
9. Артеменко В.Г., Беллендир М.В. Финансовый анализ: Учебное пособие. – Издательство «ДИС», НГАЭ и У, 1997.
10. Маркарьян Э.А., Герасименко Г.П. Финансовый анализ – М.: «ПРИОР», 1996.
11. О бухгалтерском учете. Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу Закона, от 26 декабря 1995 г., №2732.
12. Стандарты бухгалтерского учета. Национальная комиссия Республики Казахстан. – Алматы, 1996.
13. Бухгалтерский анализ: Пер. с англ. – К.: Торгово-издательское бюро ВНУ, 1993.
14. Введение в бухгалтерское дело: Пер. с англ.: – К.: Торгово-издательское бюро ВНУ, 1994.
15. Руководство по финансовому учету, отчетности и аудиту. Первая редакция Центральный и операционный отдел учета и отчетности. Всемирный банк, январь 1995.
16. Методические рекомендации по составлению финансовой отчетности. Утверждены директором Департамента методологии

- бухгалтерского учета и аудита. Министерства финансов Республики Казахстан 21.05.97 г., №7 /Бюллетень бухгалтера, 1997., №29.
17. Анализ хозяйственной деятельности в промышленности: Учебник /И.А. Богдановская, Г.Г. Виноградов, О.Ф. Моргун и др.: Под.общ. ред. В.И. Стражева. – Минск: Высшая школа, 1995.
 18. Ефимова О.В. Как анализировать финансовое положение предприятия (практическое пособие). – «Бизнес-школа», Интел-Синтез, 1994.
 19. Лоханина И.М., Золкина З.К. Основы анализа финансового состояния предприятия. Учебное пособие. – Ярославль, 1993.
 20. Андреев В.А. Практический аудит. /Справочное пособие/.- М.: Экономика, 1994.
 21. Ковалев В.В. Финансовый анализ: Управление капиталом. Выбор инвестиций. Анализ отчетности. – М.: Финансы и статистика, 1995.
 22. Финансовый менеджмент: теория и практика: Учебник /под ред. Е.С. Стояновой. – М.: изд-во «Перспектива», 1996.
 23. Чечета А.П. Анализ финансового состояния предприятия. /Бухгалтерский учет. 1992 г., №5.
 24. Шермет А.Д., Сайфуллин Р.С., Негашев Е.В. Методика финансового анализа предприятия. М.: Научно-производственная фирма «ЮНИ-ГЛОБ» совместно с издательско-полиграфическим объединением «МПИ», 1992.
 25. Анализ платежеспособности предприятий и организаций. Практическое руководство для государственных, совместных и малых предприятий. – М.: 1991.
 26. Клейнер Г.Б., Петросян Д.С. Оценка финансового состояния предприятия. /Финансовые и бухгалтерские консультации. Контакт. Инвест Фонд, 1995.
 27. Кондраков Н.П. Бухгалтерский учет, анализ хозяйственной деятельности и аудит. – М.: Перспектива, 1994.
 28. Финансовый анализ деятельности фирмы. – М.: ИСТ-Сервис, 1994.
 29. Палий В.Ф. Новая бухгалтерская отчетность. Содержание и методика анализа. – М.: Журнал «Контроллинг», 1991.
 30. Баканов М.И., Шермет А.Д. Теория анализа хозяйственной деятельности. – 2-е изд. М.: Финансы и статистика, 1987 .
 31. Стоянов Е.А., Стоянова Е.С. Экспертная диагностика и аудит финансово-хозяйственного положения предприятия. – М.: НКЦ «Перспектива», 1992.
 32. Об организации работы по предоставлению предприятиям и организациям кредитов, выделяемых на пополнение собствен-

- ных оборотных средств. Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 7 января 1993 г., №19.
33. Правила краткосрочного кредитования экономики Республики Казахстан. Утверждены Правлением Национального банка Республики Казахстан от 11 февраля 1994 г. №1 /Бюллетень бухгалтера, 1994 г. №4(5). Справочная серия.
34. *Малич В.А.* Анализ финансовой деятельности предприятия – С.- Петербург: СПбДНТП, 1992.
35. *Ткач В.И., Ткач М.В.* Управленческий учет: международный опыт. – М.: Финансы и статистика, 1994.
36. *Сатубалдин С.С.* Учет затрат на производство в промышленности США. – М.: Финансы, 1980.
37. *Чумаченко Н.Г.* Учет и анализ в промышленном производстве США – М.: Финансы, 1971.
38. *Мацкевичюс И.С.* Организация бухгалтерского учета в странах – членах СЭВ. – М.: Финансы и статистика, 1984.
39. *Стуков С.А.* Учет и контроль себестоимости промышленной продукции в европейских странах, членах СЭФ. – Калинин: КГУ, 1975.
40. *Палий В.Ф.* Основы калькулирования. – М.: Финансы и статистика, 1987.
41. *Стуков С.А.* Система производственного учета и контроля. – М.: Финансы и статистика, 1988.
42. *Радостовец В.К.* Финансовый и управленческий учет на предприятии. – Алматы: НАК «Центраудит», 1997.
43. *Николаева С.А.* Особенности учета затрат в условиях рынка: система «Директ-костинг»: Теория и практика. – Финансы и статистика, 1993.
44. *Ришар Ж.* Аудит и анализ хозяйственной деятельности предприятия /Пер. с франц. под. ред. *Л.П. Белых.* – М.: Аудит, ЮНИТИ, 1997.
45. *Ержанов М.С., Ержанова С.М.* Учетная политика на казахстанском предприятии (практический аспект). – Алматы: Издательский дом «БИКО», 1997.
46. *Львов В.С., Фоксев А.С.* Программная реализация методики анализа финансового состояния предприятий фирмы «ИНЭК». – М.: Аудит и финансовый анализ. 1996 г., №3.
47. *Крылова Т.Б.* Выбор партнера: анализ отчетности капиталистического предприятия. – М.: Финансы и статистика, 1991.
48. *Ревенко В.В., Вольфман Б.А., Киселева Т.Н.* Финансовая бухгалтерия /Учебное пособие в комплекте с пакетом прикладных программ/. В 4 кн. Книга 3. Отчетность предприятий и анализ финансового положения. – М.: ИНФРА-М, Инфософт, 1994.

49. *Сидельникова Л.* Методы оценки инвестиций. М/М.: Аудитор, 1996 г., №2.
50. О банкротстве. Закон Республики Казахстан от 07.04.95 г. №2173.
51. Банкротство: реабилитационные процедуры и ликвидация: Сб. нормативных документов /сост. *Балмуканова С.У. и др.* Под. ред. *Молоканова А.А.* – Алматы: МЧНВП «Гамма», 1997.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1-тарау. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың мазмұны мен әдістері	
✓1.1. Қаржылық жағдайдың мәні және оны талдаудың мақсаты	8
1.2. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық негізі	19
1.3. Қаржылық жағдайды талдау әдістері	37
1.4. Қаржылық жағдайды экспресс-талдау	45
2-тарау. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын талдау	
2.1. Баланс активтерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау	60
2.2. Баланс активінің құрастырылу көздерінің құрамы мен құрылымының динамикасын талдау	71
✓2.3. Баланс өтімділігін талдау	93
✓2.4. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау.....	104
2.5. Кәсіпорынның несиеге қабілеттілігін талдау.....	121
3-тарау. Кәсіпорынның табыстылығын зерттеу	
✓3.1. Кәсіпорын табыстылығының көрсеткіштері және оларды талдаудың міндеттері.....	134
3.2. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіштерін талдау	139
3.3. Маржиналды табысты талдау	150
✓3.4. Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштерін талдау	171
4-тарау. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін талдау	
4.1. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштерін талдау.....	198
4.2. Кәсіпорынның нарықтық белсенділігі көрсеткіштерінің жүйесі... ..	220
✓4.3. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі көрсеткіштерін талдау.....	231
5-тарау. Кәсіпорынның кәсіпкерлік тәуекелділігі мен потенциалды банкроттығын талдау	
5.1. Кәсіпорынның банкрот болу ықтималдылығын талдау.....	252
5.2. Кәсіпкерлік тәуекелді талдау	274
5.3. Инвестициялық жобаның тиімділігін талдау.....	291
Әдебиеттер.....	325

ДЮСЕМБАЕВ Каким Шаяхметович
ТӨЛЕГЕНОВ Эркeнбек Төлегенович
ДЖУМАГАЛИЕВА Жания Гинаятовна

АНАЛИЗ ФИНАНСОВОГО ПОЛОЖЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ

Учебное пособие
(на казахском языке)

Редакторы *Н.Р. Жексенбаева*
Компьютерде беттеген *С.С. Жүнісова*
Мұқаба суретшісі *Н.А. Мауль*

Басуға 06.11.01 қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Баспа табағы 20,6. Есептік баспа табағы 15,4 .
Шартты баспа табағы 19,1. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №3/67.

Тұрар Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің
“Экономика” баспасы.

480063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй.

“Экономика” баспасының компьютерлік орталығында беттеліп,
көркемделінген.